



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі
Министерство культуры и спорта Республики Казахстан
Государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык»



«I-Есік оқулары:
Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер
археологиясының мәселелері» атты
Халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
20 қараша 2020 жыл

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-практической онлайн-конференции
«I Иссыкские чтения:
Золотой человек и проблемы археологии кочевников
степного пояса Евразии»
20 ноября 2020 года

PROCEEDING
of international scientific and practical online-conference
«I – Issyk readings:
the Golden man and the problems of the archaeology
of the nomads of the steppe belt of Eurasia»
20 november 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЙ ЗАПОВЕДНИК-МУЗЕЙ «ИССЫК»

«I-Есік оқулары: Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» атты Алтын адамның ашылуына – 50 жыл, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің құрылғанына – 10 жыл, археолог Б.Н. Нұрмұханбетовтың туғанына – 85 жыл толуына орай ұйымдастырылған халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция

МАТЕРИАЛДАРЫ

20 қараша 2020 жыл

МАТЕРИАЛЫ

международной научно-практической онлайн-конференции

«I Исыкские чтения:

Золотой человек и проблемы археологии кочевников степного пояса Евразии»,

посвящённой 50-летию открытия «Золотого человека», 10-летию создания Государственного историко-культурного заповедника-музея «Иссык» и 85-летию со дня рождения археолога Б.Н. Нурмуханбетова

20 ноября 2020 года

PROCEEDING

of international scientific and practical online-conference

«I – Issyk readings:

the Golden man and the problems of the archaeology of the nomads of the steppe belt of Eurasia»

devoted to the 50th anniversary of the opening of the “Golden man”, the 10th anniversary of the establishment of the State Historical and Cultural Reserve-Museum “Issyk” and the 85th birthday of archaeologist B.N. Nurmukhanbetov

20 november 2020

ӘОЖ 902/904 (063)
КБЖ 63.4
Б 95

«І-Есік оқулары: Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция материалдары / Жауапты ред. Г. Р. Мухтарова. – Алматы, 2020. – 242 б.

ISBN 978-601-08-0172-1

Редакция алқасының төрағасы:

Мухтарова Г. Р. – тарих ғылымдарының кандидаты, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры

Редакциялық алқа:

Омаров Ғ. Қ. – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің Археология, этнология және музеология кафедрасының доценті
Бейсенов А. З. – тарих ғылымдарының кандидаты, Беғазы-Тасмола тарих және археология ғылыми-зерттеу орталығының директоры
Бексеитов Ғ. Т. – тарих ғылымдарының кандидаты, ҚазҰУ-дың «Геоархеология» Халықаралық ғылыми-зерттеу зертханасының директоры

Жауапты редактор:

Мухтарова Г. Р. – тарих ғылымдарының кандидаты, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

«І Есік оқулары: Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің көшпенділері археологиясының мәселелері» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясының материалдар жинағына Еуразияның ежелгі, ерте темір ғасырындағы және ортағасырлардағы тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін археологиялық және этноархеологиялық зерттеу, археология ғылымын дамыту тарихындағы тұлғалар рөлі, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау мен пайдалану мәселелеріне арналған баяндамалар кірді. Жинақ материалдарын тарихшылар, археологтар, музейтанушылар және басқа да осы салаларға қызығушы оқырмандар пайдалана алады.

В сборник материалов Международной научно-практической онлайн-конференции «I Иссыкские чтения: Золотой человек и проблемы археологии кочевников степного пояса Евразии» вошли доклады посвященные вопросам археологических и этноархеологических исследований памятников историко-культурного наследия Евразии древности, раннежелезного века и средневековья, роли личности исследователя в истории развития археологической науки, проблемам связанным с охраной и использованием объектов историко-культурного наследия. Материалы сборника могут быть использованы историками, археологами, музейоведами и широким кругом заинтересованных лиц.

ISBN 978-601-08-0172-1

© «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, 2020

Н.М. Дәуешов,
ҚР мәдениет және спорт вице-министрі
Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Армысыздар құрметті әріптестер!

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Алтын адамның ашылуына – 50 жыл, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің құрылғанына – 10 жыл, археолог Б. Нұрмұханбетовтың туғанына – 85 жыл толуына орай «І-ші Есік оқулары» аясындағы «Алтын адам және Еуразия дала белдеуінің көшпенділер археологиясының мәселелері» тақырыбында өткізіліп отырған халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференциясына қатысушыларды құттықтайды.

2010 жылы Есік қорымдарының маңында Алматы қаласының оңтүстігінен 50 шақырым қашықтықта «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі ашылды. Археологиялық әдебиеттерде кеңес археологы және шығыстанушысы Александр Натанович Бернштамның жетекшілігімен ұйымдастырылған Жетісу археологиялық экспедициясының жұмыстары қорытындысының нәтижесінде Есік қорымы 1936 жылдан бері белгілі болды. Ал, 1969-70 жылдардағы Б. Нұрмұханбетов басқарған Жетісу экспедициясы Есік тобының жұмыстары анағұрлым нәтижелі болып құрылысы жүретін (ескісі 1963 жылғы селдің нәтижесінде шайылып кеткен болатын) автобазаның орнында жүргізілген апатты-сақтау жұмыстары кезінде тоналмаған патша қабірі табылды. Қабір орталық мазардың оңтүстік жағына таяу 15 қадам жерде жатыр еді. Қабірдің солтүстік қабырғасында бозбала ханзаданың қаңқасы жатыр екен. Жерлеу камерасының оңтүстік және батыс бөліктерінде 31 керамикалық, 3 метал ыдыстар орналастырылыпты. Марқұмның шіріп кеткен киімдерінен «аңдық стилде» орындалған өнер туындылары 4 мыңнан астам алтын жапсырмалар табылды. Осынау олжа туралы 1978 жылы жарияланған К. Ақышев «Курган Иссык» атты кітап жазып нақты сипаттама беріп қана қоймай, оны қайта қалпына келтіру жұмыстарына да атсалысты. Осыған байланысты осынау археологиялық олжа сол кезде де, қазіргі қоғамда да «Алтын адам» деген атпен белгілі болды. Есік қорымынан табылған сүйектің толықтай сақталуы жас патшазаданың бейнесін қалпына келтірілуіне үлкен мүмкіндік берді. Есік қорғанынан табылған олжаны алғашқы қалпына келтіру жұмыстары 1973 жылы орындалды (авторлары Кемал Ақышев, Владимир Садомсков). 1992 жылы Алтын адамның екінші қалпына келтірілген нұсқасы пайда болды (авторы А. Танабаев). Ал, бүгіндері Қазақстанның түрлі музейлерінде келушілерге ұсынылып отырған үшінші нұсқаны әйгілі реставратор Қ. Алтынбеков жасаған еді.

Алтын адамның ашылуы әлемдік археология ғылымында маңызды орын алады. Ханзаданың жерлеу кешені Еуразия дала белдеуінің ежелгі тұрғындарының материалдық және рухани құндылықтарына жаңадан қарауға, Жетісу аумағындағы сақ өркениетінің тұрмыстық ерекшеліктері мен даму ерекшеліктері анықтауға негіз болды.

Сол себептен де бүгінгі халықаралық конференцияның атақты археологиялық олжаның табылған жерге жақын орналасқан «Есік» қорық-музейінде өткізіліп отырғаны бекер болмаса керек. Өзінің алғаш ашылған күнінен бастап бүгінге дейін «Есік» қорық-музейі ғылыми-зерттеу, экспозициялық-көрме, мәдени-білім беру жұмыстарын табысты жүзеге асырып келеді. Жыл сайын музейге келушілердің, оның ішінде шетелдік туристердің де саны өсе түсуде. Қорық-музейдің ғылыми қызығушылық алаңы да кеңейе түсіп, бүгінде Корея Республикасының, Қытай, Ресей, Түркия елдерінің алдыңғы қатарлы жетекші мекемелерімен тығыз қарым-қатынас орнатқан. Сонымен бірге оның қорғау аумағы да өсе түсіп, бұрынғы Есік қорымдары, Рахат, Өрікті қалашықтарымен бірге ЮНЕСКО-ң Бүкіләлемдік мұра ескерткіштері тізіміне кірген ортағасырлық Талғар қалашығы да қосылды.

Өткізіліп отырған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция жәйдан-жәй «І-ші Есік оқулары» деп аталып отырған жоқ. Себебі, бұл конференция да болашақта өз жалғасын тауып, «Марғұлан оқулары», «Қадырбаев оқулары», «Оразбаев оқулары» сынды дәстүрлі, беделді конференциялар қатарына қосылып Қазақстан тарих ғылымындағы маңызды іс-шаралардың біріне айналады деп үміттенеміз.

Құрметті достар! Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі конференцияға қатысып отырған зерттеушілер мен ғалымдарға өз құрметін білдіреді! Бұл конференция нәтижелі болып тарих және археология ескерткіштерін зерттеу мен пайдалануда жаңа көкжиектер ашып, түрлі елдердің ғалымдарының болашақ әріптестігіне жол ашады деп ойлаймыз! Сіздерге денсаулық, шығармашылық табыстар тілейміз!

Г.Р. Мухтарова, Д.Қ. Зікірия
Есік қ., Қазақстан
railovna@mail.ru, kyrbalasy@mail.ru

«ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНЕ 10 ЖЫЛ: БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕРІ

«Қорық» және «музей» терминдерінің Қазақстандағы мәдениет саласында бірге пайдалану үрдісі мемлекеттік қорық-музейлердің құрылуымен тікелей байланысты. Тарихқа көз жүгіртсек, сонау Үйсін мемлекеті, Түрік қағанаты, одан кейінгі Алтын Орда тарихында «қорық» ұғымы аң-құстар мекендейтін ерекше аумаққа тиесілі қолданылған, ал, Ресейде XV ғасырда «қорық» ұғымы ерекше қорғалатын ормандарға байланысты қолданылған. Олай болса, «қорық» ұғымы әуел баста тек табиғи объектілерге байланысты қолданылғанын байқаймыз. Батыстық музейлік тәжірибеде «қорық» термині тіпті қолданылмайды десе де болады, ал ерекше қорғалатын немесе белгілі бір шектеу қойылған табиғи объектілер 1870 жылдардан бастап «ұлттық парктер» деп атала бастаған. Ал, тарихи орындар, археологиялық ескерткіштер (мысалы, Аушвиц лагері, Верден маңындағы майдан алаңы, Помпей, Мачу-Пикчу) әдетте «site museum», яғни ашық аспан астындағы музейлер деп аталады (Борис Чухович. Заповедник (к археологии музеефикации в градостроительстве Узбекистана) электронды ресурс, 2019).

Ал, Түркияда 564 тарихи орындар немесе археологиялық ескерткіштер негізінен 46 музейлердің қарамағына берілген және оларды «ашық аспан астындағы ескерткіштер» деп атау қалыптасқан. (ТР Мәдениет және туризм министрлігі Мәдени мұралар және музейлер басқармасы. Электронды ресурс, 2020).

«Музей-қорық» термині 1922 жылы Ресейдегі «Пушкин мүйісі» (қазіргі «Михайловское») музейіне алғаш рет қолданылды. 1950 жылдардан бастап қалалық және облыстық музейлер мен музейлендірілген сәулет ескерткіштері базасында ашылған музей-қорықтар саны өсе бастады. Бүгінгі кезде Ресей Федерациясындағы 37 әкімшілік-аумақтағы музей-қорықтар саны 114-н астам. (Музеи России. Электронды ресурс, 2020).

Жылдар санап экологиялық мәселелердің өзектілігінің артуы, технологиялық өзгерістердің дамуы, тарихи ескерткіштердің санының күрт азаю тенденциясы қорық объектілеріне көзқарасты өзгерту қажеттілігін туғызды. Сол арқылы бүкіл әлемде аумақты әлеуметтік-мәдени, экономикалық дамытудың негізгі факторына айналып келе жатқан тарихи-мәдени, табиғи құндылықтарға деген қарым-қатынас өзгерді.

Қорықтарды тек қорғау объектілері емес, оларды халыққа қол жетімді ету, дәріптеу, музейлендіру, қосымша экспозиция жасау, сол арқылы туризмді дамыту, өз-өзін қаржыландыру мүмкіндігін қарастыру, қаражат көзіне айналдыру қажеттілігі қорықтарға музей қызметін қоса атқаруға, яғни «қорық-музейлердің» құрылуына алып келді. XX ғасырдың екінші жартысында музей-қорықтардың ғылыми, эстетикалық және сәулеттік құндылыққа ие тарихи-мәдени, табиғи ескерткіштерді қорғау, оларды музейлік, туризм және ғылыми жұмыстарға пайдалану жұмыстарын ұйымдастыруда өте қолайлы екені дәлелденді.

Себебі, ол екі бірдей негізгі қызметті атқарады. Біріншіден белгілі бір аймақтың тарихи-мәдени және табиғи құндылықтары туралы зерттеу жүргізіп, мәліметтермен қамтамасыз ету арқылы тұрғындардың ұлттық менталитеті мен ұлттық ерекшеліктерін қамтамасыз етуге үлес қоса алады. Сол арқылы адамның өзін-өзі тану процесі жүріп ол өзі өмір сүріп отырған ортаны терең біліп қана қоймай, сол өлкеге, өлкенің тарихи-мәдени мұраларына деген мақтанышы оянып, оның бойында Отансүйгіштік сезім қалыптасады. Екіншіден тарихи-мәдени мұраларды насихаттау арқылы туризмді ғана емес, соған қатысты барлық эко-

номикалық саланы дамыта отырып аймақтың экономикалық жағдайының тұрақтылығына үлес қоса алады. Сонымен қатар белгілі бір аймақтың тарихи-мәдени, табиғи мұраларын сақтау, қорғау, насихаттау жұмыстарын үздіксіз жүргізу сол өлкенің экологиялық мәселелерін де шешуге сеп болары сөзсіз.

Ендігі кезекте мемлекет тарапынан музей-қорықтың құқықтық дәрежесін айқындайтын, оның қорғау аумағына кіретін объектілерді сақтау мен пайдаланудың ерекше режимін қарастыратын арнайы заң қабылдау қажеттілігі туындады. Көршілес Ресей Федерациясында 1996 жылдың 26 мамырында қабылданған «Ресей Федерациясының Музейлік қоры және Ресей Федерациясының музейлері туралы» №54-ФЗ Заңының 26.1 бабы тұтастай музей-қорықтарға арналған. (Консультантплюс. Құқықтық көмек беру порталы. Электронды ресурс, 2020)

«Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 Заңының «Мәдениет саласындағы қызмет» атты 5 Тарауының 25 бабының 2 тармағы бойынша «Қазақстан Республикасының аумағында әртүрлі бейіндегі музейлер, оның ішінде музей-қорықтар мен жеке коллекциялар музейлері құрылуы мүмкін» деп көрсетіледі (Әділет.кз. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Электронды ресурс, 2020). Ал, Қазақстан Республикасының «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» 2019 жылғы 26 желтоқсандағы №288-VI Заңының 2 бабында тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғаудың және пайдаланудың мақсаты мен міндеттері көрсетілген.

Қазақстандағы ең алғашқы «Әзірет сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» 1989 жылы 28 тамыздағы Қазақ ССР-ы Министрлер Кеңесінің №256 қаулысымен құрылған. Бүгінгі таңда елімізде республикалық дәрежедегі 12 тарихи-мәдени, табиғи қорық-музейлер немесе музей-қорықтар бар. Оған қоса жергілікті маңызы бар деп есептелетін 10-ға жуық музей-қорықтар тағы бар.

Осы аталған қорық-музейлердің арасында «Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК (ары қарай - «Есік» қорық-музейі) де тарихымызды дәріптеп, ескерткіштерімізді сақтау, оларды болашақ ұрпаққа тапсыру жолында өз деңгейінде қызмет атқарып келеді.

«Есік» қорық-музейінің құрылу алғышарты ретінде 1948 жылғы Бернштр экспедициясын, 1970 жылғы әйгілі Алтын адамның табылуын айта кетуге болады. Осындай тарихи мекенде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы №43 Қаулысы бойынша «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі құрылды.

Экспозиция

Жаңадан құрылған «Есік» қорық-музейіне тағайындалған директор Г.Р. Мухтарованың қызметі о баста әкімшілік кеңсе ретінде бой көтерген ғимараттың 2 залында жабдықталып жатқан экспозицияны түгел қайта қарастырып, өзгерістер енгізуден басталды. Соның нәтижесінде ақпараттық фойе «Қазақстан аумағындағы сақ-скиф ескерткіштері» атты 155 археологиялық ескерткіштер тізімі мен типологиясына байланысты карта бетінде 130 түрлі белгілермен белгіленген электронды карта мен ондағы қорғандарды, жекелеген ескерткіштер туралы иллюстрациялық материалдар мен суреттерді үлкейтіп көретін мүмкіндігі бар сенсорлы киосктан басталады.

Сақтардың тарихы мен мәдениеті зал экспозициясы археологиялық карта тақырыбын одан әрі жалғастырып отандық тарихымыздың сақ дәуірінің куәлері – жауынгер қарулары мен ат әбзелдері, тұрмыстық, діни наным-сенім бұйымдары, Шұбарат және Молалы (б.з.д. V–IV ғғ.) қорымдарының, Шілікті (б.з.д. VII ғғ.), Берел (б.з.д. V–IV ғғ.), Бесшатыр (б.з.д. V–IV ғғ.) қорымдары жәдігерлерінің түпнұсқалары мен көшірмелері қойылған. Залдың ортасында Қ. Алтынбековтың бірінші қайта қалпына келтірілген түпнұсқа негізінде, Ә.Ақышевтің кеңесіне және өзінің зерттеулеріне сүйене отырып жасалған «Алтын адамның» қайта қалпына келтірілген нұсқасы тұр.

Алтын адамның ашылу және зерттелу тарихы залы Есік қорғанындағы қазба жұмыстарын басқарған ғалым-археолог К. Ақышевтың, археолог Б.Нұрмұханбетов, қалпына келтірушілер В.Садомсков, А.Танабаевтар туралы мәлімет береді.

Музей қонақтары экспозицияның ең бағалы жәдігерлеріне айналған қорғаннан табылған 19 түпнұсқа бұйымдармен қатар көлемі 1,0 x 2,4 м (масштабы – 1:50) болатын «Алтын адамның» алғаш табылған сәтін бейнелеген Есік қорғанының үлгісін және Памир мен Тянь-Шаннан табылған, әлі құпиясы ашылмаған жазбалардың ортақ атауы болып табылатын «Есік жазуы» атын алған мұралардың ішіндегі ең белгілі

ескерткіш, сыртқы бетінде орхон-енисей жазбаларын еске түсіретін (кейбір нұсқа бойынша – кхароштни жазуын) 26 таңба қашалған күміс тостағанды да (диаметрі 7,7 см) тамашалай алады.

2014 жылы ашылған «Қазақстан археологиясы» залында ежелгі тас дәуірінен бастап кейінгі орта ғасырға дейінгі кезеңдерді қамтитын материалдар өзінің сан алуандығымен көз тартады. Бұл залдағы бұйымдардың біразы археолог Б.Н. Нұрмұханбетовтың қорынан түскен, халық қолынан сатып алынған, «Есік» қорық-музейінің кешенді археологиялық зерттеулері кезінде табылған, Алмалы ауылындағы қазіргі заманғы мазар аумағынан шыққан күміс тостаған мен қола бұйым, Жаңатұрмыс ауылындағы түрік кезеңіне жатады деп болжанып отырған бейіттен табылған қысқа семсер мен белбеудің қола әшекейлері сынды бұйымдар да экспозиция қатарын толықтырып отыр.

Табылған олжалардың географиялық алаңы қатарында Отырар, Тараз, Қойлық, Талғар (Талхиз), Көкмардан, Қостөбе қалаларын, Бөріжар, Қаратұма, Қараспан қорымдарын, Есік бейіті сынды Қазақстанның белгілі ескерткіштерін атауға болады.

Б. Нұрмұханбетовтың мемориалды бөлмесі академик Ә. Марғұлан мен профессор К.Ақышев басқарған көптеген экспедицияларға қатысқан, кейіннен өзі де Жетісу археологиялық экспедициясын басқарған, елдің ерекше сүйіспеншілігі нәтижесінде «Бекен ата» атын алған, тарих, археология және музейтану салалары бойынша 50-н астам ғылыми және 100-н астам ғылыми-танымдық мақалалардың авторы, Есік қорымдарындағы қорғандардың бірінен табылған Алтын адамды алғаш ашушылардың бірі әйгілі қазақстандық археолог Бекен Нұрмұханбетовке (1935-2016 жж) арналған. Ол қатысқан экспедициялардың ауқымы Оңтүстік Қазақстаннан Жетісуға дейінгі үлкен аумақты қамтиды.

2010 жылдан бастап соңғы деміне дейін Бекен Нұрмұханбетов «Есік» қорық-музейінде қызмет етті. Қазақстан Республикасы Президентінің Құрмет грамотасымен, «Еңбекшіқазақ ауданының құрметті азаматы» атағымен, «Қазақстан Республикасы туризмінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен марапатталған. Аса талантты археолог Б. Нұрмұханбетовты есте қалдыру мақсатында қорық-музейдегі өзінің жұмыс бөлмесі қазіргі таңда келушілер тамашалайтын мемориалды бөлмеге айналған.

«Есік» қорық-музейі белсенді түрде көрме ұйымдастыру және жобалық жұмыстарын жүргізіп келе жатқандықтан 2016 жылдан бастап арнайы **уақытша көрме залы** ашылды. Ол жерде өткен көрмелердің әрқайсысының көтерер жүгі бөлек, әрбір тақырыпқа жеке авторлық көзқарасы бар.

Бұл залдағы алғашқы көрме Есік қорғанынан табылған таңғажайып олжаның ашылуы мен оның кейінгі зерттелу жағдайын таныстыратын «Алтын адамның құпиясы» деп аталды. «Есік» қорық-музейі «Алтын адамның ашылу және зерттелу тарихы: аңыз бен ақиқат» атты ғылыми-қолданбалы жобаны іске асыру барысында Есік қорғанынан табылған ғажайып олжаның ашылуы мен зерттелуіне байланысты көптеген құпия жағдайлардың сырын ашатын дереккөздерді тауып, сол арқылы өзінің қорын толықтырды. Бұл деректердің бәрі осы аттас көрме кезінде тұсаукесері өткен «Алтын адамның құпиясы» атты жинақта беріледі.

Одан кейінгі көрме «Алматы облысының алтын картасы» деп аталды. Бұл көрмеде қазақ мемлекетінің жарқын символдарының бірінің отаны Есік қаласына Алматы облысының 22 музейі ең құнды деген жәдігерлерін әкелді.

«Ізбасарлар» көрмесінде Бекен атаның жас ізбасарларының, болашақ ұрпақтың еліміздің тарихи-мәдени мұрасы мен табиғи байлығын қадірлеу жолындағы сабақтастығы тақырыптары көтерілді.

«Таңбалар. Петроглифтен ою-өрнекке дейін» көрмесінде ежелгі жартас суреттері мен дәстүрлі қазақ ою-өрнегінің нақты мазмұндық параллелдері беріліп, бабаларымыз мен қазіргі заманғы шеберлердің таңбаларда жасырынған «өсиеттерін» оқу да ұсынылады. Көрмеге қойылған бұйымдар қатарында «Есік» қорық-музейінің «Жетісу сақтарының идеологиясы мен мифологиясы» атты ғылыми-қолданбалы жобасы аясында Кетпентау жоталарында жүргізілген археологиялық экспедициясы кезінде алынған эстампаждар мен петроглиф суреттері, «Ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейі» МКҚК-ның дәстүрлі ұлттық қазақ өнерінің бұйымдары қойылды.

Музей көрмесі «Жад баспалдағы» атты тағы бір көрмемен толықты. Бұл баспалдақтың әрбірі жекелеген тарихи кезеңді көрсетсе, «Қансонардың ежелгі падишасы» археологиялық және тарихи материалдар арқылы қазақ даласында ежелден келе жатқан бекзат өнер қыран құсты аңға салудың қыр-сырынан хабар береді.

Кітапхана

Музейдің қала мен ғылыми кітапхадан шалғайда орналасқанын сонымен қатар, қорық-музейдің жұмысы барысында көбіне өзінің зерттеу тақырыбына қатысты әдебиеттер түсетінін есепке ала отырып оның өз кітапханасы жасақталды. Бастапқыда кітап қорының негізгі бөлігі археолог Б.Н. Нұрмұханбетовтың кітаптар жинағынан құралған. Қазіргі таңда кітапхана қорында 3000-н астам кітаптар бар. Оның негізгі бөлігін Қазақстан тарихы мен археологиясына, жалпы тарихқа, музейтануға, сөздіктер мен анықтамаларға, қазақ және орыс тілдеріндегі энциклопедияларға қатысты басылымдар құрайды. Сонымен қатар, XX ғасырдың алғашқы жартысында жарық көрген сирек кездесетін кітаптар да бар.

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қор **коллекциясында** ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі еліміздің мәдениетін айқындайтын 990 сақтау бірлігін құрайтын 3053 артефактілер жинақталған. Қорық-музей қоры бірқатар ғылыми орталықтардан, музейлер мен жеке археологтардың қорларынан және қорық-музей жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ел қолынан жинастыру жұмыстарының нәтижесінде келіп түскен артефактілер негізінде құрылды.

Музей қорына келіп түскен артефактілер мен музейлік мәні бар заттар тарихи кезеңі мен маңыздылығына байланысты негізгі ғылыми немесе көмекші ғылыми қорға тіркеуге алынып отырады. Қазіргі таңда негізгі ғылыми қорда - 888 бұйым (440 с.б.), ал көмекші ғылыми қорда – 2165 бұйым (550 с.б.) сақталған.

Музейдің алғашқы коллекциясын 2010 жылы Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институты тапсырған ерте темір дәуірі мен ортағасырға жататын, Қазақстанның әр өңірінен табылған (5 с.б.), Алтын және бағалы металлдар мемлекеттік музейі өткізген (19 с.б.) Алтын адам жерлеу кешеніне тиесілі қыш ыдыстар, ағаш астаулар, қола айна, моншақтармен қатар, «Археологиялық сараптама» ЖШС-ң Қаратұма, Алатау қорымдарының қазба жұмыстарынан алынған, археолог Б.Нұрмұханбетовтің 1958-2010 жж. аралығында Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтымен жүргізілген қазба жұмыстары кезінде Күйікмардан, Көкмардан қалаларының зираттарынан, Шұбарат, Молалы, Есік, Бөріжар обаларынан табылған артефактілер толықтырды.

2011 жылдардан бері жүргізіліп келе жатқан «Есік» қорық-музейінің кешенді археологиялық экспедицияларының нәтижесінде Өрнек, Есік қорымдары, Рахат археологиялық кешені мен жойылып кету алдында тұрған Алмалы, Алмалық, Қарасай, Қызыләскер, Бөлек, Түрген қорғандарынан табылған артефактілер мен қорық-музей қызметкерлерінің жинау жұмысының нәтижесінде тапсырылған заттар және сатып алынған, музейге сыйға берілген (393 с.б.) құнды бұйымдары музей қорын толықтырды.

Музей коллекциясында Алматы және Жамбыл облыстарынан келіп түскен жеті тас мүсін бар. Олар негізінен түркі кезеңіне тиесілі кездейсоқ табылған олжалар.

Коллекциядағы артефактілер мен музейлік мәні бар заттардың бірегей нұсқаларына Пазырық кілемінің көшірмесін (2017 ж.), қуыс тағанды Тоғызбұлақ қола қазаны мен Бесағаш көмбесін (2019 ж.) жатқызуға болады.

Жер мәселесі

Жаңа қорық-музейдің құрылу кезінде 5 қорғаны бар 6 га жер телімі бөлінді. 2011 жылдың 10 маусымында «Мәдени мұра» Стратегиялық ұлттық бағдарламаның аясында өткен әкімшілік ғимаратының ресми ашылуына арналған Қоғамдық кеңестің отырысында қорық-музей директоры Г.Р. Мухтарова Есік қорымдары, Рахат және Өрікті қалашықтары сынды ескерткіштер аумағын қорық-музейге беру туралы бастама көтеріп оның бұл ұсынысы қолдау тауып Қоғамдық кеңес отырысының Хаттамасына кіргізілді.

2013 жылдың 9 тамызында «Есік қорымы» (398 га), «Рахат қалашығы» (5,2 га), «Өрікті қалашығы» (19,5 га) сынды археологиялық ескерткіштер кірген қорық-музейдің қорғау аумағы, құрылыс салуды реттеу және табиғи-ландшафт аймағы бекітілгенмен Есік қорымының қорғау аумағына кіретін 422,7 га жердің 60 пайыздан астамы жалға беріліп немесе жеке меншікке сатылып кеткені анықталды.

2013 жылдан бастап яғни, қорғау аумағы бекітілгеннен кейін, қорық-музейдің қорық жерлерін мемлекеттік меншікке қайтаруға заңдық негізі пайда болды.

Бірақ, осы сәтте жалға алушылар мен меншік иелері осыған дейін пайдаланбай келген жерлерін жыртып, тұқым себіле бастады. Ендігі кезекте тарихи ландшафттың бүлінуін тоқтату мәселесі мен жердің құқықтық

құжаттарының, құрылыс салуға тиісті рұқсаттардың болмауына қарамастан қорық-музей маңындағы «Алтын адам» саяжай қоғамдастығының тұрғындарының заңдық негізде қорғау аумағына кіретін қорғандар аумағында тұрғын үйлер салуын тоқтату мәселесі де күн тәртібіне шықты.

Түрлі мекемелерге жазылған көптеген шағымдардан нәтиже шықпауына байланысты, әуелі прокуратураға, артынан экономикалық сотқа арызданып Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 2015 жылдың 6-тамызында 0,6 га тұратын бір жер телімі бойынша істі «Есік» қорық-музейінің пайдасына шешті. Бұл шағын да болса жеңіс еді.

2017 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта «Есік» қорық-музейінің 23 талап-арызы қанағаттандырылып, сот шешімінің нәтижесі бойынша 59,97 га. жер телімі мемлекетке қайтарылып, 35 жер теліміне берілген мемлекеттік актілер жарамсыз деп танылды. Сотқа дейін-ақ тартыстарды реттеу мен тараптардың өзара келісуі нәтижесінде 15,07 га жер телімі де қайтарылды. Дәл қазіргі уақытта сот орындарының қаруында «Есік» қорық-музейінің 34,0 га жер телімі үшін берілген 2 арыз-шағымы жатыр. Ал, қалған 328,73 га жер көлемі үшін арыз-шағым беруге дайындық жұмыстары жүріп жатыр.

2018 жылы ортағасырлық Талғар қалашығының «Есік» қорық-музейінің балансына берілуінің нәтижесінде қорық-музейдің қорғау аумағы тағы 20,8 гектарға ұлғайып жалпы көлемі – 443,5 гектарды құрады.

Тарихи-мәдени мұралар аумағын қорғауға байланысты біздің жанайқайымызға ең алғаш құлақ асып, қолдау білдірген «Abai.kz» ақпараттық порталына (көруге болады: <https://abai.kz/index.php/post/16941>), сол кездегі «Алаш айнасы» газетінің редакторы Д. Бейсенбекұлы мен журналист – Қ. Әбілқайырға, (көруге болады: <https://abai.kz/post/16976>), «Қазақстан» РТРК-і «Апта.кз» қорытынды жаңалықтарының сол кездегі басшысы – Е. Айдабосын мен журналист – Ә. Изатқызына және басқа да жанашыр журналистер қауымына алғыс айта кеткенді жөн көріп отырмыз.

Шаруашылық жұмыстары қорық-музей қызметінің басты бағыттарының бірі, келушілерге жайлы жағдай туғызу үшін атқарылатын жұмыстардың іргетасы.

Аса маңызды міндеттердің бірі аумақтың алғашқы кейпін сақтап қалу болып табылады. Тарихи ландшафтқа антропогендік әсерлердің залалын тоқтату үшін 2015 жылдан бастап, Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен, қорық-музейдің әкімшілік ғимаратының маңайындағы Есік қорымы аумағын темір шарбақтармен қоршау жұмыстары басталды. Қазірге дейін 6800 метр жер қоршалды. 2019 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің тапсырмасымен «Қазқайтажаңарту» РМК-і «Есік» қорық-музейінің басқаруына берілген орта ғасырлық Талғар қалашығының қоршауларын бекітіп, біраз бөлігін қайтадан қалпына келтіріп шықты. Жұмыстар толықтай қорық-музейдің бақылауында жүзеге асып аумақ түгелдей қоршалды.

ЭКСПО-2017 Халықаралық мамандандырылған көрмеге дайындық барысында қорық-музей ғимаратының жанынан алаңы 16 шаршы метр болатын қоғамдық дәретхана салынды. Оған қоса 2017 кіре берістегі күзетшілер ғимаратының жанынан 20 шаршы метр болатын ғимарат салынып оған касса мен кәдесый бөлімі орналастырылды.

2018 жылы 525 шаршы метр автотұраққа асфальт төселіп мүгедектерге арналған арнайы орын бөлінді. Оған қоса қорық-музей ғимаратының кіре берісіне мүгедектер үшін арнайы пандус пен музейлік сабақтар, семинарлар мен басқа да іс-шаралар өткізуге арналған 100 шаршы метр жабық алаң жасалды. 2020 жылы кіре беріс баспалдақтағы және пандус жақтауындағы ескірген кафелдер түгелдей ауыстырылып ғимараттың жабынды шатыры жөнделді.

Ғылыми-қолданбалы жобалар

2011 жылдан бастап қорық-музей ғылыми-зерттеу мекемесі ретінде археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізетін мекеме ретінде арнайы лицензияға ие болды. «Жетісу сақтары және Есік қорымы» атты алғашқы ғылыми-қолданбалы зерттеу жұмысын жүзеге асырып Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің бағдарламалы-мақсатты қаржыландыру байқауларына қатысып «Есік қорымы және Жетісу сақтарының мәдениеті», «Жетісу сақтарының идеологиясы мен мифологиясы», «Сақ дәуірінен XIII ғасырға дейінгі Рахат археологиялық кешенінің материалдары негізіндегі Жетісу материалдық мәдениетінің семиозисі» атты ғылыми жобаларды ұтып алып, сол жобалар бойынша ғылыми-зерттеу жұмыста-

рын атқарып келеді. Ғылыми-қолданбалы зерттеулерді жүзеге асыру барысында 50 астам археологиялық экспедициялар ұйымдастырылды. 2021 жылдан бастап қорық-музей «Шелек-Талғар қосөзені аралығындағы ерте көшпелілер қорғандарының конструктивті ерекшеліктері» ғылыми-қолданбалы жобаны жүзеге асыруға кіріседі.

«Есік» қорық-музейінің басылымдары

«Есік» қорық-музейдің қызметімен байланысты материалдарды баспаға жариялау маңызды іс. Түрлі форматтағы басылымдар мәдени-ағарту іс-шараларын дамытуға, музей қызметін тұтынушылардың аудиториясын кеңейтуге ықпал етеді. Баспа қызметі қорық-музейдің кіріс есебінен жүзеге асырылады.

2016 жылы «Есік» қорық-музей қызметінің 2010-2015 жылдар аралығындағы 5 жылдық есеп-альбомы жарияланды. Түрлі-түсті альбомда қорық-музейдің құрылу тарихы, құрылымы, экспозициясы, қор, ғылыми-зерттеу және мәдени-ағартушылық қызметі туралы қысқаша ақпарат берілген.

Экспозицияны тамашалауда көмекші құрал әрі музейден естелік ретінде жолнұсқаулықтар шығару бір жолға қойылған. Бірінші жолнұсқаулық 2012 жылы жарық көрді. Алайда музей дамып, экспозициясы өзгеріп, жинақ толыққан сайын ақпаратты үнемі жаңартып отыру қажет. Сондықтан 2016-2020 жылдары қорық-музейдің жолнұсқаулықтарының жаңа нұсқалары қазақ және орыс тілдерінде, ал 2019 жылы ағылшын тілінде шығарылды. Сонымен қатар, кассадан билет сатып алу арқылы келушілер музейдің жұмысы туралы қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде қысқаша ақпарат жазылған флаерды тегін ала алады.

Отбасылы және балалар санатына жататын келушілерге арналған интерактивті басылымдарды дайындауға көп көңіл бөлінеді. Көптеген ойын түріндегі тапсырмаларды қамтыған алғашқы интерактивті балалар жолнұсқаулығы 2012 жылы жарық көрді. Содан бері ол бірнеше рет басылып шықты және оны әлі күнге дейін музейден сатып алуға болады.

2018 жылы бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған «Сақ мәдениетінің мың бояуы» атты қазақ және орыс тілдерінде жарық көрген кітапшада балаларға қарапайым әрі түсінікті тілде жазылған қысқа әңгімелермен қатар, әңгімеде аталған объектілердің графикалық бейнелері берілген.

Есік қорғанынан табылған әйгілі олжаның ашылуы мен зерттелу тарихына арналған «Алтын адамның құпиясы» жинағы келушілер тарапынан өте көп сұранысқа ие. Жинақта археологиялық экспедицияға жетекшілік жасаған және қатысқан куәгерлердің, К.Ақышев, Б.Нұрмұханбетов, Ә.К. Ақышев, Т.В.Воробьева-Трифорова сұхбаттары, «Ғылым ордасы» (бұрынғы ҚазКСР Ғылым академиясы) ведомствалық архиві қорының материалдары және басқа тың материалдар негізінде жазылған қорық-музей қызметкерлерінің мақалалары енгізілген. Ерекше қызығушылық тудыратын материалдарға Алтын адамның қаңқа сүйегінің зерттелуі мен ғалымдардың берген сараптамалары жатқызуға болады. Жинақ 2020 жылы екінші рет басылып шықты.

2016 жылы қорық музейдің 5 жылдық есеп-альбомы жарық көрсе, 2020 жылы ҚХР, Шэнши провинциясы, Сиэн археология институтындағы әріптестеріміздің демеушілігімен екінші бесжылдыққа арналған есеп-альбом жарық көрді.

Алдағы уақытта қорық-музейдегі Б. Нұрмұханбетов қорының материалдары, Талғар қалашығындағы жұмыстар қорытындысы туралы И.И. Копыловтың жеке архиві бойынша монография мен «Есік» қорық-музейінің археологиялық қор каталогын шығару жоспарда тұр.

Негізгі музейлік мәдени-біліми іс шаралар

Алматы облысы мен қазақстандық музей қызметкерлерінің кәсіби біліктігін арттыру мақсатында жыл сайын семинарлар өткізу, түрлі оқу орындары мен мектеп оқушыларына арналған іс-шаралар мен байқаулар өткізуді дәстүрге айналдырған. Осыған дейін 73 көрме өткізілсе, оның ішінде Ұлыбритания, Франция, Түркия елдерінде өткізілген, еліміздің мәдениеті мен тарихын насихаттаған көрмелерді ерекше айта кеткіміз келеді. Бүгінгі күнге дейін «Есік» қорық-музейін 123 500-й адам тамашаласа оларға қорық-музей қызметкерлері ұзын-саны 3400 экскурсия жүргізіпті. Бізде экскурсиялар қазақ, орыс, ағылшын, неміс, түрік, қытай тілдерінде жүргізіледі.

Ең алғаш 20 адамға жетер-жетпес болған қорық-музейдің штаты бүгінде 32 адамды құрайды.

Осы 10 жылдың ішінде қорық-музей қызметкерлері 125 дипломдар мен сертификаттарға ие болды. Түрлі ғылыми жұмыстарға – 92 кеңес беріліп, 135 дәріс оқылды. Ал, қорық-музей қызметкерлерінің қаламынан туған мақалалар саны – 412 болса, БАҚ-да «Есік» қорық-музейі туралы 462 жарияланым жарық көрді.

10 жылдан бері «Есік» қорық-музейінде 18 сәуір күні Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күніне орай жылдағы дәстүрлі БАҚ-ы мен туристік фирмалар өкілдерімен кездесу, 1 маусым күні Халықаралық балалар күніне орай арнайы іс-шара, «Музей түні» сынды музейлік іс-шаралар тұрақты түрде өтіп келеді.

«Есік» қорық-музейі ашылғалы бері Заңымыз бен арымыз жүктеп берген өз міндеттеріне барынша адал болып, қалтқысыз орындауға тырысып келе жатыр.

Мұрамызды сақтау – мемлекет пен қазіргі заманғы қоғамның басты міндеттерінің бірі екеніне ешкім дау айтпаса керек. Бұл ел дамуының бір тетігі, оның ұлттық қауіпсіздігін де қамтамасыз етуші факторлардың бірі, мәдени мұрасының тұтастығы мен сан алуандығын паш ететін негізгі дәлелдердің бірі. Елдің, белгілі бір аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз етудің бір тетігі оның тарихи-мәдени, табиғи байлығын, мұрасын өз дәрежесінде сақтай білуінде жатыр.

Еліміз тарихи-мәдени ескерткіштерге бай болғанымен оларды ұқсату, тиісті мақсаттарға пайдалану, сақтау, қорғау ісі әлі де болса кемшін соғып жатқандай. Соны ескерген мемлекетіміз жыл сайын дерлік жаңа музей-қорықтар ашып, тарих және мәдениет ескерткіштерін, табиғи байлықтарымызды қорғауды басты назарда ұстап келеді. Әлем елдерінің мәдени мұраларын, табиғи байлықтарын қорғаудағы, қорғап қана қоймай сол құндылықтарды ел экономикасын дамытуға, экологияны қорғауға, өскелең ұрпақтың бойында туған жері мен еліне деген мақтанышты қалыптастыруға өте сәтті пайдаланып отырған тәжірибесін ескере келе болашақта да Отанымызда музей-қорықтардың да маңызы өсе түсіп, олардың саны да артады деп ойлаймыз. Сонымен қатар, бұл музей-қорықтарға да орасан жауапкершілік жүктеп, кәсіби деңгейлерін ұштай түсуге сеп болады. Бізден кейінгі келетін жаңа толқын өз көзқарасымен, өз бастамасымен, жаңашылдығымен келетіндіктен тарихи-мәдени мұраларымыздың әлі де болса ашылмай жатқан талай құпиялары жарыққа шығып, тың көзқарастар пайда болып, бұл сала жаңа деңгейге көтеріледі деп сенеміз. Сіз бен біздің, яғни аға толқынның міндеті соларға мықты база дайындау болса керек. Өткенге құрмет бүгінге міндет, болашаққа аманат! Ендеше міндетіміз бен аманатымызға адал болайық!

Әдебиеттер тізімі:

Борис Чухович. ЗАПОВЕДНИК (к археологии музеефицирования в градостроительстве Узбекистана [Электронды ресурс] / Central Asian Analytical Network. – Электрон.мәлімет. – 2019. – URL: <https://caa-network.org/archives/14980>. (қаралған күні 05.11.2020).

Музеи России [Электронды ресурс] / Ресей музейлерінің ақпараттық порталы. – Электрон.мәлімет. – 2020. – URL: <http://www.museum.ru/mus/type.asp?type=85> (қаралған күні 09.11.2020).

TC Kültür ve turizm bakanlığı Kültür varliklari ve müzeler genel müdürlüğü [Электронды ресурс] / TP Мәдениет және туризм министрлігі Мәдени мұралар және музейлер басқармасы. – Электрон.мәлімет. – 2020. – URL: <https://kvmgm.ktb.gov.tr/tr-43253/genel-mudurlugumuze-bagli-muzeler-ve-orenyerleri.html> (қаралған күні 09.11.2020).

Консультантплюс. Құқықтық көмек беру порталы. [Электронды ресурс] / Федеральный закон “О Музейном фонде Российской Федерации и музеях в Российской Федерации” от 26.05.1996 N 54-ФЗ (последняя редакция). – Электрон.мәлімет. – 2020. – URL:http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_10496/ (қаралған күні 09.11.2020).

Әділет.кз. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. [Электронды ресурс] / Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы №207 «Мәде-

ниет туралы Заңы». – Электрон.мәлімет. – 2020. – URL: http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z060000207_#z31 (қаралған күні 09.11.2020).

Мухтарова Г.Р. «Есік» қорық-мұражайының алғашқы қадамдары // «Есік» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайы: Альбом-отчет / бас редактор – Г.Р. Мухтарова [және басқалары]. – Алматы, 2015. – 5 б.

С. Жолдасбаев, А.Б. Калыш

г. Алматы, Казахстан

daurenit@gmail.com, kalyshamanzhol@gmail.com

РАЗВИТИЕ ГРАДОСТРОИТЕЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА И ЖЕТЫСУ (X – НАЧАЛО XIII вв.)

История и генезис средневековых городов рассматриваемых нами двух регионов Казахстана напрямую связаны с носителями более ранних периодов, которые создавались в основном на местах бывших укрепленных городищ. Безусловно, главными факторами их зарождения и развития выступали экономические, включая также влияние Великого шелкового пути, так как многие из них располагались на пересечении торговых, военных дорог или вблизи от них. При этом, особенно востребованным выступала трасса, проложенная из Китая на запад через Жетысу и Южный Казахстан, которая была наиболее предпочтительной для посольских и торговых караванов. Развивая торговые отношения, страны, через которые пролегал Великий шелковый путь, не только удовлетворяли свои потребности в товарах, но и вступали в культурные связи с другими народами. Следует подчеркнуть, что со временем, в силу объективных и субъективных факторов, она испытывала ряд трансформаций, связанных как с усилением, так и ослаблением их роли в жизни тех или иных городов (Байпаков, 2007). В то же время, рассматриваемые нами города нередко выполняли миссию укрепленных пунктов, административных, торгово-экономических, религиозных, военных и культурных центров.

Отметим, что градостроительная культура подразумевает собой комплекс наследия и традиций, созданных, материализованных и закрепленных в ходе становления городов, городищ и других типов поселений (Гольдзамт, Швидковский, 1985, с. 128-131). Они формировались под влиянием как объективных, так ряда причинно-следственных факторов и условий, включая внешних и внутренних, экологических, религиозных и др. Одновременно, местные города и городища имели на определенных этапах своего развития параллели с другими сопредельными регионами, в то же время обладая своеобразными чертами и особенностями, присущими только им.

Рост числа средневековых городов. По данным археологических исследований, по сравнению с ранним средневековьем (VI-IX вв.) в середине средних веков (X-XII вв.) в изучаемых нами регионах более развитой была оседлая культура, способствовавшая возникновению и увеличению численности городов. В целом, темпы роста городов в Южном Казахстане и Жетысу были сопоставимы и количество городов в них представлялось паритетным. Если в раннем средневековье в Южном Казахстане насчитывалось 30 городов, то во второй половине средневековья их число увеличилось до 37, а по письменным источникам, если на первых порах было известно шесть городов, то в последующее время – 33 (Байпаков, 1986, 256 с.).

Бесспорно, такая тенденция была напрямую связана с усилением значимости городов, развитием экономических, культурных связей Востока с Западом. Не менее значимым фактором представляется постепенный переход в окрестностях городов кочевых скотоводов к оседлости, что также влияло на увеличение числа городов, а также росту их населения.

Местом сосредоточения городов в Южном Казахстане являлось междуречье Арыси и Сырдарьи. Так, например, в среднем течении Арыси сформировался густонаселенный округ Кенжд с центром в городе Усбаникет, а при впадении Арыси в Сырдарью возник Фарабский округ с центром в городе Отрар. В районе Шавгара (Йасы) были известны такие города, как Карнак, Карачик, Шур (Сури), Сауран. В среднем течении Сырдарьи выделялся город Сюткент, а в нижнем ее русле – Сыганак, Жанкент, Аснас, Жент, Баршынлыкент.

В северных предгорьях Каратау следует отметить функционирование городов Баладжа и Берукета (Байпаков, 2013, 514 с.).

Аналогичными темпами развивалась оседлая городская культура и в Жетысу, особенно в ее юго-западной части, центром которого был город Тараз. В изучаемый нами хронологический период в этом регионе было отмечено 36 городов, а на северо-востоке – около 70 городищ, среди которых наибольшей известностью пользовались такие крупные центры, как Лабан, Алматы и Тальхир (Байпаков, Капекова, Воякин, Марьяшев, 2011, 620 с.).

Необходимо отметить и то обстоятельство, что по своим размерам исследуемые нами города были довольно различными: мелкими, средними и крупными. В первом из них насчитывалось около 1 тыс. горожан, в средних – от 2 до 5 тыс. жителей. В последующие столетия с ростом ремесленного производства, экономики и торговли удельный вес горожан увеличивался. К тому же, средневековые города росли и за счет сельских населенных пунктов, привлекая к себе их активное и подвижное население, в основном, крестьянское. В исследуемый нами хронологический период городское население крупных центров ряда округов и крупных владений численностью в 20-30 тыс. жителей были характерными для этого времени (Жолдасбаев, 1996, 285-286 бб.).

Помимо численности населения, города увеличивались и по площади, укреплялась их экономика, которых можно было дифференцировать на следующие три группы: 1) города, площадь которых составляет более 30 гектаров, к которым относились Исфиджаб, Отрар, Сауран и другие; 2) города площадью от 15 до 30 гектаров, в их числе можно назвать Бурух, Хурлуг и другие города; 3) города, площадь которых не достигает 10 гектаров, являвшиеся наиболее многочисленными. К тому же, площадь городов зависела также и от наличия расположенных в них общественных сооружений, в особенности – торговых, религиозных и пр. (Байпаков, 2007, с. 38-59, 100-109).

Изменения в градостроительстве. Археологические раскопки предоставили нам широкую картину внутренней системы застройки городов. Так, например, исследования на месте средневековых городов Отрара, Тараза, Талгара, Баба-Ата, Куйрыктобе позволили проследить основные принципы планировки и их застройки. Обычно, дома строились по обе стороны улиц, в которых располагались жилые и хозяйственные помещения. Вместе с тем, чуть поодаль от них в ряд возводились ремесленные мастерские. В их числе «квартал гончаров» строился в стороне от жилых строений. Сравнивая письменные источники и археологические данные, можно убедиться, что площади таких кварталов средневековья по сравнению с кварталами раннесредневекового города, увеличились в два-два с половиной раза. Соответственно, росло и число других сооружений, зданий и жилых домов. При раскопках в Отраре было обнаружено месторасположение торговой площади, где продавали глиняную посуду, основным доказательством которому является такой факт, что вся улица, находившаяся в северо-восточной части города, была усыпана обломками разбитых глиняных горшков. В то же время, гончарная мастерская находилась в южной части города на возвышенной местности. Вместе с тем, в городе имелись и ремесленные кварталы: кварталы ювелиров, кузнецов и т.д. (Байпаков, 2007, с. 40-58, 60-74).

Новым элементом в градостроительстве X-XII веков являлось сооружение мечетей в связи с проникновением и распространением в данном регионе, равно как и в сопредельных с ним территориях исламской религии. Также новым элементом градостроительства можно считать и наличие восточных бань, например, в Отраре были найдены остатки двух аналогичных бань, идентичные им бани были построены в Таразе, Туркестане и других городах. Отличительной их особенностью являлось и то, что к ним были проведены глиняные водопроводы. Даже этот немаловажный факт подтверждает высокий уровень городской культуры средневековья, которые мало встречались в аналогичных городах Восточной и Западной Европы.

Археологические исследования позволяют охарактеризовать и оборонительные укрепления городов. Например, если толщина нижней крепостной части стены Отрара достигала 6,2 м, то сверху она сужалась до 1,5 м. Система оборонительных сооружений зависела от их площади, например, стены шахристана – центральной части города Баба-Ата были возведены из кирпича в два ряда, а по краям стены имелись специальные башни для караула или защитников в случае нападения врага (Байпаков, Шарденова, 1995, с. 15-18).

В то же время в Жетысу как оборонительные сооружения, так и внутренние городские здания отличались своей спецификой, что объясняется тем, как они были приспособлены к обороне переходящими к оседлости местными родами и племенами. Об этом свидетельствуют жилые и хозяйственные сооружения, построенные в междуречье Шу и Таласа, в северных склонах Заилийского Алатау (Елеуов, 2001, 148 б.; Савельева, 1994, 216 с.).

Как было показано нами выше, город непременно был укреплен оборонительными стенами, которые обязательно располагали сторожевыми башнями, одновременно стены обладали мощными въездными и выездными воротами, которые оберегались и закрывались в ночное время суток или при ожидании нападения внешних врагов. Нередко рассматриваемые города укреплялись не только стенами, но и глубокими рвами, заполненными водой и подсыпанными валами. Большой частью внешний вид таких городов представлял хорошо укрепленный средневековый замок, являвшийся его архитектурным прототипом в границах первоначально заложенного города за счет разветвлений прежней планировочной структуры, изменения функционального зонирования, более плотной застройки, носившей более сложный характер в рамках ранее сложившейся городской инфраструктуры.

В целом, рассматриваемые нами города южной и юго-восточной части Казахстана представляли сложное явление, обладавшие развитой инфраструктурой, жизнедеятельностью, функционирующей в определенном ритме и аспекте. Стены, опоясывавшие такие города в X-XI вв., уже в последующие XII-XIII столетия и, особенно в следующем столетии начали разрастаться, способствуя тому, что вокруг них начинают появляться предместья; которые по своему характеру были ремесленными, состоявшими из различных ремесленных мастерских и кварталов, в которых развивались различные виды ремесел и промыслов, вокруг которых постепенно возводили следующую стену, способную защитить горожан и ремесленников от внешних врагов и частых нападений. В этих городах наблюдалось сочетание как региональных, исламских, так и тюркско-кочевых компонентов

Жилища. Археологические исследования городов X-XII веков показали, что внутренняя структура жилых зданий исследуемого нами периода была схожей с архитектурой раннего средневековья – VI-IX веков. В то же время, в X веке в жилых зданиях увеличилось количество комнат, а уровень пола при входе в комнату находился на уровне порога. Справа от входа размещался традиционный тандыр – очаг (печь), обращенный к входной двери. Дым под дымоход в задней части тандыра вдоль стены выходил на крышу дома, а рядом с тандыром располагался открытый очаг, размером 30x30 см, с помощью которого обогревали жилище. Перекрытие дома было плоским и поддерживалось тремя или пятью столбами. Рядом, справа от тандыра, были устроены специальные ниши для посуды. Посреди стены также делались ниши для светильников или хранения мелких инструментов, а перед очагом выкапывали ямы для золы.

Необходимо констатировать, что в XI-XII веках произошли коренные изменения в архитектуре жилых домов. Например, при раскопках в городе Куйрыктобе были найдены остатки построенных в ряд трехкомнатных домов. Причем все комнаты были сквозными: посредине находилась комната в виде коридора и по обе стороны ее – два входа в другие комнаты. Такие жилища называют «дома-коржыны» (коржын – переметная сумка с двумя отделениями). Аналогичные дома часто встречаются на зимовках. Еще одним типом застройки было жилище с помещениями, построенными в один ряд, перпендикулярно улице. В домах имелись суфы – глиняные помосты для отдыха, которые занимали половину комнаты, а расположенные с краю их открытые очаги были различных форм: овальными, круглыми и подковообразными. Площадь домов была различной, наиболее распространенными были жилища с общей площадью до 40-50 квадратных метров, небольшие – 30 квадратных метров. Другим новшеством в строительстве жилых домов в XII веке является то, что появились новые очаги; представлявшие круглые или прямоугольные жаровни, вкопанные в пол, которые богато украшались растительным и геометрическим узорами. Идентичные жаровни были схожи с «сандалами» – очагами посреди помещения в Средней Азии. Однако они ничем не отличались от очагов в казахских юртах, несомненно, они играли огромную роль не только для обогрева помещения, но и для освещения. Вокруг таких очагов собиралась вся семья, за домашним разговором решались бытовые вопросы и вопросы воспитания детей (Жолдасбайұлы, 1996, 123-125 бб.).

Еще одной инновацией в XII веке было то, что появились ташнау – санитарно-очистительные устройства средневекового дома, представлявшие простейшую канализационную систему. На начальном этапе это было устройство, представляющее собой прямоугольную глиняную площадку с бортиками и сливом, присоединенным к трубе или сосуду, врытому в землю. Его строили следующим образом: перед очагом глубиной два-три метра рыли яму, на краю которой устанавливали глиняный горшок с разбитым дном и сверху обкладывали обожженным прямоугольным кирпичом (30x30 см) толщиной в 4-5 см. Диаметр обложенного кирпичом стока совпадал с диаметром горлышка горшка. Эти дыры делались для отвода воды после мытья посуды и рук, а в некоторых крупных городах в нижней части ташнау устанавливались глиняные трубы, через которые выводилась грязная вода.

В жилищном строительстве Жетысу X-XII веков имелись свои специфические особенности, присущие местным условиям. Жилища в основном имели центрический план, для которых был характерен центральный зал или двор, из которого вели входы в жилые и хозяйственные помещения. Это были многочисленные постройки с общей площадью 500-600 квадратных метров, которые нередко напоминали небольшие крепости. Иногда на свободных местах в благоприятный весенне-летне-осенний период во дворе устанавливали традиционные юрты, необходимые при устройстве крупных семейных торжеств или поминок. Такой же характер имело содержание придомного домашнего скота, служившего подспорьем в семейном бюджете. Все эти факты свидетельствуют о широком развитии поселений в Жетысу в период средневековья (Байпаков, Шарденова, Перегудова, 2001, с. 87-89).

Таким образом, рассмотренный выше археологический материал по Южному Казахстану и Жетысу предоставил нам достаточную возможность составить конкретное представление о развитии их градостроительной культуры и монументальной архитектуры, оборонительных сооружений и ее характере, степени развития жилищ, внутренней планировки и интерьера и пр. их составляющих. В X-XII веках в системе архитектурных сооружений этих развитых регионов, расположенных вдоль Великого шелкового пути, произошли значительные изменения, к которым можно отнести формирование рабадов (внутренних и внешних (наружных) частей города), увеличение площадей самих городов, строительство общественных заведений и культово-мемориальных сооружений: мечетей, медресе, мавзолеев, более качественное возведение мощных оборонительных сооружений, а также достаточное развитие жилых домов, располагавших удобными помещениями, которые были сохранены и в последующие столетия.

Литература:

- Байпаков К.М. Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI – начало XIII в.). – Алма-Ата: Наука, 1986. – 256 с.
- Байпаков К.М. Великий Шелковый путь: на территории Казахстана. – Алматы: Адамар, 2007. – 496 с.
- Байпаков К.М. Древняя и средневековая урбанизация Казахстана (по материалам исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции). Книга II. Урбанизация Казахстана в IX – начале XIII вв. – Алматы: Экожан, 2013. – 514 с.
- Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К. Средневековые города и поселения Жетысу. – Алматы: ИА МОН РК, 2005. – 208 с.
- Байпаков К.М., Капекова Г.А., Воякин Д.А., Марьяшев А.Н. Сокровища древнего и средневекового Тараза и Жамбылской области. – Алматы: Археологическая экспертиза, 2011. – 620 с.
- Байпаков К. М., Шарденова З. Ж. Об архитектурных памятниках Баба-Ата в Южном Казахстане. – Шымкент, 1995. – 86 с.
- Байпаков К.М., Шарденова З.Ж., Перегудова С.Я. Раннесредневековая архитектура Семиречья и Южного Казахстана на Великом Шелковом пути. – Алматы: Ғылым, 2001. – 237 с.
- Гольдзамт Э.А., Швидковский Э.А. Градостроительная культура европейских социалистических стран. – М.: Стройиздат, 1985. – 479 с.

Елеуов М. Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI-XIII ғасырдың басы). – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕМУ, 2001. – 148 б.

Жолдасбайұлы С. Жетісу тарихы (XVI-XVIII ғғ.): Тарихи және палеоэтнологиялық зерттеу. – Алматы: Қазақ университеті, 1996. – 302 б.

Савельева Т.В. Оседлая культура северных склонов Заилийского Алатау в VIII –XIII вв. – Алматы: Ғылым, 1994. – 216 с.

Средневековые столицы Жетісу. Алматы. Тальхир. Каялык / Ред. К.М. Байпаков. – 2-е изд. – Алматы: Credo, 2009. – 319 с.

Ә. Т. Төлеубаев

Алматы қ., Қазақстан
toleubayev@mail.ru

ШІЛІКТІ АЛТЫН КИІМДІ АДАМЫ (АШЫЛУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ, НӘТИЖЕЛЕРІ)

Шілікті жазығы Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданының аумағында орналасқан. Ұзыны 75-80 км, ені 25-30 км болатын Шілікті жазығын оңтүстігі мен батысында Тарбағатай тауы, шығысында Сауыр-Сайқан, солтүстігінде Маңырақ таулары қоршап жатыр. Қысы қары жұқа түсетін жылы, жазы шыбынсыз салқын болып келетін бұл өңір Зайсаң-Тарбағатай аймағындағы бір ерекше оазис өлке. Ортағасырлық аңыз бойынша Асанқайғы Сауыр тауының басына шығып тұрып: «Мына даланың үш есігі бар екен, әттегенай, төртінші есігі болғанда жердің жаннаты болғандай екен» – деген екен. Малға да, адамға да аса жайлы осы өңірді әлмисақтан бастап адамдар ұзақ мекендеп, тығыз қоныстанғанға ұқсайды. Оған тау аңғарларындағы қола дәуірінің қоныстары мен қоршаулары, жазықта ерте темір дәуірінің оба, обашықтарының көптеп кездесуі дәлел бола алады. Шілікті даласында көне мәдениеттің аса бір өркендеген уақыты б.з.д. I-мың- жылдыққа сәйкес келеді. Бұл кезде Шілікті даласын сақ тайпалары мекендеген. Шілікті даласында сақ-үйсін дәуірінің екі жүзден астам ескерткіштері бар. Олардың елу шақтысы патша және ақсүйек обалары.

Бұл ескерткіштерді 1909-1910 жылдары бірінші зерттеген семейлік гидротехник Г.Н. Бокий еді, ал кейіннен, өткен ғасырдың 40-шы жылдарының аяғынан 70-жылдарға дейін әркез профессор С.С. Черников қазды.



1-сурет. 3-Шілікті обалар тобының Бәйгетөбе деп аталатын ескерткішінің қазбаға дейінгі көрінісі

2003 жылдан бастап бұл өңірді осы мақаланың авторы зерттей бастады. Алғашында ҚазМұнайгаз ҰК қаржыландырылуымен басталған бұл ғылыми жоба, 2004 жылдан бастап мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында іске асты. Үш үлкен және бірнеше кіші обалар қазылып зерттелді. Нәтижесінде сақтың ең көне «алтын адамы» ашылды, осы өңірде ондаған жаңа ескерткіштер анықталды, алғаш рет бұл аймақта үйсін мәдениеті жәдігерлері ашылды, Шілікті даласындағы ең көне сақ ескерткіштерінің мерзімі дәлірек анықталды.

3-Шілікті обалар тобы Жалши ауылының оңтүстік жағында орналасқан, оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеліп жатыр. Барлығы 17 обадан тұрады.

№1 оба (Бәйгетөбе) осы топтың ең оңтүстік шегінде орналасқан, қауымдық – туыстық ескерткіштер тобының ең оңтүстік шегінде тұр. Сонымен қатар көлемінің аса үлкендігі бұл обаны басқа ескерткіштерден ерекшелендіріп тұр. Оның биіктігі 7,9 м, диаметрі 85-90 м аралығында (1-сурет).

Оба үш қабаттан тұрады. Ең жоғарғы қабаты топырақ, шым және құм араласқан қиыршық тастан тұрады. Екінші қабаты үйілген тас оба (2-сурет). Онда бір адам жерленген.



2-сурет. Топырақ обаның астындағы тас оба

Сыртқы топырақ қабатты алу барысында оның астында тас оба бар екендігі анықталды. Тас оба таудың жақпар және өзеннің малта тастарынан үйілген. Биіктігі 4,9 метр, периметрі 75 м. Тас оба жалпы обаның батыс жағына қарай ойысып орналасқан. Обаның төбесінің батыс бөлігіндегі ірі тастар алынып тасталған, бұл кезіндегі тонаушылардың ұрлыққа түскен ізі болып шықты.

Тас обаның шығыс жақ төбесіне биіктігі 1 метрге жуық сырық орнатылған. Сырықтың түбінде таутекенің басы мен мүйізі жатыр, одан сәл әріректе керамикалық жайпақ ыдыстың қалдығы тұр. Ыдыстың ішінде толы күйген сүйек. Оның маңайында және тас обаның үстінде шашылған ұсақ малдың сүйегі көп кездеседі, арасында жылқы сүйектері де бар. Тегінде тас обаны үйіп алғаннан кейін өлген адамның асын берген. Ас біткен соң құрбандыққа шалынғын малдың сүйегін обаның үстіне шашып тастаған. Бізге жеткен қалдығының ұзындығы 1 метрге жуық, жуандығы білектей сырық қаралы тудың белгісі сияқты. Ол кейіннен үйілген топырақ обаның тура топографиялық орталық нүктесінде орналасқан екен. Дәл осындай қабірдің шығыс жақ басына орналастырылған сырықтың қалдығы №2 обадан да анықталды.

Тас обаның тастарын біртіндеп аршу барысында астынан ағаш қабірхана шықты (3-сурет). Қабірхананың биіктігі 3 м 50 см, керегелері жуан екі қатар самырсын бөренелерден қималанып салынған. Бөрене-



3-сурет. Самырсын ағашынан салынға қарағай қабірхана ішін топырақтан аршып зертегеннен кей-кейінгі көрінісі



4-сурет. Қарағай қабірхананың шығыс жақ бетінің және дромостың (жер асты дәлізі) көрінісі

лер бір-біріне қиылысқан тұсында ойылып тығыз жымдастырылмаған. Сондықтан олардың арасындағы қуыстар таспен толтырылған. Қабірхана ұзына бойымен шығыстан батысқа қарай орналасқан. Ғимараттың шығыс жақ беті пирамидаға ұқсатып салынған. Сақтардағы шығысқа мінәжат ету салты бойынша ғимараттың шығыс жақ бетіне осындай салтанатты пішін берген сияқты (4-сурет).

Қабірхананың шығыс жағынан үлкен және кіші – екі жер асты дәліздері (дромос) ашылды. Қабірханаға апаратын үлкен жер асты дәлізінің ұзындығы 15,65 м, ені 2,5-3 м, тереңдігі - 0,9-1 м. Оның төбесі көлденең салынған бөренелермен жабылған (5-сурет). Үлкен дәліздің орта шенінің 5,5 метрдей тұсы түгелімен ірі тастармен шегенделіп тасталынған. Дромосқа кіретін есіктің болмауы, о бастан жерасты дәлізінің ірі тастармен шегенделіп тасталуы, бұл құрылыстың таза ғұрыптық қана мәні болғанын көрсетеді.

Үлкен жер асты дәлізіне тура жанынан кіші дромос салынған екен. Ол үлкен дромоспен қабірхананың аузына жақындаған жерде қосылады. Үлкен дромос пен кіші дромостың қосылар жерін ұсақ тастармен уақытша қалап тастаған. Кіші дромостың ені 0,8, тереңдігі 1,4 м. Бұл жер асты дәлізін адамдар әр кез қабірханаға кіру үшін пайдаланған. Кіші дромостың ішінен асық, ірі қара малдың жіліншік сүйектері табылды. Дромостан қабірханаға кіретін есіктің ені 1,2 м, биіктігі 1 м.

3-Шілікті қорымындағы Бәйгетөбе обасының ірі және өте күрделі архитектуралық құрылысының әлеуметтік-мәдени және табиғи-қорықтық мағынасы бар. Ескерткіштің көлемі әдетте адамның қоғамдағы ала-



5-сурет. Обаның шығыс бетінен салынған жер асты дәлізінің (дромос) бетін жапқан қарағай мэтчалар



6-сурет. Адам сүйектерінің және алтын әшекейлердің ашылу сәттерінің бір көрінісі

тын орнына сәйкес болады. Сонымен қатар осындай зәулім ғимаратта жалғыз ақ адамның жерленуі оның ерекше әлеуметтік мәртебесін көрсетсе керек. Қорғандар тобында обаның ерекше орынға орналасуының өзі де онда жерленген адамның басқа жұрттан ерекше артықшылығын көрсетеді. Өлген адамды сап алтынмен апталған киімге бөлеп қоюдың өзі оның елбасылық құрметін көрсетсе керек. Қабірхананы тура жердің бетіне салып, ел қастерлеген адамды жер астына салмаудың өзі ерте көшпелі мемлекеттің бір кездегі идеологиялық ұстаным-жарғысымен байланысты болуы керек.

Оба заманның заманында тоналып кеткен. Тонаушылардың іздері обаның ең жоғарғы қабаттарынан көріне бастаған. Дәл төбесінен 5 метрдей құдық қазып, ағаш қабірханаға жеткен ұрылар оның төбесіндегі бөренені ойып түскен.

Ашар алдында қабірхананың іші топыраққа толы болды. Қабірханаға топырақ ұрылар төбесінен қазған ұра арқылы түскен. Алтын заттар және адам сүйектері негізінен алғанда ғимараттың шығыс бөлігінен, қалыңдығы 1,8 м топырақ қабаттарының арасынан табылды (6-сурет). Адам сүйектер толығымен шықты және бұлардың бәрі де бір адамның сүйегі. Қабірхананың ішінен екі бөлінген сынтас шықты. Бұл ұзындығы 2,8 м сырты жақсы өңделген төрт қырлы сұр тас (7-сурет). Қабірхананың сол-түстік шығыс бұрышынан бір белгісіз ағаш заттың бөлікше-тақтайшалары табылды. Тақтайшалардың бірнешеуінде майлы бояумен салынған суреттер кездеседі. Екі тақтайшада бұғының, еліктің суреттері бар (8-сурет).



7-сурет. Зайсан аудандық музейінің ауласында тұрған биіктігі 280 см көк тастан жасалған сырықтас. Ол екі бөлінген күйі ағаш қабірхананың ішінен шықты.



Жалпиз. Курган Бәйгі-Төбе, 2003 г. VII - VIII ғ. до н.э.

8-сурет. Тақтайшаға салынған бұғының түрлі-түсті бояу суреті (бір фрагмент)

3-Шілікті қорымының №1-обасынан барлығы 4303 дана алтын заттар табылды. Оның 153 данасы мәлінің маскасы бейнесінде, 36 данасы бүркіт-самұрұқ бейнесі, 20 данасы бұғылар, 39 данасы қасқыр (аю) түрінде, бір түйме-қаптырма бесжұлдыз, бір қаптырма арқар бейнесінде. Сонымен қатар Бәйгетөбе қорымынан 23 дана қоңырауша түріндегі, 63 дана кеңірдекше түріндегі, 17 дана алтын тілікше, 7 дана алтын сым, 141 дана жартышар сияқты салпыншақтар, 2835 дана миниатюралық құлақшалы кесеге ұқсас салпыншақтар, 223 ұсақ кеңірдекше тізбе, 743 шығыршық тізбе, бір ұсақ алтын скоба табылды.

Арқар түріндегі қаптырма (9-сурет). Бұл әшекей түрі жалғыз ақ. Құйылған сап алтын. Табылған заттардың ішіндегі ең ірісі де, салмақтысы да. Бұл киімге тағылатын қаптырма-әшекей. Оның арт жағында үлкен екі ілгегі бар. Арқардың көзі, құлағы, тұмсығы, аузы, тұяқтарына көкшіл ақық тас орнатылған. Кеудесінің аса салбырамай, мүйізі жарты айланып біткеніне және бұдырларының аса томпақ болмағанына қарағанда бұнда жас құлжа бейнеленген. Мойнының, алдыңғы екі қолының, санының, жағының бұлшық еттері теуіп тұр. Тұяқтары тігінен қадалған. Бірдеңеден секем алып, ытқып кетуге дайындалып тұрған жануардың



9-сурет. Сом алтыннан құйылған арқар бейнесіндегі әшекей (көзі, тұмсығы, құлағы, тұяғына жасыл бирюза тасы қондырылған)



10-сурет. Алтын бесжұлдыз. Тіні алтын, артында бір түймелігі бар. Жұлдыздар көк лазурит тасынан жасалып, айнала алтын су жүргізілген

түрі. Өте әдемі скульптура, дене арасалмағы (пропорция) жақсы сақталған. Сақ-скиф өнерінде арқар жиі кездеседі. Ол бізге Алтайдағы Пазырық обасынан (Руденко, 1951, С. 139; Он же. 1958. Рис. 36.), Минусин ойпатындағы тағар мәдениеті заттарынан (Киселёв, 1951, С. 231. Табл. 20. Рис. 3,13; Табл. 22. Рис. 5,6.), Солтүстік және Орталық Қазақстан ескерткіштерінен (Маргулан, Акишев, Кадырбаев, Оразбаев, 1966, С. 402. Рис. 66), Тува жеріндегі Аржан обасынан (Грязнов, 1980, С. 39-40), т.б. белгілі.

Бесжұлдыз түріндегі әшекей қаптырма да бір ақ дана (10-сурет). Алтыннан жасалған дөңгелек тінге бес жұлдыз орнатылған. Бесжұлдыздың жан-жағы және ортасы сүйек пен мүйізден, жұлдызшалары лазуриттен (минералды көк тас). Жұлдызшаның шеттері мен дөңгелек тіннің айналасына алтын жіпсе салынған. Бесжұлдызы бар дөңгелек түймешенің артқы жағының ортасында түймелік бар. Біздіңше сақ-скиф ескерткіштерінің бірнешеуінен ақ бесжұлдыз белгілі. Оның бірі Ольвиядан (См. Степи европейской части СССР в скифо-сарматское время, 1989, С. 346. Рис. 19.) табылған сырғаның ортасындағы, екіншісі Симферополь түбіндегі (Черненко, 1968, С. 65. Рис.4.), үшіншісі таштық кезеңінің Уйбат қорымынан (Киселёв, 1951, С. 406. Табл. 38. рис. 20.) табылған бесжұлдыз. Дегенмен бұл бесжұлдыздар өзінің жасалған материалдың қымбаттығы, әшекейдің әдемілігі жағынан Шіліктіңікіне жетпейді.

Мәлін бейнесіндегі қаптырма – түйме (11-сурет). Бұндай әшекей 153 дана. Бұл өзінің композициясы жағынан өте күрді әшекей. Бұл затта үш тұрық, үш мағына бар. Әшекей алыстан қарағанда мәлін (мысық) тектес жыртқыштың бет бейнесін елестетеді. Сондықтан біз бұл әшекейді шартты түрде «мәлін бейнелі әшекей» деп атадық. Ал енді әшекейге жақыннан үңіліп қараса оның бір біріне тұмсығын түйістіріп, беті мен мүйізі анық көрініп тұрған екі таутекенің бейнесінен құралғандығын байқауға болады. Таутекелердің көзіне, тұмсығына, аузы мен құлағына көк ақық тас (бирюза) орнатылған. Таутекелердің мойны мен бетінің бұлшық еттері тұра сыртқа теуіп тұр, жануарларда бір ішкі күйзеліс, шиыршық ату белгісі бар. Сондықтан да олардың көздері өте үлкейіп, дөңгеленіп, шарасынан шығып, танаулары желбіршектеніп кеткен. Бір ішкі арпаластың, экспрессияның белгісі бар. Таутекелердің мүйіздеріндегі белдеулер өте анық, олар әр мүйізде жетеуден. Ал енді осы құйма алтыннан жасалған әшекей затты бір қырынан қарасаңыз тура қалыптан ұшып келе жатқан алып бүркітті (құсты) елестетеді. Бүркіттің басы, көзі, тұмсығы анық бейнеленген. Таутекелердің бұлшық еттері тарам-тарам болған мойындары бұл әшекейді қырынан қарағанда құстың қанатына айналады. Бүркіттің қанаттары жайылған, басы мен топшысының арасы- желкесі томпайып біткен, асқан қайраттылықты танытып тұр.

Әшекейдің арт жағында үш түймелік бар. Екеуі таутекелердің басының тұсында да, ал үшіншісі құстың кеуде тұсында. Осы үш түймелік арқылы әшекей өзінің тағылған қалпын өзгертпейді. Бұл әшекей сақ-скиф өнер бұйымдарында бұрын соңды кездеспеген.



11-сурет. Жалпы көрінісі мысық тұқымдас жыртқыштың бейнесіне ұқсас (барс), екі таутекенің тұмсығымен түйіскен тұрқынан құралған және қырынан қарағанда қалықтап келе жатқан құстың бейнесін беретін синкретті ұстын



12-сурет. Маралдар деп аталатын әшекей. Артында үш түймелігі бар. Өмір бәйтерегінің, өсіп-өнудің символы (нышаны)

Бұғылар деп аталатын әшекейлер (12-сурет). Саны 20. Құйма әшекей. Әшекейдің тінін екі бұғының мойны, басы және мүйіздері құрайды. Екі бұғы мойнынан бір-бірімен жымдасып кеткен, бастары екі жаққа қарап тұр, бірақ тағы да өзара жымдасып қосылып кеткен мүйіздері бір композиция құрап тұр, бейне бір мәуелі талдың бұтақтары сияқты. Бұғылардың аузы, мұрны, құлағы көк ақық таспен безендірілген. Екі бұғының денесінің түйіскен жерінде ұрғашылық белгісіне ұқсас ойық бар. Оған да бирюзадан көз орнатқан. Әрбір бұғының мүйізі төрт саладан тұрады. Мойындарын көтеріп, тұмсықтарын аспанға шаншылта, құлақтарын қаға тұрғанына бұғылар бірдеңеден қиналып, бірдеңеге құлақ түріп, тосып тұрғанға ұқсайды. Оның үстіне жануарлардың дене бұлшық еттері сыртқа теуіп, сіресіп тұр. Меніңше бұл әшекейде сақтардың туу, өсіп-өнуден байланысты дүниетанымы бейнеленген. Бұғылардың денесінің түйіскен жеріндегі ойық ұрпақ тарайтын мүше, қосылған мүйіздер-мәуелі өмір бәйтерегі. Жалпы сюжет туу және өсіп-өну



13-сурет. Бүркіт-грифон (тазқара) бейнесіндегі құйма әшекей, артында екі түймелігі бар



14-сурет. Синкретті аң бейнесіндегі әшекей. Біз қасқыр-қонжық деп атадық

идеясын марапаттайды. Әшекейдің артқы жағында үш түймелігі бар. Бұған ұқсас екі бұғының мүйіз түйістіріп тұрған бейнесіндегі алтын әшекей кезінде Жетісудан табылған Жалаулы көмбесінің ішінде бар. Осы уақытқа дейін жалаулы көмбесінің көп заттарының мезгілі белгісіз болып келген. Енді біз жалаулы көмбесіндегі алтын бұғылардың мөлшерлі заманын анықтай аламыз.

Бүркіт түріндегі әшекей-қаптарма (13-сурет). 36 дана табылды. Құйма сап алтын. Қанатын жайып-қомдап, мойнын ішіне алған бүркітті елестетеді. Тұмсығының үсті дөңестеу. Көздері дөңгелек, үлкен. Денесінің үстіңгі жағы және қанаты мөлшермен жалпы ұқсастырып ғана бейнеленген, ол томпайып келіп, сүйірленіп бітеді. Жыртқыш құстың денесінің төменгі жағы, аяғы, құйрығы да нобайлап ғана берілген. Құстың аяғы мен тырнақтары да жай нобаймен берілген, оның ұшы дөңгеленіп біткен. Зер сала қараған кісіге құстың аяғын шағып жатқан жыланның басын, денесін тануға болады. Жыланның иірілген денесі бір жағынан құстың бауыр жақ бөлігін де құрап тұр.

Сонымен, бұл әшекейде жылан шаққан жаралы жыртқыш құстың өлер алдындағы қанатын сабалап, өмір үшін күрескен сәті бейнеленетін сияқты. Құстың бір қанаты көтерілген, басы жылан шаққан аяғына қарай қарманған, құйрығы түсіп кеткен, жаралы аяғын денесіне қарай жиыруға әрекеттенеді. Бұл сюжеттен сақтардың көк тағысы бүркіт пен жер ұлысы жыланның арасындағы күресті көреміз.

Бұндай бүркіт бейнесіндегі 9 әшекей 1960-жылдардағы Шіліктідегі С.С. Черниковтің қазбаларынан да шыққан (Черников, 1965, С. 32-33). Бірақ олар біздікі сияқты құйма алтыннан емес, алтын қаңылтырдан қалыпқа салып бастыру арқылы жасалған еді. Қалыптар болғандықтан ол әшекейлердің сақталуы нашарлау. Оның үстіне Черниковтің бүркітінде жылан бейнесі анық көрінбейді, оның орнында әншейін ойық ғана қалған. Бұрын табылған бүркіттің де көзіне ақық тас орнатылған, бірақ оның артына түймеліктері жоқ. Оны киімге тесік жерінен қадай салған. Оның үстіне егер біздің бүркіттер мойнын тек оң жаққа бұрып жатса, бұрынғы табылған бүркіттердің жартысының мойны оң, жартысыныкі сол жаққа бұрылып жатыр. Қазақстанның басқа аумағынан бұндай әшекейлер кездеспейді. Тарбағатайдан тыс жерде осыған ұқсастау бүркіт бейнелері Сібірдегі Минусин ойпатында табылған. Кейнгісін А.В. Сбруева б.з.д. VI ғасырмен мезгілдеген (Черников, 1965, С. 57-58). Сақ-скиф дүниесіндегі бізге белгілі бүркіт-грифон бейнелі әшекейлерді салыстыра келіп мынадай қорытынды жасауға болады. Сақ-скиф мәдени-этникалық бірлестіктерден белгілі әшекейлердің ішінде (Зивие, Темир-Гора, Мельгунов, Тұяқты-1, қорымдары. т.б.). 3-Шілікті қорымының №1 обасынан табылған бүркіт бейнесі ең көне, ең әдемі және өнер туындысы ретіндегі ең бағалысы.

Қасқыр (қонжық) түріндегі әшекейлердің 39 данасы табылды (14-сурет). Сол техника, құйып жасалған. Бұл әшекейде жыртқыш хайуанаттың шақалақ баласы бейнеленген. Көне заман зергері бұл бейнені жасап жатып нені ойлады екен, белгісіз?! Бір детальдарына қарасаң, әсіресе басы, тұмсығы, әшекей жаңа ғана туған қасқырдың күшігіне ұқсайды. Ал енді жалпы денесінің бітімі, табаны, құйрығы аюдың қонжығына ұқсайды. Жалпы сақ-скифтердің бейнелеу өнерінде қасқыр мен аюдың бейнесін бір-біріне ұқсастып жасау, кейде осы екі жыртқыштың қасиеттерін ұштастыру кездесетін жағдай. Біз көбірек қасқырға ұқсастық. Әшекейде бейнеленген хайуанаттың басы жерге еңкейіп, алдыңғы аяғына тиіп тұр, көзі үлкен, дөңгелек, құлағы жымырықтау, жағы сом, қарысып тұр. Жыртқыштың басы мен мойны бүкіл денесінің үштен бірін құрап тұр. Қол етінің бұлшық еттері бұртиып шығып тұр, алапат күштің белгісі. Құйрығы қысқа ғана. Табаны үлкен, тырнақтары ірі. Әшекейдің арт жағында екі түймелігі бар. Бұл затқа тура ұқсас әшекей бұрын соңды табылмаған.

3-Шілікті қорымынан табылған тағы бір ерекше әшекей зат – ол кеңірдек түтікше әшекей (15-сурет). Бұндай алтын бұйымдар адамның киімінің өңірлерін әдіптеп – әшекейлеген сияқты. Дәл осы сақ дәуірінің әшекейіне өте ұқсас алтын кеңірдекшелер қола дәуірінің соңғы кезеңіне жататын (XIII-XII ғғ.) Тарбағатайдың теріскейіндегі Тебіске қорымынан да табылған. Бұл дегеніңіз біздің әшекейлеріміздің дәстүрі сонау қола дәуірінен келе жатқандығының дәлелі.

Әшекейлердің алтын түймеліктері және құлақшалары олардың тініне дәнекер арқылы бекітілген. Алтын заттардың ішінде тарыдай одан да кішкене әшекей бұйымдар бар (16-сурет). Оларға да түймелік-құлақша орнатқан. Және де алтынға алтынды дәнекерлеу үшін жеңіл еритін қоспалар (Zn, Cd, т.б.) пайдаланылмаған. Дәнекерге мыс пен күміс аз мөлшерде ғана қосылған алтын пайдаланылған. Бұндай қоспамен



15-сурет. Кеңірдекше, алтын қаңылтыр әшекейлер



16-сурет. Ұсақ алтын бисерлер (тізбелер)

дәнекерлеуге 1000 градус мөлшеріндегі температура және жоғары технологиялық шеберлік қажет. Сонымен, Шілікті сақтары б.з.д. VIII ғасырда микропайканы білген деп айта аламыз. Оның үстіне, бұндай сірке заттарды жасағанда, әсіресе оларға түймелік қадағанда міндетті түрде асыл әйнек (үлкейткіш) қажет. Өйткені онсыз құлақшаның өзін дәнекерлеу тұрғай көру қиын.

Алтын заттардың металлографиялық сараптамасы бойынша бұл алтындар өте жоғарғы сапалы, яғни 940-970 сыныптағы алтындар екендігін көрсетті. Қазақстандағы белгілі түсті металл зерттеушісі Т. Жәутіковтің қорытындылары бойынша, біздің зерттеулеріміз бойынша Шілікті әшекейлерінің шикізаты жергілікті алтын (Толубаев, 2018, С. 249-262; 452-461).

Сақ-скиф дүниесінің басқа көпшілік алтын әшекейлерінен Шілікті алтынының ерекшелігі – ол құйма алтын. Бұл алтын заттар әшейін өлген адаммен бірге қоюға арналған ғұрыптық зат емес, бұл әшекейлер патшаның тірісінде хан жиынға, мерекелерге киетін киімі. Бұнда басқа бай обалардан шыққан әшекейлердегідей ешқандай көзбояушылық көрініске арналған өтірік әлем-жәлем – бутафория жоқ.

Бәйгетөбе обасының құрылысы, ондағы адамды жерлеу ғұрпы, шыққан заттар, олардың радиоуглогодтық сараптамасы ескерткіштің салынған мерзімі б.з.д. VIII ғасыр екендігін көрсетеді. Бұл сақ-скиф мәдениетіне жататын Қазақстан жеріндегі, тіпті Еуразия аймағындағы ең көне элитарлық ескерткіштің бірі, мүмкін тіпті бірегейі. Онымен мерзімі жағынан тек Аржан қорымдары ғана (Тва жері) таласа алатын шығар (Толубаев., 2018, С. 351-386).

Шілікті патша обаларын зерттеу нәтижесінде біз сақтардың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі деген мәселеге мүлде басқаша қарауды ұсынып жүрміз. Осы уақытқа дейін «патша обалары» деген сөзді тырнақшаға алып, бұның шын мағынасы тура патша дегенді білдірмейді, негізінен алғанда «рулық қауымның ақсүйектерінің обалары» дегенді меңзейді деп келді. Бұндай түсінік тарих ғылымында ерте көшпелілердің қоғамдық-экономикалық даму деңгейін дұрыс түсінбеуден, немесе әдейі төмендетуден туындады. Жалпы көпшілік ғалымдар сақ, скифтердің әлеуметтік, экономикалық-шаруашылық, қоғамдық-саяси даму үрдісін рулық қауым, әрі кеткенде оның ыдырау кезеңі деңгейінде ғана қарастырады (Толубаев, 2006, 214-216-бб). Бұл көзқарастардың бәрі ерте көшпелілердің әлеуметтік-экономикалық, саяси даму деңгейін әдейі төмендеткен тарихи материализм, марксистік идеология және кеңес ғылымында 30-50 жылдар басы болған сталиндік идеологияның догмаларымен байланысты болса керек. Оның үстіне көшпелілерді өз бетінше мәдениет жасай алмайтын жабайы, тек басқа елдерді шауып алу арқылы байлыққа ие болатын, мәдениеттің де, өнердің де, саяси биліктің де үлгісін отырықшылардан алған бір бәдәуі, босқын жұрт деп есептеу европоцентристік көзқараста тәрбиеленген ғалымдардың көпшілігіне тән болды.

Меңіше бүгінде бұндай көзқарастардың объективті, субъективті идеологиялық принциптерінен бас тарту керек. Ерте көшпеліліктің ең бастапқы кезеңінде тұрған сақтар қоғамындағы мүлік теңсіздігі,



17-сурет. Шілікті алтын адамының эскиздік суреті. Ғылыми жаңғыртпасының авторы Ә.Төлеубаев

еді. Бәйгетөбе обасының архитектурасын зерттеуде біз белгілі архитектор А.С. Шадьяровтың көмегіне жүгіндік. Бәйгетөбе обасынан шыққан ағаштардың дендрохронологиялық, радиоуглеродтық зерттеулерін украин ғалымдары В. Скрипкин, Н. Ковалюх, новосибирск ғалымы И. Слюсаренко, америка зерттеушісі И. Панушкина жасаған болатын (Төлеубаев, 2018, Приложение. С. 390-500). Бүгінде осы радиоуглеродтық, дендрохронологиялық мерзімдеу тәсілдерінің жетістіктері мен қатар кемшіліктері де анықталып жатыр. Сондықтан біз Бәйгетөбе обасының салыну мерзімін анықтауда осы тәсілдердің ұсынысымен қатар таза археологиялық, тарихи-салыстырмалы әдіс-тәсілдерді пайдаландық.

Ескерткіштің осыншама ірі көлемі онда жерленген адамның қоғамда өте жоғары мәртебеге ие болғандығын дәлелдейді. Қорғандар тобында обаның ерекше орынға орналасуының өзі де (бүкіл обалар тобыны бастап тұр) онда жерленген адамның басқа жұрттан ерекше артықшылығын көрсетеді. Өлген адамды сап алтынмен апталған киімге киіндіріп қою, осындай зәулім ғимаратта жалғыз ақ адамның

әлеуметтік және таптық жіктеліс, ел басқарудың әкімшілік жүйесі, принциптері, билік, оның түрлері, биліктің мұрагерлігі, т.б. мәселелер қайта қарауды қажет етеді.

Шілікті жазығындағы Бәйгетөбе обасынан шыққан алтын киімді адамның бүкіл сән-салтанатын мақала авторы ұзақ жылдар қайта қалпына келтірді. Бұл жаңғыртпа оңайға түскен жоқ. Оған менің 7 жылдай уақытым кетті (Төлеубаев, 2018, С. 263-305). Нәтижесінде шілікті алтын киімді адамы дүниеге келді (17- сурет).

Шіліктінің Бәйгетөбе ескерткіші Қазақстандағы мультидисциплинарлы зерттелген жәдігердің бірі. Оның алтын әшекейлерінің жасалу техникасы мен технологиясын Ресей мемлекеттік Эрмитажының ғылыми қызметкері, скиф-сақ алтындарын зерттеудің үлкен маманы, т.ғ.к. Р.С. Минасян зерттесе, Бәйгетөбе адамының сүйегін қазақстандық белгілі антропологтар академик О.С. Смағұлов пен т.ғ.к. А.О. Смағұлова зерттеді. Бәйгетөбеден алынған сынамалардың (проба) микроскопиялық, физико-химиялық сараптамасын, мал сүйектерінің зерттеуін т.ғ.к. К.А. Қашқынбаев жасаған еді. Шілікті жазығы мен оны қоршаған Тарбағатай жоталарының алтын кеніштеріне бай екендігін және осы өңір алтындарының санамасы Бәйгетөбе алтындарына тура ұқсас келетіндігін Қ.Сәтпаев атындағы Геология институтының Түсті металдар бөлімінің меңгерушісі, г.м-н. ғ. докторы Т.М. Жәутіков дәлелдеп берген еді. Бәйгетөбе алтындарының ғылыми сараптамасы, макроскопиялық зерттеулері тағы да сол Геология Институтының зертханасында жасалған еді. Шілікті алтындары Орталық мемлекеттік музейге тапсырылғаннан кейін оның сараптамасы музей директоры, т.ғ.к. Н. Әлімбаевтың бастамасымен жасалған. Бәйгетөбеден табылған бояулы тақтайшалардың консервациялық жұмыстарын және бояудың құрамын белгілі жаңғыртпашы Қ. Алтынбеков атқарған

жерленуінің өзі де оның елбасылық мәртебесін, құрметін көрсетсе керек. Оның үстіне бұл алтын тон, зерлі шалбар, тәждік бас киім, алтындатқан саптама етік әшейін өлген адамды жәй әспеттеуге арналған жасанды, сырткөз үшін боямаланып жасалған ғұрыптық заттар емес, ел басқарушының тірісінде хан жиынға, мерекелерге киетін киімі. Қабірхананы тура жердің бетіне салып, ел қастерлеген адамды жер астына салмау ерте көшпелі мемлекеттің бір кездегі идеологиялық ұстаным-жарғысымен де байланысты болуы мүмкін. Сонымен, 3-Шілікті қорымының Бәйгетөбе обасында сақ жұртының ең алғашқы патшаларының бірі жерленген.

Әдебиеттер:

- Грязнов М.П. Аржан. А., 1980.
 Киселёв С.В. Древняя история Южной Сибири. М., 1951. С. 231. Табл. 20. Рис. 3,13; Табл. 22. Рис. 5,6.
 Киселёв С.В. Древняя история Южной Сибири. М., 1951. С. 406, Табл. 38. рис. 20.
 Маргулан А.Х., Акишев К.А., Кадырбаев Т.К., Оразбаев А.Т. Древняя культура Центрального Казахстана. А., 1966. С. 402. Рис. 66.
 Руденко С.И. Сокровища Пазырыкских курганов// По следам древних культур. М., 1951.с. 139
 Руденко С.И. Древнее искусство Алтая. Л., 1958. Рис. 36.
 Степи европейской части СССР в скифо-сарматское время. М., 1989. С. 346. рис. 19.
 Төлеубаев А.Т. Раннесакская шиликтинская культура. Алматы, 2018. 528 с.
 Төлеубаев Ә. Сақ қауымындағы қоғамдық құрылыс және мемлекеттілік мәселесі// Государственность и великая степь. Материалы международной научной конференции. Астана. 2006. С.214-216.
 Черненко Е.В. Скифский доспех. Киев, 1968. с. 65. рис.4.
 Черников С.С. Загадка золотого кургана М., 1965.С. 32-33

К. Алтынбеков, Э.К. Алтынбекова
 г. Алматы, Казахстан
tengri05@mail.ru, elina.altyn@gmail.com

РЕКОНСТРУКЦИЯ «ЗОЛОТОГО ЧЕЛОВЕКА»

Реконструкция древнего костюма – работа научная, требующая исследований в различных сферах – от собственно археологических находок, на которых основывается реконструкция, образа жизни, семантики, мифологии до технологических характеристик материалов, применяемых в ее создании, особенностей создания и эксплуатации деталей одежды и оружия. Реконструкция костюма может быть графической, трехмерной, и предметной – когда она фактически создается из новых материалов и помогает увидеть, как мог выглядеть тот или иной объект до его археологизации. В этом смысле реконструкция как бы расшифровывает разрозненные находки, представляя их в собранном виде. Сам процесс создания предметной научно-исторической реконструкции способствует апробации теорий, связанных с использованием того или иного предмета. Так как по опыту, даже детально проработанный проект реконструкции претерпевает некоторые изменения в ходе его реализации.

Реконструкция костюма и атрибутов воина из кургана Иссык, так называемого «Золотого человека» – первый в своем роде опыт воссоздания костюма раннего железного века в Казахстане. Именно целостность погребения, его нетронутость, несмотря на полное разграбление соседнего, центрального захоронения в этом же кургане, позволила наиболее полно представить древний костюм. Расположение погребения «Золотого человека» не в традиционном месте кургана – сбоку, а не в центре, спасло его от варварских рук расхитителей курганов.

Работая над костюмом, важно помнить, что это знаковая система, заключающая в себе информацию о владельце, своеобразный текст (Усманова и др., 2020, с. 83).

Первая реконструкция «Золотого человека»

В 1973 году была завершена первая предметная научно-историческая реконструкция костюма и атрибутов иссыкского воина. Авторами ее являются археолог К. Акишев и реставратор В. Садомсков (Акишев, 1978, с.51). Эта работа положила начало комплексным предметным реконструкциям костюмов и атрибутов скифо-сакского времени. На тот момент других примеров непо потревоженных могил представителей сакской элиты на нынешней территории Казахстана не было. Синхронных памятников, на которые можно было бы опереться, было значительно меньше, чем сейчас. Однако авторами первой реконструкции была проведена колоссальная работа, ознаменовавшаяся созданием предметного образа древнего воина. Итог превзошел ожидания – получился визуально яркий образ, образ человека в сверкающем костюме, который никого не оставлял равнодушным. Такая его презентация сослужила добрую службу оригинальным находкам и всему сакскому искусству в целом – он привлек внимание и вызвал интерес не только научно-го мира, но и широкой общественности.

Уже тогда авторы первой реконструкции понимали, что костюм был красного цвета – на обороте некоторых нашивок сохранились остатки красной кожи. Красный цвет имел для кочевников особое значение, символизируя собой огонь, солнце, власть и силу. К сожалению, в те далекие года было сложно добыть красную кожу, вследствие чего костюм был сшит из кожи светло-коричневого цвета.

Форма и размер деталей костюма определены по расположению археологических артефактов в раскопе (Акишев, 1978, с. 51). В реконструкции использованы также меч и кинжал (акинак), оригиналы которых оказались сильно повреждены в процессе археологизации. Несмотря на титанические усилия, приложенные к разработке и созданию реконструкции, некоторая часть найденных украшений осталась незадействованной. Именно этот факт дал толчок для дальнейших исследований и версий.

Дополненный вариант реконструкции «Золотого человека»

В 1996 году одним из авторов данной статьи разработан и создан еще один вариант реконструкции костюма иссыкского воина. Он базируется не только на первом варианте, но и большей частью на оригиналах находок, а также на всей имеющейся информации и публикациях о соответствующих раскопках.



Рисунок 1. а) Расположение деталей украшения во время раскопок; б) Реконструкция «Золотого человека». Авторы К. Акишев, В. Садомсков, 1971-1973 гг. (Акишев, 1978, С.51. Рис. 69); в) Реконструкция «Золотого человека». Автор К. Алтынбеков, 1996 г. (Алтынбеков, 2014, с. 164)

Ко времени создания данного варианта был произведен ряд раскопок курганов скифо-сакского времени, информации стало больше, что и позволило взглянуть на иссыкскую находку под иным углом. Стояла задача уточнить расположение каждой детали и найти место неиспользованным в первой реконструкции.

Общий силуэт костюма был практически полностью сохранен. После долгих исследований имевшегося и нового материала были внесены некоторые изменения и дополнения, коснувшиеся костюма, головного убора и предметов вооружения (Алтынбеков, 2014, с. 164).

Что касается одежды, то было сделано 2 существенных дополнения в виде сорочки и плаща. Под кафтаном расположена нательная рубашка-сорочка, выглядывающая из-под него в области верха груди. Края сорочки обшиты небольшими прямоугольными бляшками, по центру сорочки расположен разрез, закрывающийся сверху шнурками.

Бляшка из кургана Тенлик с изображением всадника в развевающемся плаще натолкнула на мысль о наличии накидки и у «Золотого человека».



Рисунок 2. Бляха с изображением всадника. Курган Тенлик, Семиречье, III-II вв. до н.э. Музей Археологии, г. Алматы



Рисунок 3. а) Навершие кинжала, деформированное в результате коррозии. Оригиналы. б) Уточнено изображение грифонов на навершии кинжала. Реконструкция. Автор К. Алтынбеков, 1996 г. (Алтынбеков, 2014, с. 166); в) Кинжал с ножнами. Реконструкция. Автор К. Алтынбеков, 1996 г. (Алтынбеков, 2014, с. 166)

Это предположение подтверждали лежащие вокруг скелета мелкие бляшки (Акишев, 1978. Таб. 40). Изменилось и место крепления оружия. В первой реконструкции для этой цели используется широкий наборный пояс. В дополненном варианте широкий пояс значителен как парадный, имеющий своей целью подпоясывать кафтан. Для оружия же используется второй, оружейный пояс, более узкий и расположенный несколько ниже парадного, почти на бедрах. Такое положение второго пояса позволяет воину снять оружие, не оставшись при этом неподпоясанным. Кроме того, расположение оружейного пояса почти на бедрах перераспределяет вес оружия с поясицы на ноги, что, в свою очередь, облегчает жизнь воину при дальних переходах. Данный пояс декорирован подпрямоугольными фигурными бляшками, оставшимися не использованными в первой реконструкции.

Что касается оружия, то изменения коснулись акинака: накладки на ножнах кинжала дополнены выпавшими деталями. Вследствие археологизации и сопутствующих ей процессов коррозии, скульптурное навершие рукояти кинжала оказалось значительно деформировано. В новом варианте реконструкции, в том числе благодаря изучению аналогичных синхронных рукоятей, было выявлено и воссоздано навершие, изображающее две зеркально расположенных протомы грифонов.

Во время раскопок кургана Иссык археологами были зафиксированы остатки камчи – с деревянным древком, обернутым золотой лентой (Рисунок 4). Камча была воссоздана и дополнила данный вариант реконструкции (Алтынбеков, 2014, с. 166).

Стоит отдельно описать изменения и дополнения, коснувшиеся высокого головного убора – кулаха. Это особая часть костюма, имеющая глубокий смысл и значение. Итак, первое, что отличает дополненный вариант – форма головного убора. Если в первой реконструкции он конусообразный и имеет острый верх, то во втором варианте его верх загнут вперед, изображая голову птицы. Такая форма соотносится с изображением саков на барельефах Персеполя. Кроме того, таким образом наверху образуется площадка, подходящая по форме и размерам миниатюрному изображению архара на подставке (Рисунок 5).

Второе – в лицевой части головного убора пластины геометрической формы, размещенные вертикально выше протом коней, расположены в виде креста, из углов которого выходят четыре фигурные



Рисунок 4. а) Рукоять камчи в раскопе (Акишев, 1978, С.20. Рис. 10); б) Камча. Реконструкция. Автор К. Алтынбеков, 1996 г. (Алтынбеков, 2014, с. 166)



Рисунок 5. а) Головной убор. Графическая реконструкция (Акишев, 1978, С.62. Рис. 62); в) Головной убор. Реконструкция. Автор К. Алтынбеков, 1996 г. (Алтынбеков, 2014, с. 165).

пластины, образуя солярный знак. Это изображение стало впоследствии эмблемой научно-реставрационной лаборатории «Остров Крым». О семантике этих пластин речь пойдет чуть ниже (Рисунок 6).

Третье – нижний фриз кулаха в виде растительного орнамента (в первой реконструкции назван диадемой), состоящий из четырех частей, поставлен в соответствии с его расположением в раскопе, спускаясь к низу шапки и замыкаясь малыми пластинами в виде птичьих крыльев, место которых было неясно авторам первой реконструкции (Акишев, 1978, С. 26).

Четвертое – уточнено зональное размещение украшений в соответствии с мифологической картиной мира. Нижняя зона мироздания – фигурные пластины, изображающие рыб (в описании названы лекаловидными) – отделена фризом; средняя зона мироздания – изображения горных козлов; верхний мир – скульптурки птиц. Различные бляхи с изображениями барсов, играющих роль охранителей сакрального пространства, находятся между зонами мироздания.



Рисунок 6. а) Фрагмент головного убора. Реконструкция. Авторы К. Акишев, В. Садомсков, 1971-1973 гг. Музей археологии, г. Алматы; б) Солярный знак на лицевой части головного убора. Реконструкция. Автор К. Алтынбеков, 1996 г. (Алтынбеков, 2014, с. 165).




Рисунок 7. а) Головной убор во время раскопок (Акишев, 1978, С. 16, Рис. 7); б) Головной убор. Графическая реконструкция (Акишев, 1978, С.62. Рис. 63); в) Головной убор. Реконструкция. Автор К. Алтынбеков, 1996 г. (Алтынбеков, 2014, с. 165).

в народе закрепилось название «Уржарская принцесса» или «Уржарская жрица». Внимание археологов привлек богато украшенный головной убор, некоторыми фрагментами напоминающий головной убор «Золотого человека». Наша лаборатория была привлечена к полевой консервации данного объекта для последующей реставрации. Уникальным это захоронение делал тот факт, что останки не были покрыты грунтом, как это бывает в процессе археологизации. Женщина находилась в своеобразном саркофаге из нескольких подпрямоугольных каменных плит. Стыки между плитами оказались настолько плотно забутованы глиной, что за несколько тысячелетий внутрь саркофага не проникли ни вода, ни окружающий грунт. А значит, весь тлен и останки были свободны от лишних чужеродных наслоений, что открывало возможности их глубокого изучения. Такая ситуация уникальна, и не воспользоваться ею было нельзя. Вследствие чего было принято решение извлекать захоронение женщины целиком, блоком вместе с нижележащим грунтом. Подробнее весь процесс укрепления, фиксации останков, вы-



--- Место положения каменного жертвенника
--- Примерное место положения скопления папоротника

Рисунок 8. Блок с захоронением женщины из кургана Тасарык

Пятое – выявлена форма детали, скрепляющей попарно стреловидные украшения – она представляет собой изображение двух рук.

И шестое – края шапки обшиты мелкими бляшками, которые не были размещены на costume (Алтынбеков, 2014, с. 164). (Рисунок 7).

Новая трактовка некоторых элементов

Со времени раскопок «Золотого человека» прошло уже 50 лет. Со времени создания дополненного варианта реконструкции – 24 года. Наука не стоит на месте, и с тех пор открыто множество памятников, появились новые данные. Материал о скифо-сакской культуре значительно обогатился. А значит – появилась возможность заново посмотреть на некоторые элементы украшений Исыкского воина.

В 2013 году проводились археологические раскопки кургана Тасарык в Уржарском районе под руководством Т. Н. Смагулова и Б. А. Байтанаева. В захоронении находились непо потревоженные останки женщины, жившей в те же века, что и Исыкский воин. Впоследствии за этой находкой



Рисунок 9. Схожесть украшений головного убора женщины из кургана Тасарык и листьев папоротника.



Рисунок 10. Схожесть фигурных пластин с лобной части головного убора Исыкского воина с побегами папоротника.

резания блока, создания поддерживающей платформы, упаковки и транспортировки описан в соответствующей книге автора – «Уржарская жрица: история возрождения уникальной находки» (Алматы: Остров Крым, 2018. – 94 с.)

После доставки блока с захоронением женщины в лабораторию «Остров Крым», начались его планомерное изучение, консервация и реставрация. Собственно, сохранность на месте всех органических остатков дала возможность глубокого изучения находки. Исследование остатков ткани и их анализ показали наличие красного пигмента. Ткань оказалась прокрашена мареной по глиноземной протраве и имела ранее красный цвет (Алтынбеков, 2018, с. 34). Это дополнительно подтвердило наличие красного цвета в одежде сакской элиты.

В ходе переборки тлена и отбора проб для исследований было обращено внимание на крупное скопление волокнистых образований в области левой руки. Первоначально они были приняты за остатки текстиля. Однако в результате исследований выяснилось, что это остатки папоротника орляк.

Наличие одного вида растений в таком количестве заставило задуматься о его важности для захороненной и его особой семантике. Дальнейшие исследования привели к выводу об особенном статусе папоротника в жизни общества:

папоротник – реликтовое растение, он сильно отличается по своему строению от других привычных растений, в силу своего строения он никогда не цветет, так как размножается другими способами (возможно, с этим фактом связаны многочисленные поверья о чуде цветущего папоротника);

побеги некоторых видов папоротника – рахисы – употребляются в пищу по сей день;

папоротник издавна применяется в народной медицине (Кароматов, Тураева, 2018, с. 113-114);

содержит галлюциногены;

в некоторых культурах символизирует крыло, птицу из-за сходства листьев с крыльями; само название папоротника в некоторых языках связано с образом крыла или птицы.

Эти данные помогли понять значение украшений головного убора захороненной женщины. Некоторые из них изображали различные части папоротника в разных стадиях развития.

Такое открытие послужило основой для предположения о том, что и в декоре «Золотого человека» мог быть использован мотив папоротника. Это касается фигурных пластин, расположенных в лобной части головного убора. В реконструкции от К. Алтынбекова они образуют солярный знак, в первом же – расположены симметрично.

Кроме того, появилось предположение об изображении папоротника на лекаловидных пластинах, нашитых по нижнему краю головного убора «Золотого человека» (Рисунок 5). Во всяком случае, растительный мотив читается здесь очень хорошо.

Вывод.

Создание предметной реконструкции – это не макетирование, а длительный процесс, требующий серьезной работы с источниками, синхронными памятниками, научной литературой, результатами анализов, кропотливым исследованием и сохранением оригинала – особенно органики, тесным сотрудничеством со всеми специалистами, занимающимися отбором и анализами проб. Кроме того, важно понимать визуальную составляющую готовой реконструкции.

В результате длительного изучения получена более полная модель экипировки сакского воина, но это также не окончательный вариант – остались украшения, назначение которых пока не выяснено; новые археологические данные могут внести корректировку и в предложенный вариант реконструкции.

Воссоздание костюма, выполненное на основе использования всех результатов исследовательской деятельности в разных областях науки, является одним из средств изучения исторического костюма (Алтынбеков, 2014, с. 160). Конечный итог предметной реконструкции – презентация археологических находок в комплексе, визуализация места и роли каждого отдельного артефакта в системе костюма, где важно взаиморасположение всех элементов. Тщательно разработанная и выполненная реконструкция помогает зрителю обратить большее внимание не только на оригинал, но и на историю соответствующей эпохи.

Литература:

- Акишев К.А. Курган Исык. Искусство саков Казахстана. М.: Искусство, 1978. – С. 132.
- Акишев К. А., Акишев А. К. Проблема хронологии раннего этапа сакской культуры // Археологические памятники Казахстана. Алма-Ата, 1978. – С. 38–63
- Акишев К.А., Акишев А.К. Происхождение и семантика Исыкского головного убора // Археологические исследования в Казахстане. Алма-Ата, 1979.
- Акишев А.К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата, 1984.
- Алтынбеков К. Возрожденные сокровища Казахстана: опыт научной реставрации. Алматы: Остров Крым, 2014. – С. 360.
- Алтынбеков К. Уржарская жрица: история возрождения уникальной находки. Алматы: Остров Крым, 2018. – С. 94.
- Кароматов И.Д., Тураева Н. И. Забытое лекарственное растение папоротник мужской // Электронный научный журнал «Биология и интегративная медицина» №9 – октябрь (26) 2018. – С. 110-116.
- Руденко С.И. Культура населения Горного Алтая в скифское время. М., Л., 1953
- Руденко С.И. Культура хуннов и ноинулинские курганы. М., Л., 1962.
- Усманова Э. Р., Алтынбекова Э.К., Крупа Т.Н. и др. Реконструкция костюма как способ представления культурного кода великой степи в фестивале «древних технологий и культурных коммуникаций «Desht-thog» имени Тура Хейердала // Материалы международной научно-методической конференции «XII Оразбаевские чтения». Алматы: Қазақ университеті, 2020. – С. 83-92.
- Хазанов А.М. Роль кочевников евразийских степей в истории военного искусства // Роль номадов евразийских степей в развитии мирового военного искусства. СПб., 2010
- Чугунов К.В. Искусство Аржана-2: стилистика, композиция, иконография, орнаментальные мотивы // Европейская Сарматия. СПб., 2011
- Чугунов К.В., Парцингер Х., Наглер А. «Большие курганы» в сибирской степи: скифское княжеское погребение Аржан в Туве // Вестник истории, литературы, искусства, 2006
- Чугунов К.В., Парцингер Х., Наглер А. Золотые звери из долины царей, 2004
- Яценко С.А. Костюм древней Евразии: ираноязычные народы / Рос. Гос. М.: вост литер, 2006

А.З. Бейсенов
Алматы қ., Қазақстан
azbeisenov@mail.ru

АРХЕОЛОГ Б. НҰРМҰХАНБЕТОВ ЖӘНЕ ЕСІК ӨңІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ

Жұмыс ҚР Ғылым және білім министрлігінің АР08857177 «Сарыарқа ерте темір дәуірі тұрғындарының шаруашылығы мен үй тұрғызу дәстүрлерін зерттеу» гранты аясында дайындалды

Жетісу биіктігі 18-20 м дейін баратын патша қорғандарының топталу жүйесінің көлемділігі бойынша бірегей археологиялық аумақ болып табылады.

К. Ақышев

Заманауи Қазақстан археологиясы саласында ерте темір дәуірі ескерткіштерін зерттеу аса қызықты ғана емес, сонымен қатар, өте кең, көлемді, әрі күрделі ғылыми бағыт болып табылады. Қазақстан өлкелерінде қола дәуірінде өндіруші шаруашылықтың түрлі бағыттары жоғары дамыды. Далалық бақташылар өмірінде мал шаруашылығы алдыңғы санатта болғаны белгілі, сонымен бірге дамыған тау-кен ісі, металлургия мен металл өңдеу, көзешілік, тоқымашылық пен зергерлік, тас ұқсату, балташылық пен тері өңдеу сынды салалардың маңызы зор болды. Жаңадан жинақталып жатқан археологиялық материалдарға қарасақ, осы қола заманы жетістіктерінің барлығы ерте темір дәуіріне келіп жеткенін анық көреміз. Егемен Қазақстан археология ғылымында ізденістер мен түбегейлі зерттеу жұмыстарының саны мен көлемі артып қана қойған жоқ. Олардың мазмұны мен сапасы артты. Іс жүзінде біз мүлдем жаңа ғылыми бағыттардың қалыптасқанын айтуымыз керек.



1-сурет. Есік, 1992 жыл. Бекен аға және жапондық қонақ, суретші Хикояма мырза.

Бүгінгі таңда сақ дәуірі тұрғындарының тұрмыс-салты мен шаруашылығын жете зерттеуде бұрын соңды күн тәртібіне қойылмаған отырықшылық орындарын, яғни, қалалар мен қоныстарды, уақытша тұрақтарды көптеп тауып, тіркеп, кеңінен зерделеу ісі өте маңызды болып табылады (Бейсенов, Дуй-

сенбай, Ахияров, 2020). Сақ дәуірі қоныстары Сарыарқа, Жетісу, т.б. өлкелерде көптеп белгілі болып, зерттеліп отыр.

Көне Қазақстан аумағындағы өлкелік мәдениеттердің бір-бірімен байланыстары да, сол ерте темір дәуіріндегі қалыптасып үлгерген этномәдени біртұтастық мәселесі де заманауи ізденістердің шеңберінде болуы шарт.

Осы айтылғандардың барлығы көне сақ мәдени жетістіктерін талдауда айрықша орын алатын Жетісу аймағындағы (Нұрмұханбетов, 2011; Джумабекова, Базарбаева, 2018) аса маңызды археологиялық орталық болып табылатын Есік өңіріне тікелей байланысты. Жерлеу ескерткіштерінің орасан зор шоғыры ғана емес, көне және ортағасырлық қоныс, қала орындары да белгілі болып отырған өлкенің отандық және әлемдік ғылымға, оның дамуына қосары көп болмақ.

Бүгінгі Есік қорық-музейінің аумағын құрап отырған археологиялық нысандардың негізгісі ол Есік некрополі екені белгілі. Ғылыми деректерде сонау 1940-шы ж. соңында алғаш рет аты аталған қорым 1969-1970-ші жж. табылған Есік «Алтын адамына» байланысты дүние жүзіне әйгіленді. К.Ақышев жетекшілігімен жасалған «Алтын адам» жаңғыртпасы (Акишев К.А., 1978; Акишев А.К., 1980) көнені зерттеу мен оны заманауи тұрғыдан талқылау мен қолданудың толып жатқан саласы мен бағыттарына зор әсерін тигізді. Дүние жүзінде бірегей болып табылған бұл ғылыми ұсыныстың, ең алдымен археология ғылымына, оның ішінде ерте темір дәуірі археологиясына берген ықпалы жақсы белгілі.

Осы жауапты да қиын істің басы-қасында жүрген археолог Бекен Нұрмұханбетовтың еңбегі зор екені бүгін ерекше дәлелдеуді қажет етпейді.

К. Ақышев, Б. Нұрмұханбетов, А.Г. Максимова, Ә. Ақышев, т.б. көптеген қазақ ғалымдарының еңбегі арқасында сол жылдары-ақ Есік, Жетісу тақырыбы әлемдік ғылыми және мәдени орталықтарға кеңінен әйгілі болды. Жетісу өлкесінің материалдарын да, сақ зерттеу саласындағы өзінің ұстазының еңбектері мен олардың академиялық ғылымдағы орынын да жақсы білген Бекен аға 2011 жылдың күзінде Қарағанды қаласында өткен ғылыми конференциядағы ойын былай түйген еді:

«К.А. Акишев почти сорок лет тому назад отметил единство основных компонентов культуры саков Жетісу (Иссык, Бесшатыр, Каркара и др.), Зайсанской котловины (Шиликты), Горного Алтая (Пазырык), Южной Сибири и Тывы. Сегодня в этот ареал входят Центральный Казахстан (Талды – II) и Казахский Алтай (Берел) (Бейсенов, 2010; Самашев, Толеубаев, Жұмабекова, 2004). И в последующие годы, в изложении отдельных аспектов сакологии, исследователь постоянно привлекал материалов Иссыкского могильника (Акишев, 1978)» (Нурмуханбетов, Мухтарова, 2011, с. 54).

Туғанына бүгін 85 жыл толып отырған археолог Бекен Нұрмұханбетовтың Есік өлкесіндегі ізденістері «Алтын адамды» ашуға қатысуымен және осы бір ғажайып жәдігерді көпшілікке кеңінен танымал етумен шектеліп қалмайды.

Бекен аға – Есік өлкесіндегі көптеген археологиялық орындарды алғаш ашып, оларды зерттеу, насихаттау мен дәріптеу мәселесімен кеңінен айналысқан тұлға. Бекең осы Есік маңында жан-жақтан ағылып жататын оқушы, студенттерді айтпағанда, Елбасы Н.Назарбаевтан бастап, көптеген шетелдік қонақтармен кездесті, сұхбат жасады. Оның арасында сонау Жапониядан келген қонақтар да бар (1-сур.).

Бекен ағаға қатысты тақырып, ол тек Есік некрополі, ол маңайдағы жекелеген қорғандар мен олардың топтары ғана емес, бұларды бір ортаға біріктіру, оларды сақтау мен қорғау жұмыстарын жүргізу ғана емес.

Бекен ағаға қатысты тақырып, бұл кезінде өзі ашқан, қазіргі таңда кеңінен танымал болып отырған Өрікті, Рахат сынды болашақ зерттеулерден үлкен үміт беріп отырған археологиялық кешендер.

Бекен ағаға қатысты тақырып, бұл Есік қорық-музейінің алғашқыда-ақ күн тәртібіне қойылуы, оның ашылуы, оның бүгінгі жұмыс-тіршілігі, археологиялық нысандарды зерттеу мен қорғау, насихаттау саласындағы қол жеткізген жетістіктері мен болашақ табыстары.

Бұл туралы музей жетекшісі Г.Р. Мұхтарова, ағаның көзін көрген басқадай көптеген шәкірттері мен дос-жарандары баспа бетінде болсын, кездесу-жиындарда болсын, кеңінен айтуда (Мухтарова, 2016).

Түн ортасы болар кез, сағат тілі 23 сағат 45 минутты көрсеткенде, Бекең жанында көп жыл болған археолог Жұман Смайыловтан қоңырау келді: «Сен қайдасың, Алматыдамысың...». Шамалыдан соң өзі де жетті. Суыт жолға шықтық. Гоголь көшесіндегі талай бірге отырған кішкене үй. Есік алдында қара-

лы топ. Бекеңді «ағалап» сыйлайтын атпал азамат Балтабай өзі қарсы алды... Содан бері 4 жыл өтіп кетіпті.

Ұсынылып отырған мақалада автор Бекен ағамен бірге жұмыс жасаған қызықты уақыттарды еске ала отырып, ғалымның жүргізген зерттеулерінің кейбір маңызды тұстарын қайталап өтеді, сонымен бірге, Жетісу сақтары мәдениетіне, Есік өлкесіне қатысты ойларды алдыға тартады.

1987 жылдың қыркүйек айының басында сол кездегі Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография Институтының археология секторына қарасты «Алматы жаңақұрылыстар экспедициясы» деп аталатын топқа «жұмысшы» деген лауазыммен жұмысқа қабылдандым. Осы сәттер туралы жазылған да болатын (Бейсенов, 2011). Топ бастығы Бекен аға. Қараша айында Қаскелеңге шыға беріс тұстағы Қырғауылды деген жерде шағын қазба болды. Желтоқсанның орта кезінде, сондай-ақ, жаңа жылдан кейін бірсыпыра уақыт маған Көкмардан мен оның жанындағы біраз нысандардың материалдарын ретке келтіру тапсырылды. Ол жұмыс жасалды да. 1988 жылдың қысы аяғында (ақпанның соңы болу керек) Қаскелеңнен ары тамандағы Қайнар маңында бір шағын қазба болды, «Институт картофелеводства» деген секілді мекеменің аумағы болатын. Содан кейін Бекең маған Молалы мен Шұбарат қорымдарының материалдарын реттейміз, көмектесесің деген ойларын айтып жүрді. «Реттеу», әрине, далалық сызбалар, қолжазбалық сипаттамалар, қолда бар фотоларды жинақтау, ненің бар, ненің жоқ екенін анықтаудан, табылымдарды жүйелеуден шығады. Бірақ, ол шаруа сол беті басталмады. Менің ойымша, сол кездерде бірге жұмыс жасап жүрген археолог Ю.И. Трифоновтың ол екі қорым жайлы басқадай жоспарлары болған сияқты. 1988 жылдың көктемінде алғаш рет Есікке жол түсті.

1988 ж. сәуір айының соңына таман Есіктегі «Защита растений» деп аталатын мекеменің аумағында орналасқан бір үлкен сақ қорғанының қазбасы басталды. Бұл өзі «Автошкола» деп аталатын аялдамадан Құлжа тасжолына қарап тұрғанда біраздан кейін барып, жолдың сол жағында тұратын мекеме болатын. Сырты бетон плиталармен қоршалған мекеме аумағында сақ дәуірі қорғаны жалғыз тұратын. Атап айтсақ, мекемеге жол жақтан кіресіз, одан әрі өткенде біршама аумақты алатын аула бар, қорған сол жерде, яғни ғимараттың сыртқа, далаға қараған жағында аула ішінде. Диаметрі 40 м-ге жуық, биіктігі 3,5-4 м. Мекеме бульдозер трактор бөлді де, жұмыс басталды. Бекең 2 күн бірге болып, арығарай мен жалғыз жұмыс жасадым. Мекеменің сол кездерде халық «КПП» деп атайтын, ғимарат үлкейтілгеннен бері бос тұрған бөлмесі бар екен де, сол бөлме тазаланып, жабдықталып, яғни газбен жанатын жылжымалы шағын пеш, темір керует пен кішкене стол, орындық қойылып, мен осы жерді иемдендім. Ол кез кітапты көп оқитын заман, Алматыдан бір сөмке оқитын кітап, қағаз әкелгенмін. Соның ішінде Бартольдтың бір томы, Мандельштам, сондай-ақ, Орта Азияға байланысты тағы біраз кітаптар болғаны нақты есімде. Бекең бір келгенде «тракторшың қайда, тоқтағаныңа қанша уақыт болды, мына жерді әбден кітапхана қылыпсың» деп сөйлегені бар. Мекеме бастығы Бекеңді жақсы білетін адам секілді еді, ашық, әзілкештеу адам болатын. «Ауу, археологи!» деп дыбыстайтын келгенде. «Пирожковоз» деп халық қойған аты бар көлікпен жүретін. Бір келгенде онысы оталмай қойып, тракторшы екеуіміз 50 м-дей жерге итергеніміз. Не осы кісінің, яғни, «Защита растений» мекемесі бастығының, немесе «Дорожник» ықшамауданындағы құрылыс жұмыстарының бастығының ба, біреуінің аты-жөні, әйтеуір, В. Божко сияқты еді. «Тракторшың қайда» деген сөз беталды айтылмайтын, анау 3-4 күн сайын жоғалып, жұмысқа келмей «демалып» кететіндеу адам болды. Тракторымыз ДТ-75. Сынып та тұрады. Басында 2 апта деп межелеген жұмыс 28 күнге созылды. Бұл санның есте қалғаны сол, Бекең мені біраз уақыт «бір қорғанды техникамен 28 күн қазатын маман» деп мазақтап жүрді.

Бұл қорған астынан шұңқыр шыққан жоқ, тіпті керамика да мардымсыз, ұсақ бөлшектерден бірен-сарандау табылды. Жұмыс біткен соң, қолмен нысан табанының дәл ортасынан Бекең, шофер Володя, мен, үшеуіміз ауданы 6*6 м, тереңдігі 30 см-дей қазба салдық. Жер қатты. Сол жылдың мамыр айы ыстық болды. Мүлгіген қаракөк жаймашуақ түні енді, Бекең жиі айтатын сөзді қолдансақ, «ғажап» еді. Ол уақытта машина, техника аз, түні бойы жосылмайды. Түнде қорғанға шығып жалғыз отырғанда маңайда жанға жайлы тыныштық орнайтын: таудан білінер білінбес самал тұрады, алуан құстар дыбыс береді, «су» етіп бірдеме төбеңнен ұшып өтеді, алыстан есек ақырады. Салқындау өлкеден келген мен үшін бұл алғашқы Жетісудағы көктем болатын да, ұмытылмай есте қалды. Қазір де Алматының «ғажап» уақыты сәуір мен мамыр болып көрінеді. Шұңқыр болмады. Сол жылы күзде, «Дорожник» ықшамауданындағы жұмыс барысында

Бекең жазда қайтып оралып, трактормен тағы да қорған табанын сырып, аршып көргенін, бірақ, шұңқыр нақты жоқ екенін, бұл нысанды Жетісуда жиі кездесетін ғұрыптық мағынада үйіп отырған ескерткіш деп санайтынын айтып берді.

Бұны кейін тағы бір көрдік. 1989 жылы жаздың аяғында Павлодар облысынан бірнеше күнге келгенімде, арасында Ж. Смайылов бар Бекеңнің тобы Новоалексеевка ауылы маңында қазбада жатты. Ауылдың Алматыға шығар жағында, әжептеуір терең арықтың маңында бірнеше қорған қазылған екен. Соның біреуі тура жаңағыдай шұңқыры жоқ, топырақтан үйілген үлкен нысан. Биіктігі 3-3,5 м-ден кем емес. Айырмашылығы, бұнда топырақ қабаттары арасында бірнеше жерден арнайы қалдырылған қыш ыдыс бөлшектері көптеп шықты. Бекеңнің талдауы бойынша, үйінді бірнеше топырақ қабатынан тұрады, әр қабатты үйген сайын орта тұста қыш бөлшектерін көптеп салып отырған. Үш қабат десек, үш рет қыш сынықтарын қалдырып, арнайы ғұрып өткізіп отырған. Жұмыс басындағы Бекеңнің арасында қарқылдап күліп алатын осындай талдаулары керемет әсерлі, мәнді болатын да, жиылыс үстіндегі баяндамалардан әлдеқайда қызықты шығатын.

Тұрғын үй құрылыстары қарқынды жүріп жатқан «Дорожник» ықшамауданындағы бүліну жағдайындағы ескерткіштерді қазу жұмыстары 1988 жылдың қыркүйектің тура аяғы немесе қазан айларында атқарылды. Жаз болуы мүмкін емес, себебі, мен ол кезде Павлодар облысындағы Майкөбе өңірінде барлау мен қазба жұмыстарында болатынмын. Осы жылы көктем мен жазда «имени Жука» деген қосымшасы бар, күріш егістіктерімен шұғылданатын әлдебір мекемемен байланыстар орын алып, Бекең соған араласып жүрген сияқты еді. Ол өзі Қызылордада орналасқан мекеме болатын. Немен аяқталғаны белгісіз, Бекең бір-екі рет барды ма, бармады ма, біраздан соң ол жұмыстарды археолог П.Қаратаевқа бергендей еді.

«Дорожник» тобындағы қорғандар Есік өзенінің оң жағалауында орналасқан болатын. Нақты саны маған беймәлім. Ал құрылыс түскен жерде барлығы 6 қорған бар еді де, соның төртеуінің шұңқыры нақты ашылды. Осы төрт шұңқырды ашуға осы жолдардың авторы, негізгі мамандығы суретші, Бекеңде көп жыл жұмыс жасаған Рамбек Ахметов, сондай-ақ, Есік қаласының тұрғындары деп жүрдік, екі жасөспірім жігіт қатысты. Екеуі де училище сынды орта санаттағы білім орынының оқушысы сияқты еді. Біреуінің аты Влад (Вадим?) болатын да, ол осы жерде үй салып жатқан құрылысшылардың бірінің бе, не басшысының ба, туысы болатын. Екеуі кей күні түске дейін келсе, ертеңінде түстен кейін келіп жататын.


Мұндағы қазбалар көп болған жоқ, барлығы 6-7 күн ғана жұмыс жасай алдық. Қорғандардың төңірегінде тұтастай құрылыс жұмыстары жүріп жатты. Көптеген техника, қыбырлаған адам. Қуатты техниканың гүрілі мен тарсылы. Айнала тұрғын үй табанына салынатын терең шұңқырлар (котлован), қазылып тастаған орлар, үйілген құрылыс материалдары. Қызықты деректер берген №2 қорғаннан 5 метрдей жерде бір жақ жынжыртабаны үзілген С-180 маркалы үлкен трактор біз келгенде тоқтап тұрған еді, біз кеткенге дейін сол орнында тұрды да қойды. Оның есте қалғаны, сол күндері жиілеп тұрған жауында Р. Ахметов екеуіміз соның кабинасына кіріп отыратын едік, бір-екі рет түскі тамаққа бармай, құрылысшылар балағанынан қайнаған су алып, осы кабинада шай іштік.

Бекең біз келмей тұрып құрылысшылармен танысып, білісіп алғандай еді. Жалпы бұл жұмыстардың неше күн бұрын басталғаны белгісіз, біз келгенде қорғандардың біреуінен басқасының үйінділері түгел алынып тасталып, шұңқыр орындары шамалап белгіленіп қойыпты. Тек №2 қорғанның үйіндісі жартылай қалдырылып, оның үстіне, батыс-шығыс сызығымен өткен бровканың оңтүстік профилі тазаланып та қойылыпты.

Адамдар мен техника Бекең белгілеп, жіп тартып қойған орындарға жуып кетсе жиі-жиі шу шығатын. Ондайда жұмысты тастай сала Бекең жанына жүгіріп баратын едік, бастықтың тарапын алмақ, аналарға әкіреңдемек деген секілді. Бірақ, көбіне шуды археологиялық қазба талабынан хабары жоқ, өз жұмысымен айналысып жатқан құрылысшылар емес, мінезінің қиямпұрыстау тұстары бар Бекең өзі шығаратын. «Мына жерден кет, анаған жолама, әнебір теміріңді әкет». Құрылыс мекемесі осы Есіктікі болатын да, адамдардың көбі Бекеңді танитын, әрі құрметтеп сыйлатын. Сөз біте, әдетінше қарқылдап күліп алатын Бекең, айнала қораздана қарап «вам же сказали» деген секілді бірдемені айтып, оған өзі жиі айтатын, баспа көтермейтін сүйікті нақылын қосып, бізді ертіп шұңқыр жанына беттейтін. Бұндай жерлерде Бекең әлдебір әскербасы, көсем сияқтанып көрінетін, дауысы ерекше шығатын. Бекеңнің дауысы екі тембрде. Қою, жуан дауысы әдетте қаттырақ шығатын, ол және жіңішке тембрде де түсе салатын.

Төрт шұңқырдың үшеуі қатты тоналған, бұлардан бірен-саран қыш бөлшектерінен басқа айтарлықтай табылым кездеспеді. Негізгі деректер №2 қорғаннан алынды, сонымен қатар, бұл топтың үйінді құрылымы мен қабір ерекшеліктері бір-біріне ұқсас екенін айтуымыз қажет. Музей қорындағы Б. Нұрмұханбетов материалдарының арасында аталмыш топтың қысқаша сипаттамасы жазылған, жылы көрсетілмеген құжат бар (Нурмуханбетов, Археологический надзор...). Мұнда ескерткіш бесеу, оның біреуінің шұңқыры ашылмағаны аталады. Қайткен күнде, төрт шұңқыр ашылғаны осы құжаттан да көрініп тұр.

Қазба аяқталған соң, осы жолдардың авторы №2 қорғанның үйінді қимасы мен шұңқырының және басқа үш шұңқырдың сипаттамасы жазылған қолжазба мәтінді Бекеңе тапсырған болатын. Графикалық суреттен тек осы қорғанның профилі мен шұңқыры ғана сызылған еді. Торкөз дәптер парақтарына жазылған бұл сипаттама мен миллиметровка қағаздың бір кесегіне сызылған суреттер сақталмаған да, бүгінгі музей қорында тұрған аталмыш құжатты Бекең біраздан соң қысқартылған формада жазған сияқты. Осы мақаладағы 2-суретте автор өз ойындағы көріністерді схема түрінде келтіріп отыр (2-сур.: 1, 2).



2-сурет. «Дорожник» тобындағы №2 қорған деректері. 1 – қима схемасы, 2 -шұңқыр. Масштабсыз. 3 – күміс қапсырма

Қорған қимасы әдеттегі Жетісу сақ қорғандарына, атап айтқанда осы Есік маңы мен көршілес аудандардағы нысандарға тән. Бұның үйіндісінде тас қабаты екеу. Біріншісі әдеттегідей шым қабаты астынан шығады, жоғарыда жұқалау болып, төменге қарай қалыңдайды. Екінші қабат ортада, шұңқыр үстін алып жатады. Одан төмен тағы да топырақ салынған. Бекеңнің жазбасында шұңқыр өлшемдері 4,25*2,2 м делініпті, негізі бұдан кішірек сияқты көрініп еді. Тереңдігі 1 м деп барып, күміс қапсырма 1,28 м тереңдіктен табылды депті. Осы тереңдігі дұрыс, жазбада мәшеңкеден қате түскен жерлер бар. Шұңқыр тереңдігі 1,3 шамасында. Шұңқырдың жоғары жағында да, топырақ арасында да, еденінде де ағаш тақтай

қалдықтары (2-сур.: 2) көп кездесті. Жабыны ағаш болғандығы сөзсіз. Ең үлкен сақталған ағаш бөлшектің ұзындығы 35-40 см шамасында болатын. Бұл өзі жалпақтығы 15 см-ге дейін баратын, қалыңдығы шамамен 7-8 см-ден кем емес, кезінде әжептәуір мықты болған тақтай (плаха) қалдықтары еді. Шұңқыр қатты тоналған, адам сүйектерінен сынған бірнеше бөлшектер ғана кездесті. Түсі қызғылт қыш ыдыстың сынған бөлшектері, жоғарыда қабаттарда кездескен тым ұсақ бір-екеуін айтпағанда, негізінен шұңқырдың орта тұсында, еденде табылды. Бекең бұлар екі ыдыстыкі деп, Шаболдинкадағы үйде жабыстырып көргенде, 3-4 бөлшек бір ыдыстікі болып қиюласқан еді. Қазір музей қорында тұрған қызыл түсті, бірнеше бөлшектен құралған бір үлкендеу бөліктің бүйірінде қиып сызылған, арасы дөңгелек нүктелермен толтырылған үшбұрыш порымындағы ою бар. Егер сол кезде қиюластырған бөлікте осы ою болса, ойда қалар еді, әлде ұмытылды ма, дегенмен қазір тап басып айту қиын.

Ұзын бойымен СШ-ОБ сызығын алып жатқан шұңқырдың бас жағы ОБ қараған болу керек. Тонаушылар осы тұсқа СБ тараптан үңгір-тоннель қазып келіп түскен. Қазбаны үйіндінің шетінен бастаған да, қабір шұңқырына жер астымен келген. Бекең жазбада тонаушылар үңгірі шұңқырдың үстіңгі деңгейінен 20 см төмен жатты, кеңдігі 75 см, биіктігі 90 см шамасында дейді. Осы өлшемдер дұрыс түскен. Тонаушылар үңгірін шұңқыр жақтан бастап аша бергенде, көп болса 5-6 см-ден кейін, жерден онша биік емес, шамамен 10-15 см деңгейде күміс қапсырма (2-сур.: 3) шықты. Оны, әрине, ысқылап тазалап, таң-тамаша болып жарты сағат отырдық. Университет бітіргеніме бір-ақ жыл болған маған бұл табылым ерекше әсер бергені рас. Одан әрі үңгірге еңдей бере, көлемі кішкене ғана, тот басқан темір бұйым кездесті, түйме сияқты зат деп пайымдадық. Одан әрі үңгір аршылып, шұңқыр қабырғасынан 70 см-дей ішке кіргенде, еденнен 50-60 см биіктікте бағанағы қапсырманың екіншісі табылды. Одан арығарай тонаушылар үңгірі қазылған жоқ.

Күміс араласқан қоспадан құйылып, өңделген бұйым көне мифологияға тән әлдебір құбыжықтың сұсты образын береді. Ұзындығы 6,3 мм, ені 3,3 мм, қалыңдығы шамамен 2-3 мм. Екі бұйымның екеуі де бірдей. Қапсырманың үстіңгі және астыңғы жағы ортасынан көлденең өткен аласа ғана белдеушемен екіге бөлінген. Екі бөлік бірдей: солға қарап тұрған үстіңгі бейне астыңғы бөлікте оның айнадағы кескініне айналған. Адам басты құбыжықтың денесі жыртқыштікі. Төрт аяғы, дөңгелене ширатылған құйрығы мен арқасындағы қанаты, басында жоғары қайырылған «кекілі» мен екі мүйізі нақты көрсетілген, сондай-ақ, оның сақалы иектен адам аяғы тәрізді төменге созылып барып, жерге тіреледі. Ежелгі дәуір маманы ерекше шеберлікпен, ыждағатты дайындаған осы бір құнды бұйым Есік қорымынан табылып отырған жәдігерлер арасында айрықша орын алатыны сөзсіз.

Археолог Б. Нұрмұханбетов зерттеулерінен, Есік зерттеулері тарихынан хабар беретін бұл табылымның көшірмесін бүгін музей қорында өзінің заңды орынын алып отырғаны қуанышты жағдай.

Сол күні бізде археолог А.С. Загородний қонақтап жатқан еді. Жұмыс басында сағат 4-ке қарай басталған, бір тоқтап, бір себелеген жаңбыр жауып тұрды. Бекен аға мен Александр Степанович №3-ші қорғанның шұңқырын ортан беліне дейін екеуі қазып, қайта-қайта темекі тартып, даурығып жатты. Жаңбырдан хабар келгенде олар үйге қайтқан болатын. Кешкі сағат 7-лер шамасында №2-ші қорғанның қабір шұңқырын жауып, Р. Ахметов екеуміз үйге келдік те, қорғаннан шыққан табылымдарды, ішінде аталмыш күміс қапсырмалар бар, Бекен ағаға табыстадық. А.С. Загородний сыртқы есікті ашып қойып, кіреберісте самауыр қойып жатыр екен. Биязы, жайдары мінезді, ақырын сөйлейтін ЗАС (сол жылдардағы лақабы) самауыр шайын өте жақсы көретін. Бекең әлденеден дау шығарып, пікірталас бастап кетсе, «ну, Беке» деп қойып, ақырын қосылып отырады. Шайды жақсылап шығарып, баппен ішеді, ал әлдебір жерде шайды дұрыс шығармай, және ол баппен ішілмесе, «ну, не чай, какое-то пойло, чай так не пьют» деп сынап отырады. Оның ойынша, қазақтың шайы және шай беру үрдісі «еттен, басқа тамақтан жоғары тұрады». Бекең де шайды құнттап, дұрыс шығарып, жақсы ішетін. Бірінші не екінші кесені ішкен соң, темекі тартуға кірісетін, кейде стол басында, кейде орнынан тұрып кетеді. Басында осымен шай біткен екен деп қалып жүрдік, сөйтсек, ол «үзіліс» болады екен. Соған өзі үйреніп те қалдық.

Өте қызықты осы бұйымдар туралы әңгіме екі ғалымның арасында сол жерде-ақ өрбіп кетті. Ежелгі Орта Азия, Иран жерлеріндегі мифологиялық бейнелер мен сарындар жайлы пікірталас орын алды, соның ішінде юеджілер мен кейінгі сақ кезеңі төңірегінде сөз қозғалды. Бұдан соң ойда жоқта табылған қызықты бұйым жайлы пікірталастарға археология секторындағы (археология бөлімі) әріптестері де, со-

ның ішінде Ә.Ақышев та араласқан болуы керек. Біраздан соң, «Дорожник» ықшамауданындағы қазбалар аяқталғаннан кейін секторға барғанымызда, табылған бұйымды көне мифологиядағы «гопатшах» аталатын құдай образымен салыстырып жатқанын естідік. Бірақ, бұл пікірлер арығарай өрбіген жоқ, шамасы бұндай салыстыру онша сәтті деп табылмаса керек.

Айта кету керек, «гопатшах» Соғд, Бактрия маңына қатысы бар, ежелгі мифологиясында орын алған бұқа-адам бейнесіндегі әлдебір құдайға байланысты қолданылатын атау. Ғылымда оның «мекендеген» жерін көне «Түркістаннан Чинестанға баратын», яғни Қытайға баратын жолдың үстінде деп қарастырған (бұл жайлы кеңірек қ.: (Ртвеладзе, 1995).

Соңыра, Есіктен табылған осы бұйым ғалымдардың еңбектерінде келтірілді. (Самашев, Григорьев, Джумабекова, 2005, с. 88-89). Оны талқылау барысында «күміс қапсырмадағы сфинкс» (Ермоленко, 2007, с. 52, рис. б), «басына гректің әскери дулығасын киген, сақал-мұртты, денесі құс қанатты жыртқыш аң іспетті құбыжық» (Самашев, 2011), «грек дулығасын киген адам басты, жыртқыш мүсінді полиморфты тіршілік иесі» (Самашев, 2013, б. 132, 277-сур.), «дулығалы, қанаты бар, аң денелі миксантропоморфты образ» (Базарбаева, Джумабекова, Швец, 2016, с. 35) деген сипаттаулар айтылды.

Бұндай құнды пікірлер арасында бір назар аударатынымыз, Л.Н. Ермоленконың салыстырулары барысындағы хронологиялық ұстанымдар. Зерттеуші Есік құбыжығын сфинкс образымен салыстыра отырып, өзі осыған ұқсас деп санаған екі образды атайды, бірі Таулы Алтайдағы Бесінші Пазырық қорғанынан шықса, екіншісі Тывадағы Балғазын өлкесінде қазылған обадан табылған (толығырақ қ.: Ермоленко, 2007, с. 51-54, рис. 6-8). Бұл екі образ пазырық және сағлы мәдениеттерімен байланысты, сондықтан, хронологиялық тұрғыдан екеуі де Есік обаларына сәйкесіп тұрады, бұл, өз кезегінде, өте маңызды мәселе. Ақиқатын айтқанда, Бесінші Пазырық қорғанындағы киіз кілем бетіндегі адам бейнелері мен Балғазында табылған алтын композициядағы бейне арасындағы ұқсастықты 1980 жылғы монографиясында А.Д. Грач атап өткен болатын. (1980, с. 81, 255, рис. 117). Ойды жалғастыратын болсақ, бұл бұйымды З.Самашевтың Бесінші Пазырық пен Балғазыннан хронологиялық тұрғыдан онша алшақ кетпейтін Берел материалдарымен салыстыруы да орынды екенін атап өту керек (Самашев, 2011).

«Дорожник» ықшамауданындағы қорғандарға келейік. Екі күміс қапсырма табылған күннің ертеңінде Р. Ахметов екеуіміз таңертең жұмыс басына келгенде, біз үлкен бөлігін темір қабырғамен (щит) жауып, 3-4 таспен басып кеткен қабір шұңқыры трактормен түгел көміліп, оның үстіне, айналасына тас, кірпіш үйіліп тасталғанын көрдік. Шамасы, ашып көріп, бұл жердегі жұмыстары біткен деп ойлаған болуы керек. Түнде жауын үдеген болатын, мүмкін жиналған суды көріп те шұңқырдың жұмысы аяқталған деп санаған болар. Алаңқайда қауырт жұмыс сәті. Сонымен, бұл №2-ші нысандағы зерттеуіміз осымен аяқталды, тонау үңгірінің арғы жағы ашылған жоқ. Бәлкім, ол тұстарда тағы зат, бұйым атаулылар қалған да болар. Ескерткіштер орналасқан ықшамаудандағы құрылыс жұмыстарының соншалықты шапшаң, қауырт жүргізілгені айтылды.

Бекен ағаның «Дорожник» ықшамауданындағы қазбасынан шыққан қызықты табылымның әлі де болса талай ізденістер мен зерттеулерде маңызды орын алатыны күмән туғызбайды. Тіпті, бұл табылым осы маңайдан өз жалғасын да табуы мүмкін.

1988 жылдың желтоқсанында Бекеңнің шағын тобы негізінде тұтас үлкен бөлім құрылды. Оның аты – «Жаңақұрылыстар экспедициялары бөлімі». Бекең басқаратын «Алматы жаңақұрылыстар экспедициясы» бұдан былай «Қазақстан жаңақұрылыстар экспедициясының» құрамдас бір бөлігіне айналды. Жаппай сайлау қорытындысы негізінде бөлім меңгерушісіне Л.Б. Ерзакович тағайындалды. Құрамымыз біраз адам болып біз штатқа өттік. Басқасын қойып, бұл маған біраздан соң заңды түрде жатақханадан орын алуға мүмкіндік берді. Осы кіші ғылыми қызметкер статусымыз кейін аспирантураға алып келді.

Бұл бөлімнің ашылуына да, тіпті, одан бірнеше жылдан кейін Институттың жеке бөлініп шығуына да Бекең басқарған «Алматы жаңақұрылыстар экспедициясының» тікелей маңызы мен әсері болды. Оны айтып та өткенбіз (қ.: Бейсенов, 2011).

Ғылым Академиясының атағы зор Институтының штаттағы қызметкері деген ол жылдары керемет жағдай болатын. Институттың жалпы жиналыстарына бара бастадық. Бұрындары тіпті танып білмейтін тарихшы, этнографтар «е, өткендегі штатқа қабылданған Бекеннің баласымысың» деп амандасқанда әжептәуір

мардымсып қалатынбыз. Директор Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың хатшысы Тамара Васильевна Гатилова ширақ, сондай іскер маман еді, әрі адамдарға ықыласпен қарайтын. «Мәшеңкені он саусақпен басады» дейтіндердің бірі. «Ты же у Бекена, да» деп сөйлегенде ішіміз жылып қалатын. «Ну, где ваш Бекен, все ваши пришли» дейді. Бекен аға бір жиналысқа барса, одан кейінгі үшеуіне бармайды. Бірде маған «Екі сағат сені тостық, сен осы жиналысқа құмарсың, ал, бірдеме шешіп келдің бе» деді. Бекер сөз. Кеңес заманы археологтары арасынан жиналысқа құмарын көргемін жоқ. Біздің сектордағы жиналыстар жарты сағатта аяқталатын, бәрі біліп, дайын болып келе ме, мәселелер тез тез қайырылатын. Сосын Кемекең кабинетінде 3-4 сағатқа созылатын басқа жиналыс басталады. Әлде негізгі шаруа осы екінші жиналыста шешіліп отыра ма? Дегенмен, Институттың жалпы жиналыстары қызықты өтетін. Біле қоймайтын үлкен, ірі ғалымдардың сөйлегеніне таң боламыз. Манаш Қабашұлы жиналысты қатты тәртіппен, сымдай тартып отырып жүргізетін. Ол кісінің кезектегі жиналысының өзі кішігірім конференция еді.

Осы «Дорожник» ықшамауданындағы қорғандар тобынан қалаға қарай, яғни оңтүстік-шығысқа қарай бола ма, шамамен 300-400 м-дей жерде ескерткіштердің тағы бір тобы болды. Барлығы нешеу екенін біле қоймаймын. 1990 жылы ма, әлде 1991 жылдың көктемі-жазы ма, әйтеуір мен Павлодар облысында жүргенде осындағы бір орыннан Бекең ертесек кезеңіне қарасты көмбе тапқан болатын, арасында қола жебелер, ауыздық бар (Нұрмұханбетов, 2011). 1991 жылы осы топта шамамен жаздың аяғы мен күздің бас кезінде бір шағын қазба болды. Институтқа бір топ американдықтар келіп, М.Қ. Қозыбаевтың тікелей ұсынысымен олар Бекеңге келіп, қазбаға қатысуы керек екен. Дж. Дэвис-Кимбол және оның жұбайы, сосын Дж. Веддер мен түбі малайзиялық доктор Майкл Джасудосон деген адамдар бар шағын топқа Шаболдинкадағы үйдің артынан, шарбақпен екі арада, үш киіз үй тігіп, ішін жақсылап жабдықтадық. Басында Бекең осы топпен бірігіп бір қорғанды толық қазбақ болған екен. Топтың шамалы ғана уақытқа келгенін білгеннен соң, ойы өзгерді. Аталмыш жерде де құрылыс жұмыстары жүріп жатқан. Бір-екі қорғанның үйінділері техникамен алынып кеткен. Осындай бір қорғанның шұңқыры ашылды. Басында бөлім түгел келмек еді, санаулы күннің шаруасы екенін білген соң, Л.Б. Ерзакович лаборант Б. Мұқанованы ғана жіберді, басқасы Есікте бұрындары жұмыс жасап жүргендер, яғни, өзіміз болдық.



3-сурет. Шұбараттағы жұмыстар кезі. А.С. Загородний және Б. Нұрмұханбетов

Бұнда Бекең қазған шұңқыр бір жартылай салынған тұрғын үйдің тура іргесінде еді. Үйінді жоқ, техникамен алынып кеткен. Қатты тоналған шұңқырдың ұзындығы 3 м де, ені 2 м шамасында. Бұл да ағашпен жабылған болуы керек, шіріген тақтай қалдықтары болды. Шұңқыр тереңдігі 1,3-1,4 м шамасында. Адам сүйектері аз, қатты сынған, ұсақталған. Дәл ортада, еденнен 10-20 см биіктікте басүйектің бірнеше бөлігі болды. Ұсақталған қыш сынықтарынан басқа, бірнеше жерден шіріген ұсақ темір қалдықтары табылды. Америка елінен Институтқа алғаш келген адамдар еді. Бізден де, олардан да ешкім ортақ тіл білмейді. Дегенмен, шама келгенше сұхбаттасып жүруге тырыстық. Арамызда Бекеңнің әскерден жуырда келген ұлы Нұрбол бар. Ресми пікірлескен жерлерде археолог Ерболат Смағұловтың жұбайы Зәуреш аударып отырды. Екеуі Шаболдинкаға бірге келетін. Бір-екі рет оларға еріп Сержан Мұсатайұлы Ақынжанов та келді. Аз сөзді, өте зиялы, үлкен ғалым Сержан Мұсатайұлы Бекеңді «Бекежан» деп атайтын да, Бекең оған «Серж» дейтін. «Бекеша» деген де ат бар, оны Кемекең қолданатын.

Бекең Ю.И. Трифонов, А.С. Загородниймен бірге Молалы мен Шұбаратты екі жыл қазды (3-сур.). Бүгінгі жас мамандар ол жұмыстың қалай атқарылғанын біле қоймас. Ауылшаруашылық кешенін салу жұмыстары басталып кеткен кезде қолға алынған бұл қазбалар өте шапшаң, асығыс жасалған. Құрылыс жұмыстарын тоқтату мүмкін болмаған. Қаражаты дұрыс түсіп отырмаған да, бірсыпыра жұмыстар қолда бар қаражатпен ілдебайлап атқарылған. Әсіресе, бір жылы қаражат болмай, қазбаны тиімді уақыт мүлдем өтіп кеткен соң барып, қардың астында жүргізгенін Бекең айтып отыратын. Ретсіз жүрген асығыс қазбалардың сызба, сипаттама деген сияқты құжаттары да дұрыс реттеліп отырмаған болуы керек. Оның үстіне «терезесі тең» бірнеше ғалымдар бірлесіп жасаған жұмыс оның жүйелеуі мен қорытындыларын шығаруда да сан-саққа кетіп қалып жатады. Әркімнің өз ойы болып, бірігіп жасайтын қорытынды, талдау мен жазу біртіндеп кейінге қала да береді бұндай жағдайда. Оның үстіне, осы Есікте соңғы экспедициясында болған Ю.И. Трифоновтың мезгілсіз қазасы да бұл жұмыстарға әсерін тигізбей қоймаған.

Ленинград университетінің түлегі, көп жылдар Тывада зерттеулер жасаған, топ жетекшісі, білікті археолог Юрий Иванович негізінен түркі дәуірі маманы болды (Длужневская, Савинов, 2000). Ол Шығыс Қазақстандағы Шүлбі өлкесіндегі тамаша зерттеулерімен де танымал. 1989 жылдың күзінде аяқ астынан Бекеңнен сұранып, Есіктен шешесі тұрып жатқан Ресейдегі облыс орталығына (қателеспесем, Горький, қазіргі Нижний Новгород) барып, 2-3 күннен кейін сонда қайтыс болғанда, Бекен аға үлкен азаматтық жасаған еді. Марқұмның жесірі Тамара Викторовнаны ертіп, 200-300 рубль ма екен, әйтеуір көлемді қаражат дайындатып, ортан белінен қайыспен буылатын өте үлкен бір шамаданға шұжық, шай, тәттілер, оған қоса пәлен келі апорт салып, Бекең әріптес досын жерлеуге өзі барды. Володя Буланов есімді шофер жүргізетін ПАЗ автокөлігі Бекеңнің қарамағында еді. Сол көлікке мінген Бекен аға мен Тамара екеуін әуежайдың ішіне, тіркеу қақпасына дейін шығарып салдық. Бұл үлкен азаматтық еді. Келгеннен соң 2-3 күн өте жоғарыда аталған Т.В. Гатилова бар бір топ адам Институттан келіп күйеуін жерлеп, дәстүрлі рәсімдерін өткізіп келген Тамараға, Бекеңге амандасты. Шағын ғана дастархан басында «спасибо тебе Бекен, ты настоящий мужчина и настоящий казах» дегендерін естідік. «Жаман бергенін айтады, жақсы көргенін айтады». Ол кездің қазағында өзінің біреуге бірдеме тәуір іс жасағанын, бергенін дүние жүзіне таратып, сарнап отыратын мінез жоқ. Бекеңде атымен жоқ. Бұны қазір көп адам біле де қоймас...

Молалы мен Шұбаратты «реттейміз» деген ой 1988 жылдың қысында-ақ айтылғанымен, сол шаруа қолға алынбады. ЗАС, Трифонов үшеуі шай ішкенде бірнеше рет «Ферғана», «Заднепровский», «бояумен әрленген (роспись) қыш» туралы айтылып жатқанын естіген болатынбыз. Бекең өз әңгімелерінде осы қорымдардың жерлеу ғұрпы кәдімгі сақ, Есік қорғанының заманына сай келеді деп санайтын да, олардағы бояумен әрленген ыдыстарды (4-сур.) Ферғана аймағымен екі арадағы байланыстар арқылы түсіндіретін.

Бояумен тұтас жабылған ыдыс та, түсті бояулармен түрлі сызықтар, орнаменттер салып әрлеген ыдыстар да Жетісу, Алтай сақтары қысында кездеседі. Қырғызстан сақтарында да бар бұл үрдістің негізгі тараған жері Ферғана алқабы екен (Заднепровский, 1962; Ташбаева, 2011). Демек, сол кезде де аға әріптестеріміз бұны тамаша біліп, екі арадағы мәдени байланыстар мәселесін ойға алып отырған.

Есік қорымымен мәдени жағынан да, хронологиялық ауқымымен де түйісетін Молалы мен Шұбараттың негізгі датасы - ж.с.д. V-III ғ. Осылай бола тұра, бұнда ертерек уақыттың, атап айтқанда ж.с.д. VI ғ. нысандары бар екендігі туралы пікірлердің (Трифонов, 1989; Нурмуханбетов, Трифонов, 1989) сол кезде-ақ



4-сурет. Молалыдағы №6 қорғаннан (1) және Шұбараттан (2) табылған қыш ыдыстар

5-сурет. Шұбарат сырғалары. Мына басылым бойынша (Самашев, Григорьев, Джумабекова, 2005)

айтылуы өте маңызды. Ол кезде бұл ертерек қорғандар туралы нақты деректер алынбаған екен, бірақ, қорымдардың қалыптаса бастауы ж.с.д. VI ғ. орын алған, ол қорғандар осында бар деген пікір нақты аталып өткен. Бұл мәселе қазір ойда болуы керек.

3. Самашев, Ф. Григорьев, Г. Жұмабековалар 2005 ж. шығарған еңбекте Шұбараттан табылған екі алтын сырға берілген (Самашев, Григорьев, Джумабекова, 2005, с. 91) (5-сур.). Екеуі екі типтес сырға. Оң жақтағысы (5-сур.: 2) астыңғы кіші шеңберін сымды астыға қарай созып, жай ғана ілмектеп, иіп қоя салатын тип, яғни, «8 пішіндес» деп жүрген сырғалардың бұл классикалық түрі. Кіші шеңбердің жоғары тұсына тас кигізілген. Көбіне оған түрлі салпыншақтар да тағылады. Сол жақтағысы сырғаның (5-сур.: 1) астыңғы кіші шеңберін үстіндегіге дәнекерлеп жабыстыратын түр, бұл басқа технологиялық тәсілмен жасалады. Екі бұйым бір қорғаннан шықты ма, екі жерден шықты ма, ақпарат сақталмаған тәрізді. Екі түрлі технологиялық тәсілді айғақтап тұрған бұл сырғалар екі кезеңдікі, яғни арасында аз ба, көп бе, әлдебір хронологиялық алшақтық бар. Ертерек дәуірінен кейінгі тұрған кезеңге тән бұндай бұйымдар өзі көп тараған Батыс Сібір, далалық Алтай маңында неғұрлым жақсы сипатталып, талдауға түскен.

Дәнекерлеп жабыстыратын кіші шеңбер «классикалық» жағдайда үстінгі үлкен шеңбер жазықтығына перпендикуляр орнатылады. Бұл тип сақ дәуірі екінші кезеңінің бірінші сатысында яғни ж.с.д. VI ғ. соңы мен V ғ. кеңінен қолданысқа енеді. Жасау технологиясы тұрғысынан анағұрлым қарапайымдатылған екінші түрі (2-ші сырға) айналымға сәл кейінірек кіреді (толығырақ қ., (Бейсенов, 2014). Осы сырға түрлеріне деген «классикалық» көзқараспен келетін болсақ, Шұбараттан табылған сол жақтағы сырға ж.с.д. VI-V ғ. тән болады да, осы екі қорымның ең ерте сатысынан хабар береді. Бірақ, мұнда астыңғы кіші шеңбер үстіңгімен перпендикуляр емес, бір жазықтықта тұр. Бәлкім, Жетісу үшін мұның бір хронологиялық сыры бар да шығар. Перпендикуляр тәртіппен дәнекерлеп орнатылған кіші шеңбері бар сырғалар Нижнекаменский, Қараша-I, ғана емес, одан да кеш деп саналып келген Қызылауыз-I, Үңгірқора-I қорымдарынан табылған. Жетісу жеріндегі көптеген нысандардың тым кеш даталармен беріліп кеткендігін, оларды ертерек сатымен қайта мерзімдеу қажеттілігін сібірлік ғалым П.И.Шульга әжептәуір уақыт бұрын нақтылап атап кеткен еді (бұл мәселелер жайлы қ.: (Бейсенов, 2014, с. 125-126). Сөз арасында ғана кейбіреуін айта кетсек, А.Г. Максимова мен В.А. Грошев қазбалары барысында Есік қорымынан, Б. Нұрмуханбетов қазбалары кезінде Панфилов кеңшары жанынан, К. Ақышев зерттеулері нәтижесінде Сарыбұлақ, Көктұма қорымдарынан табылған бұйымдар осыған кіреді (қ.: Акишев, 1983, с. 132-141). Жетісу аймағында көп жылдар бойы жинақталған материал қазір тездетіп жаңадан талданып жүйеленсе, жақсы қорытынды берер еді.

Ж.с.д. V ғ. таман бой көтерген мәдени үрдісті айтар болсақ, оның гүлденіп барып төмендеген аралығын V-III ғ. шеңбері екенін қабылдайтын болсақ (мәселен, Есік некрополине қатысты), онда бұл мәдени

үрдістің басы ж.с.д. VI ғ. барады. Атап айтсақ, ж.с.д. VI ғ. екінші жартысы бұл Еуразиялық сақ-скиф археологиясында толық мойындалған екінші хронологиялық кезеңнің басы болып саналады.

Есік некрополи мен оның айналасындағы кешендерді болашақта зерттеу ісінде осы айтылғандардың тікелей маңызы болмақ. Бұндай аса ірі және тұтас үлкен аймақтың мәдени келбетін бере алатын маңызды археологиялық кешендердің өз хронологиясын нақтылау өте өзекті, әрі кешеуілдетуге болмайтын іс. Бұл жерде заманауи ғылым тәсілдері қолданудың, мәселен, көміртегілік даталар бағанын түзудің бірінші санаттағы маңызы бар. Есік кешендерінің тұтас аймаққа қатысты проблемаларды шешуге ықпал бере алатын қасиетін ескерер болсақ, онда бұл сөзімізде жаңсақтық жоқ.

Есік некрополи маңындағы Рахат, т.б. кешендерді Бекең 2000-шы жылдардың басында ашты деген пікірлер айтылады. Негізі, бұлардың бәрін Бекең бұрындары білетін. Осыны ескеру керек. Кейіннен ресми түрде, баспа беттерінде толықтырып айтуы мүмкін.

Есік қорымындағы нысандардың негізгі тобының хронологиясы ж.с.д. V-III ғ. деп қабылданады, хронологиялық тұрғыдан бұған жақын тұрған ескерткіштер де маңайда өте көп. Істің турасы, тым алысты қоя тұрғанның өзінде, осы Еңбекшіқазақ, Шелек, Талғар, Іле өлкелеріндегі аталып өткен тарихи кезеңнің ескерткіштері мәдени тұрғыдан Есік некрополине бірігуі керек. Аталған Молалы мен Шұбарат та осында. Бүгінгі деректердің деңгейі тұрғысынан қарайтын болсақ осыны байқай аламыз.

Есік қорымын ілгеріде, көп уақыт бойы мамандар көлемі бойынша шағын немесе орта деңгейдегі топ ретінде қабылдап жүрді. Одан келе, қорымның әлдеқайда үлкен екендігі жайлы пікірлер шықты. 2011 жылғы Г.Р. Мұхтаровамен бірігіп дайындаған мақаласында Бекең өзеннің екі жағалауын алып жатқан Есік қорымының аумағы зор екенін айтып, ол туралы осы заманға сай нақты мәліметтерді хабарлады.

Есік қорымы, Бекең деректері бойынша, алып ескерткіш. Қорым алып жатқан жердің ұзындығы 10 км, ені 1,5-3 км, мұнда хронологиялық ауқымы ж.с.д. X-IX ғ. бастап, ж.с. XI ғ.-на дейінгі уақыт аралығын қамтитын 300-ден аса көне қорған болған (Нұрмұханбетов, Мухтарова, 2011). 2013 жылы музей ашылды, ресмиленбесе де, бұл қазір Бекең ашқан, соның атындағы музей іспетті. 2013 жылы музейдің қорғау аймағы бекітілді, оның ауданы 422, 7 га. Қорғау аймағына музей маңына орналасқан 80 қорған кірді. Сондай-ақ, бұған 5, 2 га жерді алып жатқан Рахат кешені мен 19, 5 га жерді алатын Өрікті кешені кірді (Мухтарова, 2016). Сонымен бірге, жалпы Есік некрополине қарасты жер ауданында барлығы 150-ден астам қорған бар екенін білеміз. Музей ұжымы жұмыс үстінде, мекеменің ішкі-сыртқы қайраткерлігінен тыс, археологиялық ізденістер де көптеп атқарылуда (Тулегенов, Чекин, 2018; 2019; Чекин, Тулегенов, Иванов, Бесетаев, 2018; Тулегенов, Чекин, Құрбанәлі, 2020; Джасыбаев, Тулегенов, Чекин, 2020).

Көлемдірек болуға айналған мақаланың басты мақсаты археолог Б. Нұрмұханбетов жайлы естелік, оның ұмытыла бастаған немесе көпшілік толық біле қоймайтын кейбір зерттеулері, Есік өңірі жайлы, ондағы ескерткіштер туралы сөз қозғау еді. Бұның соңында, қаншалықты тым күрделі, тым көлемді тақырыптар болса да, тағы бір-екі мәселеге қысқаша назар аудару керек болды.

Б. Нұрмұханбетов өзінің 2011 жылы шыққан тағы бір еңбегінде (Нұрмұханбетов, 2011, 116 б.) мынадай ой айтады:

«Өзінің теңдесі жоқ табылымдарымен дүние жүзіне аты шыққан, 1969-1970 жылдары К.А. Ақышевтың жетекшілігімен зерттелген Есік обасы жалпылай алғанда сақ қоғамының гүлденуін және жекелей алғанда көшпелілердің көркем мәдениетін сипаттайтын келесі хронологиялық кезеңді белгілейді» (астын сызған мен, А.Б).

Бірнеше жолмен ғана айтылған Бекен ағаның ойында үлкен мән жатыр. Есік обасы Жетісу сақтары мәдениетінің гүлденген уақытына жатады. Сонымен қатар, бұл обаның салынған уақыты келесі хронологиялық кезең. Осыған қоса, - осы гүлденген келесі кезеңді Есік қорғаны белгілеп тұр. Осы қысқаша сипаттамадан академиялық ғылым тұрғысындағы тұтас археологиялық келбеті жақын болашақта нақтылануы тиіс Есік некрополинің орыны мен маңызын көреміз.

«Алтын адамға» қатысты қазір жиі айтылатын хронологиялық ауқым бұл ж.с.д. V-III ғ. Сонымен бірге, Есік некрополинің Есік «Алтын адамымен» байланыстыратын негізгі ескерткіштерін айтқанда, бұл топтың археологиялық мерзімі – ж.с.д. VI-III ғ. болады. Сақ-скиф мәдениеттері хронологиясындағы Екінші кезең осы уақыт.

Археолог Б. Нұрмұханбетов ертесак кезеңінен кейін келетін осы Екінші кезеңді айтып отыр. Жетісу сақтары мәдениетінің нағыз гүлденген кезеңі осы екенін анық. Қазіргі танымал археологиялық деректер осыны айғақтайды. Жетісу тауларының кішірейтілген көшірмесі тәрізді жасыл төбешік болып анадайдан көрінетін жүздеген-мыңдаған қорғандар, олардың үлкенді-кішілі тізбектері ғана емес, бүгін жақсы танылып отырған ондаған қоныстар, көп мөлшердегі петроглифтер, ғылымда белгілі болып отырған «сақ қазандары» мен басқадай «көмбелер» осы Екінші кезеңге жатады.

Бұл екінші кезеңнің аты – Жетісу сақтары мәдениетінің Есік кезеңі. Бұл кезең академиялық ғылымда әзірше аты қойылмай отырған археологиялық мәдениеттің өмір сүрген уақыты. Кезеңнің мәдени мазмұны - Жетісу сақтарына қарасты Есік археологиялық мәдениеті. Б. Нұрмұханбетов сақ мәдениеті гүлденген екінші кезеңді Есік обасы белгілейді деген екен, осыған толық қосыламыз.

Жетісу сақтары мәдениеті екі үлкен кезеңнен тұрады. Біріншісінің де аты қойылмаған, бірақ ол кезеңнің төрінде Бесшатыр, Быжы, Жалаулы, Жуантөбе сынды ескерткіштер тұратыны белгілі. Нысандар саны аз, ж.с.д. VIII-VI ғ. бірінші жартысын алатын ертесак кезеңі жақсы зерттелмеген. Бәлкім, күндердің күнінде ол Жетісу сақтары мәдениетінің Бесшатыр кезеңі болып аталар. Ескерткіштер толыса келе, мәдениеттің де аты қойылар. Дегенмен, тағы да К.Ақышев пен Б.Нұрмұханбетов зерттеген Бесшатыр аты тыс қалмас.

Әрине, осы күндері Бесшатырды тұтастай ж.с.д. V ғ. мерзімдеу мүмкін емес екенін көпшілік жақсы біледі. Қатты тоналған үлкен қорғандардан нақты дата беретін бұйым табылмаған. Ж.с.д. V ғ. мерзімделіп келген, диаметры 8, 5 м, биіктігі 1, 08 м 25-ші қорған сияқты қатардағы нысандардың өзі қазір басқаша қаралады. Бұндағы жебелер арасында ж.с.д. VII-VI ғ. кезінде қолданыста болған шыбықты жебе бұдан кейіндеу уақытқа сай үшқанатты ұңғылы жебелер ғана емес, төртқырлы ұңғылы типтермен бірге шыққан (Акишев, Кушаев, 1963, с. 73, рис. 65). Соңғы аталған тип ж.с.д. VII ғ. тарайтынын жаңа зерттеулер көрсетті. Атап айтқанда, бұл тип Орталық Қазақстандағы ж.с.д. VII-VI ғ. қарасты Талды-2 қорымынан шықты (Бейсенов, 2014, с. 164, рис. 13), басқадай орындардан да белгілі. Бесшатырдағы 25-ші қорған мерзімін ж.с.д. VII ғ. соңы-VI ғ. шеңберінде қарастыру керек.

Алтыншы Бесшатыр қорғаны - Қазақстан жеріндегі сақ мәдениеттері арасында ең ерте уақытты көрсететін ескерткіштердің бірі. Көміртегілік сараптамалар бұл нысанның калибрленген ұзын жасын BC 820-540 аралығында шығарды, бұл ж.с.д. IX ғ. соңы мен VI ғ. ортасын алып жатыр. Оның ішінде үңіле түсетін жақтары бар. Айталық, дәлдігі 68,3% 1-ші сигмадағы калибрленген үш болжамды мерзімдік мағынаның неғұрлым нақты дәлдікке сілтей алатын ең үлкені (53.0%) BC 810-760, яғни ж.с.д. IX ғ. соңы мен VIII ғ. бірінші ширегін алып жатыр. Ал дәлдігі 95,4% 2-сигмадағы осындай ең үлкен (56.4%) мағына BC 820-750, яғни тағы да IX ғ. соңы мен VIII ғ. бірінші жартысын көрсетті. Сонымен қатар, зерттеушілердің Алтыншы Бесшатырдың жерүсті ғимаратына қолданылған ағаш бөренелерінің біріне бірі бекітілетін тесіктерінің өзі I Аржан үрдісімен жасалғанын атап айтуының үлкен маңызы бар (Евразия в скифскую..., с. 182, рис. 3.121).

Алтыншы Бесшатырдың жерлеу бөлмесіне кіре берісінен жаңағыдай төрт қырлы ұңғылы жебе табылғаны бар (Акишев, 1962, с. 63). Бұл жебе құрылыстың тым архаикалық сипатына сәйкеспейді, оны тонаушылар тастап кеткен болуы әбден мүмкін. Бұндай ескерткіштер бірнеше рет тоналатыны жақсы белгілі.

Егер көміртегілік даталар мен құрылымдық ерекшелігінен айтатын болсақ, онда Алтыншы Бесшатыр – хронологиялық тұрғыдан ж.с.д. IX ғ. соңы мен VIII ғ. бірінші жартысын алып жатқан ескерткіш. Оның өте архаикалық сипаты толық ескерілмей отыр. Оның ғимаратының дәлізінің өзін ертесак кезеңінің кең тараған қабір дромостарымен салыстыруға болмайды. Алтыншы Бесшатыр уақыты жағынан I Аржанға сәйкесетін нысан болуы мүмкін. Оны осыбір ерте уақытқа жатқызып отырған пікіріміз болашақта, әрине, нақтылануы тиіс.

Бесшатыр, Быжы, Жалаулы сынды ескерткіштер бір кезеңде дегенімізбен, сонымен қатар, олар бір біріне қатты жақын емес. Жетісу сақтары мәдениетінің ерте, яғни бірінші кезеңі өз кезегінде екі сатыдан тұрады. Бірінші сатыны Алтыншы Бесшатыр сынды ескерткіштер алып жатса, Быжы мен Жалаулы осыдан кейінгі, яғни ерте кезеңнің екінші сатысына сәйкеседі. Атап айтқанда, осы санаттағы ескерткіштер ж.с.д. VIII ғ. екінші жартысы мен VI ғ. бірінші жартысын қамтитын уақыт аралығында. Бұның ішіндегі ең ерте-

лері Быжы типтес ескерткіштер. Шығыс Қазақстандағы Шілікті мен Елеке сазы осы ерте топқа сәйкеседі, Арал мен Арқада оларға синхрон нысандар бар. Ал Жалаулы, Жуантөбе (А.Г. Максимова зерттеген), Бәйгетөбе, Үйғарақтағы нысандардың көбі, Арқадағы Талды-2 мен Қарашоқылар кейінгі топта болмақ. Бұл өзі айтылып, жазылып жүрген пікірлер.

Баданка, Шанчиг типтес ескерткіштер кішігірім «нөкерлер» тобын құрағанымен, Тывадағы I Аржан өз келбетінде оқшау тұр. А.Д. Грач қайраткерлігі арқасында алдыбел мәдениетіне (Грач, 1980) қанша енгізілді дегенімізбен, оны жеке тип түрінде бөлек алып шығу мәселесі болған да, қазір де жиілеп айтылып тұр (Савинов, 2020, с. 28; Чугунов, 2020, с. 137).

Сондықтан, Бесшатырдың үлкен обаларының оқшау тұрғаны соншалықты таңғалатын іс емес. Болашақта Бесшатыр мен Аржан жолдан қосылатын қоңсыларымен бірігіп жеке хронологиялық топ түзуі әбден мүмкін. Бұл типтес ескерткіштерді дәстүрлі келбеттегі қорғандар арасынан іздеу қаншалықты нәтиже беретінін кім білсін. Бір есептен, қола өркениеті қатты дамыған Шығыс Қазақстан мен Арқа жеріндегі «Аржандар» мен «Бесшатырларды» келбеті «саққа» келетін үлкен, «алтынға бай» ескерткіштер арасынан емес, біз қарамай жүрген ұсқынсыздау, қола типтес нысандар арасынан тауып қалуымыз ғажап емес. Бұл топтың қиырдағы өкілінен батыс өлкелерден (Қазақстан) келген үрдіспен қатар, Батыс Чжоу бояуын көретіндер, сонымен қатар, Бесшатыр мен болашақ «Бесшатырлардан» дәл сол қазақстандық Беғазы (жеке мәдениет емес, жалпықазақстандық мәдени қабат айтылып тұр) бояуын да көре біліп, соны күтуі керек.

Жетісу сақтары мәдениетінің аталып өткен екінші кезеңі, яғни Есік кезеңі жақсы зерттелген көптеген ескерткіштерімен белгілі. Жетісу сақтары тақырыбы бойынша қазіргі күні оқырманға жақсы танымал нысандардың барлығы дерлік осы Есік кезеңіне жатады. Есік кезеңі жерлеу ескерткіштерінің орасан зор шоғырларымен, жүздеген қоныстарымен жақсы танымал. Ғылымда жақсы белгілі, көптеп табылған атақты сақ қола қазандары (Джумабекова, Базарбаева, 2013) Есік кезеңіне жатады. Көпшілікке жақсы таныс Жетісу сақ петроглифтерінің (Марьяшев, Горячев, 2002; Байпаков и др., 2005; Самашев, 2012; 2013; Бейсенов, Марьяшев, 2014) барлығы дерлік Есік кезеңі тұрғындарының өнері. Есік кезеңінің, әсіресе, екінші сатысына таман Жетісу сақтарында кешенді шаруашылық мейлінше гүлденіп, суармалы егіншілік кеңінен дамыды. Дәнді дақылдардан күрішке дейін егілді. Хронологиялық тұрғыдан «Алтын адамға» қарасты осы сатыны «гүлденген» деп Б.Нұрмұханбетов атап отыр. Есік кезеңінің алдыңғы сатысын нақты сөздермен сипаттауға біршама ізденістер, материалдар керек, бірақ ол сатының уақыт межесі мүлдем қараңғы емес. Дерек те таза жоқ емес.

Археологиялық даталары аталатын немесе мерзімі көмескілеу ескерткіштерді жаратылыстану ғылымдары тәсілімен анықтау қазіргі таңда өте өзекті. Көптеген жерлеу нысандары қатты тоналған болып шығады, немесе қыш ыдыс, жеңіл-желпі тұрмыстық бұйымдардан басқа, нақты дата беретін зат шыға қоймайды. Ондайда зерттелген ескерткіштің хронологиялық орнын анықтауда жаратылыстану ғылымдары тәсілдерінің көмектесетіні сөзсіз. Сонымен бірге, бұны өзекті қылатын тағы бір нәрсе, ол осының нәтижесінде қолға алынатын хронологиялық баған түзу мүмкіндігі.

Жекелеген зерттеушілердің қолында бірен-сарандап жүрген немесе басылым беттерінде кеңінен таратылмаған ондай даталарды жинақтап, жүйелеу ісі енді ғана қалыптасып келеді. Қазақстан тарапынан З.Самашев басқарған қазақ-герман тобының Жетісу жеріндегі ізденістері нәтижелі болғаны белгілі. Соның барысында ізденістер жүргізген А. Гасс көміртегілік даталардың алғашқы тобын жариялады (Гасс, 2015). Зерттеушінің кестесіне жаңа деректері, сондай-ақ, оның алдында жасалған, бірақ оқырманға кең танымал болмай отырған К. Чанг (Chang et al., 2003), А.А. Горячев алған 14 дата еніп, барлығы 24 бірлікті құрады. А. Гасс жинақтаған даталар түгелімен Есік кезеңін қамтыды. Осының негізінде зерттеуші Жетісуда ертесак кезеңі жоқ, бұл уақытта аймақты адамдар қоныстана қоймаған дегенге саятын ойда болды. Көміртегілік сараптамаларға ғана сүйенді деген күннің өзінде, осының алдында баспаға шыққан Бесшатыр датасын ол қолданбаған. Одан соң, 36 датаны қамтитын бұдан да кеңірек кестені Ғ.А. Базарбаева жасап (2017), оған тағы да жаңа деректер енді. Саны жағынан орасан зор ескерткіштері белгілі, үлкен аумақты алып жатқан Жетісу үшін қолдағы 36 дата өте мардымсыз деген бұл зерттеушінің пікірімен толық келісеміз.

Жетісу сақтары мәдениеті (IX ғ. соңы/VIII-III ғ.) Есік кезеңінің (ж.с.д. VI-III ғ.) екі сатысының шегарасын шығаратын ізденістер әлі жасалмаған. Бұның ішінде Есік некрополінің ішкі хронологиясын түзуге бағытталған жұмыстар бірінші кезекте. Кезеңнің ерте ескерткіштері осы қорымның өз ішінен ашылуы тиіс. Жүріп жатқан нәтижелі ізденістерді ескерсек, бұл орындалатын іс.

Кейбір танымал деректерге сүйене отырып, алдыңғы сатыға Кеген қыратындағы 2-ші қорғанды жатқызуға болады (95,4 дәлдіктегі 2 сигма ВС 540-350 (89,5%): (Гасс, 2015, с. 86, табл. 3; Базарбаева, 2017, табл. 1, с.162). Кербұлақ ауданы Қаспан қорымындағы С14 нәтижесі белгілі «Гальштат қыратына» түсіп тұрған 1, 4-ші қорғандар не ертесак кезеңінің аяғына, не осы Есік кезеңінің ерте сатысына барады (Базарбаева, 2017, табл. 1, с. 162). Кезеңнің ерте сатысына Молалы-Шұбаратта бар екендігін Б. Нұрмұханбетов пен Ю.И.Трифонов нақты зерттелмей қалды, бірақ, бар деп атап айтып кеткен ж.с.д. VI ғ. нысандар жатады. Осы кезеңге тән ескерткіштер Бесшатыр қорымындағы шағын обалар қатарында бар. Түрген-2 қорымында ертерек сатыға сәйкесетін қорғандар бар (3-ші қорған). Есік кезеңінің ерте сатысына сәйкес қабаттар Тұзусай мен Цыганка-8 қоныстарында нақты бар.

Мерзімі дұрыс шығарылмай отырған ескерткіштер көп екенін ескерсек, әрине, бұл сатыға жататын нысандар да көбейеді. Кезеңнің келесі сатысына қарай ескерткіштер саны анағұрлым артады. Оны аталып өткен хронологиялық кестелерден де, басқадай археологиялық деректерден де анық байқаймыз. «Алтын адам» ашылған қорған Есік кезеңінің алдыңғы сатысы емес, бірақ соң келетін екінші сатысына қарасты. Тағы бір ойда болатын нәрсе, ол әлдебір екі кезеңнің, екі мәдениеттің арасындағы өтпелі уақытқа тән хронологиялық қиындықтар. Украина, Саян-Алтай мәдениеттерінде жақсырақ байқалатын бұл қиындықтар осындай өтпелі уақытқа сәйкес келетін археологиялық ескерткіштердің аз табылып, «жоғалып» отыратын қасиетінде жатыр. Айталық, жалпы мерзімі ж.с.д. VI ғ. екінші жартысын-III ғ. қамтитын кезеңді алсақ, VI ғ. ескерткіштері анағұрлым аз болып, немесе осы кезде түсініксіз үзіліс пайда болып, келесі сатыға қарай ескерткіштер күрт көбейеді. Әлдебір кезеңнің (мәдениеттің) ондай сатысында тек ескерткіштердің саны ғана күрт молайып қоймай, қоғам дамуының жаңа белеске шыққанын айғақтайтын өзгерістер де пайда болады. Жалпы, бұндай үлкенді-кішілі проблемалар айтылып отырған хронологиялық бағандар жасау кезінде анық байқалады. Сөз жоқ, кез келген мәдениеттегі кезеңдеу (периодизация) мәселелері, бұл археологиялық методиканың, оның сыртында теориялық-әдістемелік бағыттың дамуының жақсы көрсеткіші болады.

Есік кезеңінің мазмұнын Есік археологиялық мәдениеті құрайды, сол тұрғыдан аталып отырған сатыға бөлу проблемасы мәдениеттің ішкі бөлінуі де болып табылады. Оны айналып кете алмаймыз. Мәдени даму үдерісінің ескерткіштер мен заттық кешеннен көрінісін беретін қандай да бір уақыттық ерекшеліктері ажыратылу негізінде толық сипаттары шығатын осы сатылар кезеңдеуді жаңа қырға да шығара алады. Айталық, осының барысында Жетісу сақтары деп аталатын ұзын дәуірді ерте мен кейінгі деп қана емес, «ерте», «орта», «кейінгі» деп классикалық үштікке бөлу жүзеге асар (Қара теңіз скифтерінде: ертескиф, ортаскиф және кейінгискиф). Ол қажеттілікке байланысты. Болашақтың ісі.

Әрине, бүгінгі таңда археология ғылымында «кезең мен сатыға табынушылықты» сынау, көпмәдениеттер (мультикультурность) үрдісін мойындамайды деп кінәлау артып келеді. Бұндай заманауи пікірлерді Жетісу сақтары мәдениетіне дереу әкелу дұрысқа жатпайды. Кезеңдеу мен археологиялық мәдениеттің ішкі дамуын сатылау арқылы бажайлау проблемалары шешілмеген Жетісу сақ археологиясы материалды жүйелеудің классикалық үлгісін бәрібір бастан кешеді. Оны іске асырмай, бір өлкеде тараған көпмәдениеттілік желі проблемаларын әлден қуып кетуге де болады. Өйткені, ол беталды шықпаған, ғылыми негізі бар жайттар. Бірақ, ол жағдай үйінің қабырғасын көтеруді таза ойдан шығарып, сөйтіп отырып шатырын уайымдап байбалам салған пақырды көзге елестетер еді. Сосын, аталып отырған кезеңдеуге «қатып қалмау», бір өлкеде тараған түрлі мәдени үрдістерді анықтау мәселелері қай аймақтарда өзекті болып отыр? Бірінші орында, әрине, Тыва (Чугунов, 2020). Ертеден-ақ, ірі экспедициялар көптеп-көмектеп зерттеген, әбден жүйеленген жер. Екінші орында тағы да ондаған археологтар кеңінен-ақ зерттеген Таулы Алтай мен далалық Алтай. Тек қана бір пазырық мәдениетінің хатқа түскен ескерткіштері 700-ден асады (Шульга, Мыглан, Слюсаренко, 2016). Ж.с.д. VI-III ғ. қамтитын Есік археологиялық мәдениетінің үлкен хронологиясы жалпы алғанда Алтайдың пазырық мәдениетімен, оның жапсарындағы жоғарғы Обь өлкелерінде та-

раған камен, быстряна, ішінара староалей мәдениеттерімен, сондай-ақ, Тывадағы сағлы (үйік-сағлы) мәдениетімен жақсы сәйкеседі. Түрлі деңгейде хронологиялық белгілері сәйкесіп қана қоймай, Есік мәдениеті және аталып отырған мәдениеттер өзара біріне бірі тым жақын бірлестіктер болып табылады. Сондықтан, Жетісу ескерткіштерінің ішкі хронологиялық бөліністерін талдау ісі жақсы зерттеліп, жүйеленіп отырған аталмыш мәдени аумақтар практикасынан әлдебір үлгілер алса да болады. Бұл жеке тақырыптардың еншісі.

Кемал және Әлішер Ақышевтар арнайы тақырып қылып көтерген, өзара өте жақын мәдени бірлестіктер орналасқан өлкелерді қамтып жатқан, табиғи алғышарттары өте жақын біртұтас «тау белдеуі» жайлы пікір өте маңызды (Акишев К., Акишев А, 1997).

Бұл пікір бойынша, Жетісу мен Солтүстік Қырғызстаннан бастап, Тарбағатай, Алтай бойымен Саян жоталарын алып жатқан орасан зор аумақ, ол бір бірімен жалғасып жатқан таулы өлкелердің тұтас жүйесі, яғни «тау белдеуі» болып табылады. Бұл ең алдымен табиғи-экологиялық ерекшеліктері бірдей, сол себепті сақ-скиф дәуірінде шаруашылық үрдістері өте жақын болған, әрі этникалық жағынан да өзара жақын қауымдар мекендеген ерекше зона. Бұл зонада сақ-скиф заманында жартылай көшпелі шаруашылық үрдісі қанат жайған, бақташы қауымдар жылдың үлкен бөлігінде отырықшылық жағдайда өмір сүрген, яғни нақты бекітілген қыстық орындары болған. Бұнда егіншілік үрдісі болған. Осы «тау белдеуінде» бажайлай қарайтын болсақ, жаңа жоғарыда аталған археологиялық мәдениеттерді осыдан табамыз.

3. Самашев «тау белдеуі» жайлы пікірдің дұрыстығына келіспеу мүмкін емес деп атап өтті. Оның ойынша, екі ғалым атаған ерекшеліктерге, оның ішінде отырықшылық дәстүрлердің болғандығына толық келісу керек, тек егіншілік үрдістері Жетісуға тән болғанымен, Алтай өлкелері бойынша ондай деректер әлі жоқ (Самашев, 2011а). Ал негізінен, Алтайдың түрлі өлкелерінде егіншілік, көне өндірістер жайлы деректер бар, оларды қойғанда, мұны ғалымның өзі ашып отырған соңғы жаңалықтар мықты дәлелдеп отыр, сөз Ақбауыр қоныстық кешені жайлы (Самашев, 2020).

Г.С. Жұмбаева мен Ғ.С. Базарбаевалар да «тау белдеуі» жайлы пікірді қызу қолдады. Бұл мәдениеттердегі ұқсастықтар тек шаруашылық үрдістер, ғұрыптардан, заттық кешендерден ғана байқалып қоймайды, сонымен қатар, тағы бір категориядан - Жетісу мен Сібір өлкелерінде түрлі көмбелер мен қазандар табылуының жағдайларының өзара ұқсастығынан байқалады деп атап көрсетті (Джумабекова, Базарбаева, 2013). Бұл екі ғалым 3.Самашевтың пазырық мәдениеті тараған өлкелерде бірнеше басты саяси және мәдени орталықтар болғандығы жайлы пікірлерін де қостай келе, Жетісуда да осындай ірі орталықтар болған деп пайымдады.

Бұл ойды нақтылай кетсек, Жетісудың Есік мәдениеті дәуірлеген кезеңіндегі басты саяси-мәдени орталығы немесе ірі орталықтардың бірі осы Есік өлкесінде орналасқан деп санауымыз керек.

Бір жайтты атай кетпеске болмайды. «Тянь-Шань мәдениеті» деп ат қойылған бірлестікті аталып отырған Алтай-Саян өлкелерімен жақындататын пікірлер (Иванов, 2016) бар. Бұл жаңағы бірнеше қазақ ғалымы ертеден айтып, талдап отырған пікірдің жаңадан шыққан түрі. Оның әбестігі жоқ, қосымша пікірлер, олардың дәлелдік базасын ұлғайту дегендер болады. Тек бұл еңбектерде осыншама ғалым айтып келе жатқан, маңызды ғылыми парадигма есебінде қалыптасып үлгерген басты желінің аталмай отыруы, ол зерттеушілер еңбектеріне сілтемелер жасалмауы көзге түседі. Оның үстіне «Тян-Шань мәдениетіне» Жетісу сақтары мәдениетін қоса салу орынды емес. Оған келісуге болмайды. Ғылымда археологиялық мәдениетті талдаудың өз жолы бар. Тіпті, Қырғызстан сақ дәуірі ескерткіштерінің өзі әлі күнге дейін жүйеленбей отырғаны анық. Бір таудың екі беті екені рас (осы жолдардың авторы ескі қазақи дәстүр бойынша Жетісуға Солтүстік Қырғызстан өлкелерін де жатқызады, Жетісудың бір шеті Шыңжаңға да барады), жақын ескерткіштер екені рас, бірақ бұндай шаруа үлкен жүйелеуден кейін, ғылыми талдаулардан кейін барып орын алуы керек. Бұл ғылымдағы академиялық жосын. Бір мәдениетке қоса салмақ түгіл, өзіміз жөнді білмей отырған Шыңжаң бетіндегі ескерткіштерді талдап, уәж айтуға әлі мүмкін емес. Мәселе орасан зор аумақты алатын бір археологиялық мәдениет емес, түбінде бірнеше археологиялық мәдениеттен құралатын, өзара жақын үлкен қауымдастыққа тірелетін болса, онда жөні басқа еді. Оның өзі бірдемені жариялай салу формасымен жасала қоймас.



6-сурет. Гоголь көшесіндегі үй. Бекен аға және Есікті көруге келген алматылық оқушы Атабай Зияден

көмескілеу деректерді айтпағанда, жуырда бір нақты нышанды байқадық. Ол Кербұлақ ауданында зерттелуі басталған Балакүңгей-2 қонысы. Ауданы онша үлкен емес шурфтан алынған материалдар бойынша Канада зертханасында жасалған АМС көміртегілік сараптама ертесак кезеңін берді. Оған аздап табылған қыш бөлшектері де сәйкеседі (Дуйсенбай, Джуманазаров, Ахияров, 2020). Қоныс қазақ қыстауының дәл астында, тау беткейінде орналасқан. Беткейлік топография да, маржанды өрнек түсірілген қыш үлгісі де сонау Орталық Қазақстан қоныстарымен (Бейсенов, Дуйсенбай, Ахияров, 2020) үндесіп тұр. Бәлкім, ертесак кезеңі қоныстарының орналасу ерекшелігі Есік өлкесінде де бөлектеу болып, ол су бойларындағы алаңқайлар емес, тау беткейіне тән болуы ғажап емес.

Бекен ағаның тобы Шаболдинкадан кейін қалаға көшіп, бос тұрған аптека үйін мекендеді. Онда Идан ағамыз, Савекең (шофер Савелий), Ибрагим, «Аннушка» (шағын дәмхана), т.б. «кейіпкерлер» қосылды. Күндердің күнінде Бекен аға Гоголь көшесінен үй алып, оған енді жанұямызбен келе бастадық.

Осы жағдай қанатын кеңге жайған сәулетті де еңсели үлкен музейге жалғасты. Бекен ағаның арманы орындалды (Мухтарова, 2016). Бекен ағаның жолы, археологтар жолы өз жалғасын табуда.

Әдебиеттер:

- Акишев А. К. Искусство и мифология саков. Алма-Ата: Наука, 1984. 176 с.
- Акишев К.А. Шестой Бесшатырский курган // КСИА. 1962. 61. – С. 61-65.
- Акишев К.А. Курган Иссык. Искусство саков Казахстана. Москва: Искусство, 1978. 130 с.
- Акишев К.А. Қазақстанның көне алтыны. Древнее золото Казахстана. Ancient Gold of Kazakhstan. Алма-Ата: Өнер, 1983. 264 с.
- Акишев К., Акишев А. Саки Жетісу: социум и культура // Новости археологии. Туркестан, 1997. – С. 30–37.
- Базарбаева Г.С. Памятники сакского времени Жетісу // Казахстан в сакскую эпоху. Коллективная

монография. Отв. ред. А.З.Бейсенов. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2017. – С. 157-178.

Базарбаева Г.С., Джумабекова Г.С., Швец И.Н. Образ человека в художественной культуре населения раннего железного века казахских степей // Конастантин Федорович Смирнов и современные проблемы сарматской археологии. Материалы IX международной научной конференции «Проблемы сарматской археологии и истории», посвященной 100-летию со дня рождения Константина Федоровича Смирнова. 12-15 мая 2016 г., Оренбург. Отв. ред. Л.Т.Яблонский, Л.А.Краева. Оренбург: ОГПУ, 2016. – С. 32-40.

Байпаков К.М., Марьяшев А.Н., Потапов С.А., Горячев А.А. Петроглифы в горах Ешкиольмес. Алматы, 2005. 226 с.: ил.

Бейсенов А.З. Наш юбилей – археолог Бекен Нурмуханбетов // Вопросы археологии Казахстана. Сборник статей, посвященный 75-летию археолога Б. Нурмуханбетова. Издатель и отв. ред. А.З.Бейсенов. Алматы: НИЦИА Бегазы-Тасмола, 2011. Вып. 3. – С. 7-12.

Бейсенов А.З. Серьги сакской эпохи. // Вестник Томского государственного университета. 2014. №6 (32). – С. 121-128.

Бейсенов А.З. Элитные курганы раннесакского времени в могильнике Талды-2 в Центральном Казахстане // История оружия. Альманах. Запорожье, 2014а. № 10. – С. 152-169.

Бейсенов А.З., Дуйсенбай Д.Б., Ахияров И.К. Орталық Қазақстан сақ дәуірі қоныстары: пәнаралық зерттеулер // Материалы Международной научно-практической конференции «Естественно-научные методы в современных археологических исследованиях: теория и практика. 30 октября 2020 г., г. Алматы. Алматы: КазНУ им. Аль-Фараби, 2020. Б. 78-85.

Бейсенов А.З., Марьяшев А.Н. Петроглифы раннего железного века Жетысу. Алматы: Институт археологии, 2014. 156 с.+ 46 с. цв. илл.

Гасс А. Радиоуглеродная хронология памятников раннего железного века Юго-Восточного Жетысу // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии: сборник научных статей, посвященных памяти археолога К. А. Акишева. Издатель и отв. ред. А.З.Бейсенов. Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2015. – С. 84–89.

Грач А.Д. Древние кочевники в центре Азии. М.: Наука, 1980. 256 с.

Джасыбаев Е.А., Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г. Костяная пластина из Орнекского могильника: к вопросу об аналогиях изображениям голов хищных птиц //Маргулановские чтения 2020. Алматы: Институт археологии им. А.Х.Маргулана, 2020. – С. 340-348.

Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.А. Художественные бронзы Жетысу. Алматы: Институт археологии им. А.Х.Маргулана, 2013. 120 с.

Джумабекова Г.С., Базарбаева Г.С. О раннем железном веке Жетысу: некоторые итоги систематизации данных // Археология и давняя история Украины. 2018. Вып. 2 (27). – С. 469-484.

Дуйсенбай Д. Б., Джуманазаров Н.Ш., Ахияров И.К. Археологические исследования на поселении Балакунгей-2 // Маргулановские чтения-2020. Материалы международной научно-практической конференции «Великая Степь в свете археологических и междисциплинарных исследований». (г. Алматы, 17–18 сентября 2020 г.). Том 2. Алматы: Институт археологии им. А.Х.Маргулана, 2020. – С. 223-232.

Длужневская Г.В., Савинов Д.Г. Археолог Юрий Иванович Трифонов (1940-1989) // Памятники древнетюркской культуры в Саяно-Алтае и Центральной Азии. Новосибирск: ИАЭ СО РАН. 2000. – С. 203-210.

Заднепровский Ю.А. Древнеземледельческая культура Ферганы. МИА. 118. М.-Л.: Институт археологии, 1962. 328 б.

Ермоленко Л.Н. Отображение эпического мотива «кровожадности» в изобразительных памятниках (на примере антропоморфизированных изображений кошачьих хищников)// Миф, обряд и ритуальный предмет в древности. Екатеринбург-Сургут: Магеллан, 2007. – С. 43-56.

Иванов С.С. Этнокультурные взаимосвязи ранних кочевников Притяньшанья и Алтая в скифо-сакскую эпоху // Мир большого Алтая. 2016. 2. – С. 869-885.

Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья. Алматы, 2002. 264 с.

Мухтарова Г.Р. Мечты сбываются...//Саки и савроматы Казахских степей: контакт культур. Алматы: Институт археологии им. А.Х.Маргулана, 2016. – С. 19-26.

Нұрмұханбетов Б. Жетісу сақтары мәдениеті. Есік «Алтын адамы» // Мыңжылдықтар куәлары: Қазақстан археология ғылымы 20 жылда (1991-2011). Алматы: Ә.Х.Марғұлан ат. Археология институты, 2011. Б. 114-119.

Нурмуханбетов Б.Н. Археологический надзор на территории строительства микрорайона «Дорожник» в г. Иссык. Рукопись. Без даты. Архив Государственного заповедника-музея «Иссык». Дело 17.

Нурмуханбетов Б., Мухтарова Г.Р. Могильник Иссык – некрополь Иссык – Археологический комплекс Есик-Рахат – Республиканский государственный историко-культурный заповедник-музей «Иссык» // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов степной Евразии. Караганды, Алматы: Technology of Imaging, 2011. – С. 54–57.

Ртвеладзе Э.В. Бактрийский гопатшах (нефритовая пластинка с изображением бактрийского правителя и человека-быка) //Вестник древней истории. 1995. №1. – С. 67-74.

Самашев З.С. Берел. Қазақша, орысша, ағылшынша. Алматы: Таймас, 2011. 236 б.

Самашев З.С. Некоторые результаты исследований Берельских курганов // Материалы международного симпозиума «Terra Scythica» (17–23 августа 2011 г., Денисова пещера, Горный Алтай. Новосибирск: ИАЭ СО РАН, 2011а. – С. 218-238.

Самашев З. Наскальные изображения Жетысу. Баянжурек. Астана: ФИА в г. Астане, 2012. 240 с. (на каз., рус., англ. яз.).

Самашев З. Ежелгі өнер. Древнее искусство. The Ancient Art. Қазақ өнері. Казахское искусство. Kazakh Art. Том I. Алматы: «Елнұр», 2013. 240 б.

Самашев З. Производственный центр ранних саков в Казахском Алтае (поселенческий комплекс Акбауыр) // Археология Южной Сибири. 2020. Вып. 28. – С. 103-118.

Самашев З., Григорьев Ф., Джумабекова Г. Древности Алматы. Алматы: ТОО «Археология», 2005. 184 с.

Ташбаева К. Культура ранних кочевников Тянь-Шаня и Памиро-Алая (I тыс. до н.э.). Бишкек: Илим, 2011. 274 с.

Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г. Одно из погребений могильника Орнек // Маргулановские чтения-2018. Алматы-Актобе, 2018. – С. 355-357.

Тулегенов Т.Ж., Чекин А.Г. Полевые археологические исследования на аварийном кургане правобережной части могильника Иссык (предварительная публикация) //Ахинжановские чтения-2019. Алматы: Институт археологии им. А.Х.Маргулана, 2019. –С. 64-67.

Тулегенов Т. Ж., Чекин А. Г., Құрбанәлі Ж. Археологические раскопки городища Рахат в полевом сезоне 2019 г. //Археология Казахстана. 2020. №2 (8). – С. 65-77.

Чекин А.Г., Тулегенов Т., Иванов С., Бесетаев Б. «Третий клад» эпохи раннего железного века из г. Иссык. //Историко-культурное наследие Казахстана: проблемы изучения, интерпретации и сохранения. Материалы международной научно-методической конференции «Х Оразбаевские чтения». 11-12 мая 2018 г. Алматы. Алматы: КазНУ им. Аль Фараби, 2018. – С. 90-98.

Савинов Д. Г. Археология Тувы в трудах Александра Даниловича Грача (Интервью 20 декабря 2019 г.) //Археологические вести. 2020. 26. – С. 21-31.

Чугунов К.В. Тува в первом тысячелетии до н. э.: модель мультикультурности //Археологические вести. 2020. 26. – С. 136-143.

Шульга П.И., Мыглан В.С., Слюсаренко И. Ю. Хронология могильников позднего этапа пазырыкской культуры: дендрохронологическая шкала и археологический аспект // Алтай в кругу Евразийских древностей. Новосибирск: ИИАЭ, 2016. – С. 272-285.

Chang C., Benecke N., Grigoriev F.P., Rosen A.M., Tourtellotte P.A. Iron Age society and chronology in South-east Kazakhstan // Antiquity. 2003. № 77. – С. 298–312.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕ САҚ ДӘУІРІНІҢ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ*

Шығыс Қазақстан үшін ж.с.д. VIII-VII ғғ. соңғы қола дәуірінің дәстүрін сақтаған ескерткіштер сарқыншақтарымен қатар ерте көшпелілер белгілері білініп, қатар өмір сүрген, сондай-ақ ж.с.д. VIII-VII ғғ. ерте көшпелілер дәуірі болып есептеледі (Ермолаева, 2008, 84-92 бб.).

Шығыс Қазақстандағы қоладан ерте темір дәуіріне өтпелі Измайловка және Қоғалы 1 қорымдарын басқа мәдениет өкілдерінің әсері тиген жергілікті кейінгі қола дәуірі тайпалары тұрғындары қалдырған (Ермолаева, 1983, 64-94 бб.).

Ж.с.д. IX ғ. соңы мен ж.с.д. VI ғ. бірінші ширегіндегі майемер мәдениеті орнына бийке мәдениеті атауын енгізуді А.А. Тишкин Бийке атты қорымның жете зерттелуімен және майемер атауының ғылыми түсінікке сай еместігімен түсіндіреді. Барнауылдық ғалымдар бийке мәдениетіне Қазақ Алтайындағы Күрті 2 қорымын жатқызған. Сонымен Ресейлік ғалымдар Алтайдағы аржан-майемер уақытынан бийке мәдениетін бөліп шығарып, оны үш: күрту, семисарт және бойтыгем кезеңдеріне бөледі. Ал оның шығуы әлі де басы ашық мәселе.

Бийке мәдениетінің басты ерекшелігіне қорғандардың тізбектеле қотан түрінде келуі, тас жәшікті қабірлердің көне жер бетінде болуы, үйінді шетінде тұғыртастар мен тас қоршаудың жасалуы, жылқымен қоса адамды қырынан, басын батыс немесе солтүстік-батысқа қаратып қою тән болған (Тишкин, 2003, 164-166 бб.).

Майемер кезеңі Нарым өзенінің жоғарғы ағысындағы қорымның аты бойынша қойылған. Қорғандар етегін шеңберлей аласа тас үйінділер қоршаған. Қабір шұңқырлары тік бұрышты етіп қазылып, қабырғалары ағашпен шегенделе келе бөренелермен жабылды. Қорғандарды қазған кезде жиегі шығыңқы және ортасында ілгегі бар қола айналар, қола ауыздық, әшекейлік бұйымдарынан тоға, жануарлар бейнеленген қапсырмалар табылды. Майемер кезеңінің соңғы уақытында жылқысын иесімен қоса жерлеу пайда болады. Жалпы алғанда майемерліктер адамды қырынан, басын солтүстік-батысқа қаратып, терең емес шұңқырға жерлеген. Аса биік емес дөрекі жасалған қыш ыдыс жанына қойылатын болған (Марсадов, 1999, 104-108 бб.).

Қазіргі таңда қолданыстағы түсініктер мен өлшемдер тұрғысынан алғанда «Алтайдың ерте көшпелілер мәдениеті» (М.П. Грязнов бойынша), «майемер мәдениеті» (С.В. Киселев бойынша), «Таулы Алтайдың малшылар мәдениеті» (С.И. Руденко бойынша), осы келтірілген зерттеушілер концепциялары арасындағы дәстүрлі қарама-қайшылық айқын асыра айтылған. Бұл жағдайда пазырық қорғандарын, сондай-ақ майемер деп аталған «осы ескерткіштердің ежелгі тобын» «бір археологиялық мәдениетке» жатқызған С.С. Черниковтың ұстанымы көңілге қонымды. Зерттеушінің пайымдауынша бұл ж.с.д. VII-VI ғғ. және ж.с.д. V-III ғғ. жататын «әр түрлі мерзімдік кешендер» болған (Черников, 1975, 132-137 бб.). Осы «мәдени-мерзімдік кезеңдерді» жіктеп, бөлу қазіргі таңда да қолданыста. Яғни, С.С. Черников кейбір бұқтармалық ескерткіштерді оңтүстік шіліктілік топқа жатқызса (Черников, 1975, 132-137 бб.), ал Л.С. Марсадов «шіліктіліктер» және «майемерліктер» жерлеулерін, «шіліктіліктер» + «майемерліктердің» айтарлықтай күшті тайпасы» қалдырған деп бір топқа біріктірген (Марсадов, 1996, 64 б., табл. 3).

«Майемер мәдениетін» Таулы Алтай үшін археологиялық мәдениет ретінде В.А. Могильников жеке бөліп көрсеткен (Могильников, 1986, 35-67 бб.). Аталған еңбектің көңілге қонымды жақтары болғанымен, алайда мәліметтердің жеткіліксіздігінен ұсынылған кесте көбінде жалпылама болып табылады. П.И. Шульга 1999 жылы Алтайдың солтүстік батыс беткейлері және Шығыс Қазақстанмен шекаралас жатқан аймақтары үшін ерте сақ жерлеулерінің бес негізгі типін бөліп көрсеткен (Шульга, 1999, 245-250 бб.). Қазіргі таңда олардың саны әлдеқайда көп, себебі әр қорымның басқалармен салыстырғанда айтарлықтай өзіне тән арнайы айырмашылықтары бар (Омаров, 2014).

Зерттелінген қорымдардың шағын бөлігі топырақтан тұрады және қатарласып келе күрделі кешен құрап қоршау түрінде немесе белгілі бір жүйесіз орналасады. Жерлеулердің көбінің қабір үсті құрылыстары ірі қорған үйінділерін айналдыра келген тас қоршаулары бар топырақ үйінділі қорғандар. Кейбір қорымдарда жылқы қосып жерлеулер жоқ немесе сирек кездеседі, ал жылқы қосып жерлеулердің бірнеше түрі бар, соның ішінде тұтас жылқыны емес, оның бір бөлігін, яғни сирақтары мен терісін қою кездеседі (Самашев, Ермолаева, 2014, 155-160 бб.).

Майемер 2 қорымындағы № 3 қорған орталығындағы тас жәшіктен құлын, не тайдың үстіңгі жеті тісі мен алдыңғы сирақ сүйектері табылды. Кей жағдайда салыстырмалылық үшін бүтін заттың орнына оның негізгі бір бөлігі ғана қойылады.

Өскемен маңында Меноновное 8, 29-шы қоршауларында ат жүгенін қойған тікбұрышты қоршау орталығында шұңқыр ішінде тас жәшік болды. Бұл кешеннің көбісі, сондай-ақ Талдысай кешенінің жүгендері арқылы мерзімделу уақыты Л.С. Марсадов бойынша ж.с.д. VIII - VII ғғ. екінші жартысына сай екендігі анықталды (Марсадов, 1998, 5-24 бб.).

Шығыс Қазақстандағы соңғы қола дәуірі мәдениетімен үзілмес байланыс желісі болған ежелгі сақтардың майемерге дейінгі кезең ескерткіші Күрті қорымының қорғандары дөңгелек тас үйінділі, ал үйінді шетін тас қоршаумен қоршап, қосалқы құрылыста жылқыны ауыздықсыз жерлеу тән. Ал негізгі қабірде адамды сол қырымен бүріскен түрде, басын солтүстік-батысқа қаратып жерлеу басы болса (Сорокин, 1966, 35-57 бб.), Майемер қорғандары үйіндісінің астына тас қоршау салынады және кейде қабір үсті бөренелермен жабылады. Мәйіттің басы шығысқа қаратылып шалқасынан қойылады.

Қазақ Алтайындағы Майемер 2 қорымындағы № 2 қорған екі қатарлы дөңгелек қоршаулы, бұрыштары дөңгелене келген, солтүстік батыстан оңтүстік шығысқа қарай созылған қабір шұңқырындағы ақымда басы солтүстік батысқа, беті солтүстікке қаратылған, жанында қылшанның сүйек түймелері, алты қола және бір сүйек жебе ұштары қойылған адам қаңқасы анықталды. Жебе ұштары екі қанатты, ағаш өзек кигізетін тесік, ромбалық-ассиметриалық және ромбалық түрде. Олар ж.с.д. VIII - ж.с.д. VII ғғ. ежелгі сақ ескерткіштеріне тән (Самашев, 1998, 155-160 бб.).

Өскемен ықшам ауданындағы ерте көшпелілер ескерткіштері үйінді астында сопақ, дөңгелек немесе тікбұрышты қоршау болып келген. Мәйіттер шалқасынан жатқызылып, басын батысқа қаратқан. Онымен қосып жылқы жерленген. Бұған Герасимовка қорымындағы № 28 қорғанның материалдары мысал бола алады. Шығыс қабырғасына қиғаш сынтас тіреле жатса, қоршаудың орталық бөлігінде қабір шұңқырдың бетін жапқан тас плита, ағаш қалдықтары және түбіне таман жылқының жекелеген сүйектері табылып, қабірдің оңтүстік қабырғасының түбінен ақымда шашылған адам қаңқасы шықты (Ткачёв, 1999, 194-198 бб.). Меноновное 8 қорымындағы № 6-шы қорған да дәл осындай болып келеді.

Ал, Герасимовка қорымындағы 22-ші қорған мен Меноновное 8 қорымындағы № 29-шы қоршауларда жерлеу шұңқырына жүгендер қойған. Бұл жерлерде де жерлеулер шұңқырлы ақымдармен кездеседі (Ткачёв, 1999, 194-195 бб.).

Ә.М. Оразбаевтың басшылығымен ж.с.д. VIII ғ. аяғы мен ж.с.д. VII ғ. басымен мерзімделетін Черновая III қорымындағы № 6 қорғанда шығыстан батысқа қарай бағытталған ағаш астау-табыт табылды (Оразбаев, 1998, 27 б.). Үлкен бөренені үңгіп жасаған, беті тегіс, екі жағы доғалдана біткен. Астау табыттың Қазақ Алтайында бұл алғашқы табылуы болса, ал Таулы Алтайда (Пазырық, Башадар, Бертек, Құтырғантас, Ақалақа) (Руденко, 1952, Деревянко, 1994) және Тывада (Грязнов, 1980) Аржан, Аржан 1 ескерткіштерінде жиі кездеседі.

Ю.Ф. Кирюшин және А.А. Тишкин ертесак кезеңінің ескерткіштеріне сараптама жасай отыра, мынандай қорытындыға келді: «Ертесак мәдениетінің осы аймақтағы түп-тамырын Орталық Алтайдан оңтүстік шығысқа қарайғы аймақтардан, солтүстік батыс Моңғолиядан, сондай-ақ Алтайға жақын жатқан Қытай аймақтарынан іздеу керек. Ерте сақ мәдениетінің сіңісуі ж.с.д. IX ғ. басынан ж.с.д. VIII ғ. басына дейін үлкен маңызға ие болды» (Кирюшин-Тишкин, 1997, 111 б.). Алайда, бұл үдеріс оданда әрі кең, тек Саян-Алтайды ғана алып жатпай, одан батысқа – Шығыс Қазақстан, Жетісу, Арал маңы және Орал-Қазақстан далаларына да тарады (Васютин, Садовой, 1999, 35-38 бб.).

К.А. Ақышев тайпалардың шығыстан батысқа және батыстан шығысқа инфильтрациясының немесе миграциясының негізгі екі жолын көрсетті: біріншісі – Алтай арқылы Шығыс, Орталық және Батыс Қазақстан, ал екіншісі – Шыңжаң арқылы Орталық Тянь-Шань және Памирге өтуі (Акишев, 1973, 57-58 бб.).

П.И. Шульга мен Н.В. Полосмак назар аударған Орталық Қазақстан, Алтайдың солтүстік-батыс бөктері, Шығыс Қазақстан, Жоңғар ойпаты мен Солтүстік Қытай ескерткіштерінің жақындығы ж.с.д. VIII ғ. аяғында Қытайдың солтүстік және солтүстік-батыс аудандары мен Моңғолиядан келген көшпелілердің туыстас топтарының Жоңғар қақпасы мен Қара Ертіс алқабы арқылы Алтай бөктерлерін бойлай Орталық және Солтүстік Қазақстанға, онан әрі Оңтүстік Зауралье даласына орналасуының ортақ жолдарына негізделді. Алтайдың солтүстік батыс бөктерінен Орал жотасының шығыс тармақтарына дейінгі кеңістікті иемденген бұл қоныс аударушылардың барлық тобы моланың сыртына дөңгелек немесе тікбұрышты қаландылар мен қоршаулар, жер үйінділердің үстіне тас қабыршақтар, төсенділер сияқты құрылыс тұрғызу үшін тасты кеңінен пайдаланған. Сонымен қатар, оларда өлікті шалқасынан түрлі бағытта созып қою ортақ болған. Алайда, көбінесе өлікті солтүстік немесе батыс бағытқа қаратқан. Жерлеу құрылысының – жай жер қабір (жерлеу камерасының негізгі типі), тас жәшік, ақымды қабір т.б. әртүрлі болуы қоныстанушылардың құрамының әртүрлілігіне байланысты болған шығар. Бірақ моланың сакральдық кеңістігіне қатысты екі нақты дәстүр сақталған. Біріншісіне сәйкес қабір тек адамға ғана емес, оның атына да арналады. Орталық Қазақстанда өлікті жерлеу камерасына жүгендеулі ат «тұлыбы» бас сүйек түріндегі және тұяқ немесе оның нышаны – жүген жиынтығымен бірге жерлеуі кездеседі. Екінші дәстүр бойынша, тек қабір шұңқыры ғана емес, қорған астындағы алаң да тек адамға арналады (Таиров, 2003, 157-179 бб.).

Орталық Қазақстандағы сияқты Алтайдың солтүстік-батыс бөктерлері мен соған қабысып жатқан Шығыс Қазақстан аудандарында да анықталған екі дәстүр кездеседі (Шульга, 1999). Бірақ Оңтүстік Зауралье мен Орталық Қазақстаннан айырмашылығы, мұнда адамды жылқымен қорған шұңқырының бір сакральды кеңістігінде бірге жерлеу бар. Көбінесе алдындағы шұңқырға оның «нышаны» емес, жылқының өзі қойылып, адамнан қаланды арқылы бөлінген. Жылқыны жеке жерлеу камерасына қою дәстүрі Таулы Алтайда көрініс тапқан. Сондықтан Алтайдың солтүстік-батыс бөктеріндегі мола шұңқырларында жылқының болуы біздің байқауымызша, таулыалтайлық тайпалардың оның бөктеріндегі халыққа әсер етуінің дәлелі. Шығыс Қазақстанда алдыңғы шұңқырға жылқы немесе ат әбзелдерінсіз жерлеу Тар Асу қорымындағы 23 қоршауда кездеседі (Самашев, 1998, 174-202 б.).

Шығыс Қазақстанда ж.с.д. VIII-V ғасырларға жататын зерттелінген қорғандарда адаммен қоса жылқыны жерлеудің үш түрі анық байқалады: адамға арналған жылқыны толығымен жерлеу (Күрті II, № 2 қорған; Зевакино, № 36 қоршау, № 38 қоршау, № 104 қоршау, № 99г қоршау, № 99е қоршау; Құрық II, № 6 қорған; Қызылтас, № 47 қорған), қабірге жылқының терісін, бас сүйегін не сүйегін қою (Зевакино, № 7 қоршау; № 83 қоршау; Измайловка) және тек ат әбзелін (ауыздық, сулық және т. б.) жерлеу толықтай кезігеді (Камышинка олжасы, Измайловка).

Келтірілген аймақтағы жерлеу ғұрыпының аса сан түрлігі осы бір-бірімен тоғысар аумақта көп санды, бірақ кішігірім туыстас рулардың араласып кету нәтижесі. Негізінен тұрғындар тобының басым бөлігі Қазақстан территориясынан шыққан және онымен тығыз байланысты жалғастырған. Шығыс Түркістанмен де қатынасы болған. Айта кетерлік жағдай Тываның ерте скиф қорғандарындағы жерлеу ғұрпы Алтайдың солтүстік батыс тау беткейлеріндегіден өзгеше болып келеді.

Сонымен қарастырылған территориядағы түгел дерлік ерте сақ ескерткіштері, соның ішінде уақыты жағынан жақындарының да маңызды айырмашылықтары бар. Жиі түрде айтарлықтай ерекшеліктер қорымдардың өзінде де аңғарылады. Жерлеу ғұрыпының бірқатар белгілері үздіксіз өткен және трансформацияланған. Жерлеу ғұрыпының осындай сан түрлілігінің және тұрақсыздығының себебі берілген өңірдің жағрапиялық жағдайында. Ерте сақ кезеңінде Алтайдың солтүстік-батыс беткейлері және онымен жалғасып жатқан Шығыс Қазақстан бөлігінде орналасқан ескерткіштердің этномәдени ерекшелігін анықтаушы болған әртүрлі тұрғындар топтары мекен еткен контакті аймақ болған. Алтайдың солтүстік-батыс беткейлері және жалғасып жатқан Шығыс Қазақстан бөлігіндегі ертескиф кезеңінің біз қарастырған ескерткіштер тобы археологиялық мәдениеттің дәстүрлі анықтамасына толық сай келмейтіні анық. Дегенмен жерлеулердің бірде біреуі көрші мәдениеттер ғұрыпын қайталамайды. Барлығына жуығы оларды басқа,

тұрақты жерлеу ғұрыпы бар мәдениеттерден ажырататын және бұл өңір ескерткіштеріне ортақ белгілері бар. Майемер «мәдениетінің» көршілес Таулы Алтайдың бийке мәдениетінен және Қазақстанның Шілікті мәдениеті ескерткіштерінен айырмашылығы жерлеулер негізінен терең тар шұңқырларда, кейбір жағдайда ақымда, жиі түрде текпіршекте немесе тас жәшіктерде болып келуі. Марқұмдар шалқасынан созыла, бастары солтүстік жақа бағытталып қойылған. Жылқы және қойлар адаммен бірге немесе бөлек шұңқырда, бірақ тура солай терең жерленген. Бағытталуы адамдікіндей, басы солтүстікке немесе солтүстікке тек жылқы басы қаратылған, ал денесі шығыс-батыс бағыты бойынша орналасқан. Жылқылыр әдетте жүгенделмеген, ал жабдығы (жүген және айыл, тартпасымен ертоқым) жылқы басы маңына қойылған.

Қызықты жаңалықтар берген Шілікті-3 қорымындағы 1 қорған (Бәйгетөбе) (Толеубаев, 2005, 1-7 бб.). Қорған сыртын белдеулей ор қазылып, онан шыққан топырақ үйіндіге үйілген. Ордың шығыс бөлігіндегі 3-4 м жер қазылмай кешенге кіретін есік ретінде қалдырылған. Бұл жағдай дәл Бәйгетөбе қорғанында нақты көрінбегенімен, Шілікті 1 қорымындағы № 36 қорғанда және Шағаноба қорымындағы Г.Н. Бокий қазған қорғанның сыртқы құрылысында анық байқалады. Қорған үш құрылыс қабатынан тұрады. Ең жоғарғы қабаты ұсақ малта тас, топырақ, шым және құм араласқан қиыршық тастан тұрады. Екінші қабаты үйілген тас қорған. Осы тас қорғанның астында жуан қызыл қарағайлардан қималанып салынған қабірхана бар. Қабірхана ұзына бойымен шығыстан батысқа қарай көне жер беті деңгейінде орналасқан. Дәл сол сияқты Тывадағы қорғандар да көне жер бетінде салынған, алдымен жерлеу қабірханалары ағаштан салынып содан кейін айнала қоршаған тастар қаланып, қорған үстіне тас үйіндісі үйілген.

Көне жер бетіне салынған жерлеу орындары Батыс және Оңтүстік Сібір, Қазақстан, Орта Азия жерлерінде қола дәуірінің соңындағы өтпелі (ж.с.д. VIII-VII ғасырлар) және ерте-скиф уақытына (ж.с.д. VII-VI ғасырлар) тән (Левашова, 1958, Дмитриева, 1965, Сосновский, 1930, Волков, 1967, Могилюшко, 1967, Мошкова, 1966, Вишневецкая, 1971).

Көңіл қойып ескертін жағдай керамикалық саз ыдыс пен Алтай тауындағы майемер мәдениеті ескерткіштеріндегідей жылқы қаңқаларының, не ат әбзелдерінің Шілікті қорымындағы зерттелген қорғандарда кездеспеуі. Керамикалық ыдыстар ерте сақ дәуірінің Тывадағы ерте уюк кезеңінің ескерткіштерінде (Кызласов, 1977, 70-79 бб.), Майемер (Самашев, 1998), Бесшатырда (Дмитриева, 1965) да жоқ. Олай болса бұл ескерткіштердің өзара ұқсастығы, әрі туыс тайпа өкілдері қалдырғандығы дау тудырмайды.

Шілікті қорғандарымен өте ұқсас ескерткіштер қатарына топырақ үйінділі 54 қорғаннан тұратын ж.с.д. V-IV ғасырлармен мерзімделетін Усть Бөкен қорымында жылқы қосып жерлеуі жоқ қабір шұңқырдың бетіндегі ағаш бөренелер кертпешелерде Шіліктідегідей тиянақталып жабылған. Мұнда да диаметрі 80 м, биіктігі 5 м келетін үлкен қорғандар бар. 1956 жылы 22 қорған қазылды. Ертістен Семейге дейінгі алқаптағы диаметрі 80 м, биіктігі 5 м ең ірі № 1 қорған толықтай тоналған. Диаметрі 8-15 метр болатын көпшілік қорғандарда қабір шұңқырдың екі жағында кертпешегі бар және кейбір жағдайда Шілікті қорғандары сияқты ағаш бөренелермен жабылған (Черников, 1951, 4-21 бб.).

С.С. Черников Усть Бөкендіктерді Шіліктіліктердің қарамағындағы ел дей келе, Шіліктіде патшаларын жерлеген бұл жұрт Шығыс Қазақстан ерте көшпелілері – құлажорғалықтар мен пазырықтардан жерлеу ғұрпы мен жерлеу заттары бойынша ерекшеленетін, нағыз жергілікті этникалық топ деп көрсетеді (Черников, 1951, 8 б.). Бір мәдени-тарихи алқапта орналасқан бұл ескерткіштердің де өзіндік айырмашылықтары бар. Біріншіден, олардың хронологиялық мерзімі әркелкі болса, екіншіден, жерлеу ғұрпында азды-кемді айырмашылықтар бар, соның ішінде Бәйгетөбе қорғанында жерлеу орны көне жер бетінде орналасса, ал одан кейінгі уақытпен мерзімделетін С.С. Черников қазған № 5 және № 7 қорғандарындағы мүрдені жерлеу жерге қазылған терең емес қабір шұңқырында жүзе асқан. Міне, бір қорымдағы негізгі өзгешеліктер осындай. Алайда, аталған ескерткіштердің мәдени дәстүрі ортақ.

Шілікті (Толеубаев, 2018), Бесоба (Омаров, 2015), Елеке сазы Толеубаев, 2020, 180–205), Есік, Бесшатыр (Акишев, 1963) сияқты үлкен обаларда сақ тайпалық бірлестігінің (мемлекетінің) билеушілері жерленген. Бұл қорғандардың жанындағы қарапайым жерлеу орындары сыртқы құрылысы, ішкі құрылымы, жерлеу бұйымдарына қарағанда мүлде өзгеше. Олай болса «патша обаларында» қарапайым қорғандарда жерленген сақ тайпаларын басқарған этникалық жағынан туыс болғанымен, Шыңғысханнан кейінгі уақытта қазақтарда тек төре тұқымынан хан сайланғаны сияқты өзге билеуші тайпа өкілдеріне тұрғызылған ба деген ойға жетелейді.

Тарбағатайдағы сақ қорғандарындағы мүрделердің жанына жылқылар қойылмаған, ыдыс-аяқтар да өте аз кездеседі, алайда есесіне киімдері алтынмен әшекейленіп, өте қымбат әрі бағалы заттарымен қоса көмілген. Өз кезегінде сақтардың қорғандары аримаспылықтарға қарағанда әлдеқайда биік болған. Мұндай өзгешеліктер тайпалардың мәдениетін, жерлеу ғұрыптарын, шаруашылығын айғақтайтын археологиялық зерттеулер негізінде белгілі анықталып отыр. Ерте көшпелілердің бақташылықтан көшпелілікке ойысуы барысында олардың тіршілігіне, мәдениетіне өз заманында оң өзгерістер әкелді. Қолдарындағы малын басты байлық деп есептеген олар малдарына шұрайлы жайылым іздеу мақсатында көптеген тың жерлерді игеріп, әртүрлі көршілес тайпалармен қарым-қатынасқа, мәдени байланысқа түсті, тіпті кейде олардың арасында әскери қақтығыстар да болып тұрды. Мұның өзі әртүрлі мәдениеттердің тоғысуына әкеліп, қоршаған ортаға, айналаға және дүниеге деген көзқарастардың түрленуіне жол ашты, нәтижесінде мұндай мәдени алмасулар сол тайпалардың жерлеу ғұрпына да өзіндік әсерін тигізді. Мұндай ерекшеліктер қарастырылып отырған аймақтағы ерте темір дәуірі ескерткіштерінен нақты байқалады. Сол уақыттардағы әртүрлі көшпелі тайпалардың бір-бірімен араласуы барысында, көпшілігіне ортақ тыныс-тіршіліктің қалыптасуы біркелкі материалдық құндылықтар мен ұқсас мәдени белгілердің пайда болуына алып келді.

Алтай мен Тарбағатай ерте темір мәдениеттеріне ортақтастықтарға қарағанда ерекшеліктер басым екендігін аңғарамыз. Бұл Шығыс Қазақстан жерінде тұрмыс-тіршілігі ұқсас, бірақ әдет-ғұрпында өздеріне тән айырмашылықтары бар халықтар өмір сүргендігін көрсетеді. Алтай мен Тарбағатай ерте темір дәуірі мәдениетіндегі басты ерекшеліктер олардың кезеңдерге бөлуінен басталады. Қазақ Алтайында ерте темір кезеңі шартты түрде Маймер (ж.с.д. VII-VI ғасырлар), Берел (ж.с.д. V-IV ғасырлар), Құлажорға (ж.с.д. III-I ғасырлар) деп үш кезеңге бөлінеді. Аталған үш кезеңнің әрқайсысында өзіндік айырмашылықтары бар. Алғашқы екі кезеңдегі қорғандарда иесімен қатар жылқысын жерлеу кең тараған. Мұндай ғұрып Тарбағатай өңіріндегі ескерткіштерге тән емес. Тек кейбір обаларда жылқының аздаған сүйектері ұшырасады. Қарастырылып отырған аймақтардағы ескерткіштер сыртқы формасы және ішкі құрылыстары жағынан да өзгешеленіп тұр.

Ерте сақ дәуіріне жататын ескерткіштерін зерттей келе Алтайдың солтүстік-батыс бөктерлері мен соған қабысып жатқан Шығыс Қазақстан аудандарында ж.с.д. IX ғасырдың соңы- ж.с.д. VI ғасырлардың басында маймер мәдениетінің Зевакино, Күрту 2, Герасимовка, Тарасу, Кондратьевка және т.б. 20-ға тарта ескерткіштері сараланып, орналасу жағдайы анықталды. Қорғандарының микротізбекпен орналасатындығы, жерлеу камерасы қабір шұңқыр түрінде, кейде тіпті терең болып келуімен және ақымның аузы таспен көлегейлене, немесе тас жәшікте; үйінді сыртын айналдыра жиектеген тас қоршауда болуы немесе оның болмауы; адамды жылқымен бірге, қой немесе солтүстік не солтүстік-шығыс секторда жүгенді қоса жерлеу; мәйітті шалқасынан созылта, басын солтүстік не солтүстік батысқа қарата жерлеу сынды ерекшеліктері бұл мәдениеттің басты белгілері болып саналады. Маймерліктердің мәйітті «жиыра» және «созылта» жерлейтін екі тобы жерлеу салтына қарай ажыратылады. Жазба деректерден белгілі тарихи даталар және оқиғалармен шендестіргенде маймер мәдениетінің соңы және пазырық мәдениеттерінің басы ж.с.д. 585 жылдар шамасындағы мидиялықтардың Ассирияны талқандауымен және ирандық Ахеменидтер державасының күшейуімен тұспа-тұс келеді. Сірә, бұл жорықтарға біз зерттеп отырған Ертіс бойы тайпалары да қатысса керек. Алтайдағы скиф-сақ типіндегі алғашқы ескерткіштерді (Маймер мәдениеті; Күрту) Д.Г. Савинов Батыс Чжоу мемлекетінің Орталық Азиялық көшпелі тайпаларының қысымынан құлауымен, Моңғолиядағы керексур мәдениетінің құлдырауымен түсіндіреді (Савинов, 1991, 93-96 бб.).

Тарбағатай теріскейінен Алтайдағы Нарын өзеніне дейінгі әзірге нақты айқындалған аймақта белгілі бір тәртіппен орналасқан, жерлеу ғұрпы, ақыреттік заттары, саз ыдыстары және т.б. тұрақты ортақ белгілерінің болуы осы өлкеде ж.с.д. VIII – ж.с.д. IV ғасырлары аралығында жеке археологиялық мәдениет өмір сүргенін көрсетеді. Ерте сақ дәуірінің элиталық (патша) билеуші ақсүйек, әскер басы, абыздары сынды топтарына тұрғызылған – Шілікті (Толеубаев, 2018), Бесоба (Омаров, 2015), Елеке сазы (Толеубаев, 2020, 180–205) қорымдары, кенші-зергерлеріне тұрғызылған – Шағаноба (Омаров, 2009, 82-84 бб.) қорымы, ал олардың басқарушы өкілдеріне тұрғызылған – Усть-Бөкен (Черников, 1951, 4-216б.), Солдатово, Шалабай (Омаров, 2020, 49-56 бб.) және т.б. ескерткіштерін қалдырған қауымдастық адамдарына өзіндік ерекше ортақ материалдық мәдениет тән. Ал, олардың қол астындағы қатардағы қарапайым халық майе-

мер мәдениетін жасаушылар, кейін құлажорға мәдениеті өкілдері екендігін Шілікті алқабында орналасқан Тасбастау (Толеубаев, 2018), Күршім ауданындағы Сарыкөл, Апар (Оразбаев, 1998, 27 б.) ескерткішіндегі осы уақытпен мерзімдес тас жәшіктегі жерлеу салты көрсетеді. Шілікті археологиялық мәдениетінің орталығы ж.с.д. VIII-VII ғасырларда Шілікті, Бесоба, Елеке сазы қорымдары аймағында орналасса, кейін ж.с.д. VI-V ғасырларда Жетісу жеріне (атап айтсақ Ойжайлау (Төлеубаев, 2011, 370-375 бб.), Бесшатыр, Есік, Боралдай (Самашев, 2006) қорғандарын қалдырушылар) және Орталық Қазақстанға (Талды-2) (Бейсенов, 2018) ойысқан. Бұл ойымызды екі өлкелердегі жерлеу-ғұрыптық ескерткіштері, скиф-сібірлік аң стиліндегі әшекей заттары және т.б. ұқсастықтары айғақтайды.

Әдебиеттер:

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата: изд-во АН КазССР, 1963. – 282 с.

Акишев К.А. Саки азиатские и скифы европейские (общее и особенное в культуре) // Археологические исследования в Казахстане. – Алматы: Наука, 1973. – С. 57-58.

Бейсенов А.З. Элитные курганы тасмолинской культуры Центрального Казахстана // Золото властелинов казахских степей. Совместный Каталог Республики Корея и Республики Казахстан. – Астана-Сеул, 2018. – С. 68-99.

Васютин А.С., Садовой А.Н. К проблеме реконструкции традиционных систем жизнеобеспечения в раннескифское время (Восточный Алтай-могилиник Коо-1) // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территории. – Барнаул: Изд.АГУ, 1999. – С. 35-38.

Вишневская О.А., Итина М.А. Ранние саки Приаралья // МИА. № 177. – М.: Наука, 1971. – С. 197-208.

Вишневская О.А. Культура сакских племен низовьев Сыр-Дарьи в VII-V вв. До н.э. (по материалам Уйгарака) // Труды ХАЭЭ. – 1973. – Т. VIII. – 160 с.

Волков В.В. Бронзовый и ранний железный век северной Монголии. – Улан-Батор, 1967. – 165 с.

Грязнов М. П. Аржан: Царский курган раннескифского времени. – Л.: Наука, 1980. – 62 с.

Деревянко А.П., Молодин В.И., Савинов Д.Г. и др. Древние культуры Бертекской долины. – Новосибирск: Наука, 1994. – 223 с.

Дмитриева Е.Н., Левашова В.П. Материалы из раскопок сибирских бугровщиков // СА. – 1965. – № 2. – С. 225-236.

Ермолаева А.С. Памятники переходного периода от эпохи бронзы к раннему железу // Археологические памятники в зоне затопления Шульбинской ГЭС. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 64-94.

Ермолаева А.С. Измайловский погребально-поминальный комплекс начала эпохи ранних кочевников из Восточного Казахстана // Известия НАН РК. Серия общественных наук. – 2008. – № 1. – С. 84-92.

Кирюшин Ю.Ф., Тишкин А.А. Скифская эпоха Горного Алтая. Ч. I: Культура населения в раннескифское время. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 1997, –231 с.

Кызласов Л.Р. Уюкский курган Аржан и вопрос о происхождении сакской культуры // СА. – 1977. – № 2. – С. 70-79.

Левашова В.П. К вопросу о местных особенностях в погребениях тагарской культуры // СА. – 1958. – № 1. – С. 171-174.

Марсадалов Л.С. История и итоги изучения археологических памятников VIII–IV веков до н.э.: (от истоков до начала 80-годов XX века). – СПб., 1996. – 90 с.

Марсадалов Л.С. Основные тенденции в изменении форм удил, псалиев и пряжек коня на Алтае в VIII-V веках до н.э. // Снаряжение верхового коня на Алтае в раннем железном веке и средневековье. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 1998. – С. 5-24.

Марсадалов Л.С. Пазырыкский феномен и попытки его объяснения // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территории. – Барнаул, 1999. – С. 104-108.

Могилиников В.А. Исследования в лесостепном Прииртышье. // АО. – 1966, – М., 1967. – 152 с.

Могильников В.А. Некоторые аспекты этнокультурного развития Горного Алтая в раннем железном веке // Материалы по археологии Горного Алтая. – Горно-Алтайск, 1986. – С. 35-67.

Мошкова М.Г. Работы Казахстанского отряда Южноуральской экспедиции в 1964 г. // КСИА АН СССР. – М. 1966. – С. 105-112.

Омаров Ғ.Қ. Шілікті және Шағаноба қорғандарының зерттелуінен (С.С.Черниковтың жарияланбаған 1959 жылғы архив материалдары негізінде) // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 75 жылдығына арналған «Қазақстандағы этностардың дәстүрлі мәдениетіне қатысты музей жинақтары: зерттеу мәселелері мен сақтау перспективалары» атты республикалық ғылыми-практикалық семинардың материалдары (28-29 қараша 2008 жыл). «Қазақ университеті» Алматы, 2009. – 82-84 б.

Омаров Ғ.Қ. Шығыс Қазақстанның ерте темір дәуірі. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 256 б.

Омаров Ғ.Қ. Бесоба қорғандары. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 29 б.

Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Кариев Е.М., Сағындықова С.Т. Полевые исследования в Жарминском районе Восточно-казахстанской области (Результаты электромагнитного профилирования) // Материалы международной научно-практической конференции «Естественнонаучные методы в современных археологических исследованиях: теория и практика» 30 октября 2020 года. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 49-56 с.

Оразбаев А.М., Омаров Г.К. Некоторые итоги археологического исследования Восточного Казахстана // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998, – С. 9-71.

Руденко С.И. Горноалтайские находки и скифы. – М.-Л., 1952. – С. 158-190.

Савинов Д.Г. Возможности синхронизации письменных и археологических дат в изучении культуры Южной Сибири скифо-сарматского времени // Проблемы хронологии и периодизации археологических памятников Южной Сибири. – Барнаул: Изд-во Алтайского университета, 1991. – С. 93-96.

Самашев З.С., Ермолаева А.С., Омаров Г.К. Раннесакские наконечники стрел из Казахстанского Алтая // Военная археология. Оружие и военное дело в исторической и социальной перспективе. Материалы Международной конференции. – СПб., 1998. – С. 155-160.

Самашев З.С., Франкфорт А.Т., Ермолаева А.С., Жумабекова Т.С., Гий Э., Сунгатай С., Жетибаев Ж.М., Омаров Г.К. Исследование культуры древних кочевников Казахстанского Алтая // Проблемы изучения и сохранения исторического наследия. – Алматы, 1998. – С. 174-202.

Самашев З., Джумабекова Г., Нурпеисов М., Чотбаев А. Древности Алматы: Курганы Боралдая. – Алматы, 2006. – 216 с.

Сорокин С.С. Памятники ранних кочевников в верховьях Бухтармы // АСГЭ. –Л., 1966. – Вып. 8. – С. 35-57.

Сосновский Г.П. Археологическая Бурят- Монгольская экспедиция. «Отчет о деятельности Академии наук за 1929 г.». – Л., 1930. – Вып. 2. – 154 с.

Таиров А.Д. Кочевники Урало-Иртышского междуречья в системе культур раннесакского времени восточной части степной Евразии. //Степная цивилизация восточной Евразии. 1 том. Древние эпохи. – Астана: Күлтегін, 2003. – С. 157-179.

Тишкин А. А. О соотношении бийкенской и майемерской археологических культур Алтая раннескифского времени // Степи Евразии в древности и средневековье. – СПб.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 2003. – Кн. II. – С. 164-166.

Ткачёв А.А., Тишкин А.А. Курганы раннескифского времени на могильнике Герасимовка в Восточном Казахстане // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 1999. – С. 194-198.

Толубаев А.Т. Надмогильное сооружение сакского «золотого» кургана из археологического комплекса Чиликты // Материалы международной научно-практической конференции «Казахстан и внешний мир: история и современность. – Алматы, 2005. – С. 1-7.

Төлеубаев Ә.Т., Омаров Ғ.Қ., Искаков Қ.А. Ойжайлау археологиялық экспедициясының 2010 жылғы қорытындылары. Маргулановские чтения – 2011. Материалы международной археологической конференции Астана, 20-22 апреля 2011 г. – 370-375 бб.

Толубаев А.Т. Раннесакская шиликтинская культура. – Алматы: ИП «Садвакасов А.К.», 2018. –528 с.

Толубаев А.Т., Жуматаев Р.С., Омаров Г.К., Шакенов С.Т., Бесетаев Б.Б., Ергабылов А.Е. Результаты археологических исследований 2019 г. на могильнике Елеке сазы 2 // Маргулановские чтения-2020: материалы международной научно-практической конференции «Великая Степь в свете археологических и междисциплинарных исследований» (г. Алматы, 15–17 апреля 2020 г.). Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2020. Т.2. – С. 180–205.

Черников С.С. Работы Восточно-Казахстанской экспедиции. // КСИИМК. – 1951. – Вып. 37. – С. 4-21.

Черников С.С. К вопросу о хронологических периодах в эпоху ранних кочевников (по материалам Восточного Казахстана) // Первобытная археология Сибири. – Л., 1975. – 132-137 с.

Шульга П.И. Этнокультурная ситуация в Горном Алтае и северо-западных предгорьях в VII-III вв. до н. э. // Итоги изучения скифской эпохи Алтая и сопредельных территорий. – Барнаул: Изд-во АлтГУ, 1999. – С. 245-250.

** Жұмыс ҚР БҒМ Ғылым комитеті, ЖТН: АР05134378 – «Көне заманнан ортағасырларға дейінгі Қазақ Алтайы тұрғындарының сакральді кеңістігі және жерлеу-ғұрыптық рәсімдері» атты гранттық ғылыми жоба аясында орындалды.*

EARLY IRON AGE PETROGLYPHS FROM THE KENKOL VALLEY (province of Talas) in KYRGYZSTAN

Keywords: Early Iron Age, Saka Siberian Style, Talas valley, Kenkol, Kyrgyzstan

1. Introduction

Early Iron Age petroglyphs in the Saka Siberian style are quite rare in Kyrgyzstan. Few of them are known in Saimaluu-Tash (Sulaimanova et al, 2016, p.138) or on the northern shore of the Issyk-Kul lake (Hermann, 2010, p.17ff). However, in the province of Talas in Northwestern Kyrgyzstan, there is an important site in Zhaltyrak-Tash in the Ur-Maral region with many Early Iron Age drawings in Siberian style (Tashbaeva & Francfort, 2005). This site is located 60 km south of the Kenkol valley.

The Kenkol Valley is located 12 km northeast of the city of Talas at the border with the province of Zhambyl in Kazakhstan. Several rock art groups were found in the eight tributary streams to the Kenkol River, each of them in a north-south oriented valley, at an altitude between 1,600 meters and 2000 meters a.s.l. (Hermann, 2018a). The main valleys with engravings are, from west to east, Dzhosha, Tchatchoi, Tchatchke, Terek, Tchatchikei and Obo. If the first drawings were found in 1938 (Gaponenko, 1963), the first prospection was undertaken in 1980, revealing some 90 panels in Obo and 127 engraved surfaces in Tchatchoi (Amanbaeva et al., 2011, p.45). In 2010, a Kyrgyz-Korean team prospected some drawings in Tchatchikei (Tzhan et al., 2011, p.128ff). From 2015 to 2019 Luc Hermann documented more than 13,000 drawings (for example, ca 1,780 petroglyphs in Obo, ca 7,960 in Tchatchikei and ca 2,400 in Tchatchoi) (see Hermann, 2018 and 2019, but also based on further unpublished prospections).

Drawings attributed to the Iron Age constitute between 18 % (in Tchatchoi) and 27 % (in Obo) of the total amount of engravings. Dzhosha is in this average with 23% as well as Tchatchikei with 23.5% of Iron Age petroglyphs. Among these rock carvings, most of them are attributed to the Late Iron Age and depict caprids: 63% in Tchatchoi, 67.5 in Dzhosha, 74% in Tchatchikei and 78.5% in Obo. We observe that the amount of Iron Age petroglyphs (and also of caprids) tends to be higher in the east of the Kenkol valley than in the west.

1-СЕКЦИЯ

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ МЕН ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ
ЕУРАЗИЯНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ЕСКЕРТКІШТЕРІН
АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ И ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ
Бұл кездейсоқ олжа жайлы дереу тарих, мәдениет ескерткіштерін қорғау Қоғамының Алматы облыстық кеңесіне, Қазақ КСР тарих, этнография және археология Институтының ежелгі археология бөліміне хабарланды. Жалаулы ауылына аттанған К.А. Ақышев, Б. Нұрмұханбетов бастаған археологтар тобы көмбе орнын барлап, біршама қазба жұмыстарын атқарды. Нәтижесінде сақ дәуірінің бірегей археологиялық олжалары зерттеліп, Алматы қаласының Орталық музейіне тапсырылған болатын.

Сонымен бірге Б. Нұрмұханбетов 1975-2009 жж. аралығы Оңтүстік Қазақстан, Талдықорған және Алматы облыстарындағы археологиялық ескерткіштерді құжаттау жұмыстарын атқарды (Бейсенов, 2011, с.9).

2008-2009 жылдары Б. Нұрмұханбетов Жуантөбе және Кеген аумағындағы біріккен қазақ-неміс экспедицияларының белді мүшесі болған.

Жетісудағы жартас суреттерін зерттеуге қосқан үлесі өз алдына бір төбе. Ең алғаш 1961-66 жылдары Кеген алқабын кешенді зерттеу барысында бірнеше петроглифтер ашылса, кейінірек белгілі ғалым З. Самашевпен бірлесе Баянжүрек тауындағы суреттерге зерттеу жұмыстарын іске асыра бастайды. 1994 жылы ЮНЕСКО-ның «Орталық Азия петроглифтер жинағы» атты бағдарламасы аясында атқарған еді (Самашев, Нұрмұханбетов, 2011, с. 74).

Сонымен қатар Алматы облысы, Ақсу ауданындағы Қаракүңгей петроглифтерін де ашып, ғылыми айналымға енгізген ғалым Б. Нұрмұханбетов еді.

Б. Нұрмұханбетовтың табандылығының арқасында 1993 жылы «Алтын адам» табылған қасиетті мекенде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қолдауымен Есік қаласында тарихи-өлкетану музейі бой көтереді. Кейіннен 2010 жылы осы Есік қаласының кіреберісінде «Есік Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» құрылып, ғылым мен қатар музей ісінің жаңа жұмыстары осы күнге дейін ғалымның жұмысын жүргізіп келеді. «Есік Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» бүгінгі таңда ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне тікелей қарасты ғылыми мекеме болып табылады. Аудан, облыс, кейіннен Республикалық деңгейдегі ғылыми-зерттеу орталыққа айналған бұл мекеме Б. Нұрмұханбетовтың тікелей атсалысумен орындалған арман деп айтуға толық негіз бар.

Ғалым өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, қазіргі таңдағы археология ғылымы саласындағы бірқатар өзекті мәселелерді тайға таңба басқандай айтып, оның біразын көзі тірісінде шешуге атсалысқаны баршаға аян.

Оның ойынша: «Академиялық экспедиция қаладан шыққан бетте, зерттейтін нысанды таңдайды, қазды, белгілейді, жәдігерлерді алады, реттейді, қазбаны қайта көміп, кетіп қалады. Музейлық экспедицияда, яғни біздікі, тура сол академиялық сценарий бойынша қимылдайды, алайда, апаттық нысандарды жүргізу барысында ғана. Ал қалғаны басқаша. Музейлық экспедицияның мақсаты – қазған нысанды артынша мұражайландыру болып табылады. Ол дегеніміз он, жиырма жылдан соң емес, ең алғашқы жерге күрек тигеннен бастап жүзеге асуы тиіс. Академиктер жүргізетін археологиялық қазбалардың сыры, барысы, процесі (абайсыз болса да) көпшілікке беймәлім. Ал музейлық экспедициялар – барлығының назарында. Бұл жерде стихиялық емес ылғи экскурсиялар, алайда бұл үшін қажетті жағдайларды жасақтау жоспарланады. «Ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін ғылыми айналымға енгізу» деген түсінік бар. Бұл академиялық археологтарда – мақалалар, монографиялар және т.б. ал музейшілерде осы жағдай, тек оларға экспозиция мен көрмелерді қосыңыз. Біріншілердікі аталмыш процесс кезінде және оны енгізуге уақыт жеткілікті. Ал екіншілерінде ең басынан, бірден іске асуы тиіс. Ал жұмыс түрлері көпжоспарлы, әртүрлі... (Файзуллина, Нурмұханбетов, 2016, с.53).

Осы «Есік Мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» қабырғасында өмірінің соңына дейін қызмет атқарған қазақ археологиясының көрнекті өкілдерінің біріне айналған Б. Нұрмұханбетов заманауи да өзекті тақырыптар аясында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, біршама көлемді ғылыми мақалалар мен еңбектерді жазып, қасында жүрген жас ізденушілерге бағыт-бағдар беріп, өмірлік тәжірибесімен бөлісе отырып, археологияға деген қызығушылықтарын оятқан да Б. Нұрмұханбетов еді. Сол еңбектеріне тоқталсақ: «Алмалы аулы аймағының ортағасырлық кезеңгі олжалары» (Нурмұханбетов Б.Н., Тулегенов Т.Ж., Джасыбаев Е.А., Киясбек Г.К.), «Аварийно-охранные раскопки на левобережной части могильника Иссук» (Нурмұханбетов Б.Н., Тулегенов Т.Ж.), «Курган Иссук: мифы и реальность (к вопросу об открытии и изучении

«Золотого человека»)» (Нурмұханбетов Б.Н., Тулегенов Т.Ж., Джасыбаев Е.А.), «Исследование памятников древних номадов Южного Жетысу» (Бексеитов Г.Т., Оспанов Е.Б., Нурмұханбетов Б.Н., Тулегенов Т.Ж.), «Есік-Рахат археологиялық кешені ескерткіштерін этно-мәдени ортаны қайта түлету, туристерді тарту мақсатында пайдалану» (Нурмұханбетов Б.Н., Тулегенов Т.Ж.).

Б. Нұрмұханбетов археология ғылымына өз өмірінің 60-қа жуық жылын арнады. Осы уақыттары ол Жетісу аумағындағы біршама ескерткіштердің өзекті мәселелерін қозғай білді. Б. Нұрмұханбетов бірнеше маңызды шешімдерді қабылдап, болашақ ұрпаққа өсиет қылар мол археологиялық мұралар қалдырды. Алайда, шешімін таппаған мәселелерде жетерлік.

Солардың негізгілері қазіргі уақытта Жетісу өңірі бойынша археология саласындағы жаңа әдістердің мазмұнын жаңарту, бірқатар тұжырымдарды қайта қарау, мысалы, мерзімдеу мәселелерін, хронология мен кезеңдеу өте өзекті міндеттер болып табылады. Ежелгі ескерткіштерді зерттеу, нәтижелерді ұғыну, еліміздің территориясында өмір сүрген ежелгі қоғамның сипаттамасын жасақтау бойынша жаңа тұжырымдамалар қажет.

Бүгінгі таңда археолог мамандардың назарында өте өзекті археологиялық нысандарды зерттеп қана қоймай, оны ашық аспан астындағы мұражайға, ескерткіштерді археологиялық қорықшаға айналдыру, аймақтағы туризм саласына жаңа серпін беретін мүмкіндіктерді жүзеге асыру сынды мәселелер өз шешімін таппауда. Сондай ескерткіштердің бірі Алматы облысы, Кербұлақ ауданының территориясында орналасқан Қоғалы алқабы. Бұл жерде 2008-2009 жылдары т.ғ.к. Бейсенов А.З. жетекшілігімен биіктігі 3 метрден 7-8 метрге жететін 100-ден аса сақ кезеңінің обалары анықталған және жоспарға түсірілген болатын. Сол уақытта ғалымның тарапынан келешекте «Қоғалы» археологиялық қорықшасын құру туралы ұсыныс көтерілген болатын. Алайда, бұл мәселе келешекке қалдырылған еді. Уақытында бөлінбеген қаржының салдарынан, осындай бірегей нысандарды зерттеу жұмыстары ақсап тұр. Жергілікті билік өкілдеріне әзірге археолог мамандар ұсынған жұмыстар жауапсыз қалуда. Аталмыш мәселе ең алдымен кешенді зерттеуді талап ететіні анық. Зерттеу жүргізгенде, заманауи әдістер арқылы, қаржыны бөлдіре отырып іске асырылса деген ой мен ғана шектелуге мәжбүрміз. Қазіргі уақытта өңірдегі бірқатар бірегей археологиялық нысандар заман талабына сай зерттеліп жатқан жоқ. Тек Еңбекшіқазақ, Райымбек аудандарындағы ескерткіштерге ішінара жұмыстар жүргізілуде. Келешекте бұл сұрақтардың жауабы табылар деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

Акишев К.А. О возникновении оседлости и земледелия у древних усуней Семиречья // По следам древних культур Казахстана Алма-Ата, 1970. – С.69-78.

Акишев К.А. Отчет о работах Илийской археологической экспедиции 1954 года // Труды ИИАЭ. – Алма-Ата 1956. – С.1.

Акишев К.А. Зимовки-поселения и жилища древних усуней. // Известия Академии Наук Казахской ССР. – Алма-Ата 1969. – С.29-47.

Акишев К.А. Курган Иссук. Издательство «Искусство» – Москва – 1978. – 142 с.

Әбжанов Х.М. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (очерк) – «Дәуір» баспасы – Алматы 1994. – С. 456.

Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана –«Қазақ» университеті Алматы – 2006. – С. 356.

Бейсенов А.З. Наш юбиляр – археолог Бекен Нурмұханбетов // Вопросы археологии Казахстана. Вып. 3. – Алматы, 2011. – С.7-12.

Самашев З., Нұрмұханбетов Б.Н. Жетісу жартас суреттері. Баянжүрек // Вопросы археологии Казахстана. Вып. 3.– Алматы, 2011. – С.74-105.

Маргулан А.Х., Агеева Е.И. Археологические работы и находки на территории Казахской ССР (с 1926 по 1946 гг.) // – Известия Академии Наук Казахской ССР вып. 1. –Алматы, 1948. – С.125-135.

Файзуллина Г.Ш., Нурмұханбетов Н.Б. Хранители духов предков // Мир музея – Москва, № 4,5. 2016. – С.53-55, 62-63.

ҚАЗАҚ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ ЖАЙЛЫ

Жұмыс ҚР Ғылым және білім министрлігінің АР08857177 «Сарыарқа ерте темір дәуірі тұрғындарының шаруашылығы мен үй тұрғызу дәстүрлерін зерттеу» гранты аясында дайындалды.

Қазіргі таңда Қазақстан археологиясындағы кезек күттірмес, тез арада зерттеуді қажет ететін мәселелердің бірі – қазақ халқының ХІХ-ХХ ғғ. басындағы баспанасы, яғни қазақ қыстаулары. Арагидік зерттеулерді айтпағанда бұл тақырып еліміздің ешбір аймағында ғалымдар тарапынан ғылыми тұрғыда толықтай баға беріліп, кешенді түрде зерттелген жоқ. Тіпті тарихи-мәдени ескерткіштер санатында тіркеліп, мемлекет қорғауына да алынған емес.

Осы тақырып аясындағы деректік мәліметтерді ең алғаш ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басындағы Ресей зерттеушілерінің еңбектерінен көре аламыз. Атап айтатын болсақ, подполковник Красовский – округтік приказдардың есептеріндегі мал, дүние-мүлік есебі, қыстаулар мен түгін санының дұрыстығына күмән келтіреді. Ауыл старшындары мен болыстардың мәліметтерді қате беруі үнемі қарама-қайшылық туындататынын айтады. Мысалы округтік есепте 1862 ж. Атбасар округінде 16 ағаш үй, 7 тас үй бар деп көрсетілсе, 1863 ж. ағаш үйдің саны 22, ал тас үй 2 ғана, жеркепелер туралы және бір жылдың ішінде тас үйлердің саны неге азайып кеткені туралы мәлімет мүлде жоқ. Красовский 1862 ж. Қаракеңгір өзенінің алқабын аралағанда саман кірпіш пен тастан салынған 100 үй көргенін жазады. Ал округ территориясы тек Қаракеңгір өзенінің алқабымен шектелмейтінін ескерсек, бұл деректің соншалықты қисынсыз екенін және бір ғана округке тән емес екендігін байқауға болады. Қыстауларды Далалық өлкенің оңтүстік жағы табиғи тастан, қолдан құйылған кірпіштен тұрғызса, солтүстік өңірлерде шымнан, ағаштан тұрғызған. Қыстаулардың кейбіреуі өте қарапайым, жұпыны салынса, ауқатты, дәулеттілері, әлеуметтік статусы жағынан жоғарылары салтанатын асырып, бай тұрғаны туралы да деректер кездеседі. Мәселен Қаракеңгір өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан Бағаналы Ерден Сандыбайұлының екі үйі де тастан қаланып, бөлмелерінің ішкі-сыртқы қабырғалары тегістеліп сыланып, жақтаулы терезелері шыныланып салынған. Ауласында моншасы, мал қамайтын жабық қорасы орналасқан. Мұндай ерекше сән-салтанатпен салынған үйлер Атбасар округінде өте сирек кездеседі деп жазады (Красовский, 1868, б. 220-224).

Тағы бір зерттеуші В.К. Шнэнің «Зимовки и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области» атты еңбегінен қазақтардың шымнан қыстау салатынын, арагидік әлеуметтік деңгейі жоғары, ауқатты қазақтардың ағаштан да үй тұрғызғандығы туралы мәліметті кездестіреміз. Сонымен бірге бұл деректе қазақ қыстауларында саны 2-5 үйден тұратын шағын қоныстардан 15-50 үйге дейін жететін ірі қоныстардың да болғандығын көреміз. Аталмыш еңбекте Ақмола өңірі қазақтарының қысқы тұрғын-жайларының құрылысы, оның құрылыс материалдары, орналасу тәртібі турасында мол мағлұмат аламыз (Шнэ, 1894, б. 1-8).

ХІХ ғ. соңы мен ХХ ғ. басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық шаруашылығынан құнды дерек беретін географиялық, этнографиялық сипаттағы статистикалық еңбектер қатарына Ф.А. Щербина экспедициясының материалдарын жатқызуға болады. 1896-1903 жж. болған экспедиция жеті жылдың ішінде Торғай, Ақмола және Семей облыстарының 12 уезін зерттеді. Арнайы мамандар жұмыс істеген (топографтар, ботаниктер, гидротехниктер т.б.) экспедицияның нәтижесінде әр уезде халық санағы жүргізіліп, мал саны мен шаруашылығы есепке алынды. Өлкенің су көздері мен өсімдіктері зерттелді. Қазақ халқының жайлау, күзеу (күзек), қыстау, көктеу тәрізді маусымдық көші-қон жолдары мен қыстаулары да анықталды. Халық санының өсуі, мал басының көбеюі, шаруашылық және қоғамдық мүддесі бірлескен барлық рулардың аталарына жайлауларды игеріп, қыстаулар салуына итермеледі.

Ф.А. Щербина Семей облысы, Қарқаралы уезі бойынша мынадай деректерді келтіреді. Қысқы ауыл

– қырғыздардың (қазақтардың) қыста тұрақты мекендейтін шағын қонысы. Ол 1 шаруашылықтан 33 шаруашылыққа дейін кездесе береді. Мысалы Нұра болысында орта есеппен шаруашылық саны 2,1 болса, Сарытау болысында 7,2. Бұдан да үлкен ауылдар кездеседі. Ал жазғы ауыл қысқыдан әлдеқайда үлкен болады. Себебі көш жолында бірнеше қысқы ауылдар бірігіп кетеді деп атап көрсетеді. Табиғаты қатал Арқа өңірінде кей жылдары жылқыдан басқа мал қыстау маңынан ұзап шыға алмай қалады. Ал малды жұтқа ұшыратпай қыстан аман алып шығудың бірден бір жолы – қары жұқа жақсы жайылым. Қысқы ауылдың шағын болуына мал шаруашылығы, яғни, жайылымдық жердің тарлығы да әсер етеді. Бірақ қысқы ауылдар бір бірінен қашық емес жерлерде орналасады. Ауылды бір біріне жамағайын, туыс адамдар мекендейді (Щербина, 1905, б. 17-18).

Экспедиция жұмыстарына қазақ халқынан Ж. Сатыбалдыұлы, Е. Итбайұлы, М. Шомбалұлы, С. Тілекеевтен басқа Ә. Бөкейханұлы да қатысты. Ол алғашқыда статист ретінде шақырылып, кейін экспедицияның жеке зерттеу тобын басқарып жұмыс атқарған (Жұмашев-Амрина, 2015, б.168-211). Бұл жағдай экспедиция жұмысын жеделдетіп, еңбек өнімділігін арттырды және шаруашылыққа байланысты терминдер қазақ тілінде жазылды.

Ә. Бөкейхан өз еңбектерінде қазақтардағы жерді пайдалану тәртібі және оның атаулары жөнінде кеңінен жазып, тұңғыш рет ғылыми тілде айналысқа түсірген қыстау, жайлау, күзеу, шаңырақ меншігі, қой бөлік, ата бөлік, қорық, шөл, ерулік, қонақасы т.б. қазақша ұғымдарға анықтама беріп, экономикалық категорияларға жіктеген. Мұнда ол Семей облысына қарайтын Қарқаралы, Павлодар, Семей уезі мен Ақмола облысының Омбы уезі бойынша үй, қора, мал санын есепке алады.

Сөз етіліп отырған тақырып аясындағы осыған дейінгі деректердің барлығы жоғарыға есеп беру немесе өткініші саяхатшылардың тарапынан берілген баға еді. «Артық жерлерді анықтау» мақсатында жұмыс атқарса да, Щербина экспедициясының мәліметтері көптеген ғалымдар тұрақты түрде жұмыс жасаған алғашқы және деректік мәні өте жоғары еңбек болып табылады.

ХХ ғ. басындағы еңбектердің арасынан 1927 ж. жарық көрген А.Н. Глуховтың «Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков» мақаласын айтуға болады. Мұнда автор 1926 ж. Қазақстандық экспедицияның антропологиялық тобында, Ақтөбе және Адай қазақтарының арасында болып, олардың қыс мезгіліндегі үй-жай, қора-қопсыларының қолайлы, су көздерінен қашық емес жерге салынатынын байқаған және қыстаудың құрылысына, салыну техникасына, материалына, планиграфиясына, ішкі планировкасына жіті назар аударған. Материал ретінде табиғи тасты, шымды және қолдан құйған кірпішті пайдаланған. Төбесін қамыспен, шөппен жауып, есік пен терезеге қабырғасын көтеріп жатқанда орын қалдырып кеткен. Әйнек орнына малдың бірнеше рет өңдеуден өткен қуығын немесе қарынын ұстатқан. Үй тіктартпа, үнемі жартылай сфералы қалыптағы қазан тұратын қазандық-пеш немесе жерошақ арқылы жылытылды. Еденін күрекпен тегістеп, кей жағдайда лаймен сылаған. Өте сирек жағдайда ағаш едендер де кезігеді деп егжей-тегжейлі тоқталып, атап көрсетеді (Глухов, 1927, б. 108-134).

Жоғарыда келтірілген деректерге назар аударсақ, әр жылдары, әркімдердің жазған еңбектері болмаса, арнайы, кешенді түрде бұл тақырыптың зерттелмегенін байқауға және зерттеудің сол заман тұрғысынан алғанда аса қажеттілігінің де болмағанын көруге болады. Дегенмен қазіргі таңда ХІХ ғ. мен ХХ басындағы қазақ халқының үй-жайлары турасында бұл мәліметтердің тарихшы, археолог, этнограф, этноархеологтар үшін өте маңызды екені белгілі.

1946 ж. Қазақстанда алғаш рет Ғылым Академиясы құрылады. Қазақстан ғылымы үшін үлкен бетбұрыс болған тарихи оқиға – көрнекті ғалым, Қ.И. Сәтбаевтің есімімен тығыз байланысты. Қазақ ССР-нің Ғылым Академиясының президенті болып геолог Қ.И. Сәтбаев тағайындалады. Осы жылы Тарих, археология және этнография институтында Ә.Х. Марғұлан басқарған тұңғыш қазақстандық ғылыми-академиялық экспедиция – Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы (ОҚАЭ) мен 1947 ж. А.Н. Бернштам жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясы құрылып, бірден далалық зерттеу жұмыстарын бастап кеткен болатын. Зерттеулер өте кең аумақтық және хронологиялық шеңберде жүргізілді. Аумақтық тұрғыдан алғанда барлаулар мен қазбалар шығысында Қарқаралы, Абыралы маңынан батысында Ұлытау, Қарсақбай, оңтүстігінде Қаратауға дейінгі жерлерді қамтыды, солтүстік шығыста Шідерті өзенінің бойы зерттелді. Хронологиялық, яғни, мерзімдемелік жағынан қарасақ, сол жылдары неолит дәуірінен бастап

ортағасырларға дейінгі ескерткіштер ашылып, зерттелгенін көреміз. Экспедиция назарынан қорымдар мен қоныстар, ежелгі кен орындары мен культтік құрылыстар, ортағасырлық қалалар мен қоныстар тыс қалған жоқ. Бұл деректер ғылыми ақпараттылығы зор, аса ірі монографиялар мен көптеген мақала, хабарламаларда жарық көрді. Еліміздің ескерткіштерін жан-жақты кешенді зерттеу осы экспедициядан бастау алады және ОҚАЭ болашақ қазақстандық археолог, этнограф ғалымдар үшін ғылыми бағыт-бағдар берген мектеп болды (Бейсенов, 2015, б. 41-43).

Экспедиция жетекшісі Ә.Х. Марғұланның 1947 жылы шыққан «Археологические разведки в бассейне р. Сары-Су» атты мақаласында Сарысу, Кеңгір, Шу өзендерінің бойында, сондай-ақ солтүстік Қаратау алқабында қыстау-қалашықтардың қирандылары, егіншілік үшін пайдаланылған арықтардың, жалпы айтқанда, отырықшы мәдениет қалдықтарының көптеп кездесетінін жазады (Маргулан, 1947, б. 17). Көп жылдық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Орталық Қазақстандағы қола дәуірінің қоныстары, металл өндірген ежелгі кен орындары, Беғазы типтес тастан тұрғызылған құрбандық шалу және жерлеу ескерткіштерінен бастап, Сарысу, Кеңгір өзендері алқабындағы ортағасырлық қалашықтар, суармалы егіндік танаптары, соңғы ортағасырларға дейінгі тастан, балшықтан, қам кесектен (күйдірілмеген кірпіш) салынған тұрғын-жайлар анықталды. Бұл құрылыстардың барлығы жартылай көшпелі мал шаруашылығы мен суармалы егіншіліктің негізіндегі тұрақты экономикалық дамудың нәтижесінде пайда болды деп тұжырымдайды (Маргулан, 1978, с. 6-7).

1960 жж. Жетісу археологиялық экспедициясында (бұрынғы Іле археологиялық экспедициясы) К. Ақышевтің шешімімен Жетісу өңірінің отырықшылық мәдениетін және осы тақырыпқа қатысты ескерткіштерді зерттеп анықтау мақсатында жеке отряд құрылады. Бұл отрядқа ғалымның өзі жетекшілік етіп, нәтижесінде Жетісу, Оңтүстік Балқаш өңірінің қоныс-қалалары, ирригациялық құрылыс қалдықтары анықталды. Сонымен қатар осы шағын топ Арыс, Сырдария өзендерінің орта ағысына, Қаратаудың оңтүстік, солтүстік беткейлеріне, Сарысу, Талас өзендерінің төменгі ағысына және Отырар өлкесіне барлау жұмыстарын жасайды. Нәтижесінде ондаған ортағасырлық қала мәдениетіне жататын ескерткіштер анықталып, шурфтар салынып, жоспарлары сызылып, топографиялық зерттеулер жасалды. Бұл жұмыстарды 1969-70 жж. Отырар экспедициясы жалғастырып, Оңтүстік Қазақстан өңіріне археологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп, ғылымда белгісіз болып келген 80-нен аса қала орындары мен қыстаулардың қирандыларын тапқан болатын (Акишев, Ерзакович, Байпаков, 1969, 5-43 бб.).

1971 ж. К. Ақышев жетекшілік еткен Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (ОҚКАЭ) құрылады. Мұнда бірнеше бағыттағы зерттеу топтары болды. Мұнда қорғандарды зерттейтін топқа Б. Нұрмұханбетов жетекшілік етсе, палеоэтнографиялық топты С. Жолдасбаев басқарды (Бейсенов, 2019, 16-19 бб.). Палеоэтнографиялық топ 1969-1970 жж. Отырар өлкесіне және Сырдың орта ағысына зерттеу жүргізіп, XV-XVIII ғғ. қазақ халқының тұрақты тұрғын-жайларын анықтаған еді. 1970-1974 жж. Қаратаудың солтүстігіндегі сайлардың ішінен XVIII-XIX ғғ. жататын қазақ халқының жүздеген қыстауларының орны табылды. Бұлардың барлығы әрбір сайда төрт-бесеуден, мал-жанға қолайлы, суы мен оты мол жерлерге салынған. Қыстаулардың кейбіріне салынған қазба барысында тек қана ағайынды Кузнецовтардың таңбасы басылған шыны ыдыстардың түбі табылды (Жолдасбаев, 2017, 52 б). XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында Ресейде Кузнецовтардың фарфор-фаянс өндірісінің болғанын ескерсек, қыстаудың да қай уақытта өмір сүргенін анықтауға болады. Аталмыш аймақтармен бірге 1972 ж. бастап осы тақырып аясында, Орталық Қазақстан өңіріне де, дәлірек айтқанда Ұлытау бөктерінен Жезді, Қаракеңгір, Сарыкеңгір, Сарысу өзендерінің алқабынан уақытша бекініс, қыстау, қыстақтарға барлау-қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде зерттеуші Орталық Қазақстанда тұрақты тұрғын-жайларды үш типке бөліп қарастырды. Олар: бекіністер, қыстаулар және қыстақ-кенттер. Бекіністер жаудан уақытша қорғану үшін салынса, қыстаулар аяқты малға қолайлы, қары көп жатпайтын, желдің өтінен таса, бораннан ықтасын жерге салынады. Күні бүгінге дейін малшылар осы қыстауларды немесе сол төңіректі мекендеп жүргені мәлім. Ал қыстақтарда тұрақты үй салып жер өңдеу кәсібімен айналысса, кент-қыстақтың экономикалық-мәдени жағынан дамыған түрі. Мұндай тұрғын-жайлар суы мол өзендер алқабында орналасқан. Бұларды бір бірінен ажырата білу қазба барысындағы мәдени қабаттардан-ақ байқалады. Мысалы бекіністе уақытша ғана тұрғандықтан мәдени қабат кездеспейтін болса, қыстауларда өте жұқа, ал, қыстақ-кенттерде 0,5-1 м. дейін қалыңдықта кез-

десуі Орталық Қазақстан өңірінде отырықшылық мәдениеттің болғандығын, отырықшылықтың үзілмей ұзақ уақыт бойы үнемі жалғасын тауып келгендігін айғақтайды. Зерттеуші өз зерттеуінде бірінші кезеңнің ескерткіштеріне баса назар аударады. XV-XVIII ғғ. қазақ халқының материалдық мәдениеті жартылай отырықшылдық сипатта дамыды. Тұрғын-жайлардың басым көпшілігі тастан салынды. Үйлердің ішіндегі қазан-ошақтың орналасуы, үйшілік құрылыстар жүйесінің ұқсастығы ғасырлар бойы жалғасып келе жатқан бірізділікті, дәстүрді көрсетеді. Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген қыстаулар мен қыстақ, кенттердегі тұрғын-жайлардың өзіне тән бір ерекшелігі киіз үй тәрізді шошалалардың салынуы. Зерттеуші қазақ дәуірі ескерткіштерін екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығы дәуіріндегі ескерткіштер, екіншісі XIX ғасыр мен XX ғасырдың бірінші жартысындағы ескерткіштер тобы. Атырау бұл жұмыстар өз кезегінде қазақтар XIX ғ. дейін тек көшпелі дәстүрді ұстанған, отырықшылық мүлде болған емес деген қасаң қағиданы жоққа шығарады.

Сол уақытта халық мекендеген бекініс, қала, қалашық сияқты отырықшы мәдениеттің нысандары мемлекет тарапынан мәдени мұра ретінде есепке алынып, зерттеліп жатқанымен, XIX-XX ғғ. қазақ қыстаулары тақырыбы мүлде жабық күйінде, ескерткіштер санатына енбей қалды. Жоғарыда айтылған авторлардың әр жылдардағы зерттеулері болмаса, республикамыздың барлық аймағын қамтитын ғылыми-кешенді жұмыстар жүргізілген жоқ.

Еліміз тәуелсіздік алып Кеңес өкіметінің құрсауынан шыққан соң коммунистік көзқараспен жазылған тарихымызды қайта қарауға, айтылмай «ұмыт қалған» тұстарын қайтадан түгендеуге мүмкіндік туды.

Тәуелсіздік жылдары Қазақстан археологиясы үлкен жетістіктерге жетті. Осы кезеңде бай деректік материалдарды берген көптеген жаңа ескерткіштер ашылды. Мұндай ашылулар әлемдік ғылымның мәңгілік мұрасына айналды. Оған тікелей мұрындық болған, тың серпін берген – Н.Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» мемлекеттік бағдарламалары мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» сынды мақалалары болды. Бағдарламалар нәтижесінде алыс-жақын шетелдердегі архивтерден, кітапханалардан тарихи мазмұндылығы өте құнды деректер алынса, археологиялық жетістіктер де ауыз толтырып айтарлықтай табысқа жетті.

Бірақ, тас, қола, ерте темір, ортағасырлар дәуірлерінен бөлек өте аз зерттелген, тіпті, археологиялық тұрғыда зерттелмеген деп айтуға болатын тақырып – ол қазақ халқының XIX-XX ғғ. тұрғын-жайлары, яғни, қазақ қыстаулары еді. Бұл мәселе қазіргі археология ғылымындағы жаңа міндеттерден бөлек, жаңа актуалды мәселелерді туындатады. Кеңес үкіметінің тарихнамасында қазақ қоғамында Кеңес үкіметі орнағанға дейін тұрақты қоныс-қыстау болған жоқ деп саналды. Бірақ, ғылыми мәліметтер (археологиялық, этнографиялық, архивтік) мұндай пікірлерді жоққа шығарады. Қазақстанда стационар қыстаулардың, басқаша айтқанда отырықшы мекендердің бар болу мәселесі, далалық көшпелілер деген жалаң түсінікті жоққа шығаратын бірден бір бұлтартпас дәлел. Кеңес үкіметі кезінде де, тәуелсіздік жылдары да өте аз зерттелсе де ғылыми деректер республиканың барлық жерінде қыстаулар болғандығын көрсетеді. Бірақ, қыстаулар ешқашан мақсатты түрде кең зерттелмеді. Тек жоғарыда көрсетілгендей бірен-саран ескерткіштерге Кеңес үкіметі тұсында Жетісу, Орталық Қазақстан, әсіресе, Оңтүстік Қазақстанда С. Жолдасбаевтың басшылығымен қазба жұмыстары жүргізілді.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі тұста XIX-XX ғғ. қыстаулар республикамыздың тарихи-мәдени ескерткіштері есебінде болмаса да, К. Ақышев, М. Хабдулина, С. Әжіғали, А. Бейсенов, Э. Усманова, Л. Тұрғанбаева, Е. Рақымов сынды ғалымдардың тарапынан тыс қалған жоқ.

Отандық археолог ғалымдардың арасынан осы кезеңге байланысты ескерткіштерге алғашқылардың бірі болып назар аударған көрнекті ғалым К. Ақышев болды. Ол Жетісу өлкесінің Ақтерек, Беріктас, Ақтас өңірлерінде және Есіл бойында су жүргізілген арықтар, саман кірпіштен тұрғызылған құрылыстар, бейіттердің көптеп кездесетінін археологиялық барлау жұмыстары кезінде айтқан болатын. Өкінішке орай ғалымның отандық этноархеология ғылымына зор үлес болып қосылатын бұл ойлары баспасөз бетінде жарық көріп, ғылыми айналымға енбеді. 2001 ж. К. Ақышевтің басшылығымен құрылған Есіл экспедициясы (М. Хабдулина т.б. ғалымдар) ерекше тарихи-саяси мәнге ие Бозоқ қалашығын ашып қана қоймай, Есіл өзенінің алқабынан қола, ерте темір, ортағасыр дәуірлеріне қатысты ондаған ескерткіштерді зерттеді. Ғалымның назарынан қазақ дәуірі ескерткіштері – қыстауларда тыс қалмады. Аталған өзен атыра-

бынан қыстаулардың шым басқан қиранды орындарын анықтады. Барлау барысында 3-4 үйі бар шағын қоныстардан 20-ға тарта немесе одан да асатын үйлері бар ірі қоныстар кездесті. Бұлардың маңынан шаруашылық құрылыстары, ескі құдықтың шұңқырлары, ұста дүкендері, құрал-сайман бөлшектері, ыдыс сынықтары, патшалы Ресей заманының монеталары, су жүрген арықтардың іздері табылды. Ғалым осы кезеңнің ескерткіштеріне жан-жақты, тұрақты зерттеулер жүргізуге ерекше көңіл бөлу қажет екенін айтты. Аталмыш экспедиция күні бүгінге дейін нәтижелі зерттеулерін тоқтатқан жоқ (Хабдулина, 2017, 125 б).

Қыстауларды ғана емес, қазақ дәуірі ескерткіштері болып есептелетін мазарлардың түрлерін, құлпытастарды, ондағы жазулар мен таңбаларды ұзақ жылдар бойы ғылыми, әрі методикалық тұрғыда зерттеп жүрген ғалымның бірі – С. Әжіғали. Ол өзінің 1978-2001 жж. аралығындағы Арал-Каспий өңіріндегі зерттеу жұмысын қорытындылаған «Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона)» атты еңбегінде Арал-Каспий өңірін мекендеген қазақ халқының тарихи-мәдени құндылығы өте жоғары 400-ге жуық мемориалдық-культтік архитектуралық ескерткіштеріне типологиялық, тарихи-этнографиялық тұрғыда ғылыми баға берді (Ажигали, 2002.). Ол қазақ дәуірі ескерткіштерін мемориалды-діни архитектурасы, қоныс-жұрт ескерткіштері, түркі арабграфиялық эпиграфика ескерткіштері деп үлкен үш топқа бөліп зерттеуді ұсынды (Әжіғали, 2012, 17 б). Сонымен қатар ғалымның қазақ дәуірі ескерткіштерінің тез жойылып бара жатқанын және оны сақтаудың, зерттеудің шұғыл түрде қажет екендігіне алаңдаушылық білдіреді. Осыған орай, Батыс Қазақстан өңіріндегі қазақ қорымдарын зерттеу мақсатында жасалған практикалық әдістеменің көптеген аспектілері арқылы қыстауларды да зерттеуге болады деген пікірімен келіспеске болмайды (Бейсенов, 2019. 13 б).

Ал тарихи-мәдени ескерткіштерге бай өлкелердің бірі Орталық Қазақстанда қазақ қыстаулары мәселесін көтеріп, зерттеп жүрген археолог-ғалым – А. Бейсенов. Ол алғашқылардың бірі болып қазақ қыстауларына тарихи-мәдени мұра мәртебесін беріп, республикалық ескерткіштер санатына енгізу мәселесін көтерді. Соңғы бес жылда (автордың қатысуымен) Торғай, Атасу, Қарқаралы, Ақтоғай өңірінде қарастырылып отырған тақырып бойынша археологиялық барлау жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде қыстаулардың жоспары, планиграфиясы, табиғи-ландшафтық жағдайына байланысты топографиялық ерекшеліктеріне мән беріліп, заманауи техника жетістіктерін пайдаланып, (квадрокоптер, GPS спутниктік-навигациялық құралымен) түсірілімдер жасады (Бұл да сонда, 14 б).

2019 ж. Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы территориясында қазақ шыққан тұңғыш математик Алаш арыстарының бірі Әлімхан Ермековтің туған Бөріктас қыстауына А. Бейсеновтің жетекшілігімен (мақала авторының қатысуымен) қазба жұмысы жүргізілді. Бұл республикамыздағы барлау, шурф салу, 1-2 бөлмесіне шағын қазба салу жұмыстарын есептегенде қазақ қыстауына толықтай жасалған алғашқы қазба еді. Қазіргі таңда қазба материалдары ғылыми тұрғыда өңделіп, баспаға даярлану үстінде. Қазіргі кезде Қарағанды облысында бұдан да басқа әнші Әсет Найманбайұлы, көрнекті мемлекет қайраткері Нығмет Нұрмақовты және т.б. оқытуға демеушілік етіп, себеп болған меценат Ақайдың Қасені, Алаш көсемдері Әлихан Бөкейхан мен Ақбайдың Жақыбы сынды тарихи тұлғалардың өмірге келген, мекен еткен қыстауларының орындары белгілі (Бейсенов., 2020, 241 б).

2015-2018 жж. Торғай өңіріне А. Бейсеновтің жетекшілігімен жасалған барлау жұмысы барысында ағартушы-ғалым, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы мен ағасы Қали, інісі Мәшеннің мекендеген Мәшен қыстауы белгілі болды (Базарбаева, 2020, 141-142 б). Сонымен қатар, Торғай, Қабырға, Тасты өзендерінің бойы зерттеліп, Қоянбай, Түлекбай, Иірім, Қарасүлеймен, Кәрібай, Әлмағамбет тәрізді 40 тан астам қазақ қыстаулары мен зираттары зерттелді (Дүйсенбай, 2020, 498-509 бб).

Осындай зерттеу қорытындылары қазақ қыстауларының соңғы жиырма жыл бойы зерттеліп келе жатқан сақ қоныстарымен топографиялық-планиграфиялық ерекшеліктері, үй салу техникасы, архитектуралық жағынан өзара ұқсастықты, үндестікті көрсетеді. Сөзіміз дәлелді болу үшін мысал келтіре кеткенді жөн санадық.

Адамзат баласы қай уақытта болмасын табиғатқа, қоршаған ортасына тәуелді деген тәмсілге жүгінсек, Сарыарқаның сарышұнақ аязына, ат құлағы көрінбейтін ақ түтек боранына төтеп беру үшін Арқа қазақтары қыстауларын жер жағдайын ескере отырып, таудың шығыс, оңтүстік шығыс беткейлеріне, су жүретін, қар үйірілетін жазыққа емес, тау етегінің биіктеу тұсына, ық жағына салатын болған. Себебі тір-

шілігінің негізгі тірегі төрт түлік малы болған қазақ халқына қай заманда болсын, шөбі шүйгін шұрайлы, қар түспейтін, түссе де көп жатпай желмен ұшып кететін, көктемде қары тез кететін жерлер қашанда қажет болған. Осынау атадан балаға жалғасқан дәстүр әлі күнге дейін өзінің маңыздылығын жойған емес. Қазақ халқы «жер дауы» мәселесін бірінші орынға қоятыны да содан болар.

Орталық Қазақстан ерте темір дәуірінің қоныстарын іздеп табу, қазба жұмыстарын жасап, кешенді түрде зерттеу, зерделеу тек соңғы жиырма жылда ғана қолға алынып, ғылыми айналымға ене бастады. 2000 ж. археолог А. Бейсенов алғаш рет іздеу жұмыстарын Шығыс Сарыарқа өңірінен бастады. Археологиялық барлау жұмыстары барысында сақ дәуірі қоныстарының жоғарыда айтылған қазақтың ескі қыстауларының маңынан, тіпті, астынан табылуы зор ғылыми жаңалық болды. Бұл екі дәуір ескерткіштерінің өзара топографиялық ұқсастықтарын көрсетеді. Ауданы жағынан шағын болып келетін сақ қоныстарының қабырғасын таспен көтеру тәсілі, планиграфиялық тұрғыда тығыз, жинақы түрде орналасуы да қазақ қыстауларын еске түсіреді. Сақ қоныстарының қабырғасын көтеру тәсілі екі қатар ірі тастар қойылып, ортасы ұсақ тас немесе топырақпен толтыру арқылы жүзеге асады. Бұл Орталық Қазақстанда қола дәуірінен келе жатқан үрдіс және мұның қазақ қыстауларынан көрініс табуы мыңдаған жылдар бойы үзілмей келе жатқан дәстүр екендігі еріксіз ерекше назар аудартады (Бейсенов, 2020, 79 б). Қазіргі таңда ғылыми ақпараттылығы өте маңызды Сарыбұйрат, Қызылсүйір, Керегетас, Қаратал, Түйетас, Едірей, Абылай сияқты 50-ден астам сақ қоныстары белгілі. Оның он шақтысына қазба жұмыстары жүргізіліп, материалдары мен қорытындылары ғылыми баспасөз беттерінде жарық көрді. Сонымен қатар, сақ қоныстары арагидік Ақмола, Шідерті, Жетісу, Тарбағатай өлкелерінде зерттелу үстінде (Бейсенов, 2015, 14 б).

Қазақ қыстаулары қазақ қоғамының, тарихы мен мәдениетінің әлеуметтік-экономикалық ажырамас бөлігі және индикаторы болып табылады. XIX ғ. мен XX ғ. басындағы қазақ қоғамының шаруашылық түрі, деңгейі оның бағыттары мен ерекшеліктері, дәстүрлі үй құрылысы, далалық жағдайда тұрғындардың шұғыл континентальды климатқа бейімделуі мәселелері тәрізді аспектілер қыстау материалдары негізінде зерттеледі. Қазақ қыстауларын археологиялық тұрғыдан зерттеу осы уақытқа дейін белгісіз болып келген көптеген тың мәліметтер береді. Себебі археологиялық қазба барысында қыстаудың планиграфиясы толықтай ашылады. Тұрғын-жайдың қабырғасы, едені, төбесін жапқандағы тіреу-діңгек, есік, табалдырықтың орындары және жылыту жүйесін (пеш) орналастыру тәртібі белгілі болады. Сондықтан да қазбаға дейінгі алдын ала жасалған кейбір болжамдар мен қорытындылар теріске шығып жатады. Орталық Қазақстанмен басқа да көршілес жатқан аудандардың топографиялық ерекшеліктері туралы материалдар, яғни, бір аумақ, мекен ету жағдайы (табиғи-географиялық фактор), өмір сүру тіршілігі және негізгі шаруашылық түрі (далалық ареал, көшпелі мал шаруашылығы) салыстырмалы түрде қолданылады. Бұл – материалдарды толықтай жинау және сараптау кезінде қаралатын мәселелердің бірі. Қыстаулардың қазақ қоғамынан алатын орнын анықтау қазіргі таңда этноархеология ғылымының басты жаңалықтардың бірі болып табылады.

Келесі кезек күттірмейтін, күн тәртібіндегі мәселенің бірі – қазақ қыстауларын тарихи-мәдени ескерткіш ретінде мемлекеттік мәртебе беру. Сол арқылы жергілікті құзырлы органдар (облыстық тарихи-мәдени мұраларды сақтау орталықтары немесе мемлекеттік инспекциялары) облыстың аудандары мен ауылдық округтерінің территориясындағы қыстаулардың толықтай тізімін алып, оны зерттеу, ғылыми түрде жүйелеу, классификациялау және сақтау, музеефикация мәселесін ұдайы назардан тыс қалдырмауы қажет.

Сонымен қатар бұл іс жүзеге асқан жағдайда музей экспозицияларында реэкспозиция жұмыстарын және елімізде туризм бағытын дамытуға елеулі үлес болып қосылары анық.

Әдебиеттер:

Ажигали С.Е. Архитектура кочевников – феномен истории и культуры Евразии (памятники Арало-Каспийского региона). – Алматы: Научно-издательский центр «Ғылым», 2002. – С. 654.

Акишев К.А., Байпаков К.М., Ерзакович Л.Б. Новое в средневековой археологии Южного Казахстана // Культура древних скотоводов и земледельцев Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1969. – С. 5-43.

Әжіғали С.Е. Қазақстанда мәдениет саласындағы аса маңызды ғылыми-тәжірибелік бағыт ретін-

де «ескерткіштануды» дамыту қажеттігі туралы // Қазақ ескерткіштану мәселелерінің 1-ші және 2-ші Симпозиум материалдары: Ақтөбе, 15 қыркүйек; Атырау, 22–24 қараша. Алматы–Атырау: «Ағатай», 2012. – 17 б.

Базарбаева Г., Джумабекова Г., Шашенов Д. Сохранится ли название Машен за зимовкой семьи Ахмета Байтурсынова? // Вестник Казахского Национального университета им. аль-Фараби. Серия историческая. – 2020. – №3. – С. 141-142.

Бейсенов А.З. Поселения и могильники сакской эпохи Центрального Казахстана // Сакская культура Сарыарки в контексте изучения этносоциокультурных процессов Степной Евразии. Сборник научных статей, посвященный памяти археолога К. А. Акишева. – Алматы: НИЦИА «Бегазы-Тасмола», 2015. – С. 14.

Бейсенов А.З. Организация и ранний этап исследований Центрально-Казахстанской археологической экспедиции // История и культура народов Юго-Западной Сибири и сопредельных регионов (Казахстан, Монголия, Китай): материалы международной научно-практической конференции (20-23 апреля 2015 года) / Отв. ред. Ф.И. Куликов. – Горно-Алтайск: РИО ГАГУ, 2015. – С. 41-43.

Бейсенов А.З. К.А.Акишев и вопросы изучения памятников казахского времени // Маргулановские чтения – 2019. Материалы Международной археологической научно-практической конференции, посвященной 95-летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А.Акишева. Нур-Султан, 19-20 апреля 2019 г. – Нур-Султан: НИИ археологии им. К.А.Акишева, 2019. – С. 13-30.

Бейсенов А.З., Дүйсенбай Д.Б., Ахияров И.Қ. Орталық Қазақстан сақ дәуірі қоныстары: пәнаралық зерттеулер // «Қазіргі археологиялық зерттеулердегі жаратылыстану ғылымдарының әдістері: теория мен практика» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 30 қазан. 2020. – «Қазақ университеті», 2020. – 79 б.

Бейсенов А.З., Шашенов Д.Т., Дүйсенбай Д.Б. Кызылшилик, зимовка семьи Хасена Акаева // Сохранение и изучение культурного наследия Алтайского края. – Барнаул: АлтГУ, 2020. – Вып. 25. – С. 241.

Глухов А.Н. Зимнее жилище актюбинских и адаевских казаков // Казаки. Антропологические очерки АН СССР. (Материалы Особого комитета по исследованию союзных и автономных республик. Вып. 11.) – Л., 1927. – С. 108-134.

Дүйсенбай Д.Б., Шашенов Д.Т., Жұманазаров Н.Ш. 2018 жылы Торғай өңіріне жүргізілген археологиялық барлау жұмыстары // Маргулановские чтения-2020. Материалы международной научно-практической конференции «Великая Степь в свете археологических и междисциплинарных исследований». (г. Алматы, 17–18 сентября 2020 г.). – Том 2. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2020. –498-509 бб.

Жолдасбаев С. Қазақ елінің XV-XVIII ғасырлардағы тұрақты мекен-жайлары. Оседлые поселения казахов в XV–XVIII вв. Settlements of the Kazakh of XV–XVIII centuries. – Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институты, 2017. – 52 б. (қазақша, ағылшынша, орысша).

Жұмашев Р.М., Амрина М.С. XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Орталық Қазақстанның этноәлеуметтік дамуы (Ф.А. Щербина экспедициясы мәліметтері бойынша): Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2015. – 168-211 бб.

Красовский Н. Материалы для географии и статистики России. Область Сибирских киргизов. СПб., 1868. – С. 220-224.

Маргулан А.Х. Археологические разведки в бассейне р. Сары-Су (Из отчета экспедиции 1946 года) // Вестник АН КазССР. – 1947. – № 7 (28). – С. 17.

Маргулан А.Х. Остатки оседлых поселений в Центральном Казахстане // Археологические памятники Казахстана. – Алма-Ата: Наука, 1978. – С. 6-7.

Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. / под ред. Ф. Щербина. Семипалатинская область. Каркаралинский уезд. – т VI-й. С.-Петербург, 1905. – С. 17-18.

Хабдулина М.К. К.А. Акишев и Ишимская археологическая экспедиция // Археологическое наследие Центрального Казахстана: изучение и сохранение. Сборник научных статей, посвященный 70-ле-

тию организации Центрально-Казахстанской археологической экспедиции Академии наук Казахстана. – Алматы: Научно-исследовательский центр истории и археологии «Бегазы-Тасмола», Алматы. 2017. Том 1. – С 125.

Шнэ В.К. Зимовка и другие постоянные сооружения кочевников Акмолинской области // Записки Зап.-Сиб. отдела РГО. Кн. XVII. Вып. I. – Омск, 1894. – ББ. 1-8.

Г.О. Байсариева
Отырар, Қазақстан
baisary.gyljanat@mail.ru

Б. НҰРМҰХАНБЕТОВТЫҢ ОТЫРАР АЛҚАБЫ МЕН ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚАБІРЛЕРІН ЗЕРТТЕУІ

Бекмұханбет Нұрмұханбетов Қазақстан Республикасының белгілі археологы. Зерттеушінің қысқаша өмірбаяны Уикипедияда (https://kk.wikipedia.org/wiki/Бекмұханбет_Нұрмұханбетов), археологтар сайтында (<https://archaeology.kz/author?id=79>), Түркістан лингво-өлкетану энциклопедиясында (Байсариева, 2019, 326 б) берілген. «Қазақстан археологиясының мәселелері» атты жинақтың 3-ші шығарылымы ғалымның 75 жылдығына арналған.

XX ғ. 60-шы жж. аяғында сол кездегі археология ғылымының басшысы Кемел Ақышев Отырар ескерткіштерін зерттеу мәселесіне қайта оралу қажет деп тапты. Ғалым Отырар ескерткіштерін зерттеу арқылы Қазақстанның байырғы және ортағасырлық тарихының, археологиясының көптеген мәселелерін шешуге жол ашылады деп санады. Оңтүстік Қазақстандық кешенді археологиялық экспедициясы құрамында көне қорымдарды іздеу мақсатында Б.Н. Нұрмұханбетов басшылық еткен арнайы топ құрылды (Қожа, 2019, 24-28 бб). Ізденістер нәтижесінде бұрын беймәлім болып келген бір топ жаңа ескерткіштер табылды.

Олардың қатарында б.з. бірінші мыңжылдығының бірінші жартысына жататын қорымдар – Мардан, Қыркескен, Көкмардан мазараттары табылды (Нурмуханбетов, 1974, с. 474; Нурмуханбетов, 1976, с. 130-136; Нурмуханбетов, 1978, с. 99-103; Нурмуханбетов, 1977, с. 519-520). Археологтар Б.Н. Нұрмұханбетов, Ю.И. Трифонов, Ә.К. Ақышев аталған ескерткіштерде қазба жұмыстарын жүргізді (Нурмуханбетов, Трифонов, Акишев, 1979, с. 539-540). Мардан мазаратындағы жерлеу рәсімі мен ондағы қытайдың «ушу» теңгесінің табылуы Б.Н. Нұрмұханбетов пен Р.З. Бурнашеваның арнайы мақаласында қарастырылды (Нурмуханбетов, Бурнашева. 1979, с. 28-35). Көкмардан мазаратындағы қазба жұмыстарының нәтижелері Б.Н. Нұрмұханбетов пен Д.А. Қожақовтың мақаласында жарияланды (Нурмуханбетов, Қожаков, 1997, с. 29–34). Шымкентте өткен Марғұлан оқулары жинағында басылған А. Бейсебаев пен М.Б. Нұрмұханбетовтың Көкмардан мазараты жөніндегі мақаласында ескерткіш құрылымы хақында кейбір бұрын жарияланбаған материалдар ғылыми айналымға енді (Бейсебаев, Нурмуханбетов, 2002, с. 104-110). М.Б. Нұрмұханбетовтың Көкмардандағы қазбалары «Қазақстан археологиясының мәселелері» атты жинақтың 3-ші шығарылымында жария етілді (Нурмуханбетов, 2011, с. 42-73). Осы еңбектерді жай шолып шыққанның өзінде Б.Нұрмұханбетовтың археологиялық зерттеулерінің негізгі нысандары ерте темір дәуірі мен ерте ортағасыр обалары болғанын байқаламыз.

Отырар оазисінде зерттеу жұмыстары барысында Б.Нұрмұханбетовтың бұрынғы тәжірибесінде жоқ, бұрын соңды қазып көрмеген жаңа ескерткіштер түрі - ортағасырлық мұсылмандық бейіт орындары мен жерлеу үстіне қойылатын құрылыстар болды. Ескерткіштердің жаңа түрін археолог қалай зерттеді, қандай тәсілдер қолданды деген сұраққа жауап іздеп Б.Нұрмұханбетовтың осы тақырыптағы мақалаларына назар салайық.

Мұсылмандық қабірлердің басты ерекшелігі - мәйіт қасына ешбір зат қойылмайтынын ескерсек олардың мерзімін анықтау өтте қиын болған. Б.Нұрмұханбетовтың зерттеулері осы өзекті ғылыми проблеманы шешу жолдарын іздеу тәсілдерімен қызықтырады.

Отырар оазисінде Б.Нұрмұханбетов қазба жүргізіп зерттеген алғашқы мұсылмандық мазарат Отырардан 4 шақырым қашықтықта орналасқан Құйрықтөбе қалашығының оңтүстігіндегі шекара аймағында болды. Құйрықтөбенің оң түстік-батысынан ерте мұсылмандық дәуірге жататын жерлеу орны табылды. Онда Б.Нұрмұханбетов қазба жүргізіп зерттеу жұмыстарының барысында жерлеу ерекшеліктерін сипаттады (Нурмуханбетов, 1974, с. 85-94; Ерзакович, Нурмуханбетов, Ордабаев, 1976, с. 518-519).

Қазба орындар Құйрықтөбе іргесіндегі көне канал жиектеріне жақын төбешіктерде жүргізілді. Археолог «Қазба I» деп белгілеген орында жеті мәйіт аршылды. Олар созыңқы түрде оң қырымен жатқызылған. Бастары солтүстік-батысқа, беттері оңтүстікке бағытталған. Қолдары шынтақтан иіліп кеудесінде орналастырылған. Бір мәйіттің қасында жалғыз тиын табылды. Қазба барысында басқа ешбір зат кезікпеді. Тек жалғыз қола тиын 5-ші мәйіттің жамбас сүйегінің оңтүстік жағынан кезікті (Нурмуханбетов, 1974, с. 86-87). Археолог тиынды нумизмат В.Н. Настичке көрсетіп саманилер соққан ақша екенін анықтаған. Қола тиын 893/894 ж. соғылған болып шықты (Ерзакович, Нурмуханбетов, Ордабаев, 1977, с. 67, прим.8). Оны мәйітті жерлеу кезінде арнайы қою мүмкін. Жалпы бұдан ертерек кезеңде де мәйіт қасына тиын қою дәстүрі кездескен (Нурмуханбетов, Бурнашева, 1979, с. 28-35). Осыған қарағанда тиынның табылуы кездейсоқтық емес, ескі дәстүрдің сарқыншағы болса керек деп ойлауға болады.

«Қазба II» орнында бес мәйіт аршылып онда жерленгендердің өзгешелеу қойылғанына археолог назар аударады. Мәйіттер кесек склептер – жәшіктер ішінде орналастырылған. Кесектер өлшемі: ұзындығы 32-40 см, ені 16-20 см, қалыңдығы 8-10 см. Алдындағымен ұқсастығы - бастарын солтүстік-батысқа қарай бағыттаған. Айырмашылығы екі адам қырынан жатқызылған, ал екі адам шалқасынан жатыр. Қазба II мәйіттер беттері не оңтүстікке бағытталған, не жоғары қаратып жатқызылған. Көпшілігінің қолдары иіліп кеудесіне қойылған. Біреунің ғана бір қолы төмен түсірілген, екінші қолы кеудеде. Бесінші мәйіт деңгейінен төмен екі хумша кезіккен. Қазба материкке дейін жеткізілмеген. Тек үстіңгі жерлеу қабаты аршылған және оны Б.Нұрмұханбетов «верхний погребальный горизонт» деп атайды (Нурмуханбетов, 1974, с. 87-89). Яғни бұл жерде бірнеше жерлеу қабаттары байқалады.

Қазба III орнында 10 қабір орны анықталып олардың 7 қазылған. Құрылымы, құрылыс материалы, жерлеу салты бойынша олар Қазба II орнындағы склептерден айырмашылығы жоқ болып шығады. Бұл жерде 5 хумша табылады. Соның бірі бала склепі үстіне қойылып бекітіліпті. Автордың пікірінше, кесектен салынған склептер көмілмей жер бетінде болған (Нурмуханбетов, 1974, с. 89-90). Алайда топыраққа көмілмей тұрғаны сенімсіздеу.

Б.Нұрмұханбетов бұл мәйіттердің жасын анықтау үшін аналогтарға, жерлеу түрі мен табылған материалдарға сүйенеді. Аналог ретінде Баба ата қалашығы қорымында археологтар қазған номерлері 5 және 12 обалардағы жалпы пошымы төртбұрышты үлгідегі жеті құрылысты алға тартады. Құрылымы, құрылыс материалы, жерлеу салты бойынша бұлардың құйрықтөбелік бейіттерге ұқсастығы барынша назар аудартады. Алайда олардың мерзімін қазған археологтар IX-XIV ғғ. деп белгілеген екен. Бұған қоса археолог аналог ретінде Қырғызстандағы Краснореченское мен Кысмышы қалашықтарынан зерттелген склептерге назар аударады. Оларды аталған ескерткіштерді қазған археологтар мәдени қабаттардың стратиграфиясы арқылы XII-XIII ғғ. жататынын анықтаған. Сонымен қатар Б.Нұрмұханбетов өз зерттеуінде Өзбекстандағы Тоққала қалашығындағы IX-XI ғғ. жататын мазараттағы құрылымына ұқсас 62 бейітті алға тартады. Олардың басым бөлігінде мұндай склептер жер астында болғанына назар аударылады. Тек сирек жағдайда жер бетінде болған деп санайды қазғандар. Б.Нұрмұханбетов өз зерттеуінде Түркменстандағы Гяур қаланың мазаратындағы бейіттердің материалдарын да пайдаланады. Олардың бір бөлігі XI -XII ғғ., кейбірі XIII-XIV ғғ. жатқызылған (Нурмуханбетов, 1974, с. 92).

Археолог мазарат қасындағы Құйрықтөбе қалашығының материалдарына назар салып табылған материалдар IX-XI ғғ. жататын цитадельден табылған табылымдарға жақын екенін айтады. Бұл жерде хумдар мен кесек өлшемдері болса керек. Бұған қоса автор жазба деректердегі Отырар алқабындағы ислам дінінің таралуы туралы ақпарларды пайдалана отырып бейіттер мезгілін анықтауға әрекет етеді. Қорыта келе I қазбадағы бейіттерді сол жерде табылған саманилік тиынға қарап IX ғ. жатқызады. Осы мазараттың төменгі шегі деп IX ғ., үстіңгі шегі ретінде XII ғ. белгілейді. Бұл кезең, зерттеушінің жазуынша,

түркі-оғыздардың ислам дінін қабылдағанына сай келеді, ал склептер пайда болған XI-XII ғғ. склептер кимақ-қыпшақтар дәуіріне сай келетінін айтады (Нурмуханбетов, 1974, с. 93). Табылған мәйіттерді талдап тануда, жасауда антропологиялық материалдың зерттеусіз қалғаны өкінішті.

1976 жылы жарияланған Б. Нұрмұханбетовтың Л.Б. Ерзакович, А. Ордабаевтармен бірге жазылған мақаласында Құйрықтөбе мазаратындағы бейіттерді IX ғ. аяғы, X-XI ғ. және XII ғ. бөліп қарайды. Бейіт шұңқырына жерленгендер ертерек заманға жатады деп санайды. Келесі кезеңді кірпіштердің өлшемдеріне қарай екіге бөледі: X-XI ғ. (40 x 20 x 8-7 см) және XII ғ. (36 x 18 x 8 см). Жоғарыда біз талдаған мақаладан басқа тың мәліметтер қатарына мына ақпарды қосуға болады: X-XI ғ. үшін склептермен қатар хум мен хумша және шаруашылық ыдыс ішіне бала мәйіттерін қою орын алғаны, Құйрықтөбе мен Алтынтөбе арасында XIII-XIV ғғ. жататын күйдірген кірпішпен (22-22,5 x 11 x 4,5-4 см) мола шұңқырлары жабылған бейіттер тән екені айтылады (Ерзакович, Нурмуханбетов, Ордабаев, 1976, с.518). Осы мақалада алғаш рет Қожа Ахмет Ясауи кесенесінен батысқа қарай мәдени қабат ішінде кесене табылғаны және оны зерттеу жұмыстары баяндалады.

1977 ж. Б.Нұрмұханбетовтың Л.Б.Ерзакович, А.Ордабаевтармен бірге жарияланған мақаласында Қожа Ахмет Ясауи кесенесі қасынан табылған нысанды зерттеу материалдары жарияланады (Ерзакович, Нурмуханбетов, Ордабаев, 1977, с. 59-72.). Мақалада жаңа табылған құрылыстың сәулет өнері туындысы ретінде жан жақты сипаттауды архитектор А.Ордабаев дайындаған. Біздің тақырыбымызға мақаланың археологиялық аспектісі маңызды болып табылады.

«Беймәлім» кесененің астыңғы көрханасы ғана сақталған. Қыштан өрілген көрхана ішіне 7 мәйіт орналастырыпты. 1 мәйіт ағаш табыт ішіне қойылған. Ол антрополог О.Смағұловтың анықтауынша орта жастағы (зрелого возраста) ер адам екен. Бұл шамамен 30-50 жастар арасы. Зерттеушілердің пікірінше, оның сүйектері бетінде кебін мата қалдықтары кезіккен. Табыт ағаш тақтайлардан жасалған. Ол темір шегелермен және скобалармен бекітілген. Мата қалдықтары табыт сыртынан да табылғанына қарағанда табыт матамен оралған. 2 мәйіт әйел адамдыкі. Оның жасы көрсетілмеген. Ол ағаш табыт ішіне орналастырылыпты. Табыт сыртында болған тері қалдықтары сақталыпты. Тіпті оның бетінде тігіс іздері сақталған (Ерзакович, Нурмуханбетов, Ордабаев, 1977, с. 62-63.). 3 мәйіт антрополог О.Смағұловтың анықтауынша орта жастағы (30-50 арасы) әйел адамдыкі. Ол да табыт ішінде болыпты. Алайда жерлеуден кейін қалып кеткен алаудан (непотушенный факел) мәйіт пен табыттың біраз бөлігі жанып кеткен. 4 мәйіт антрополог О.Смағұловтың анықтауынша орта жастағы ер адамдыкі. Ол да табыт ішінде жатқан. 5 мәйіт антрополог О.Смағұловтың анықтауынша (возмужалого возраста) ер адам. Бұл шамамен 28 жасқа дейінгі болса керек. Ол да табыт ішінде жатқан. Табыты терімен қапталыпты. 6 мәйіт антрополог О.Смағұловтың анықтауынша орта жастағы ер адам (Ерзакович, Нурмуханбетов, Ордабаев., 1977, с. 64). Ол да табыт ішінде жатқан. 6 мәйіт антрополог О.Смағұловтың анықтауынша орта жастағы ер адам. Ол да табыт ішінде жатқан. 7 мәйіт антрополог О.Смағұловтың анықтауынша 3-4 жастағы бала. Ол да табыт ішінде жатқан (Ерзакович, Нурмуханбетов, Ордабаев, 1977, с. 65.).

Барлық мәйіт шалқасынан жатқызылған, барлығы солтүстік-батысқа бағытталған. Табылған кесене мезгілін анықтауда оның сәулет құрылыс ретінде келбеті, мәйіттердің жерлеу түрі, мәдени қабаттар стратиграфиясы ескерілген (Ерзакович, Нурмуханбетов, Ордабаев, 1977, с. 67-72). Аталған тәсілдер негізінде құрылыстың соғылған уақыты мен қызмет етіп тұрған уақытын XVI – XVII ғ. бірінші жартысы деп белгіленген. Зерттеушілер жергілікті мұсылмандық жерлеу тарихын археологиялық материалдар негізінде қарастырып отырып XV-XVII ғғ. шалқасына жатқызу тән болған деген пікірге тоқтайды.

Қорыта айтқанда, археолог Б.Нұрмұханбетовтың жеке өзі және аталған әріптестерінің зерттеулері Оңтүстік Қазақстан аумағындағы мұсылмандық жерлеу рәсімдерін хронологиялық кезеңдерге бөліп бір жүйеге келтірді. Бейіт шұңқырына қырынан жатқызылып жерленгендер IX-X ғғ. жатады. XI-XII ғғ. жататын мәйіттер бір жағдайда қырынан, бір жағдайда шалқасынан жатқызылған. XII-XV ғғ. дәстүрге айналған шалқасынан жатқызу әдісі қазіргі кезге дейін қазақтарға тән болып келеді (Ерзакович, Нурмуханбетов, Ордабаев, 1977, с. 67-72). Археологтардың мұсылмандық бейіттерге қатысты осы тұжырымы ғылыми маңыздылығын қазіргі уақытқа дейін жоғалтқан жоқ.

Байпаков К.М. Археолог Бекен-ага // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. 13-15 бб.

Байсариева Г. Б. Нұрмұханбетов // Түркістан – руханият бесігі. Лингво-Өлкетану энциклопедиясы. 1 том. Алматы, 2019. 326 б.

Бейсебаев А., Нурмуханбетов М. Некрополь городища Кок–Мардан // Қазақстан археология зерттеулері. – Шымкент–Алматы, 2002. – С. 104-110.

Бейсенов А. Наш юбилей – археолог Бекен Нурмуханбетов // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. 7-12 бб.

Ержигитова А. Вклад Б. Нурмуханбетова в исследование погребальных памятников Южного Казахстана // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. 106-118 бб.

Ерзакович Л.Б., Нурмуханбетов Б.Н., Ордабаев А. Изучение погребальных памятников Отрарского оазиса // Археологические открытия 1975 года. – Москва: Наука, 1976. – С. 518-519.

Ерзакович Л.Б., Нурмуханбетов Б.Н., Ордабаев А. Подземное погребальное сооружение в Туркестане // Археологические исследования в Отраре. – Алма-Ата: Наука, 1977. – С. 59-72.

Қиясбек Ғ. «Ата-баба мұрасына қиянат жасама!»- деді Бекем ағам // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. 33-36 бб.

Қожа М. Ақсақал археологымыз Бекен // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. 31-32 бб.

Қожа М. Ортағасырлық Отырар тарихы. Нұрсұлтан, 2019.

Мухтарова Г. Қол жеткен арман // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. 22-27 бб.

Нурмуханбетов Б.Н. Могильник Мардан – погребальный памятник ранних земледельцев Отрарского оазиса // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. – Алма-Ата: Наука, 1976. – С. 130-136.

Нурмуханбетов Б.Н. Могильник Мардан // Краткие сообщения института археологии Академии Наук СССР. 1978. № 154. – С. 99-103.

Нурмуханбетов Б.Н. Могильник Кыркескен // Археологические открытия 1976 года. – Москва: Наука, 1977. – С. 519–520.

Нурмуханбетов Б.Н. Некрополь городища Кок-Мардан // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. 42-73 бб.

Нурмуханбетов Б.Н. Раннемусульманское кладбище близ городища Куйрыктобе // В глубь веков. – Алма-Ата: Наука, 1974.– С. 85-94.

Нурмуханбетов Б.Н. Раскопки погребальных памятников в Южном Казахстане // Археологические открытия 1973 года. – Москва: Наука, 1974. – С. 474.

Нурмуханбетов Б.Н. Некрополь городища Кок-Мардан // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. – С. 42-73.

Нурмуханбетов Б.Н., Бурнашева Р.З. Погребение с монетами из могильника Мардан (Отрарский оазис) // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия общественных наук. 1979, №5. – С. 28-35.

Нурмуханбетов Б.Н., Кожиков Д.А. Новый тип погребального сооружения в Южном Казахстане // Известия Министерства Науки – Академии наук РК. Серия общественных наук, 1997, №1. – С. 29-34.

Нурмуханбетов Б.Н., Трифионов Ю.И., Акишев А.К. Исследования могильника Кок–Мардан // Археологические открытия 1978 года. – Москва: Наука, 1979. – С. 539-540.

Самашев З. Бекен шал болғанда маған келген тосын ойлар ... // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. 16-21 бб.

Подушкин А. О Бекене Нурмуханбетовиче Нурмуханбетове // Қазақстан археологиясының мәселелері. 3-ші шығарылымы. Алматы, 2011. 28-30 бб

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУШІ ТҰЛҒАСЫ – КАРЛ МОЛДАХМЕТҰЛЫ БАЙПАҚОВ

Археология – гуманитарлық ғылымдардың ішіндегі ең жасы. Ол тарих ғылымында төңкеріс жасап, оның көлемі мен мазмұнын өзгеріске ұшыратып, көкжиегін кеңейте түсті. Археология ғылымы – тарихи мұралар арқылы адамзаттың өткен тарихын зерттейтін ғылым. Бұл мұралар жер қойнауында жататындықтан, археология «күрекпен қаруланған тарих» деп айтылады. Оның зерттеу аймағы – дала, орман, тау, құм, шөл, батпақ, өзен, теңіз. Кең байтақ Қазақстан даласында археологиялық ескерткіштер жетерлік. Олар өткен заманның жұмбақтары мен құпия сырларын өз бойында сақтап келеді. Бұл құпия сырды табанды әрі ізденімпаз жандар – археологтар ашады. Тарихта еш нәрсе із-түссіз жоғалып кетпейді. Жер қойнауындағы жұмбақты ашу – археологтардың міндеті.

Осындай қиын да күрделі салада еңбек етіп, Қазақстан археологиясының қалыптасуына, Ұлы Жібек жолының тарихын зерттеуге, тәуелсіз Қазақстанның археологиялық ғылыми орталығын құрып, оны дамытуға, кәсіби мамандарды дайындауға, археология бойынша халықаралық ғылыми-тәжірибелік байланысты қалыптастыруға қазақтың айтулы азаматы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Карл Байпақов зор үлес қосты. Ол ұлттық археологияның іргетасын қалаушылар Ә.Марғұлан мен К.Ақышевтің шәкірті әрі үзеңгілес әріптесі болған.

Карл Молдахметұлы Байпақов 1940 жылы 17 қарашада Алматы облысындағы Талғар қаласында педагогтар отбасында дүниеге келген. Әкесі Молдахмет Байпақов пен анасы Лидия Ивановна Баландина Қазақ педагогикалық институтын соғыс басталар алдында бітіріп, Есік селосындағы орта мектепте, ал одан кейін Талғардағы орта мектепте тарих пәнінен сабақ берген. Осында Молдахмет Байпақовты Қызыл әскер қатарына шақырады. Ол Ақтөбедегі танк училищесін бітіріп, лейтенант шенінде танк командирі болып фашистермен соғысқа қатысады. Украинада Корсунь-Шевченко операциясы кезінде ол 1944 жылы 3 наурызда тікелей нысанаға іліккен танкте отқа оранып қаза табады. Карлдың анасы орта мектепте, содан соң Талғар ауыл шаруашылығы техникумында оқытушы болып, 2004 жылы қайтыс болады.

К.М. Байпақов 1958 жылы Талғар қаласындағы №1 орта мектептің оныншы сыныбын алтын белгімен бітірді. Археолог, академик Карл Молдахметұлы Байпақовтың маман археолог болатыны жас кезінен-ақ белгілі болған. Өйткені ол қазіргі Талғар аталып жүрген, жазба деректерде Талхир атымен сақталған көне қаланың жанында туып-өсті. Келешек археолог, жас ғалым сол көне ескі қаланың бұзылған дуалдарының үстінде жолдастарымен жүгіріп, жасырынбақ ойнап, сынып жатқан көне сынықтарын теріп, оны мұғалімдеріне көрсетіп, үйіне әкеліп, оларды жинап жүрді. Міне, жас кезінен оның көне заттарға деген қызығушылығы, археологияға деген алғашқы қадамы осылай басталған. Орта мектепті бітіргеннен кейін оның археологияға деген арманы А. А. Жданов атындағы Ленинград Мемлекеттік университетінің археология кафедрасына оқуға түсіп жалғасып, оны ойдағыдай бітіріп, Ш. Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының археология бөлімінің ғылыми қызметкері болып жұмысын бастады.

Жетісу аймағындағы атақты Талхир қаласынан басталған ғылыми жұмысы біртіндеп «VII-XII ғасырлардағы Жетісу аймағындағы қалалар мен қоныстар» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғауына алып келді. Сөйтіп, жас ғалым Қазақстан археологиясында тұңғыш ортағасырлық маман археолог атанды.

Студент К. Байпақовтың ғылыми жетекшісі В.М. Массон болды. К. Байпақов онымен бірге Түркіменияға археологиялық экспедицияға барды, Артықтағы Қаратөбе, Алтынтөбе тәрізді тарихи ескерткіштеріне жасалған қазба жұмыстарына қатысты. Ол 2-ші курста оқып жүріп түркімен ғалымы Е.Атағарьевпен бірлесіп Қарақұм каналы құрылысы аймағындағы Хауз-хан қала деп аталатын қалашыққа қазба жүргізген археологиялық отрядты басқарды. К.М. Байпақов ортағасырлық Мервтегі және Сумбар өңіріндегі, Түркіменияның оңтүстік-батысындағы қазба жұмыстарына қатысты. Осы жылдары К.М. Байпақовтың ғылыми

мамандану бағыты айқындалды. В.М.Массонның әріптесі әрі досы, Қазақ КСР Ғылым академиясы Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институты (ТАЭИ) археология бөлімінің жетекшісі К.Ақышев одан Қазақстаннан оқып жатқан студентті ортағасырлық археология саласына, дәлірек айтқанда ортағасырлық қалаларды ғылыми зерттеу жұмысына баулуды өтінген еді. 1962 жылы жазда К. Байпақов ТАЭИ -дің Е.И. Агеева басқаратын Тараз археологиялық экспедициясына шақырылды әрі Отырар алқабына ғылыми іссапарға жіберілді. Бұл маусым айы болатын, міне сол кезде К.М.Байпақов алғаш рет Отырар алқабын көрді, Отырар-төбе, Құйрықтөбе, Алтынтөбе, Мардан-Күйік, Пышақшы төбе қалаларын сырттай көзбен шолып зерттеді, қыш коллекциясын жинақтады, өзінің сапары туралы ғылыми есеп дайындады. К.Байпақов жинақталған материалдар негізінде, жазба дереккөздерінің, ғылыми әдебиеттің негізіне сүйене отырып, «Отырар төбе және орта ғасырдағы Отырар алқабы» атты диплом жұмысын дайындап, оны 1963 жылы мамырда қорғап шықты. Отырарға барған алғашқы сапары К.М. Байпақовтың ғылым жолындағы тағдырын айқындап бергені сөзсіз еді. Өйткені бұл оның Отырар мен Отырар алқабындағы, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы ұзақ жылдар бойғы ғылыми жұмысымен, талмай ізденісімен байланысты.

К.М.Байпақов 1963 жылы аталған университетті бітіргеннен соң Алматыға оралды, оны Тарих, археология және этнография институтының археология бөлімі күтіп отырған болатын әрі бірден аспирантураға қабылданды. Оның ғылыми тақырыбы бөлім мәжілісінің бірінде бекітілді, ол

«Жетісудың ортағасырлық қалалары және қоныстары (VII-XII ғғ.)» деп аталды. Ал аспиранттың жетекшісі болып тарих ғылымдарының кандидаты К.А. Ақышев тағайындалды. Сол жылы жазда К.А. Ақышев басқарған Жетісу археологиялық экспедициясының (ЖАЭ) құрамында болған Карл Молдахметұлы Кегенге таяу жердегі Ақтас Үйсін қонысына қазба жұмыстарын жүргізуге қатысты, ал күзде К.А. Ақышев тобының құрамымен бірге Қазақстанның оңтүстігіне жасалған барлау сапарында болды. Жетісуға жасалған қазба жұмыстарының нәтижесінде материалдар жинақталды, бұл 1966 жылы қыркүйекте Тарих, археология және этнография институтының Ғылыми кеңесінде қорғалған «Жетісудың ерте ортағасырлық қалалары мен қоныстары (VI-XII ғғ.)» деп аталатын ғалымның кандидаттық диссертациясының өзегі болды (Карл Байпақов Автобиография. Алматы 2010).

К.М. Байпақов диссертацияны қорғағаннан кейін 1969 жылға дейін Жетісу қалаларын зерттеуді одан әрі жалғастырды.

1971-1976 жылдары Отырардың жоғарғы қабатында кең көлемде қазба жұмыстары жүргізілді. Қала құрылыстары, көшелер жүйесі, тұрғын үйлердің түрлері зерттелінді. Жиналған материалдар кейінгі ортағасырлық Отырардың әлеуметтік-экономикалық өмірін анықтауға мүмкіндік берді. Яссы, Ташкент, Бұқара және Отырардың өзінде соғылған теңгелердің қазбадан көптеп табылуы Орта Азиядағы сауда-экономикалық қатынасында бұл қаланың маңызды орын алғанын көрсетті. Кейінгі ортағасырлық Отырарды зерттеу қазақ халқы мен оның алғашқы мемлекеттік құрылымы Қазақ хандығының қалыптасу тарихын неғұрлым тереңірек танып, білуге мүмкіндік берсе, 1977-1985 жылдары Отырардың XIII – XV ғғ. жататын құрылыс қабатында қазба жұмыстары жүргізілді. Сол дәуірдің тұрғын үйлер кешені мен қорғаныс жүйесі ашылып, қыш ыдыстар мен металдан, шыныдан жасалған бұйымдардан тұратын археологиялық жәдігерлер көптеп табылды. Отырар мен басқа да қалалардың осы дәуір қабатында жүргізілген қазба жұмыстары Қазақстан, тіпті Орта Азия тарихында қалыптасқан жаңсақ көзқарасты теріске шығару мүмкіндігін көрсетті. Ол Қазақстан мен Орта Азияның көптеген қалалары монғол шапқыншылығынан кейін тіршілігін тоқтатқан, отырықшы мәдениет үлкен күйреуге ұшырап, қазақтар көшпелі тіршілікке ауысқан деген теріс көзқарастар еді. Археологиялық қазба жұмыстары шапқыншылық салдарынан қираған көптеген қалалардың ұзамай қайта қалпына келтіріліп, олардың мәдени-экономикалық тұрғыдан қайта дамығанын көрсетті. Отан тарихына толықтыру әкелген осындай іргелі өзгерістерді топтастыра келіп, ол туралы Қазақстан тарихының академиялық туындысын жазған да К.Байпақов болатын. Көп ұзамай археологиялық зерттеулердің нәтижелерін жалпыға жеткізген тағы бір қомақты монографиясы жарық көрді.

Көк күмбезді мешіт пен монша құрылыстары, құмырашылардың кварталы да осы кездері қазылып, аршылды. Қазба кезінде табылған күміс бұйымдар мен теңгелердің көмбесі Отырардың сауда орталығы болғандығын айқын аңғартты. Табылған теңгелерге К.Байпақов пен В.Настичтің бірігіп жасаған сарап-

тамасы қаланың Шығыс Түркістан, Мәуреннахр, Хорезм, Еділ жағалауы, Қырым және Таяу Шығыспен сауда-саттық жасап, тығыз қарым-қатыныста болғандығын көрсетті. Ішкі және далалық саудада негізгі қолда-ныста болған Отырарда соғылған теңгелер Орта Азияда да еркін айналымда жүргені дәлелденді (Байпақов, Нұржанов, 1992, 59-77 б).

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларын зерттеу жұмыстары К. Байпақовтың докторлық диссертациясына арқау болды. Ол 1986 жылы Мәскеуде «Средневековая городская культура Южного Казахстана и Семиречья (VI-XVIII вв.)» деген тақырыпта докторлық диссертациясын жемісті қорғап шықты. 1980 жылдары ол әлемдік тарихта айрықша орын алатын Ұлы Жібек жолы тақырыбымен де жемісті айналысты. 1987 жылы ЮНЕСКО-ның 24-сессиясында “Ұлы Жібек жолы” халықаралық жобасы кешенді түрде зерттелуі қажеттігі мақұлданса, осы халықаралық сауда жолының Қазақстан арқылы өтетін бөлігін зерттеу міндетін К.Байпақов өз мойнына алған болатын. Он жылдан астам уақыт жүргізілген зерттеу жұмыстары Ұлы Жібек жолының Қазақстанда қала мәдениеті мен сауда қатынастарының дамуы үшін ғана емес, бүкіл әлемдік сауда-экономикалық және мәдени, саяси байланыстар үшін де аса зор маңызға ие болғандығын дәлелдеп шықты.

К.Байпақовтың ұстаздық еңбегі өз алдына бір төбе. 1966 жылдан бері қаншама маман археологтар университет қабырғасында одан дәріс алды десеңізші. Ол “Қазақстанның ортағасырлық қалалары”, “Ұлы Жібек жолы” курстары бойынша дәріс оқыды. Оның жетекшілігімен ғылыми дәреже қорғаған кешегі шәкірттері бұл күнде Қазақстан археологиясының белді мамандарына айналған. Осы күнге дейін К.М. Байпақовтың жетекшілігімен 16 адам ғылым кандидаты және 5 ғалым ғылым докторы атақтарын қорғап шықты. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың ұйытқы болуымен 2003 жылы басталған “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысында қаншама жемісті жұмыстар атқарылғаны өзімізге белгілі. Міне, осы игі іске Археология институты да көп үлес қосты. Әсіресе, Қазақстанның ежелгі және ортағасырлық қалаларын зерттеу мәселесінде келелі істер атқарды. Көптеген қалалардың орнында жүргізілген қазбалар барысында ашылған монша, мешіт, медресе, салтанатты сарай орны секілді маңызды нысандарды сақтау, қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, ашық аспан астындағы музейлерге айналдыру ісі қол-ға алынған болса, бас археологтың жетекшілігімен және тікелей қатысуымен Қаялық, Тальхир, Алматы, Құлаң, Қасрибас, Усбаникет, Отырар, Кедер, Сауран, Янгикент, Жайық қалаларының орнында жүргізіліп жатқан қазба жұмыстары Қазақстан тарихына толықтырулар жасайтын тың мәліметтер беруде. К.Байпақов 22 монография жазумен қатар жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған 4 оқулық, мектеп оқушылары үшін 8 оқулық жазып, 15 түрлі-түсті альбомдарды баспадан шығарған автор. Оның 200-ден астам ғылыми мақалалары орыс, қазақ, ағылшын, француз, неміс т.б. көптеген тілдерде жарық көрген (Қазақстан Ұлттық Энциклопедия. 1999, 66-67 б).

К. Байпақов білікті маман, ұлағатты ұстаз ғана емес, танымал қоғам қайраткері. Ұлы Жібек жолының Қазақстан Ұлттық комитетінің мүшесі. “История цивилизации Центральной Азии” атты 6 томдықты дайындауда ЮНЕСКО халықаралық комитетінің мүшесі. Сондай-ақ “Мәдени мұра” мемлекеттік бағдарламасы бойынша қоғамдық кеңестің мүшесі. Ұлы Жібек жолы бойынша ЮНЕСКО-ның халықаралық сарапшысы. Тарих және этнология институты жанындағы докторлық диссертация қорғайтын кеңес төрағасының орынбасары қызметтерін атқарған.

Карл Молдахметұлының ғылым, білім, қоғамдық қызмет саласында атқарған еңбегін ғылыми қауым да жоғары бағалай білді. Бұл сөзіміздің бір дәлелі, оған “Средневековая городская культура Южного Казахстана” атты монографиясы үшін Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1988), “Қазақстан ғылымы мен техникасына еңбегі сіңген қайраткер” атағының (1998) берілуі деуге болады. Сондай-ақ, ол “Қазақстан ғылымына сіңірген еңбегі үшін” төс-белгісімен (2002), “Парасат” орденімен (2003), ЮНЕСКО-ның әлемдік ғылымға қосқан үлесі үшін медалімен (2005) марапатталған. Ол Қазақстан Республикасы “Ғылым қайраткері” номинациясы бойынша “Жыл таңдауы” фестивалі мен “Алтын адам” конкурсының жеңімпазы (2005), “Платиналы Тарлан” сыйлығының иегері (2007). Сонымен қатар, оның 2008 жылы Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының ассоциациясы “үздік автор” ретінде А.Байтұрсынов атындағы күміс медальмен марапаттаған. Әрине, бұл шағын еңбекте ғалымның археология ғылымына қосқан зор үлесіне кеңінен тоқталу еш мүмкін емес. Әйтсе де, айтылған әрбір жәйт Қазақстан ғылымын дамытуға азаматтың тынымсыз ізденіспен зор үлес қосқанын айтып тұр деген ойдамыз.

Әдебиеттер:

Қазақстан Ұлттық Энциклопедия. Алматы, 1999, 66-67 бб.

Карл Байпақов Автобиография. Алматы. 2010.

Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Карл Байпақов, Арнабай Нұржанов. Алматы «Қазақстан» 1992, 59-77 б

А. Тұрарұлы

Атырау қ., Қазақстан
aibek_tu@mail.ru

В.В Плахов

Астрахань қ., Ресей
vplakhov@yandex.ru

2019 ЖЫЛҒЫ САРАЙШЫҚТАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

2019 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласы орнында далалық зерттеу жұмыстары жалғасын тапқан болатын. Шілде-қазан айлары аралығында өткізілген жұмыстарды Атырау облыстық әкімдігі қаржыландырды. Облыстық әкімдікпен алдын-ала келісіліп жасақталған «Ортағасырлық Сарайшық қаласын зерттеу» бағдарламасына сәйкес, қазба орындары Жайық өзенінің жағалауы аумағында белгіленді. Қазба орны шаршы секторларға бөлініп, топырақ қабаттарын кезек-кезегімен алу арқылы, қазба жұмыстарының жалпыға ортақ қабылданған әдістерін сақтай отырып жүзеге асырылды.

Осы маусымда атқарылған жұмыстардың ішінде біз №2 қазба бойынша баяндап өтпекпіз. Бұл қазбада алғашқы жұмыстар 2017 жылы басталған болатын. 2017 жылы қазба жұмыстары барысында XIV ғасырдың II-жартысы – XV ғасырға тиесілі үй-жайлар анықталған. 2019 жылғы қазба маусымында бұрын анықталған тұрғын үй-жай орындарын одан әрі қарай ашып, зерттеу жұмыстары жүрді.

Қазба орны батыс-шығыс бағытында 23 м-ге, оңтүстік-солтүстік бағытта 41 м-ге дейін кеңейтілді. Зерттеу алаңы 5x5 м шаршыларға бөлінді. Шаршылар арасына жиектер қалдырылып, олардың көмегімен қазбадағы жағдай тіркеліп отырды. Қазбаның шығыс жиегінің азимуты 45-50°.

Қазбаның жоғарғы мәдени қабатында кездескен XV-XVI ғасырларға тиесілі жерленімдер де зерттелді. Барлығы қазба алаңынан 17 адамның жеке жерленімдері анықталды. Сонымен қатар 1 түйе мен 1 жылқы жерленген орын табылды.

Қазба орнынан бірнеше шаруашылық шұңқырлары табылған. Шұңқырлар көбіне дөңгелек пішінді етіп қазылған, тереңдігі 22-35 см шамасында. Қабырғасы тік немесе көлбеулеу келген, түбі тегіс боп келеді. Іші күл аралас сазды топырақ қабаттары, қара балықтың қылқан сүйектері мен шикі кірпіш сынықтарымен толтырылған.

Қазбаның оңтүстік-батыс секторында кесене құландысы ашылды.

Кесене. Кесене құрылысы қабырғалары шикі сұрғылт кірпіштен тұрғызылған, кірпіштер құмды сұр лай ерітіндісімен бекітілген. Құрылыстың ішкі өлшемі: солтүстік-оңтүстік бағытта 5 м, батыс-шығыс бағытта 3,5 м. Кесененің шығыс қабырғасының азимуты 15°. Батыс қабырғасының қалыңдығы 60 см. Кірпіш көлемі 32x19x6 см, сұр түсті құмдақты-сазды laidан құйылған. Кесене іргесі жердің беткі қабатынан 40 см тереңдіктен ашылды.

Кесененің солтүстік-шығыс бұрышынан оңтүстікке қарай 2 м-ден кейін кесене қабырғасының үстіне тегістеу үшін тағы бір кірпіш қабат қосылған. Оңтүстік-батыс бұрышы тұсы да тағы бір кірпіш қабатына биіктетілген. Осы оңтүстік-батыс бұрышта кесене қабырғалары жердің беткі қабатынан 60 см тереңдікте орналасқан. Кесене бұрышы диаметрі 70 см болатын дөңгелек контрфорс - гүлдестемен бекітілген. Гүлдестенің іргетасы негізгі қабырға қаландыларының 2-ші қатарының жоғарғы жағынан басталған. Гүлдесте шикі саман кірпіштен қаланған.



Кесене құландысы

Оңтүстік қабырғаның орта тұсында ені 85 см болатын ауыз қуысы орналасқан. Ауыз қуысының оңтүстік жағында, сарғыш кірпіштерден төселген ені 21 см, биіктігі 6 см болатын табалдырық анықталды. Ауыз қуысының солтүстік-шығыс бұрышында шығыңқы орналасқан өлшемі 23x40 см сары түсті шикі кірпіш бар.

Кесененің солтүстік-батыс бұрышы 50 см биіктікте сақталған. Бұл жерде гүлдесте құрылысы анықталмады. Солтүстік қабырға қаландысы да алдыңғыларына ұқсас. Кесененің солтүстік-шығыс бұрышы да диаметрі 70 см болатын гүлдесте түрінде қаланған. Гүлдестенің ортасында диаметрі 12 см, тереңдігі 10 см болатын тесік анықталды, бұл шамасы арқаулық бағана орнынан қалған із болса керек. Гүлдестеден оңтүстікке ұзындығы 50 см болатын қабырғаның құлаған бөлігі кеткен. Кірпіштер қырынан жатыр. Олар стандартты өлшемде, көлемі 21x37x6 см, кірпіштер құмды ерітіндімен бекітілген.

Шығыс қабырға сыртқы жағынан 23 см қалыңдықтағы қаланды кірпіштермен нығайтылған, солтүстік гүлдестеден басталып оңтүстік бағытқа 2,5 м созылған. Сыртқы қаланды негізгі қабырғаның іргесінен 20 см жоғары қаланған. Бұл жерде негізгі қабырға төменде орналасқан шұңқырдың кесірінен 15 см-ге отырып кеткен. Қабырғаның ортаңғы бөлігінде 20 см-ге дейін төменге отырып кеткен. Қабырғаның оңтүстік бөлігі осы шұңқырдың кесірінен кесіліп бөлініп тұр.

Кесененің оңтүстік-шығыс бұрышы да гүлдестемен нығайтылған, оның түбіне көлемі 40x20 см болатын ақ гипс блок қырынан қойылған. Ол қазба түбінен 25 см-ге шығып тұр.

Кесене ішінде солтүстік қабырғадан оңтүстікке қарай 80 см жерде кірпіштен жасалған қабірусті тасы орналасқан. Батыс қабырғадан оның шеті 75 см, шығыс қабырғадан 80 см қашықтықта. Қабір тасының ені түп жағында 60 см, ал ұзындығы 190 см. Оның іргесі солтүстік-батыс бұрышпен бір деңгейлес. Көлемі 21x21x5 см, 22x35x5 см, 26x35x5 см күйдірілген қыш кірпіштерден тұрғызылған.

Құрылысы: алдымен екі қатар кірпіш төселген. Ортадағы қабатының кірпіштері 10 см ашық аралықтары бар етіп қаланған. Оның үстіндегі үшінші қатар ішке қарай кіріңкі қаланған. Шеттері төменгі қабаттан 6 см ішке кіріп тұр. Кірпіштер сұр құмды балшық ерітіндісімен бекітілген. Бұдан басқа қатарлары сақталмаған, олар шамасы көгілдір түсті қыш тақтайшалармен фриз түрінде безендірілген болса керек,



№1 бөлме

бірнеше фрагменттерінің кесененің ішінен табылуына қарағанда. Қабір тасы сыртқы жағынан қалыңдығы 1 см-лік ұнтақталған алебастр сылағымен сыланған. Қабір тасы осы бойындағы әлсіз аумақта сынық пайда болып, оның оңтүстік бөлігі оңтүстікке қарай 6 см-ге қисайып отырып кеткен.

Қабір тасының оңтүстік шетінен оңтүстікке қарай 25 см қашықтықта еденге кірпіштер төселген. Оның сақталған ені 140 см, ұзындығы батыс және шығыс қабырғалары аралығына дейін жетеді. Қабір тасы кірпіштері сияқты бұл кірпіштерде қайта қолданыста болған, өлшемдері 21x21x5 см және 22x22x5 см және 32x26x5 см. Бір беті радиалды келген пішінді кірпіштер де кездесті, олардың өлшемдері 26x26x5 см.

Әрі қарай оңтүстікке еден саман кірпіш сынықтарымен толтырылып нығыздала тегістелген. Еден қалыңдығы 3 см-дей, сұр құмды саздақты топырақтан, арасына жұқа қабырғалы қыш ыдыс сынықтары: құмыра, тостаған, шығыр сынықтары қосылған, кей жерлерде қыш сынықтары 50% дейін молыққан. Сондай-ақ алебастр немесе борат түйіршек кесектер де бар. Еден мен табалдырық деңгейі бір-біріне сәйкес келеді.

Сонымен қатар, қаланың алтынордалық кезеңіне жататын тұрғын үйлер құрылысы анықталып, олар өзен саласы бұзып кеткен көшеге, яғни, есігі батыс бағытқа қарағаны байқалады.

№1 бөлме. Көлемі шығыс-батыс бағытында 4,3 м, солтүстік-оңтүстік бағытында 5,1 м. Оңтүстік қабырғасының қалыңдығы - 60 см. Өлшемі 23x37x7 см сары түсті саман кірпіштерден қаланған. Кірпіштер сұр құмды балшық ерітіндісімен бекітілген, қалыңдығы 1,5 см. Шығыс қабырға мен солтүстік қабырғаның қалыңдығы 80 см, батыс қабырғаның қалыңдығы 40 см. Оңтүстік қабырғаның азимуты 295°, шығыс қабырғаның азимуты 20°.

Бөлменің шығыс жағында П-тәріздес суфа бар. Суфаның солтүстік және оңтүстік бөлігінің ені 1,2 м, ішкі бұрышынан батысқа қарай ұзындығы 2,1 м. Қабырғасы 2 қатар кірпіш биіктігінде сақталған. Суфаның ортаңғы шығыс бөлігінің ені 2,1 м. Оның үстінде қалыңдығы 3 см құмды сазбен сыланған учаскелер сақталған, беті ақ балшық немесе боратпен ақталған. Суфаның іші мәдени қабат қоспасы бар сары құмды сазбен толтырылған.

Бөлменің солтүстік қабырғасынан ені 23 см, саман кірпіштері тігінен қаланған суфаның сыртқы қабырғасы басталған. Батыс қабырғадан 110 см және солтүстік қабырғадан 60 см қашықтықта, суфаның солтүстік бөлігінде, диаметрі 50 см тандыр пеш орналасқан, оның қабырғасының қалыңдығы 3 см. Тандырдан шығыс бағытқа екі кан арналары кеткен, солтүстік жағындағы арна ені 20 см, оңтүстіктегісінің ені 15 см, аралық қабырғасының қалыңдығы 15 см болады. Кан арналары шығыс қабырғада қосылып, қабырға бұрышынан қыш мұржа арқылы сыртқа шығып кететін болған. Кан арналарының беті шикі саман кірпішпен жабылатын болған.

Суфаның оңтүстік бөлігі бөлменің батыс қабырғасына тақала салынған. Суфадан солтүстікке қарай ені шамамен 90 см болатын қуыс пайда болған. Бұл жерде батыс бағытқа созылған ені 23 см болатын фахверк қабырға орналасқан. Ол ортасында диаметрі 12 см болатын тігінен орналасқан ағаш тіреулер қалдығы сақталған қабырғаның төменгі саман кірпішті бөлігі түрінде орналасқан. Бұл қабырғаның солтүстік жағында диаметрі 45 см болатын ошақ орналасқан, ол 2 қатар биіктікте саман кірпіштен қаланған. Оның ауыз қуысы батыс жағында. Іші өртенген қамыс күліне толы.

Бөлме едені жер беті деңгейінен 130 см тереңдікте анықталды. Еден үсті 2 см қалыңдықтағы сазбалшықпен сыланған.

Бұл бөлменің солтүстік қабырғасынан әріде №2 бөлме орналасқан.

№2 бөлме. Оның ішкі өлшемдері батыстан шығысқа қарай 4,3 м, солтүстік-оңтүстік бағытта 2,5 м болды. Батыс қабырғаның қалыңдығы 40 см.



№2 бөлме



№3 бөлме

Ол №1 бөлменің батыс қабырғасымен бір ось бойында орналасқан. Шығыс қабырға да №1 бөлменің шығыс қабырғасымен жалғасып кеткен. Бөлменің едені №1 бөлмемен бір деңгейде. Бөлме қабырғалары бұдан ертерек кезеңде тұрғызылған басқа бөлме қабырғаларының үстіне салынған. Еден деңгейінен 20 см төменнен тұрғызыла бастаған. Батыс қабырғасының оңтүстік бөлігінде ені 90 см болатын есік орны бар. Бөлменің ішкі көрінісінде еш құрылыс орны табылған жоқ.

№3 бөлме. Оның ішкі өлшемдері солтүстіктен оңтүстікке 3,2 м, шығыстан батысқа 4,5 м. Оңтүстік қабырғаның азимуты 280°. Шығыс қабырғасының азимуты 20°.

Батыс қабырғаның қалыңдығы 80 см, солтүстік қабырға қалыңдығы 60 см. Солтүстік қабырғаның шығыс жағында кеңдігі 80 см болатын қуыс бар. Батыс қабырғадан шығыс бағытқа 140 см қашықтықта солтүстік қабырға бойына тігінен қаланған саман кірпішті құрылыс жасалған және ол жобасында төртбұрышты болған. Ол солтүстік қабырғадан 70 см-ге шығып, қабырға бойымен 120 см-ге созылған. 4 кірпіш қатары сақталған. Іші бөлме едені сияқты борат кесектері аралас сазбалшықпен сыланған, 2 см қалыңдықта балшық құйылған.

Бөлменің қабырғасының батыс жағында 50 см қашықтықта параллель қабырға орналасқан. Бұл ұзындығы 140 см, ені 23 см болатын 4 қатар кірпіш қаландысы сақталған құрылыс орны. Бөлме едені №1 бөлмедегідей 130 см тереңдікте анықталды.

Бөлменің шығыс бөлігі 2017 жылғы қазба кезінде ашылған. Бұл бөлменің солтүстігінде №4 бөлме орналасқан.

№4 бөлме. Бөлменің батыс жағында №3 бөлмеден жалғасқан қабырға Жайық өзені жарқабағына жетіп кесілген. Бұл қабырғаның батыс жағында құлаған қабырға бөлігі жатыр, көлемі 2x2 м. Бұл бөлікте 20-дан астам кірпіш қатары бар. Құлаған қабырға бөлігінің азимуты 305°. Ол еденнен 20 см биік мәдени қабатта жатыр. №4 бөлменің шығыс бөлігі 2017 жылы қазба кезінде ашылған болатын. Бөлменің орта бөлігінен тандыр құрылысы анықталды. Тандыр диаметрі 90 см, биіктігі 50 см. Қабырғасының қалыңдығы 3 см, ішкі жағына 6 тісті тарақты сызықтармен көлбеу крест батыра өрнектелген. Тандырдың түбі еденмен бір деңгейде орналасқан. Тандырдың сырты саман кірпіштермен қапталған. Кірпіш өлшемі: ұзындығы 40 см, ені 23 см, қалыңдығы 6 см. Тандырдың шығыс жағында қабырға 40 см-ге жалпақ келген. Солтүстік жағынан қабырға 80 см созылып, тік мұржалы түтіндік камерасына тақалған. Ортаңғы бөлігінде ені 20 см ойыс пайда болып, қабырға осімен созылып жатыр. Тандырды қаптаған батыс қабырға толық сақталмаған, кейбір бөліктері ғана қалған. Осы жағында ені 20 см болатын тандырдың ауыз қуысы бар. Тандыр іші өртенген қамыс күлімен толған.

Осы тандыр құрылысынан әрі қарай солтүстікте қалыңдығы 50 см болатын шығыс бағытқа созылған қабырға ашылды. Оның оңтүстік жағында 120 см қашықтықта ені 23 см жіңішке қабырға параллель орналасқан. Тігінен қаланған саман кірпішті қабырғаның ұзындығы 2,5 м. Оның шығыс жағының кірпіші қатты күйген, көлемі 23x38 см саман кірпіш. Шамасы, бұл қабырға пеші бар суфаның қалдықтары болса керек.

Осы құрылыстың шығысынан солтүстік бағытқа созылған фахверкі қабырға бөлігі анықталды, ұзындығы 280 см. Қабырғаның төменгі деңгейі қазба едені деңгейінен 20 см жоғары және құланды қабырға бөлігімен бір деңгейге сәйкес келіп тұр.

Қазбадан 41 мыс тиындар мен басқа да метал бұйымдар, өңделген сүйек бұйымдар бөліктері және көптеген қыш ыдыс сынықтары табылды.

Қазба жұмысының соңында барлық зерттеуге алынған құрылыс нысандары арнайы жабынды материалдармен тұмшаланып, топырақпен жабылды. 2020 жылы бұл нысандарға қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, ашық аспан астындағы экспозициялық алаң жасақталды.

Әдебиеттер:

Отчет об археологических работах по теме: «Исследование средневекового городища Сарайчик (Ортағасырлық Сарайшық қаласының зерттелуі)». Атырау. 2019.

Т.Ж. Тулегенов, А.Г. Чекин, Е.А. Джасыбаев

г. Есик, Казахстан

tur4ik_kz@mail.ru, alexei.ch73@mail.ru, ormik80@mail.ru

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЙ ПОГРЕБАЛЬНЫЙ КОМПЛЕКС ТУРГЕНЬ-ОРНЕК-РАХАТ: К ВОПРОСУ О «ЦВЕТНЫХ» КУРГАНАХ

Могильник Тургенъ состоит из нескольких групп курганов, сосредоточенных по левому берегу реки Тургенъ у подножия северного склона хребта Заилийского Алатау, в административном центре одноименного Тургенского сельского округа, на его северо-восточной окраине на площади примерно в 155,17 га.

Памятник впервые был обследован в 1984 году Алматинской новостроечной археологической экспедицией (АНАЭ) при поддержке Центрального совета Казахского общества охраны памятников истории и культуры. Тогда были исследованы 4 погребальных объекта, надмогильные сооружения которых вошли в планировку пахотного поля. Все курганы без исключения оказались ограбленными (Нурмуханбетов, 1985). В следующем, 1985 г., наряду с охранными раскопками АНАЭ занялась паспортизацией памятников археологии Енбекшиказахского района. Руководил работами поискового отряда З. Самашев. Тогда же были составлены учетные документации большинства погребальных памятников, включенных в состав

Тургенского могильника. В 1992 г. казахско-итальянской археологической экспедицией был исследован один из курганов данного могильника (Нурмуханбетов, 1997).

В 2008 году был вновь обследован элитарный курган, относящийся к могильнику Тургенъ, группа II. Он был подробно описан ТОО «Археологическая экспертиза». Кургану было присвоено название «Цветной курган». Группа II могильника Тургенъ представляет собой сложный культовый поминально-ритуальный комплекс, отражающий религиозные представления и погребальную обрядность ранних кочевников региона Жетысу (Байпаков и др., 2009, с.19).

В 2016 г. ТОО «Археологическая экспертиза» исследовала III группу могильника (18 разномасштабных курганов), находящихся в 4,5 км к северу от села Тургенъ, к востоку от военного полигона, в рамках проекта «Археологическое изучение Могильника Тургенъ». Научно-исследовательские работы выполнены в полном объеме, собран полный и достаточный репрезентативный научный материал по археологическим объектам, представленный в научном отчете.

В этом же году заповедником-музеем «Иссык» были проведены археологические исследования вдоль нитки газопровода Куш-Тургенъ. Исследованы два небольших сакских кургана.

Ниже остановимся на описании исследованных памятников, где приведем общие характеристики исследований.

Объект I. Курган №1 (GPS географические координаты: N: 43°27'20.71''; E: 77°35'13.05''). Памятник был обнаружен в ходе предварительных разведывательных работ. Курган представлял из себя земляную насыпь высотой 0,5 м и диаметром около 15-17 м. Насыпь деформирована строительством дороги. С целью обнаружения могильной ямы посередине кургана был сделан разрез по оси С-Ю. На разрезе «бровки» отчетливо прослеживался искусственный привезенный слой земли. На границе между древней поверхностью и привозной землей найдены следы современной жизнедеятельности - консервная банка, кирпич (фрагмент), каменный уголь. Предполагается, что земля была привезена со свалки для нивелирования поверхности дорожного полотна, так как в 1970-80-ых годах над курганом проходила проселочная дорога. Под насыпью была обнаружена могила со следами ограбления. Каменная наброска была частично уничтожена, а забутовка разобрана. Забутовка состояла из валунов речной гальки средней величины. Время ограбления установить не возможно. Судя по ориентации могильной ямы захоронение, принадлежит к периоду раннего железного века IV-III вв. до н.э. На глубине 1,20 м обнаружены костные фрагменты человеческого скелета – ребро. На дне погребения – 1,60 см найден фрагмент нижней челюсти человека - судя по размерам женщины или подростка. Так же в отвале раскопа было обнаружено пряслице. В погребении других вещественных материалов не выявлено.

Объект II, курган №1 (GPS географические координаты: N: 43°29'31.24''; E: 77°35'15.42''). Во время вторичного исследования кургана обнаружилось, что посередине кургана была выкопана траншея. Траншея разрушила могилу полностью. При зачистке в центре кургана на западной стенке траншеи был выявлен фрагмент западной части погребения.

В 2019 году согласно письменной договоренности с ТОО «Тургенъ-Тас», заповедник-музей «Иссык» провел аварийно-охранные работы на могильнике Тургенъ, группе II. Указанный комплекс располагается вплотную к производственному комбинату по добыче и разработке речных галечно-валунных выработок – карьер «Тургентас». Границы карьера предполагалось обозначить рытьем арыка шириной 1 м., глубиной в 1,5 м. В результате проведения этих работ были задеты края нескольких курганных насыпей (рис.1). Было исследовано пять аварийных курганов, размеры которых не превышали в диаметре 8,5 метра, высотой – не более 0,3 м. Все они имели в центре небольшие грабительские воронки.

Описание выполненных работ:

Конструкция №1. Насыпь из камня однослойная (степень повреждения каналом 30%), диаметр 8 м. Размеры камня средние, ориентация могильной ямы СЗ-ЮВ, глубина 0,9 м. Яма подовальной формы 2,40x1,40 м. Заполнение ямы – камень и земля серого цвета. Костный и вещевой материал не обнаружен.

Конструкция №2 в пяти метрах южнее. Насыпь из камня однослойная (степень повреждения каналом 25%), диаметр 7,5 м. Размеры камня средние, ориентация могильной ямы СЗ-ЮВ, глубина 0,8 м. Яма подовальной формы 2,40x1,50 м. Заполнение ямы камень и земля серого цвета. Костный и вещевой материал не обнаружен.



Рисунок 1 – Погребально-поминальный комплекс могильника Тургень. Аэрофотоснимок

Конструкция №3. Насыпь из камня однослойная (степень повреждения каналом 15%), диаметр 8,3 м. Размеры камня средние, ориентация могильной ямы СЗ-ЮВ, глубина 0,9 м. Яма подовальной формы 1,9x1,35 м. Заполнение ямы камень и земля серого цвета. По краю конструкции встречается камень красных оттенков. Костный и вещевой материал не обнаружен.

Конструкция №4. Насыпь из камня однослойная, диаметр 7,5 м. Размеры камня средние, ориентация могильной ямы СЗ-ЮВ, глубина 0,6 м. Яма подовальной формы 1,7x1,3 м. Заполнение ямы камень и земля серого цвета. По краю конструкции встречается камень красных оттенков. Костный и вещевой материал не обнаружен.

Конструкция №5. Насыпь из камня однослойная, диаметр 9,5 м. (степень повреждения каналом 50%). Размеры камня средние, ориентация могильной ямы СЗ-ЮВ, глубина 0,8 м. Яма подовальной формы 1,9x1,4 м. Заполнение ямы камень и земля серого цвета. По краю конструкции встречается камень красных оттенков. Костный и вещевой материал не обнаружен.

Проведение археологических работ выявило следующее: 1) все курганные насыпи имеют каменную выкладку и забутовку могильных ям; 2) ямы небольших размеров (длиной не более 2 м., глубиной около 90 см.), ориентированы СЗ – ЮВ; 3) погребения либо граблены, либо являются кенотафами, поскольку в ходе раскопок не было выявлено костных останков и какого либо погребального инвентаря. Исследования памятника необходимо продолжить с целью определения датировки и конструктивных особенностей в сравнении с другими археологическими объектами региона Жетысу.

Наиболее изученными на данный момент являются могильники Тургень и Иссык. Изучая конструктивные особенности курганов, приходим к выводу о локальном своеобразии погребальных традиций местных племен. Так были отмечены ранее не публиковавшиеся конструктивные особенности так называемых «цветных» курганов.

В 2015 году был открыт уникальный памятник могильник Орнек. Он находится между поймами рек Иссык и Тургень. Изучение данного могильника шло пять лет. Могильное поле, состоявшее из двух цепочек и 16 курганов было целиком изучено. Надо отметить что, в подавляющем большинстве каменные кладки надмогильных и внутримогильных конструкций имели цветное различие (рис.2). Сопоставляя их с памятниками могильника Тургень мы видим поразительное сходство.



Рисунок 2 – Каменное кольцо кургана №2 могильника Орнек. Аэрофотоснимок

Понятие «цветной» курган ввели в научный оборот археологи Байпаков К.М., Воякин Д.А., Амиров Е.Ш., Антонов М.А. В 2016 году под руководством археолога А.А. Горячева были изучены курганы этой же группы.

На могильнике Орнек, который так же можно отнести к пойме реки Тургень предкурганые платформы почти всех курганов были выложены из голубого камня (рис.3). Могильное поле Орнека состоит из двух цепочек: первая цепочка из двух курганов и вторая цепочка из 14 курганов, ориентированных по оси север-юг. За четыре полевых сезона были исследованы девять курганов -1, 2 (первая цепочка) и 2-6, 8, 10 (вторая цепочка). Конструкции исследованных курганов нескольких типов, но судя по вещевому датировочному материалу, относятся к классическому сакскому периоду V-IV вв. до н. э. Все курганы имеют округлую форму, погребенные в них ориентированы головой на запад с небольшими отклонениями (классическое труположение у саков). Тем не менее, есть и серьезные отличия, которые связаны со статусом покойного и возможно с сезонными колебаниями погодных условий. Так курганы 1, 2 (первой цепочки) и курган 10 (второй цепочки) были грунтовыми, без крепиды и невысоких размеров (до 1 м), могильные ямы так же не глубокие 0,6 – 0,8 м. Все остальные имели конструктивно-семантический элемент крепиду и предкурганную платформу из голубого камня. Ширина платформы пропорциональна размерам курганов от 1 до 1,5 м. «Рубашка» из голубого камня у всех курганов с крепидой закрывает 30-40 % тела грунтовой насыпи.

Подобные конструкции с неполным покрытием каменным панцирем сегментосферы насыпи были зафиксированы К.А. Акишевым на могильнике Кызлауз III и датируются им III в. до н.э. (Акишев, 1963, с.161). Встречались и при раскопках на могильнике Орикты в 2017 того же периода. Это говорит о некоторой преемственности погребальных традиций усуней от более древнего населения Жетысу. Однако надо заметить, что некоторые курганные конструкции могильника Орнек имеют внутренние отличия. К примеру, в двух курганах 4,10 (второй цепочки) из девяти были грунтовые погребальные камеры, тогда как в остальных каменные цисты. Также необходимо отметить, что глубина могильной ямы сильно варьируется от 0,6 м в кургане 10 до 3,4 м в кургане 8. Углубление погребения и наличие заполнения цисты уложенным камнем (забутовка) предположительно связано



Рисунок 2 – Фрагмент кольца кургана №2 могильника Орнек

с созданием препятствия к проникновению потенциальных грабителей, что уже говорит о ценности инвентаря и особом отношении к покойному. Среди исследованных курганов особо выделяются два кургана, один из них 2 (первая цепочка) имел вторую цисту-жертвенник со следами кремации, второй (элитарный) 2 (вторая цепочка) имел цисту необычно больших размеров 4х6 м и парное захоронение. К конструктивным особенностям курганов Орнека можно отнести и наличие в трех из них 1, 2 (первая цепочка) и 5 (вторая цепочка) подходов к погребению в виде песчаных тропинок, функциональное назначение которых исследуется (как вариант - это оформленный подход к погребению в дождливый период или во время таянья снега). Трудозатраты на мытье и доставку песка, а так же наличие ила под ним, говорит о продолжительном времени (неделя и более) функционирования прохода, что свидетельствует о временном разрыве между созданием погребальной камеры и насыпи кургана.

Таким образом, можно сделать заключение, о локальном своеобразии данного, могильника, что в первую очередь связано с особыми погребальными традициями, истоки которых еще предстоит изучить, а так же с местной спецификой доступного материала для церемонии погребения.

В 2019 году был изучен элитарный курган на могильнике Рахат 3. Панцерный курган имел каменную «рубашку» из валунов речной гальки средних размеров. После доскональной зачистки выяснилось, что все камни имеют схожий (серый) оттенок, крепида красноватый, а обустройство могильной ямы велось исключительно пестрым камнем. Погребальная камера так же как в Орнеке имела подпрямоугольную форму (Бексеитов, 2020, с.58-63).

Таким образом, на небольшом пространстве между поймами рек Тургенъ и Рахат нам удалось отследить новый тип «цветных» конструкций относящийся к одному времени. Анализируя полученный, довольно богатый, материал, мы приходим к выводу, что исследованные курганные захоронения могильников Тургенъ-Орнек-Рахат могут относиться к памятникам «развитого» сакского времени региона Жетысу и датируются V-IV вв. до н.э., на что указывают форма и характер захоронений.

Литература:

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Культура саков долины р. Или VII-IV вв. до н.э. // Древняя культура саков и усуней реки Или – Алма-Ата: Академия наук КазССР, 1963. – 300 с.

Байпаков К.М., Воякин Д.А., Амиров Е.Ш., Антонов М.А. «Цветной» курган могильника Тургенъ // ҚР ҰҒА хабарлары=Изв. НАН РК. Сер. общественных наук, 2009. – № 1. – С. 19.

Бексеитов Г.Т., Тулегенов Т. Ж. Конструктивные особенности курганов сакской культуры Жетысу на материалах могильников Орикти I и Рахат III (итоги сезона 2019 г.) // Ұлы дала тарихы мен мәдениеті. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Алматы: «Шығыс пен Батыс», 2020. – С.58-63.

Нурмуханбетов Б.Н., Жаманак С. Архив Института археологии Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан. Поиски и раскопки в Алматинской области за 1985 г. Алма-Ата, 1985 г.

Нурмуханбетов Б.Н. Тургенский культурно-ландшафтный комплекс // Байпаков К.М., Марьяшев А.Н. Отчет о работах Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции в 1997 г. // Архив ИА МОН РК. Д. 2496.

Б.Е. Сатаева, А.М. Қосжанова

Есік қ., Қазақстан

botakozsatayeva@gmail.com, koszhanova.anara@mail.ru

ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ШЫҒЫС ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРІНДЕ КЕЗДЕСУІ

*«Тараз — өткен мен бүгінгі күннің арасын жалғастырушы
киелі де қасиетті желі, мәңгіліктің бейне нышаны...»*

Н.Ә. Назарбаев

Осынау тарихы тасқа, шежіресі құмға сіңген киелі Тараз шаһары ежелгі және ортағасырлық жазба деректерде кездеседі.

Ортағасырлық Тараз қаласы – мемлекеттер мен елдер арасында тарихи дамудың шарықтау кезеңінде өмір сүрген ірі ортағасырлық қала болып табылады. Ежелгі араб, парсы ғалымдарының жазба деректерінде «Тараз», «Талас», «Банки», «Ианги» немесе «Ианки» деген атауларымен белгілі ірі сауда орталығы ретінде суреттеледі.

Тарихи тамырын тереңге тартқан ортағасырлық Тараз қаласы ірі әкімшілік орталық болуымен қатар, Ұлы жібек жолының бойында орналасқан рухани және мәдени қалашық. Тараз қаласы негізінен сауда орталығы болып қана қоймай, керуеншілер мен саудагер-көпестердің мәдени-рухани ошағының орталығына айнала білді. Тараз қаласы туралы алғашқы жазба деректер I ғасырда Қытайдың «Танның жаңа тарихы» атты еңбегінде «Шуйцзянь қаласынан 60 ли жерде До-ло-сы (Талас) қаласы орналасқан» көрініс тапса, ал Қазақстан аумағында қаңлы конфедерациясы саяси бірлестігінің қалыптасу кезеңімен тығыз байланысты.

Қала атауының Тараз болып қалыптасуына дейінгі кезеңдерінде көптеген өткелектерден өткендігін тарих беттерінен көре аламыз. 1856 жылы қаланың негізгі атауы Қараханидтер әулетінің билеушісі Қараханның құрметіне сондай-ақ, ортағасырлық Тараз шаһарына жақын аймақта Қараханидтер мемлекетінің ханзадасы Шах Махмұдтың мазары орналасқандықтан «Әулиеата» деген атауға ие болып, Қоқандықтардан қорғану мақсатында «Әулиеата бекінісі» салынды.

1936 жылы қала атауы Мирзоян болып өзгертіліп, 1937 жылы жыр алыбы Жамбыл бабамыздың атына ауыстырылды. Халықтың талап-тілегіне сәйкес Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 1997 жылғы 8 қаңтардағы жарлығына сәйкес Тараз атауы қайтарылып беріліп,



1-Сурет. Әулиеата бекінісі 1871-1872 жылғы фотосурет

жазба деректерде кездесетін «Яны Талас» деген атаумен белгілі шаһардың оңтүстік бөлігінде өмір сүрген тұрғындардың өмір сүру уақытына сәйкес Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2002 жылы 25-26 қыркүйектегі № 3 жарлығына сәйкес қаланың 2000 жылдық мерейтойы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті.

Ортағасырлық Тараз қаласы туралы жазылған жазба деректер қатары Ұлы Жібек жолымен жүріп өткен жиһангез, саяхатшы, географ, қытай, араб, парсы, түрік, қазақ, орыс елшілерінің қолжазба деректерінде өте жиі кездеседі (Зуев, 1960, с. 88).

Тараз қаласының б.з I ғасырынан бастап пайда болғаны туралы мәліметтер қатары өте аз. Қаланың мәдени даму кезеңдерін зерттей келе оның ертеректе пайда болуы туралы және ортағасырлық ірі қалаға айналу эволюциясын анықтай аламыз. Ортағасырлық Тараз қаласының іргетасы сонау ғұн дәуірінен бастау алады. Себебі, болашақ ғұн мемлекетінің астанасының орны қазіргі Тараз қаласы еді. Талас қаласының құрылысы екі жылда аяқталды деген мәліметтерді де ежелгі жазба деректерінен кездестіреміз (Григорьев, Мейлих, 2004, с. 39).

IV ғасырда қаланың алдыңғы қатарлы өндірістік және мәдени орталығы ретінде маңызды орын алғанын Византиялық тарихшылардың еңбектерінен көре аламыз (Байпақов, 2005, 107 б).

Талас өңірінде орналасқан ортағасырлық Тараз туралы алғашқы жазба деректер б.з. 568 жылы жазылған тарихи очерктерде кездесіп, ежелгі Қытай жазба деректерінде Талас–Тараз деген аттарымен белгілі болған. Өлкенің негізгі атауы Талас өзеніне байланысты қойылды деген деректер легі де кездеседі (Отчет об итогах полевых исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции. 1972, с. 19).

Ұлы Жібек сауда жолы бойында орналасқан Шу, Іле, Талас өңірлері арқылы 629 жылы өткен Қытай діндары Сюань Цзянь ортағасырлық Тараз қаласын былайша суреттеген: «Пройдя 140 – 150 ли на запад от Цянцюань, мы прибыли в город Да – ло – сы. Город в окружности 8 – 9 ли. В нем смешанно живут купцы из разных стран и ху ´ ´ сцы (согдийцы). Земля и климат такие же, как и в Суй – е .» (Зуев, 1960, с. 91).

Қолда бар мәліметтерге сүйенсек ортағасырлық Тараз қаласының маңында 34 қала мен елді-мекендер шоғырланып, өзара саяси-экономикалық қарым-қатынаста өмір сүрді. Қалалар мен елді-мекендердің даму, өмір сүру кезеңін 3 бөлікке бөліп қарастырамыз Б.з. I-V ғасыр арасы; V-VIII ғасыр IX – ғасырдан X ғасырға дейін және XI ғасырдың басы XIII ғасырдың аяғы. Жоғарыда кетірілген қалалар мен елді-мекендердің өмір сүру желісі XIII ғасырдағы моңғол шапқынышылығынан және саяси-экономикалық се-

беп-салдардың әсерінен құлдырап, өмір сүруін тоқтатты. Тек ортағасырлық Тараз қаласы ғана дербес дара қала ретінде өмір сүру кезеңін жалғастыра алды (Отчет об итогах полевых исследований Южно-Казахстанской комплексной археологической экспедиции, 1972, с. 8).

И.Умняков өз ретінде 630 жылы аталмыш қалада болған Қытай діндары Сюань Цзянь ортағасырлық Тараз қаласы туралы былай деген: «Әр мемлекеттің саудагерлері тұратын сауда орталығы, қаланың өсіп-өркендеуінде мәдени және саяси-экономикалық әл-аухатының өсуінде 635-648 жылдары Шу, Талас пен Шу, Іле аңғарларын мекен еткен Түргеш конфедерациясына тиесілі Нушуби тайпасының алатын орны ерекше» деген пікір қалдырды (Умняков, 1928, с. 265).

704-744 жылдар аралығында Талас өңірінің тарихы түріктердің Самархандтықтармен бірігіп арабтарға қарсы әскери жорығымен және де қара түргештердің Жетісуда көбеюіне байланысты 748 жылғы Суяб қаласының тарауынан кейін батыс Жетісу аймағының түргештері Талас қаласының билігінен, ал Талас Ташкенттің билігінен біржолата құтылды (Умняков, 1928, с. 266).

Түрік қағанатының сол кезеңдегі, саяси-әлеуметтік өмірінде Тараздың атқарған рөлі зор болғандығын ертедегі жазба деректерден көре аламыз.

Манихей шығармасында “Священная книга двух основ” VIII ғасырдың бірінші жартысына жататын қала жайында, «Ержүрек те қайырымды түріктердің – Чарук, Аргу – Талас – улуш қаласы» - деп жазылған. Бұдан шығатын қорытынды Баласағұн мен Испиджаб қалалары аралығындағы территорияны алып жатқан Аргу мемлекетінің ірі сауда орталығы болғандығы байқалады. Сондықтан Талас өңірінің тұрғындары осы жердің батыс түрік қағандығының құрамына кірер кезеңде батыста Византиямен шығыста арабтармен және де Талас өзенінің халықтарымен қақтығыстан кейінгі уақыттарда қарым-қатынас орната білді. Мемлекеттік процесс құрылысы мен ішкі мемлекеттер арасындағы феодалдық қатынастардың да рөлі басым болды (Умняков, 1928, с. 267).

731 жылы Күлтегін ескерткішіндегі жазбада Талас даласында өмір сүрген тұрғындардың басым бөлігі батыс түрік қағанатының тайпалары болған.

Ортағасырлық Тараз қалашығынан табылған монеталарға анықтамаларды О.И.Смирнов, А.Н. Бернштам, М.А. Бубнов, А.К. Маркова, М.Н. Федоровна, О. Прицака секілді белгілі ғалымдар сипаттама жазып, оларды 1002 – 1173 жылдарда Тараз билеушілерінің пайдаланғаны туралы анықтамаға тоқталды (Сенигова, 1972, с.228).

Оңтүстік Қазақстаннан солтүстік-шығыс бағытқа қарай ысырылған қарлұқтар Талас өңірінде орналасқан қалаларды және Тараз қаласына жақын территорияларды сақтап қалды (Умняков, 1928, с. 269).

Халиф Исмаил Ибн Ахмед өз империясының солтүстік-шығыс шекарасын кеңейту мақсатында, Таразға кіретін Шелжіні тартып алу мақсатында 893 жылы Тараз қаласына жорыққа аттанды. Нәтижесінде 10 мыңға жуық адамды тұтқынға алып, түскен олжасы әр атты әскеріне шаққанда 1000 дирхемнен келді. Тек ислам дінін қабылдағандардың арқасында қарлұқтар Таразда саяси тәуелсіздігін сақтап қалды. Шіркеулерді мешітке айналдырып, Саманидтердің қазынасына салық төлеп тұрудан босатылды (Умняков, 1928, с. 270).

Яғни тегі билігі кезеңінде Тараз ірі экономикалық мемлекетке айналды, ал билеушінің өзі Қараханид мемлекетін басқаруға дейін көтеріліп 1056 жылы үлкен ағасы Арслан ханға қарсы соғыс бастап, 15 ай бойы Таразды Қараханид мемлекетінің астанасы ретінде сақтап қалды (Умняков. 1928, с. 271).

IX – ғасырда өмір сүрген Мұхаммед Ибн – Мұса Әл Хорезмидің «Китаб сурад ал – ард» (Жер суреттері кітабы) атты еңбегінде Тараз қаласының орналасқан жері туралы айтылып, оның координаттары көрсетілген: «Тараз, а это город купцов,- широта 40°24´, долгота 100°30´» (Волин, 1958, с. 73).

IX –X ғасырларда өмір сүрген географ Ахмед Ибн Мұхаммед Ибн ал – Факих Аль-Хамадидің X – ғасырдың басында жазған «Китаб акбар ал-булдан» атты еңбегінде ортағасырлық Тараз қаласы мен оның төңірегінде орналасқан елді-мекендер және қимақ жолы туралы былай деп жазған: «- Мы спросили его о дороге к кимакам от Тараза к двум благоустроенным и населенным селениям в местности которую называли Кавакиб, расстояние их от Тараза 7 фарсахов. От этой местности до царя кимаков 80 дней пути для всадника, едущего быстро, который везет с собой провизию....» (Волин, 1958, с. 75).

Абу-л-Қасым Ибн Хаукал X-ғасырдың II жартысында алғашқылардың бірі болып Истахриды қайта жазып әдебиет негізінде пайдалануға алғаш ұсынған. Ол өзінің тырнақ алды еңбегі «Китаб Массалих Аль –

Мамалик Ибн – Хаукаляда» Тараз қаласы туралы: «Тараз – место торговли мусульман с тюрками, на пути к ним (тюркам) крепости, относящиеся к нему (Таразу), дальше его не идет ни один мусульманин, потому что тот, кто выходит за его пределы, попадает в шатры (т.е.кочевья) хардуков» (Зуев, 1960, с. 89).

Ибрахим Ибн Мұхамед Х - ғ. Абу – Зейда аль – Балхидің тарихи – географиялық шығармаларын жинаумен айналысқан. Өзінің «Китаб массалих ал – мамалик ал – Истахрида», (Жолдар мен патшалықтар кітабы) атты еңбегінде Тараз қаласы туралы былай деп жазды: «Горы, которые начинаются около селения Варки, между Кешем и Самаркандом, соединяются с горами Буттама, огибают Ушрусану со стороны Ферганы и выходят в сторону Шельджи и Тараза; потом они, как сообщил мне тот, кто ездил по этим путям, тянутся до границы с Китаем, те рудники, которые в Ушрусане, Фергане, Илаке, Шельджи и Лабане, до страны киргизов, - все они в главном хребте этих гор и в горах, соединяющихся с ним...» (Зуев, 1960, с. 90-91).

1074 – 1075 жылдар Тараз шахары басты теңге соғу орталығына айналды. Тамгач хакан Хасан ибн Сулеймен 1069 – 1070 жылы «Құтты білік» еңбегінде Тұғырыл ханның 1076 – 1077 жылы Тараз қаласында Қара Тегинаның атынан теңге соқтырды. 1094 жылы – Халифа әл Мұхтада Боғра хан Харун, Халифа әл Кайманы алмастырады. 1102 жылға дейін Таразды Омардың ұлы Қадыр хан Жабрейл, Боғра ханның немересі Мұхаммед Самарханд пен Бұхараны басып алады. Сол басқыншылықтан кейін Тараз шығыс Қараханидтердің орталығы болып қала берді (Бернштам. 1940, 170 б).

Тараз қаласы халқының едәуір бөлігі ғалымдардың зерттеуі бойынша мұсылмандар болып келген. Ал Мавран Нахра бөлігіндегі мұсылмандардың басым көпшілігі ханифаттар тармақшасына енеді. Испиджабтан Шавадаға дейін екі почта бекеті, Бардукетке дейін екі почта бекеті бар. Осыншама жолдардан соң Тамтаджға бір күндік жол, содан Барджахаға дейін екі почта бекеті, Шавагараға дейінгі бір күндік жолға дейін күндізгі тұрақтары Шавагарадан Тараз қаласына дейін екі почта бекеті деп көрсетілген (Байтанаев, 2002, 69 б).

Х-ғасырда өмір сүрген Кудама Ибн Джа́фар – дың «Китаб ал харадж», (Ислам талатары) атты еңбегінде, ортағасырлық Тараз қаласы туралы былай деп жазады: «От Джувикета до города Тараза по пастбищам и населенным местам 2 фарсаха. От города Тараза до Нижнего Барсхана 3 фарсаха. От Нижнего Барсхана до Касрибаса 2 фарсаха, справа от него горы, а налево песок, он теплое место и это начало харлухов. Песок между Таразом и Куланом с северной стороны, а за песком пустыня из песка и гальки, в ней ехидны, до границы кимаков. От Касрибаса до Кульшуба 4 фарсаха, а он таков же как Касрибас, направо от него гора где много плодов, клевер и горные овощи От Кульшуба до Кулана таким же образом 4 фарсаха. Итого от города Тараза до Кулана 14 фарсахов» (Волин, 1958, с. 77).

XI – ғасырда өмір сүрген Абу Саид Абд – әл Керим ас - Сам´анидің «Китаб ал – ансаб» - атты шығармасында Тараз туралы былай дейді: - «Тараз – город на границе тюрков... около Испиджаба» (Волин, 1958, с. 79).

Араб-парсы деректерінде X ғасырда Нершахи, Мақдиси «базарлар ортасындағы» мешіттер жиынтығы, «қаланың бөлігі өзеннің арғы бетінде орналасқан» туралы төрт қақпа жайында мәліметтер келтірді. Қалада әртүрлі елдердің көпестері, түріктер, соғдылықтар, христиандар, зоростразийлер мен будда дінінің өкілдері тұрған. Талас өзенінің оң жағалауындағы Тектұрмас некрополіндегі көне қалалар осыны дәлелдейді (Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер жиынтығы Жамбыл облысы. 2002, 59 б).

XI – ғасырда Махмұд ибн әл Хусейн әл – Қашқари, өзінің түрік әлемін мойындатқан шығармасы араб тілінде жазылған «Дивани лугат ат – тюрк», (Түрік тілдерінің сөздігі) - атты еңбегінде «Талас – город, известный под имени Тараз. Их два: - «один из – них Улуг – Талас, т.е, большой, а второй из границе ислама – Куму Талас» Тараз туралы баяндалды (Волин, 1958, 84).

Б.В. Лунинның нумизматикалық деректерінде Тараздан табылған монеталарды зерттеу нәтижесінде 1173 жылы ортағасырлық Тараз қаласы теңге соғу орталығы болғандығы нақты дәлелденді (Бернштам, 1940, 177).

Ортағасырлық Тараз қаласы туралы XI-XII ғасырда өмір сүрген, Якут Аль-Хамави өзінің іргелі еңбегі «Му´джам ал – булдан» да былай дейді: - «Тараз – конец пятого климата, долгота его 100°30´ и широта его 40°25´. Это город, близкий от Испиджаба, одна из пограничных тюркских крепостей, он близок к тому,

который перед ним... Тараз также квартал в Исбахане, он восходит к нему. Может быть купцы из жителей Тараза селились в нем» (Бернштам, 1940, с. 178).

XI – XII ғасырларда Хама қаласында дүниеге келген, Абу – л – Феда Исмайл Ибн Аль – Айюби «Китаб таквим ал – булдан» - атты еңбегінде Тараз туралы: «Тараз Долгота, по Атваль, и Кануну, 80°50´, широта, по Атваль, 44°25´, по Кануну, 43°35´, он в шестом климате, на границе страны тюрков, рядом с Исбиджабом. Говарится в Лубаб. Тараз – город на границе страны тюрков, рядом с Исбиджабом, из него вышло много ученых. Говорит ибн Хаукаль: «Тараз – место торговли между мусульманами и тюрками, вокруг него крепости, относящиеся к нему. Вблизи от него – город Джикиль. Это один из тюркских городов около Тараза, из него Абу Мухаммед Абдаррахман ибн Яхья, он был хаттибом (проповедником) в Самарканде во времена Кадыр – хана, с его слов передавал [хадисы] ан – Несефи. Этот хатиб умер в 516 (1122-1123) г. Тараза, похожее на городов, это одна из пограничных крепостей тюрков: из нее вышли некоторые ученые» (Бернштам, 1940, с. 182).

Талас өңірі территориясында болған саяси жағдайлар жергілікті мәдениеттердің өркендеуіне кедергі болды. Қарақытайлар, наймандар, моңғолдар бірінен соң бірі қаланы тонады және қиратты, гүлденген аймақтарды жайылымдық жерлерге айналдырды. 1181 жылы қыпшақ әскербасшысы Алып – Қара Таразға дейінгі жерлерді қарақытайлардан азат етті. 1203 жылы Талас өңіріне тағы да қарақытайлар кезекті шабуыл жасап, осылайша Таразға Тяньгуды билік басына отырғызып кетті. 1210 жылы Талас облысына Мұхаммед Шах келді, ол қарақытайларға шабуыл жасап гүлденген алқаптарын қираты. Жетісуда наймандармен соғыс кезеңінде Тараз тағы да қирады. 1219 жылғы моңғол шапқыншылығының әсері бұдан да зор болды, Талас өңірін жермен жексен етіп қиратып кеткендігіне қарамастан Тараз сол кезеңде де округтың басты қаласы болып қала берді (Умняков, 1928, 278).

Жетісу наймандарымен болған соғыс нәтижесінде де Тараз тағы да қиратылып талқандалды. Мұхамед Шах Шаш, Ферғана, Исфиджаб, Хасана қаласы халықтарына және Таразға жақын маңда орналасқан халықтарға бұйрық берді. «Әлемде болмаған көптеген жағымды, тіпті шаруашыл ислам дінін ұстанған, бүкіл қорқынышында татарлар өздерінің аттарын пайдаланып отырған» 1219 жылы монғолдар Талас даласына келуді тоқтатты. Бірақ соған қарамастан Тараз саудагерлер мен көпестер жиі келетін қаласының қатарында болды (Бернштам, 1940, 177).

Әл Омари өзінің Мәуренахр мен Алмалыққа барған сапарында Тараз туралы былай жазған: «Тараз как о городе, вошедшем во вновь образованный в Туркестанской области округ Янги, в котором города располагались друг от друга на расстоянии одного фарсаха» деп жазады (Сенигова, 1972, 20).

Талас өңіріне қоныс аударушылардың басым көпшілігі соғдылық ақсүйектер болды. Олар сонымен қатар, Бұқарадағы көтерілістің басылуында маңызды рөл атқарды. Тараз қаласы саяси өмірінде осы елдерге тәуелді болған. А.Н.Бернштам жазғандай: “Тараз өңірі және Талас өзені аралығын зерттеу, Тараз қаласының осы уақыт аралығында Жетісу үшін мұсылман мәдениетінің форпосты болғанын көрсетеді” (Григорьев, Мейлих, 2004, 45).

Тараз қаласы XIII ғ. Монғол шапқыншылығынан кейін қатты қираған. Қазіргі кезеңде сақталған ішкі қамал мен Шахристанның аумағы солтүстікке қарай 370 м, батысқа қарай 160 м, оңтүстікке қарай 200 м, созылып жатыр. Қаланың солтүстік жағында ұзындығы 175 м, ені 117х125 м болатын ішкі қамал орналасқан (Григорьев, Мейдих, 2004, 42).

1537 жылы Убайдуллах Шайбанид қазақтар жайында «биік таудың басында жауынгерлер Никин өзенінің жағасында орналасқан Сайрамға дейін жаяу жаттыққан». В.П.Юдиннің пікірінше көне жазбаларда Янги қаласы соғыста жеңіске жеткен тараптың сауда жолы болғандығы айтылады (Бернштам, 1940, 175).

Тараз ежелгі руханияттың орталығы бола білген бірден-бір қала. Ірі сауда орталығы болуымен қатар, сауда-экономикалық қарым-қатынастың қыл көпірі. Сонымен қатар, тарихы бай, жері құнарлы бауырына ұлт пен ұлыстарды ұялатқан киелі өңір. Фирдауси: «Тараздың садағында қиылған қас» десе, Баккулық Абд ар-Рашидтың жағрафиялық шығармасында: «Тараздың ауасы таза, суы мөлдір, жері құнарлы, нағыз бейішті еске түсіреді. Ал тұрғындары жарқын жүзді, кең пейілді, әйелдері мен еркектерінің жүздері қандай сұлу» - деп тебірене жазып өтеді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айтқандай «Тарихын білмеген ұлттың болашағы да мүшкіл болуы мүмкін». Расында да, соңғы ғасырларда қазақ халқының болмысы үлкен өзгеріске ұшырап, тарихи жады өше жаздаған еді. Тәуелсіздік жылдарында ғана ұлттық санамыз қайта жаңғырып, тарихымызды түгелдей бастадық.

Әдебиеттер:

Агеева Е.И. Хроника археологических исследований и находок на территории Казахской ССР за 1947 год//ИАН КазССР Серия археологическая. -Алма-Ата: 1949. Вып. 2. – С. 148-150.

Байпақов К. Қазақстанның ежелгі қалалары. – Алматы: «Аруна Lid», 2005. – 316 б.

Байтанаев Б.А Древний Испиджаб. Средневековые города Южного Казахстана на Великом Шелковом пути.– Шымкент – Алматы, - 2002. – С 75.

Бернштам А.Н Археологические работы в Казахстане и Киргизии // Вестник древней истории – М. 1940. – 2 2 (II) – С 169-189.

Волин С. Сведения арабских источников IX- XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды института Истории, археологии и этнографии АН Каз ССР . – Том 5.- 1958. – С 72-92.

Григорьев Ф.П., Мейлих А.А. Кокандская крепость и г. Аулие – Ата: страницы истории г. Тараза в 1826-1864 гг. // Туған өлке – Родной край. Историко – краеведческий и архивный журнал.- Алматы.2004.- № 2 -3. – С 39 -46.

Зуев. Ю.А Китайские известия о Суябе // Известия АН Каз ССР. - Серия истории , археологии и этнографии . – Вып – 3 (14). 1960 г, – С 87 – 96.

Кемелбаев С. «Ұлы Жібек жолы» және Тараз // «Ежелгі Тараз және түркі өркениеті» // атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары 22-24 қазан. Тараз, 2007. 54-56 б.

Қазақстан Республикасының тарихи және мәдени ескерткіштер Жиынтығы. Жамбыл облысы. – Алматы: РМК «ММЕ ҒЗЖИ», 2002. – Т.2. – 364 б.

Отчет о научно-исследовательской работе по проведению раскопок «Древнего городища Тараз». Договор АР – 13/44. Том 1. Часть 1. Часть 1 Алматы-Тараз, 2013. – С 245.

Отчет об итогах полевых исследованиях Южно – Казахстанской комплексной археологической экспедиции института археологии НАН РК в 1994 г. Алматы 1995г. – С 1 – 114.

Сенигова Т.Н Средневековый Тараз. – Алма – Ата, 1972 г. С 228.

Умняков И. Археологические и ремонтно-реставрационные работы Средазкомстариса в 1927 г. // Известия Средазкомстариса. – Ташкент, 1928. – Выпуск 3. – С 265-275.

З. Таджибаева

Түркістан қ., Қазақстан
tadzibaevazaure@mail.ru

ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ

Сығанақ қаласы ертеректе еліміздің үлкен мәдени ошағымыздың бірі болды. X ғасырда Сығанақ – ғұндар мен қаңлылар тайпасының ал XI ғасырдың екінші жартысында әлемге әйгілі қазақ халқының құрылуына ұйтқы болған қыпшақтар мемлекетінің Шығыс бөлігінің астанасы болған. XII ғасырдағы монғол шапқыншылығы қазақ даласының ойран-топанын шығарды. Сондай шапқыншылыққа топанға ұшырағандардың бірі- Сығанақ қаласы болды. 1219 ж Жошы хан әскері Сығанақты жаулап, оның қорғанын қиратады. 100 жылдан соң Сығанақ қайта қалпына келіп гүлденеді. Ол да талай ошақтарының бірі болған. Қала X-XII ғасырларда Сунақ деп аталса, кейін Сығанақ қаласы болып өзгерген.

Сонау оғыз-қыпшақ дәуірінен жеткен бұл қаланы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезінде В. Бартольд, В. Каллаур, Н. Веселовский, И. Кастанье, П. Лерх, А. Якубовский сынды ғалымдар зерттеген. А.

И. Макшеев өзінің «Исторический обзор Туркестана» деген еңбегінде «Древности на среднем и нижнем течении по р. Сыр-Дарье» атты хабарында Е. Т. Смирнов та бұл ескерткішке қатысты мәліметтер келтірген. Сығанақ Қыпшақ хандығының (XI-XIII ғғ.), Ақ Орданың (XIV-XV ғғ.), Қазақ хандығының (XV-XVI ғғ.) астанасы болды. Ұлы Жібек жолының маңызды бір тармағының бойында орналасқан Сығанақ қаласы Шығыс пен Батыстың көптеген ірі қалаларымен сауда, экономикалық, саяси және мәдени байланыстарда маңызды роль атқарды. Қала туралы алғашқы дерек X ғасырдағы парсы шығармасы “Худуд-әл-Әлемде” кездеседі. Қала жайлы Махмұт Қашқари «Дивани лұғат ат түрік» еңбегінде «Сугнак один из огузских городов» деп көрсетеді. (Қашқари, 2005, 438 б). Ал Әбілғазының жазбаларында: “Қала қақпалы, қуатты дуалдармен қоршалып, ішінде сауда үйлері, керуен сарайлары және басқа да қоғамдық құрылыстары бар қала үйлері орналасқан. Сығанақ Сырдария өңіріндегі ірі тұрақ еді. Оның тұрғындары Керейдің елшісі Хасан-Қажыны өлтіріп, моңғолдармен барынша қарсыласты” -деп жазған. (Мамиев. 2000, 28 б) Сығанақ қаласы туралы қызықты деректер Ресей жерінде жарық көрген басылымдардан да кездестіре аламыз. Мысалы «Книга Большого Чертежа» (1846) Спасский жариялаған кітапта (XVI ғ.) Сунақтың Қаратаудың бөктеріндегі қала екендігі жазылса, «Чертежная книга Сибири» (1882) деген жинақта Сығанақ Сырдың оң жағындағы қала (Сунақ) ретінде көрсетілген. Тарихи деректерде бірде Сунақ бірде Сығанақ деген атпен түскен мәліметтер шығыс, батыс жазбаларынан да ұшырасады. Атап айтар болсақ, «Сунақ» атауын ең алғаш X ғасырдағы есімі белгісіз парсы саяхатшысының қолжазбасынан тапқан А. Якубовский болатын (Рукописы Туманского, С. 21). Өзінің «Развалины Сыгнака» деген көлемді зерттеуінде ол: «Бұл атаудың Сығанаққа қатысты екеніне шүбә келтіруге болмайды, асылы ол халықтың транскрипция көрінісі, дәл сол күйінде әдеби шығармаларға түскен» - деп жазғаны бар.

Сығанақты зерттеген В. Каллаур (1899) еңбектерінен де бірқатар тың әрі қызықты деректерді кездестіруге болады. Өзінің «Протоколы Туркестанского кружка любителей археологии» жинағында жариялаған хабарында ол: «Сунақ Атада ең алдымен күйдірілген қыштан соғылған екі құрылыс назар аударады. Олар осы жердегі қаламен тұспа-тұс болуға тиіс. Көлемі үлкен құрылыс үш бірдей кірер есігі бар екі бөлмеден тұрады (бүгінде тек оңтүстік жағындағы есігі сақталған, биіктігі 8 кез, батыс және солтүстік есіктері көміліп қалған). Бұл бөлменің ұзындығы мен ені 15 кез, екінші бөлменің ұзындығы ені 9 кез» (ПТКЛА. 1899-1900, с. 7) деп жазады

XIII – XVI ғасырларда Түркістан арқылы халықаралық сауда жолы өткендіктен, мұнда жер жүзінің әр түкпірінен: Қытайдан, Қашқариядан, Хотаннан, Үндіден, Хорасаннан, Ираннан, Византиядан, Сириядан және Батыс Еуропа елдерінен тауарлар әкелініп, сауда-айырбасқа түсіріледі. Сол сияқты осы аталған елдерге Түркістан қалаларында өндірілген заттар әкетілген (Кәрібаев, 1995, 7 б.)

Тарихына тағы тоқталар болсақ Тоқтамыс 1380 жылдан бастап Алтын Орданың бірқатар жерін өзіне қаратып, Мамай Ордасын басып алады. XIV ғасырдың аяғында Тоқтамысқа қарсы әрекет жасай бастаған Әмір Темір оның орнына 1395 жылы Ақ Орда тағына Ұрыс ханның тағы бір баласы Қойыршақ Оғыланды хан етіп қояды, бірақ Ақ Орданың келесі ханы Сырдария бойындағы қалаларды қайтару үшін әрекеттер жасайды. Темірдің немересі Ұлықбекті жеңіп, көптеген қалаларды өзіне қаратады. Алайда 1428 жылы Шығыс Дешті Қыпшақтағы билік Жошының Шайбани әулетінің ұрпағы Әбілхайырға тиеді. Ақ Орданың біраз жерін жаулап алып өз хандығын құрады. Ақ Орда өмір сүруін тоқтатады. Сөйтіп Ақсақ Темірдің қанды жорықтары Сығанақ қаласының шаңырағын шайқалтып, Ақ Орданы қиратып кетеді. Ақсақ Темір 1405 жылы қайтыс болғаннан кейін, әлсіреп қалған Ақ Орда қайтадан бой көтереді. Орыс ханның немересі Барақ хан 1423-1428 жылдары Ақ Орданы қалпына келтіре бастайды. Бірақ ол көп ұзамай қайтыс болады. Ақ Орданың билігі енді Жошы ханның бесінші ұлы Шайбанның ұрпағы Әбілхайыр ханның (1428-1468 ж. ж) қолына көшеді.

Әбілхайыр хан мемлекетінің құрамына өз кезінде бұрынғы қағанаттар мен хандықтардың құрамында болған, кейіннен қазақ және өзбек халықтарын құраған көптеген тайпалар енді- деген дерек бар. (Сығанақ. Қазақ тарихы. №3 1995, 7 б).

Осылай Сығанақ бірде Алтын Орда билеушілерінің, бірде Ақсақ Темірдің, бірде Ұлықбектің қол астына қараған. Әбілхайыр-өзбек ханы, оның хандығы “Көшпелі өзбектер мемлекеті” деп аталған. Әбілхайыр хан Моғолстанды алам деп аттанып кеткенде, Жәнібек хан Шиелі жақтан келіп Сығанақты басып алады.

Әбілхайыр хан ауырып қайтыс болады, сүйегін Созаққа қояды. Жәнібек хан Ордасын Сығанаққа көшіріп, билікті Бұрындыққа береді. Осылайша, Қазақ хандығының тұңғыш астанасы Сығанақ қаласы (1468ж) болады. Сығанақ халқы отырықшы болған. Онда сауда, қолөнер жақсы дамыған. Қала мәдениеті Тараз, Баласағұн, Шиғу, Сайрам, Отырар шахарларымен қатар қанат жайған. XIII ғасырға дейін Сырдың шығысында Отырар мен Сығанақтай ірі қала болмаған. Олар ислам дінін X-XI ғасырларда қабылдаған болуы керек.

XIV ғасырда Сығанақ қаласында Дешті Қыпшақ ұлысының ақша монеттері басылып тұрды. Сығанақ үлкен білім орталығы болған. Оның топырағында сан қилы ғалымдар, ақындар қолбасшылар шыққан. Соның бірі әйгілі ақын жазушы Хисамиддин Әл Сығанақи “Хихаиа” деген кітабы да, осы Сығанақ қаласында жазылды.

А. Якубовский зерттеуінде Сырдың төменінде қала мәдениетінің туғанын айта келіп, “Билік түрлі тайпалардың қолыда болса да, оның бәрін мұсылман көпестер салған”- деп, тағы бір ұшқары ойдың ұшын шығарыпты. Бір анығы, кез-келген мәдениет сол жерді мекендеген тұрғылықты тайпалардың қолымен жасалып, олардың қоғамдағы даму деңгейін анықтаса керек.

1867 жылы П.И.Лерх 1906-1907 жылы И.А.Кастанев ертедегі қала орнында болып, сол жылы Каллаур қала жәдігерлерінің жоспарын жасаған. 1927 жылы А.Ю.Якубовский қала архиві мен сунақ кесенесінің қала орнын сипаттап жазды. Тарихи деректерде бірде сунақ, бірде Сығанақ деген атпен түскен қала туралы мәліметтер шығыс, батыс жазбаларында ұшырасады.

Қазіргі Сығанақтың солтүстігі 275 метр, солтүстік батысы 175 метр, оңтүстік батысы 190 метр және оңтүстігі 175 метр, ал оңтүстік шығысы 320 метр өлшемінде. Биіктігі 1,5 метр. Қала 6-7 метр шығыңқы 15 төбешікке айналған және мұнара іздері сақталған. Ертегі қаланың үстіңгі мәдени қабаты керамика сынықтарымен толы екенін көруге болады

2003 жылдан бастап қала орнында археологиялық зерттеу жұмыстарын Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік университетінің профессоры, археолог-ғалым С.Жолдасбаевтың жетекшілігімен Сығанақ археологиялық экспедициясы қазба жұмыстары кезең кезеңімен зерттеді. Осындай зерттеулер қаланың Қазақ хандығы үшін әскери-стратегиялық маңызды қала екендігін дәлелдеді.

Әдебиеттер:

Кәрібаев Б. «Ұлы Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар» халықаралық ғылыми –практикалық конференция. Түркістан 2018, 15 б.

Қашқари М. «Дивани лугат ат Турк» Алматы. 2005, 438 б.

Мәмиев. Т. Қызылорда облысының археологиялық ескерткіштер. Алматы 2000, 28 б.

Рукописы Туманского. С. 21.

ПТКЛА, 1899-1900, 7 б.

Сығанақ. Қазақ тарихы. №3 1995, 7 б.

Д. Э. Касенов

Талдықорған қ., Қазақстан
kassenov@gmail.com


ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУДЫҢ ОТЫРЫҚШЫ МӘДЕНИЕТ МЕН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МӘДЕНИЕТІ (VIII-XIII ғғ.)

Ортағасырлық жазба деректер мен археологиялық қазба жұмыстары нәтижесіне сүйенер болсақ Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісу өңірінде IX-XIII ғғ. қала мен отырықшы мәдениетінің дамығандығы анықталды. Мұндағы отырықшылық пен қала мәдениетін дамытушылар жөніндегі деректер XX ғ. ғалымдардың еңбектерінде кездеседі. Мысалы, В.В.Бартольдтың еңбектерінде «*отырықшы мәдениеттің Жетісуда дамуы соғдылықтардың отарлауы арқасында пайда болған*» - деген дерек келтіреді. А.Н.

Бернштам Жетісудағы отырықшы мәдениет ескерткіштерін соғдылықтарға, ал көшпелі мәдениет ескерткіштерін түріктерге жатқызса, С.Г. Кляшторный Жетісудағы соғды қалаларының федерациясы жайлы жазып, олардың саяси және экономикалық дербестігіне ерекше көңіл аударған. Жетісудағы қала мәдениетінің шығуы туралы миграциялық тұжырымдамадан басқа оған қарама-қарсы автохтондық тұжырымдама да кездеседі. Г.И. Агееваның пікірінше: «Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өңірі Соғды мен Хорезмнің отарлық нысаны болған жоқ, олар Орта Азия халықтарының тарихи және экономикалық өмір-тіршілігінде маңызды рөл атқарған ерекше экономикасы мен мәдениеті дамыған дербес өңірлер болған» (Байпақов, Таймағамбетов, Жұмағамбетов, 2006, 179 б).

XI-XIII ғасырларда феодалдық қатынастардың орнауына байланысты экономиканың жалпы дамуына негізделген Орта Азияда, Қазақстанның оңтүстігінде және Жетісуда қала мәдениетінің өркендеу кезеңі болды. Бұл уақытта Орта Азияның ортағасырлық қалаларының дамуы IX ғасырда басталып, XI-XIII ғғ. тез қарқынмен дамыған. Талғар, Есік, Қаратал, Лепсі, Іле өзендерінің аңғарларында да XI-XIII ғасырларда бірқатар қоныстар мен қалалар пайда болады. Жетісудағы Талғар, Сүмбе, Шелек, Антоновка, Дүнгене, Көктұма қалалық орталықтары түпкілікті дамып, жаңа елді мекендердің пайда болуы әлі де қоныс орындары мен қыстаулармен байланысты болды. Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Жетісудың ортағасырлық қалалары туралы жазба деректерде жаңа қалалар санының арта түскендігі туралы мәліметтер кездеседі (Байпақов, Таймағамбетов, Жұмағамбетов, 2006, 467 б.). Талас аңғарында жаңадан қалыптасқан елді мекендер Жікіл, Балү, Шөлжі, Такабкет, Көл, Кенжек қалалары есебінен артып отырды. Ортағасырлық Жетісуда IX-XIII ғасырлардың басында қала мәдениетінің жаңа ауданы қалыптасты. Егер IX-X ғасырларда Жетісудың бүкіл аумағында 10 қала ғана болса, XI-XIII ғасырлардың басында олардың саны 70-ке дейін көбейген. X ғасырдағы деректер Іле аңғарының сол жағалауында орналасқан екі қала – Талхиз (Талғар) және Лабан қалалары туралы хабарлайды (Байпаков, 1968, 45 бб). Ортағасырлық авторлардың жазба деректеріне қарағанда XI-XIII ғасырлар кезінде 4 қала мен 6 ірі қалашықтар болғандығы айтылған. Жетісудың барлық қала жұрттары «төрткүл» немесе «цитадельсіз» аталатын үлгіге жатады. Тік бұрыш, трапеция түрінде жоспарланған немесе дөңгелек болып келеді, жалпы жер деңгейінен сәл дөңестеніп тұрады және барлық жағынан бұрыштары мен бойында мұнаралары бар дуалдармен қоршалған. Негізінен дуалдардың ортасына орналасқан бір, екі, үш және төрт қақпасы болады. Төрткүлдердің аумағы әр қилы болып келеді, қабырғасының ұзындығы 260 метрден 1 км-ге дейін жеткен (Байпақов, Таймағамбетов, Жұмағамбетов, 2006, 189 б). Қала мәдениетінің дамуында сауда ең маңызды орын алды. XI-XIII ғғ. Батыс пен Моңғолияны байланыстырған Іле алқабы арқылы сауда және дипломатиялық жолдар маңызды рөл атқарды. Вильгельм Рубруктың жазба деректерінде Жетісудың жанданған сауда байланыстары туралы деректер кездеседі. Вильгельм Рубрук Эквиус және Қойлық қалаларын сипаттай келе, бұнда сарацин халқының тұратындығын және сауда торабы болғандығын айтады. Оның жазуынша: «*Қайлақ – үлкен қала, мұнда базар болған және көптеген көпестер келген*». Осы кезеңде Жетісуда ислам діні, араб тілінің әліпбиі мен жазуы кең таралады. Қаладағы халықтың сауаттылығы жайлы қарапайым қыш ыдыстағы арабша жазулардың табылуымен құжатталады. Ортағасырлық Жетісу тарихында моңғол дәуіріне дейін аса бір маңызды кезең найман және қарақытайлардың арасындағы күрес болып табылады. Найман ханы Күшлік қарақытайларды жеңгеннен кейін, Шығыс Түркістан, Эмилюи Кийалык (Қаялық) жерлерін басып алады. Осы жердің автохтонды халқына ислам діннен бас тартып, буддизм дінін қабылдауды талап етеді. Г.Рубрук: «*осы сәттен бастап XIII ғ. II жартысында Қаялықта буддалық храм салына бастады*» – деп жазып кетеді (Сергеев, 1965, 145 с). Солтүстік-шығыс Жетісу жері ешқандай шапқыншылыққа ұшырамаған болсада, моңғол шапқыншылығы кезінде отырықшылық мәдениеттің дамуына кері әсерін тигізген болатын. Іле алқабындағы отырықшы мәдениет пен қалалардың жойылуы туралы Гильом Рубруктың жазба деректерінде кездеседі. Онда: «*Жоғарғы Іле мен Қаратал жазықтарында көптеген қалашықтар, жайылымдық жерлер бола тұғын, бірақ татарлардың шапқыншылығы нәтижесінде көптеген қалалар қирады*» – деп жазады.

XIII ғ. II жартысында I Гетум, Пано Карпини және Гильом Рубруктың жазба деректерінде Екіоғыз (Эквиус), Қойлық (Кайлак), «облыс астанасы» - Көктұма қалашығы, Алматы – Алматы 1 қалашығы, Талхир (Талғар) – Талғар қалашығы, Ілебалық ірі қалалар ретінде айтылған. Бұл қалалар Ұлы Жібек жолы



Сүрет 1. Ұлы Жібек жолы бойында Жетісудың ортағасырлық сауда керуендері мен қалалары (IX-XIII) ғғ.

бойындағы орналасқан ең басты сауда орталықтары болған. Бірақ Моңғол империясының құрамына кірген бұл қалалар бірінен кейін бірі құлдырай бастайды. Жетісудың ортағасырлық қалалары XIII ғ. II жарт. дамыған қалалардың біріне айналады. Олар Екі оғыз (Эквиус), Қаялық (Қайлақ), Ілебалық – «облыс астанасы» Көктума, Алакөл маңында шоғырланған ортағасырлық қалалар болатын. Іле өзені бойында орналасқан Алмалық және Иланбалық (Ілебалық) қалалары Гайтон, Плано Карпини, Гильом де Рубрук, Чань Чуньның жазба деректерінде кездеседі. Археологиялық материалдар негізінде кең көлемді жүргізілген қазба жұмыстары кезінде ортағасырлық қалалардың Дүнгене, Антоновка қалаларының бірдей дамығандығы анықталды.

Қорытындылай келе, Жетісу аймағында IX – XII ғғ. көшпенділердің жер аумағы шектеліп, көш жолдары қалыптасты, тұрақты қыстаулар мен жайлаулар орнығып, егіншілік пайда болды, отырықшы кедейлер тобы бөлініп, жекелеген рулық топтар отырықшылыққа көше бастады. Ұлы Жібек жолы бойындағы Жетісуда әкімшілік және қолөнер, сауда, мәдениет орталығы ретінде қалалар салына бастады. XIII ғасырдың II жартысында Моңғол шапқыншылығы салдарынан Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Жетісудың ортағасырлық қалалары біртіндеп құлдырай бастайды. Ал Моңғол шапқыншылығы салдарынан отырықшы мәдениетінің құлдырауы басталып ол да өз кезегінде қала мәдениетіне әсерін тигізді. Алайда Іле алқабында орналасқан Талғар (Талхиз), Алмалық және тағы басқа да қалалары өмір сүруін жалғастыра берген. Бүгінде бұл қалалардың атауы сақталған. Қала маңында археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Археологиялық зерттеулер жоғарыда келтірілген бірқатар ғалымдардың, қала мәдениетінің негізін қалаған, әрі дамуының өзегін ұстаған жергілікті халық екені жөніндегі пікір, тұжырымдарын дәлелдеп келеді. Ал Ұлы Жібек жолы арқы мәдени, рухани және т.б ауыс-түйістер болған. Себебі Жібек жолы тек сауда жолы болып қана қойған жоқ, бұл жол дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына үлкен ықпал еткен.

Әдебиеттер:

Байпақов К.М., Таймағамбетов Ж.Қ., Жұмағанбетов Т. Қазақстан археологиясы: Оқу құралы/Жалпы ред. басқ. Д.С.Байғунаков.- Алматы:Қазақ университеті. 2006. -294 б.

Байпақов К.М. Раннесредневековые города и поселения Северо-восточного Семиречья // Новое археология Казахстана. Алма-ата: Наука,1968. – С.77-84;

Байпақов К.М. Средневековые города Казахстана на Великом Шёлковом пути. Алматы: Ғылым, 1998. – С. 216.

Сергеев И.В. Тайны географических названий. М.:Детгиз, 1965. – С.80

Қазақстан тарихы(көне заманнан бүгінгі дейін). Бес томдық 1-том. – Алматы: Атамұра, 2010. -544 б.

А.Ә. Кәрім

Түркістан қ., Қазақстан
asil.karim89@mail.ru

ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САУРАН ҚАЛАСЫНЫҢ АТАЛУЫ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУ

Кейінгі ортағасырлық Сауран көне Қаратөбе – Сауран қаласының өмірін жаңа жерде жалғастырған қала. Ол Түркістаннан солтүстік-батысқа қарай 45 шақырым жерде орналасқан. Қала солтүстіктен оңтүстікке қарай 850 метр, шығыстан батысқа қарай 660 метр созылып жатқан қорған қамалмен қоршалған, көлемі 50 гектарлық ескерткіш болып табылады. Оған солтүстік және шығыс беттегі екі қақпа арқылы еруге болады. Сауран қаласы көршілес орналасқан ерте және дамыған ортағасырлық Қаратөбе-Сауран (IV-XIII ғғ.) қаласының өмірін әрі қарай жалғастырушы мекен болып табылады. Қаланың қақпалары мен бұрыштарына 7 қорғаныс мұнарасы тұрғызылған, қорған қамалының ұзындығы 2360 метр. Сауранның аты Ақ орда мемлекетінің құрылуы мен қалыптасуы тұсындағы тарихқа байланысты жиі ұшырасады. Дегенмен қаланы X ғ. белгілі араб географы әл-Макдиси 7 қабырғалы екенін, оның оғыздар мен қыпшақтардың бекініс мекені болғанын айтады. Кейіннен бұл қала Қазақстанның оңтүстігіндегі ірі мәдени және сауда мен қолөнердің орталығы ретінде болғанын Ибн ал-Асир айтып өтеді. XIII ғ. ортасында Сауран қаласы «Савран» аталып, армян патшасы Гетумның қолжазбасында Сығанақ, Қарашық және Ясы қалаларымен қатар айтылады. XIII ғ. екінші жартысында Алтын ордадан бөлініп шыққан Ақ орда мемлекеті Жошы ұлысының шығыс бөлігін, Сырдың орта және төменгі ағысы мен Иасы, Сауран, Жаңакент, Отырар қалаларын басып алды. Сауран көп өтпей-ақ Ақ Орданың астанасына айналады. Мұнда 1320 ж. қайтыс болған Ақ Орда ханы Сасы Бұқа жерленген, ал оның ұлы Ерзен хан Сауранда, Отырарда, Жент пен Баршынкентте медреселер, мешіттер, ханақалар салдырумен аты қалды. Сауран кейінгі уақыттарда да астаналық дәрежесін сақтап отырды. Қаланы XVғ. 80-ші жылдарында қазақтың тұңғыш хандарының бірі Жәнібектің баласы Иренші-сұлтан биледі. (Тұяқбаев, 2009. с. 106-112). Сауран қаласында кәріз жүйесі жақсы дамыған. Кәріздердің сақталған орындары ұшақтан барлау барысында байқалып, кейіннен ұшақтан түсірілген суреттерде нақтыланған болатын. Суреттерде кәріздер, бір шеті жеке үй-жайлар орын алған Сауран қала төңірегіннің солтүстік бөлігінде және бір шеті Мыртөбе (Міртөбе) қалашығының маңында орналасқан ойықтар орындарының тізбектері сияқты көрініп жатыр. Құдықтардың диаметрі 5 м, өзара 12-15 м қашықтықта орналасқан. Құдық іздері айқын көрінбейді. Бірақ құдық орындарын оларды қазу және тазалау жұмыстары барысында сыртқа шығарылған ұсақ жұмыр тас пен топырақ үйінділерінен анықтауға болады. Кәріз ыза сулардың сыртқа өздігінен ағып шығуын қамтамасыз ететін гидротехникалық құрылыс. Ол бір шеті сулы қабатқа, ал екінші шеті жер бетіне шығатын көлденең немесе сәл ғана ылди болып келетін сутартқыш. Кәріздер басым көпшілік жағдайларға егін шаруашылығымен айналысатын алқаптарда және солардың қалалық орталықтарын сумен қамтамасыз ету үшін сәл ғана ылди келетін қуаңды, жартылай қуаңды тау бөктерлерінде жүргізіледі. Кәріздің құрылысы мен жұмыс істеу негізін Г.Е.Грум-Гржимайло былай суреттейді: «Суы бар қабаттың тым терең орналаспаған орны белгілі жерде, жергілікті халық осы қабатқа жеткізіп,

терең және аумағы тар басты құдық-дудка» қазады; бұдан кейін тереңдігі 2м жеткізіліп, бір-бірінен 8м ара қашықтықта екінші құдық, сосын үшінші құдық, төртінші... жүзінші құдық қазылады. Кейін бұл құдықтар өзара суы бар қабаттың бүкіл ұзындығын кесіп өтетін жер асты каналымен жалғанады... Кәріз суларының ағынын молайту үшін каналдың басты желісіне тармақтар өткізіледі. Егер құс ұшатын биіктіктен көз тастаса, онда жер үйінділері бет-бетімен емес, бір тәртіпке келтірілген ретімен орналасады. Міне, осылар кәріз болып табылады» (Байпақов, Смағұлов, 2005. 20-21 б). Сауран мықты бекініс болған, қорғаныс қабырғалары мен мол азық-түлік және қару-жарақтың арқасында қамалдың бірнеше ай бойы төтеп бере алатындығы жайлы тарихтан белгілі. Бұқара ханы Абдолла ІІ-ші 1584-1589жж. аралығында Оңтүстік Қазақстанға жасаған жорығында Сауранды қоршауға алған, сол соғыста оның әскерлері зеңбіректі де, тас атқыш құралды да қолданады. Бұл жайлы баяндаған Хафиз Таныш «ауыр тастармен атқылау арқылы олар қамал тұрғындарының үйлерін, құрылыстар мен құдықтардың бағандарын қиратты» - деп жазады.

1598 ж. Сауран және Мауараннахрдың солтүстік-шығысын Қазақ ханы Тәуекел басып алады, содан 1725 ж. Жоңғар шабуылынан кейін қала 1750-ші жылдарға дейін әбден тіршілік кешкенімен халқы тастап кетіп жартылай қаңырап тұрды. Егістіктер, кәрізшілер, каналдар жойылып қала айналасындағы жүзімдіктер, бақтар құрап кетті. 1860ж. орыс деректерінде қалада 2-3 ғана тұрғын-үй қалғандығы айтылады. (Тұяқбаев, 2011, 100 б) Сауран қаласының зерттелу тарихы бұдан 150 жылдан аса уақыт бұрын басталғаны мәлім. Ол Ресей мамандары П.И.Лерх, П.И.Пашино, А.И.Федченконың және т.б. шығармалары мен қолжазбаларында аталып өтіледі. Олар негізінен қала топографиясы жайлы мәліметтер қалдырады. Шын мәніндегі арнайы археологиялық зерттеуді 1947-48жж. А.Н.Бернштам басқарған Оңтүстік Қазақстан Археологиялық экспедициясы жүргізді. Экспедиция құрамында болған Е.И.Агеева мен Пацевичтер жиған материалдарын өз монографияларында жариялады. Сауранның дәл орнын анықтау жайлы К.А.Байпақов та мәселе көтерді. 1999 жылы Сауранның жасын анықтау мақсатында Түркістан Археологиялық экспедициясы зерттеу жүргізді. 2004 жылдан бастап «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Сауранда тұрақты түрде археологиялық зерттеулер жүргізілуде. Бұған ОҚАЭ (К.М.Байпақов, Түркістан археологиялық экспедициясы, Е.А.Смағұлов, М.Қ.Тұяқбаев) Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің Археология ғылыми орталығының экспедициялары қатысуда. Алғашқы жұмыс 2005 жылы «Ортағасырлық Сауран шаһары» деген атпен жарияланған болатын. 2006-2008жж. аралығында Түркістан археологиялық экспедициясы көне Сауранда (Қаратөбе) жүргізген зерттеу жұмыстары «Древний Сауран» деген атпен кітап болып жарық көрді. (Тұяқбаев, Мұсабаев Қ, 2013. 80-88 бб). Сауран қаласындағы мұнан басқа да ғылыми жұмыстарды Түркістан археологиялық экспедициясын М.Тұяқбаев 2010-2011жж. жүргізген болатын. Нәтижесінде 2010 ж. Сауран қаласының солтүстік қақпасы зерттелді. Солтүстік қақпа негізінен Сығанақ қаласына қарай бағыт алатын жолмен байланысқан бұл қақпа қаланың бас қақпасы ролінде атқарған. Қақпа өте күрделі құрылыс, ол үш кезеңнен тұрады. Алғашқы құрылыс жұмысы Ақ Орданың ханы Сасы Бұқаның тұсында басталып (1320-1345жж.) жалғасқан қала қорғаны мен қақпаларын салу кезеңі деп есептейміз. Бұл кезде (XIV) қала қорған қамалмен қоршалғанына Сауранды 1388 жылы Тоқтамыстың ұзақ уақыт қоршаса да ала алмағаны және қақпа алдындағы ордың түбінен Әмір Темірдің Самарқанда 1383 жылы соқтырған мыс тиыны фулстың табылуы куә. Бұл тұстағы қала қақпасы қазіргідей тым үлкен және күрделі болмауы да мүмкін, сонымен бірге, оның биіктігі де 12-13 метрден аспаған сыңайлы, ал қала қорғанының тістері өте үлкен. (1,5-1,5м) және қазіргі қорғаннан екі метр төмен болғандығын қаланың оңтүстік бетіндегі олардың әліге дейін сақталған бөліктерінен байқауға болады.

Екінші құрылыс кезеңі 1427 жылы көшпелі өзбектер ханы Барақтың Сауранды және т.б қалаларды қиратуынан соң басталған сияқты. Бұл тұста қақпа мұнараларының ор ішіндегі іргесі бес метр биіктікке дейін күйген қышпен қапталады. Солтүстік мұнарасы іргесі 17 метрлік, ал оңтүстік мұнара іргесі 11 метрлік күйген қыштан қалыңдығы екі қатарлық қыш қабырғамен қапталады. Бұл амал іргені су шаюдан және жау әскерлерінің үңгіп қазуынан сақтайтын. Бұған қоса қақпа мұнарасы жоспарында сопақша, доғал түрге айналғаны байқалады, екі доғал мұнара ортасында ұзын дәліз қалыптасып оның үсті де жабынмен жабылғанын көреміз. Қақпа алдындағы ор ішіне түбінің диаметрі 11 м, ұшының диаметрі 7,5м, биіктігі 10 метрлік қорғаныс мұнарасы XIV ғасырда-ақ алғашқы қақпамен тұрғызылған. Оның төменгі бес метрлік биіктіктегі бөлігі үш қатар қалыңдықтағы күйген қышпен өріліп шығып, іші топырақпен толтырылған.

Осындай су өтпейтін стилобаттың үстіне кесектен мұнара тұғызылған, оның ортасымен өтетін дәліз-көпір міндетін де атқарған. Бұл мұнара қақпамен және жағалаумен көтерме көпір арқылы жалғасатын болған. Мұндай қақпа алдындағы мұнараларды Төрткүл-І-Қарашық, Төрткүл-ІІ-Қарашық, Иқан, Қаратөбе-Сауран қалаларынан да кездестіреміз. Бұл мұнара XV-XVI ғғ. соғыстардан әбден бүлініп, қала билеушілері XVI ғ. ортасына жақын оның орнына тұрақты да күрделі көпір құрылысын салуды ұйғарған сияқты. Бұл кезде ордың табаны қалыңдығы бір метрден аспайтын лай-батпаққа толып қалған болатын, оның ішінен адам сүйектері де, қару-жарақ та, тас атқыш оқтары да көптен табылады. Қақпа алдындағы көтерме көпірге тіреуіш ретінде биіктігі 4м тік төрт бұрышты құрылыс салынады, ордың жағасынан ортасына қарай 5 метрге дейін еніп тұратын трапеция сияқты екінші құрылыс тұрғызылып, онымен ортадағы тіреуішті жалғастыратын тұрақты көпір орнатылады. Бұл тұрақты көпірдің ұзындығы 4,5м, ені 3 метрден кем болмағандығы байқалады. Көпір XVI ғасырдан жоңғарлар шабуыл жасаған 1725 жылға дейін тұрған сияқты. Соғыс барысында көпір өртеніп, жағалық тіреуіші суға құлап жарамсыз болып қалған соң жоңғарлар қалаға кіріп-шығуды жеңілдету үшін ордың осы тұсын көміп, қала түбіндегі «Қарахан мазаратынан» құлпытастар әкеліп, жаңадан екі тіреуіш тұрғызған деп есептейміз. Олай дейтініміз, мұндай вандализмге басқа діндегі адамдар ғана баруы мүмкін, ешбір мұсылман, яғни жергілікті тұрғын халық мұндай әрекетке аттап баспас еді. Сонымен бірге, бұл тұста ордың тереңдігі екі-ақ метр болатын, қазба барысында қыш пен құлпытастардан қаланған осындай екі тіреуіш аршылды, олардың биіктігі 1-1,2м шамасында ғана және олардың қатар қаланғандығына қарап құбыр қызметінде атқарған деген болжам жасауға болады. Мұндай жағдайда қақпа алдындағы ордың осы екі қатар тіреуіштен басқа жері түгел көміліп тасталған деуге негіз бар, олай болса көпір тек осы екі тіреуіштің үстінде ғана сақталған болып шығады. Бұл болжам қақпа алдындағы орды ғана көміп жатқан топырақ жалдың қалай пайда болғандығына түсінік береді және жоңғар шапқыншылығынан соң-ақ қаланың дағдарысқа ұшырап, күйреу кезеңіне бет алғанын анық байқаймыз. Бұл тұста қаланы қоршаған ор да әбден батпаққа толып, келетін су да азайып кеткен. Шығыс беттен келетін су құлпытастардан қаланған құбыр ортасымен қаланың солтүстік және батыс бетіндегі орға құйылатын болған. Уақыт өте келе құбыр да топыраққа толып, қақпа алдындағы жал да құлаған мұнаралардың қирандысын су шайып әкелуі арқасында биіктей берген деуге негіз бар. Қазба басталған 2005 жылы қазір толық аршылған дәлізді қалыңдығы 2,5м топырақ қабаты басып жататын. Төбеден құлаған жабын мен екі мұнараның ішкі беттері дәлізді толық көміп, қар, жауын суымен езіліп екі жағындағы ор мен магистральді көшеге қарай 250 жылдан аса уақыт ағып жатуы нәтижесінде ор үстінде осындай өткел пайда болған. (Тұяқбаев, 2011, 100 б) Сауран қаласының солтүстік қақпасына жүргізілген археологиялық зерттеулерден кейін, осы қақпаға алып келетін қаланың Бас көшесі мен регистан алаңына археологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілді. Қақпаның ішкі бетіндегі алаң, оған жалғасқан ұзындығы 200 метрлік магистраль көше мен ол барып тірелетін көлемі 35x20 метрлік орталық алаң зерттелді. Көшені аршу жұмыстары толық бітті, оның қақпадан әрі 100м бөлігінің табанына қалыңдығы 10-15 см тақта тас төселген болып шықты, қалған бөлігін де бір кездері тас болып жатқан, алайда, бұл күндері ұрланып кеткен. Медресе мен ханака алдына орналасқан орталық алаңда бір кездері күйген қышпен өрілгені байқалады. Көше мен алаңнан көптеген монеталар табылды. Қақпа түбіндегі алаңнан шығысқа, оңтүстікке және солтүстік-батысқа қарай үш магистраль көшелер келетіндігі анықталды. Көшенің ені 3-4м, табаны айналадан 1-1,5 м төмен орналасқан. Тарихи-мәдени ескерткіштер еліміздің, өткен тарихымыздың куәсі және төл мәдениетіміздің бет бейнесі болып табылады. Мәдени-мұраларымызды зерттеу, насихаттау, зерделеу, оларды қорғау мен сақтау кезек күттірмес мәселе. «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің тізіміндегі Республикалық маңызы бар бұл ескерткіш келешекте туризмнің бір бөлшегі ретінде қызмет көрсетері анық. Сауран қаласын зерттеу жұмыстары болашақта да жалғасын таба бермек.

Әдебиеттер:

Тұяқбаев М.К. Историческая топография и развитие городов и поселений Туркестанского оазиса (XIII-XIXвв.) – Алматы: «Эффект», 2009. – С. 106-112.

Байпақов К.М, Нұржанов А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы, 1992.- 84 б.

Байпақов К.М, Смағұлов Е.А. Ортағасырлық Сауран шаһары. –Алматы, 2005. -20-21 бб.

Тұяқбаев М.Қ. Сауран қақпасы және тас атқыш құрал оқтары атты тарихи-танымдық көрме мәтіндері. –Түркістан, 2011. 100 б (мұражай мұрағаты)

Облыстық және қалалық аудандық музейлер бұл кезеңде қиындыққа тап келді деуге болады. Республикалық ірі музейлерге қарағанда техникалық тұрғыдан жабдықталуы жеткіліксіз және контенттерінің интернет ресурстарға, оның ішінде online форматқа лайық болмағаны байқалды. Көптеген музей карантинге дейін бірнеше жыл бұрын түсірілген TV форматындағы деректі фильмдерді, сұхбаттарды әлеуметтік желіге жариялады. Кейбір музейлердің әлеуметтік желілердегі парақшаларында көлемі бірнеше баспа табақ болатындай ғылыми, танымдық мақалалар жарияланды. Мұндай мақалалардың жариялануын музей басшылары мен мамандары өздерінен жоғары тұрған мекемелердің тапсырмасы бойынша «карантин кезінде тұрақты түрде әлеуметтік желіге материал жариялау қажет» болған соң жариялағанын айтады.

Облыстық музейлердің ішінде жақсы тәжірибе көрсеткен музейлердің қатарында Қарағанды облыстық Бейнелеу өнері музейі, Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану музейі, Павлодар облысының Бұқар жырау атындағы Әдебиет және өнер музейі, Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі, Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейі бар. Бұл музейлер негізінен өз қорларынан музей заттары туралы тұрақты түрде видеороликтер ұсынды. Қазақстан музейлерінің ішінен алғашқы болып, Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі online режимде халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізгенін атап өту қажет (Алтын Орда кезеңі: уақыт пен кеңістік аясында Халықаралық ғылыми-практикалық конференция, Электронды ресурс, 2020). Online режимдегі ресми шаралар қатары кейіннен ҚР Ұлттық музейінің отандық музей

мамандары арасында өткізген «Қазіргі кезеңдегі музейлердің қызметі: жаңа талаптар мен мүмкіндіктер» атты форуммен толықты. Форумға музейлерден 20-дан астам маман қатысып, жергілікті музейлердің жетістіктері мен проблемалары жөнінде пікір алысты (Деятельность музеев в современных условиях: новые вызовы и возможности, Электронды ресурс, 2020).

Аудандық музейлердің ішінен І.Есенберлиннің Атбасар қаласындағы мемориалдық музейі, Қызылорда облысындағы Шиелі аудандық тарихи-өлкетану музейі, Сүйінбай Аронұлының әдеби-мемориалдық музейі, Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалдық музейі, Қарағанды облысының Нұра аудандық тарихи-өлкетану музейі Instagram және Facebook әлеуметтік желілері арқылы музей қорындағы заттарға экскурсия жасайды. Бұл музейлер ұсынған контенттердің көлемі және ақпараттарды ұсыну әдістері әлеуметтік желілердің шарттарына сай келеді.

Карантин кезінде лекция, сұхбаттармен қатар, әлем музейлері Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде хэштегтер арқылы челленджер ұйымдастырды. Олардың ішінде ең танымалы Италияның Польша Пецолли музейі бастаған #NomiCoseNeiMusei хэштегімен танымал болған челлендж бар (Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік kazmuseum.kz орталығы, Электронды ресурс, 2020). Челлендждің міндеті – музей қорынан тұлғаларға, қала тарихына байланысты мәліметтерді алып, гүл мен музейлік өзге затпен тәртеуінің тарихын байланыстырып коллаж жасау. Instagram және Facebook әлеуметтік желілері арқылы бұл челленджге әлемнің 100-ден астам музейі қатысты. Олардың қатарында қазақстандық Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейі, Серікбол Қондыбайдың мемориалдық музейі, Ә.Қастеев атындағы Өнер музейі, Д.Қонаев музейі, Дәстүрлі музыка орталығы, Н.Тілендиев музейі, Музыкалық аспаптар музейі, Алматы тарихы музейі бар.

Осы кезеңде шетелдің өзге музейлерімен online режимде бірлескен жобалар қолға алына бастады. Мұндай бастаманы Қазақстан музейлері арасынан алғаш рет Ә.Қастеев атындағы Өнер музейі Әзірбайжанның Ұлттық өнер музейімен бірлесіп жүзеге асырды. «Алматы. Баку. Көктем» атты online режимдегі көрмеде Қазақстан мен Әзірбайжан суретшілерінің еңбектері ұсынылды (Бабаева Д. Алматы-Баку. Весна. Евразийский союз искусства, Электронды ресурс, 2020).

Offline-нан online режимге бірден өту Қазақстан музейлері үшін үлкен тәжірибе болды. Әлеуметтік желілерде осыған дейін анонс немесе пресс-релиздер ғана жариялап келген музейлер интернет ресурстардың мүмкіндіктерінің мол екенін түсінді. Интернетке арналған контентті құрылымы, көлемі, мазмұны өздері ойлағаннан мүлде басқаша екенін байқады. Бірақ көптеген музейдің ұсынған контент түрлері бірізді, креатив жағы шектеулі болғаны жасырын емес. Карантин уақытында видео және мәтін түріндегі контентке баса мән берген музейлер қазіргі уақытта кеңінен таралған аудиоподкаст тәрізді өнім ұсынбады. Әдістемелік нұсқаулықтың немесе кеңес беретін мамандардың болмауынан online режимде лекция өткізу, экскурсия жүргізу кезінде біршама кемшілік байқалды. Олардың қатарында көрермендермен кері байланыс орнатпау, тікелей эфирде немесе одан кейін де сұрақтарға жауап бермеу, лектордың немесе экскурсоводтың сөздерінің тым күрделі болуы тәрізді кемшін тұстары бар.

Контент ұсыну кезінде техникалық тұрғыдан да бірнеше музей мүмкіндіктерінің шектеулі екенін және смартфондардың функцияларын дұрыс пайдалана бермейтінін көрсетті. Техникалық мүмкіндіктердің болмауы немесе оны дұрыс пайдаланбауы салдарынан тікелей эфир кезінде дыбыстың ұзаққа уақытқа дейін болмауы, видеоны түсіру кезінде камераны көлденеңінен қойып түсіру, жүргізуші мен сұхбаттасушының бет-бейнесін тым алыстан немесе камера бетін толық алып көрсету сияқты қосымша кәсіби білікті талап ететін жағдайлар жиі кездесті. Мұндай олқылықты болдырмау үшін музейлерде штатив, жеке веб-камера, сымсыз және ілінетін микрофон, түсірілімге арналған зона, жылдамдығы жоғары интернет сияқты техникалық құралдар мен мүмкіндіктер және видео түсіруге, түсірілім пультіні басқаруға машықтанған мамандар (режиссер) болуы тиіс.

Видеолекция оқыған музей қызметкерлерінің ғылыми, тым күрделі мәтінді жалпыға бірдей етіп оқуы аудиторияны жоғалтуға себеп болады. Видеода тек музей қызметкерінің көрінуі де көпшілікті жалықтырады. Сондықтан лекторлар, сұхбаттасушылар өздері пайдаланып отырған ресурстың қосымша мүмкіндіктері арқылы слайдтар, фотосуреттер, ұзақтығы бірнеше секунд ғана болатын видеолар ұсынғаны жөн.

Балаларға арналған контенттің аз болуы музейлер үшін сын ретінде қабылдануы тиіс. Музей педаго-

гикасының Қазақстанда жеткілікті дамымауы, бұл бағыттағы баспа өнімдерінің шықпайтыны осы кезеңде анық көрініс берді. Карантин кезінде ауладағы ойын алаңдарына тиым салынып, балалар үйде отыруға мәжбүр болды. Оларға музейлер тарапынан тұрақты түрде ұсынылған контент өте аз екені байқалды. Балалар әдетте ежелгі дүниеде өмір сүрген динозаврлар, батырлар, жануарлар, өсімдіктер туралы тамашалағанды ұнатады. Бұл кейіпкерлер өлкетану музейлерінде болғанына қарамастан, мамандар балаларға ұсынуға асықпады.

Карантин уақытында Қазақстан музейлері дайындаған контенттер әлеуметтік желіге бағытталып, оның посткарантиндік «тағдырына» ҚР Ұлттық музейі мен Ә. Қастеев атындағы Өнер музейінен басқа музейлер мән бермеді. Әлеуметтік желілерге салынған немесе тікелей эфирде жарияланған контентті интернеттің «шахтасына» түсіп кетті деп айтуға болады. Мүмкіндігінше сапалы дайындалған контентті музей сайтына немесе Youtube видеохостингінен арнайы канал ашып, бір ресурсқа орналастырған жөн. Бір ресурсқа жинақталған контент посткарантиндік уақытта да қызмет ететіні сөзсіз.

COVID-2019 бүкіләлемдік пандемиясы музей саласында жаңа дағдыларды қалыптастыруға мәжбүр етті. Интернет ресурстарды жаппай пайдалануға көшуден басқа мүмкіндік болмады. Бұл жағдай музейлердің жоспарын ғана өзгертіп қоймай, оларды сынақ алаңына да айналдырды. Музейлер жан-жақты амал қарастырып, интернеттегі аудиторияны игеруге кірісті. Еуропа музейлері ішінен online форматтағы шаралардың ішінде Рейксмузейдің видеотур арқылы ойын ұйымдастыруы (Rijksmuseum Masterpieces Up Close, Электронды ресурс, 2020), Нельсон-Аткинстің Өнер музейінің зоопаркпен бірге жасаған «Үш пингвин оқиғасы» интернет қолданушыларын тәнті етті. Бұл жоба 350 мыңнан аса интернет қолданушыны қамтыды (2). АҚШ-тың Метрополитен музейінің Instagram әлеуметтік желісіндегі контентінің сапалы болуы себебінен қолданушылар саны карантин кезінде 200 мыңға көбейді (Доусон Э. Как Метрополитен-музей в пандемию увеличил число подписчиков в соцсетях на 200 тыс, Электронды ресурс, 2020). Алайда, мұндай мүмкіндіктерге қолжеткізу барлық елдің музейіне тән емес еді. Қос Америка мен Еуропа және Азия музейлері интернет ресурстар арқылы жұмыс істеуді бастағанда, Африка елдерінің музейлерінде мұндай мүмкіндік болмады. Африкадағы музейлердің небәрі 5%-і ғана интернет ресурстар арқылы жұмыс істей алатындығын көрсетті (UNESCO and ICOM concerned about the situation faced by the world's museums, Электронды ресурс, 2020). Қазақстан музейлері арасында интернет қолжетімді болғандықтан, бұл проблема байқалмады. Бұл кезде қазақстандық музейлер әлемнің өзге музейлері секілді жаңа дағдыларды игеруге кіріскен еді.

Ендігі ретте көптеген музейді «посткарантиндік кезеңде қалай жұмыс істейміз? Карантиннен қалай шығамыз?» деген сауалдар мазалайды. ЮНЕСКО мен ICOM-ның бірлескен баяндамасына жүгінсек, әлемдегі әрбір 8-інші музей, яғни музейлердің 13%-і пандемиядан соң қайта ашылмайды (UNESCO and ICOM concerned about the situation faced by the world's museums, Электронды ресурс, 2020). Баяндамада айтылған бұл цифр Қазақстан музейлеріне қатысты емес деп санауға болады. Қазақстандағы музейлердің барлығы мемлекет есебінен қаржыландырылатындықтан музейдің қаржы-материалдық ресурстарында қиындықтар бола қоймады.

АҚШ, Еуропа елдерінің және көрші Ресейдің музейлері пандемияның салдарынан кіріс көзі мүлде азайғанын айтады. Мысалы, Вена Өнер музейі, Рейксмузейум, Амстердамның қала музейі аптасына 100 мыңнан 600 мың €дейінгі аралықта кіріс көзінен айырылған. Ресейлік Эрмитаж жартыжылдық кіріс көзінен, яғни 2,5 млрд рубльден айырылып қалуы мүмкін екенін жариялады. Пандемия әсерінен мүлде табысынан айырылған музейлер де жоқ емес. Олардың қатарында Камбоджаның Ангкор-Ват мінәжаттық кешенінің 2020 жылғы сәуір айында табысы бірден 99%-ке азайған. Америка музейлері альянсы АҚШ музейлері күн сайын \$33 млн табысын жоғалтып отырғанын жариялаған (6). ICOM пайымдауынша, музейлер мемлекет қолдауынсыз пандемия әкелген зардаптардан шыға алмайды. Осы орайда Ұлыбритания үкіметі мәдениет мекемелеріне \$2 млрд (Грудницкий С. Правительство Великобритании выделяет почти \$ 2 млрд для помощи учреждениям культуры, Электронды ресурс, 2020), АҚШ үкіметі \$100-150 мыңның арасында жекеленген суретшілер арасында бөлсе, музейлерге \$2-5 млн көлемінде қолдау білдірді (Дафое Т. (Taylor Dafoe). Jeff Koons, Gagosian Gallery, and Many Other Blue-Chip Art Operations Received Millions of Dollars in Government Stimulus Money, Электронды ресурс, 2020). Мұндай қолдау Ресейде де болып, елдің Мәдениет

министрлігі 2020 жылғы мамыр айында карантин әсерінен табысын жоғалтқан театрлар мен музейлерге министрлік тарапы қаржылай қолдау білдіретінін хабарлады (Лебедева Н. Ольга Любимова рассказала, как культура будет выходить из карантина, Электронды ресурс, 2020).

Қазақстан музейлері қаражат мәселесінде тұрақты түрде мемлекет есебінен болуына байланысты, карантиннен тәжірбие жинап, жаңа дағдыларды игеріп шығатыны анық. Мысалы, The art newspaper Russia басылымы «карантиннен Мәскеу музейлері жаңа идеялармен шықты» деп жазады (Савицкая А. Российские галереи вышли из самоизоляции с новыми идеями, Электронды ресурс, 2020). Басылымның атап өтуінше, Мәскеу музейлері бұл уақытта посткарантиндік көрмелерге, жаңа жобаларға дайындық жасаған.

Әлем елдері ішінде карантиннен соң алғашқы болып есігін ашқан – Қытай музейлері. 2020 жылғы 20-21 мамырда Пекиннің бірнеше музейі мен галереялары көпшілікті қабылдады. Кейіннен Италия, Германия, Швейцария музейлері қайтадан ашыла бастады. Аталған елдерде музейлерге кіру тәртібі өзгерді. Қытай музейлері өзге елдер секілді келушілердің температурасын өлшеп кіргізгенімен, келушілерге анкета толтыртып, олардың жеке дербес мәліметтерін де алады. Еуропада маска тағу тәртібі сақталып, тек электронды билеттер ғана қабылданады. Италияда музейлер белгілі уақытта белгілі мөлшердегі адамды ғана қабылдайтынын жариялады (Кан А. Музеи возвращаются. Не сразу и не все. Как они выглядят после карантина?, Электронды ресурс, 2020). Ресейде де музейге кіру тәртібі өзгеріп, карантинге дейін 10-15 адамнан тұратын топпен кіруді 5 адамға дейін азайтты. Экскурсиялық қызмет те тек 5 адамнан аспайтын топқа ғана көрсетіледі. Залдарда 1,5 шаршы метрге 1 адам есебімен кіргізу міндеттелді. Кейбір музейлерде вендинг аппараттары қойылып, келушілерге маска және резина қолғап ұсынуды қолға алды. Келушілердің музейге кіру интервалын бұрынғыдай бірден кіретіндей етіп емес, 20 минут сайын етіп бекіткен музейлер де кездеседі. Бұл тәртіп келушілер арасында қашықтықты сақтауға ықпалын тигізеді. Ресей музейлері санитарлық нормаларға да ерекше мән беріп отыр. Құрғақ және дымқыл тазалық шаралары, қолданылатын химиялық сұйықтықтар мөлшері, желдеткіштерді қолдану тәртібі, дезинфекциялау жолдары туралы нұсқаулық шығып, 2020 жылғы 10 маусымда бекітілді (Рекомендации по проведению профилактических мероприятий по предупреждению распространения новой коронавирусной инфекции (COVID-19) в музеях, *музеях-заповедниках, дворцово-парковых* музеях: Ч. 1-4: ресми мәтін, 2020). Нұсқаулықта гардероб, экспозиция алаңдарын қолдану тәртібі, музейдің ашу кезінде жасалатын міндетті шаралар да көрсетілген. Пандемиядан кейін Ресей музейлеріндегі маршруттар да өзгергенін атап өту керек. Залдарда адам тығыз болмауы үшін музейге кіру және шығу екі бағытта ұйымдастырылып, артқа қайтып аралау мүмкіндігі шектелген.

ҚР Үкіметінің мәліметінше, 2020 жылғы 20 шілдеден бастап, Қазақстанда инфекция жұқтырған азаматтар саны азайып келеді (ҚР-да COVID-19-ға қатысты жағдай тұрақталды: күн сайын ауруды жұқтырғандар азайды, емделіп шыққандардың саны артты, Электронды ресурс, 2020). Министрлік коронавирустан жазылған азаматтардың көп екенін де хабарлады. Мемлекетте оптимистік жаңалықтың болуы барлық салаға мүмкіндігінше оң әсерін тигізетіні анық. Қазақстан музейлері де осы уақытта посткарантиндік жобаларды жоспарлаумен қатар, шетел тәжірибелері негізінде карантин уақытында жасаған контентін одан әрі дамытуды, музей қонақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ойластыруы тиіс.

Әдебиеттер:

COVID-19: UNESCO and ICOM concerned about the situation faced by the world's museums [Электронды ресурс] / «ЮНЕСКО-ның ресми интернет ресурсы». – Электрон.мәлімет. – Париж. – 2020. – URL: <https://en.unesco.org/news/covid-19-unesco-and-icom-concerned-about-situation-faced-worlds-museums> (қаралған күні 04.08.2020).

Penguins Visit Nelson-Atkins Ahead of Kansas City Zoo Opening [Электронды ресурс] / «Нельсон Аткинстің Өнер музейінің ресми сайты». – Электрон.мәлімет. – Канзас. – 2020. – URL: <https://nelson-atkins.org/nelson-atkins-at-home/look-at-home/> (қаралған күні 03.08.2020).

Rijksmuseum Masterpieces Up Close [Электронды ресурс] / «Rijksmuseum музейінің ресми сайты». – Электрон.мәлімет. – Амстердам. – 2020. – URL: <https://www.rijksmuseum.nl/en/masterpieces-up-close> (қаралған күні 03.08.2020).

WHO Director-General's opening remarks at the media briefing on COVID-19 [Электронды ресурс] / «Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының интернет ресурсы». – Электрон.мәлімет. – Женева. – 2020. – URL: <https://www.who.int/director-general/speeches/detail/who-director-general-s-opening-remarks-at-the-media-briefing-on-covid-19---11-march-2020> (қаралған күні 01.08.2020).

Абай қорық-музейі интернет ресурстар арқылы қызмет көрсете бастады [Электронды ресурс] / «Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік kazmuseum.kz орталығы». – Электрон.мәлімет. – Нұр-Сұлтан. – 2020. – URL: <http://kazmuseum.kz/muzej-menedzhmenti/item/1912-abaj-koryk-muzeji-internet-resurstar-arkyly-kyzmet-korsete-bastady> (қаралған күні 01.08.2020).

Авдеева А. Выживут только гиганты: как коронавирус уничтожает музеи [Электронды ресурс] / «РосБизнесКонсалтинг» ақпараттық агенттігі. – Электрон.мәлімет. – Мәскеу. – 2020. – URL: https://trends.rbc.ru/trends/social/5ee0b1539a79479db40e0452?fbclid=IwAR3LzHF5aC1_8lx5yo_vooD9fci6NDru eu9amAIPWtKwSvHjJZLC9EXrtyk (қаралған күні 05.08.2020).

«Алтын Орда кезеңі: уақыт пен кеңістік аясында» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция [Электронды ресурс] / «Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ресми сайты». – Электрон.мәлімет. – Атырау. – 2020. – URL: <http://atyrau-museum.kz/index.php/kz/murazhaj-turaly/madeni-isharalar/1976-altyn-orda-keze-i-ua-yt-pen-ke-istik-ayasynda-khaly-araly-ylymi-praktikaly-konferentsiya> (қаралған күні 02.08.2020).

Ө. Қастеев атындағы Өнер музейі мен Kazmuseum.kz қоры біліктілік арттыру курсының қорытындысын жариялады [Электронды ресурс] // «Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік kazmuseum.kz орталығы». – Электрон.мәлімет. – Нұр-Сұлтан. – 2020. – URL: <http://kazmuseum.kz/biliktilik-arttyru-kurstary/item/1976-a-kasteev-atynda-y-oner-muzeji-men-kazmuseum-kz-kory-biliktilik-arttyru-kursyny-korytyndysyn-zhariyalady> (қаралған күні 01.08.2020).

Әлем музейлері арасында жаңа челлендж басталды (ФОТО) [Электронды ресурс] / «Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік kazmuseum.kz орталығы». – Электрон.мәлімет. – Нұр-Сұлтан. – 2020. – URL: <http://kazmuseum.kz/lem-muzejleri/item/1933-alem-muzejleri-arasynda-zha-a-chellendzh-bastaldy-foto> (қаралған күні 02.08.2020).

Бабаева Д. Алматы-Баку. Весна. Евразийский союз искусства [Электронды ресурс] / «Trend» халықаралық ақпараттық агенттігі. – Электрон.мәлімет. – Баку. – 2020. – URL: <https://www.trend.az/life/culture/3241041.html> (қаралған күні 02.08.2020).

Виртуал тамашалауға болатын Қазақстан музейлерінің тізімі [Электронды ресурс] / «Қазақстан музейлерінің ақпараттық-әдістемелік kazmuseum.kz орталығы». – Электрон.мәлімет. – Нұр-Сұлтан. – 2020. – URL: <http://kazmuseum.kz/ekskursiya-yzmeti/item/1917-virtual-tamashalau-a-bolaty-n-kazakstan-muzejlerini-tizimi> (қаралған күні 01.08.2020).

Грудницкий С. Правительство Великобритании выделяет почти \$ 2 млрд для помощи учреждениям культуры [Электронды ресурс] / «Беларусь сегодня» ақпараттық порталы. – Электрон.мәлімет. – Минск. – 2020. – URL: <https://www.sb.by/articles/pravitelstvovelikobritaniivydelitpochti2mlrddlyaromoshchiuchrezhdeniyamkultury.html?fbclid=IwAR0gIuQ6zwmj0N28mVwAiL0vC1dJGxE8GNbQLOZWrdNXDOZfcsF7c2HFQ> (қаралған күні 05.08.2020).

Дафое Т. (Taylor Dafoe). Jeff Koons, Gagosian Gallery, and Many Other Blue-Chip Art Operations Received Millions of Dollars in Government Stimulus Money [Электронды ресурс] / «Artnet» порталы. – Электрон.мәлімет. – Нью-Йорк. – 2020. – URL: <https://news.artnet.com/art-world/jeff-koons-gagosian-millions-ppp-loans-1892828#.X7o-35PeTgo.twitter> (қаралған күні 05.08.2020).

«Деятельность музеев в современных условиях: новые вызовы и возможности» [Электронды ресурс] / Youtube платформасы. – Электрон.мәлімет. – Нұр-Сұлтан. – 2020. – URL: https://www.youtube.com/watch?v=2uILLqK_HIk (қаралған күні 02.08.2020).

Доусон Э. Как Метрополитен-музей в пандемию увеличил число подписчиков в соцсетях на 200 тыс. [Электронды ресурс] / «The art newspaper Russia» интернет ресурсы. – Электрон.мәлімет. – Мәскеу. – 2020. – URL: http://www.theartnewspaper.ru/posts/8125/?fbclid=IwAR3hgaJTBI2RNvFqRk_c1a0-A9wyAigkldGHUFX0pF0hgfy9PcZmXgkR54 (қаралған күні 04.08.2020).

Кан А. Музеи возвращаются. Не сразу и не все. Как они выглядят после карантина? [Электронды ресурс] / «BBC орыс қызметі». – Электрон.мәлімет. – Нұр-Сұлтан. – 2020. – URL: <https://www.bbc.com/russian/features-52731813> (қаралған күні 05.08.2020).

ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 14 наурыздағы №63 бұйрығы: Ч. 1: ресми мәтін: 2020 жылғы 01 тамыз. – Нұр-Сұлтан: ресми хабарлама, 2020.

ҚР-да COVID-19-ға қатысты жағдай тұрақталды: күн сайын ауруды жұқтырғандар азайды, емделіп шыққандардың саны артты [Электронды ресурс] / «Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми ақпараттық ресурсы». – Электрон.мәлімет. – Нұр-Сұлтан. – 2020. – URL: <https://primeminister.kz/kz/news/reviews/kr-da-covid-19-ga-katysty-zhagday-turaktaldy-kun-sayyn-aurudy-zhuktyrgandar-azaydy-emdelip-shykkandardyn-sany-artty-2165654> (қаралған күні 06.08.2020).

Лебедева Н. Ольга Любимова рассказала, как культура будет выходить из карантина [Электронды ресурс] / «Российская газета». – Электрон.мәлімет. – Мәскеу. – 2020. – URL: <https://rg.ru/2020/05/21/olga-liubimova-rasskazala-kak-kultura-budet-vyhodit-iz-karantina.html> (қаралған күні 05.08.2020).

Прямые трансляции [Электронды ресурс] / «Портал Культура.РФ» – Электрон.мәлімет. – Мәскеу. – 2020. – URL: <https://www.culture.ru/live> (қаралған күні 01.08.2020).

Рекомендации по проведению профилактических мероприятий по предупреждению распространения новой коронавирусной инфекции (COVID-19) в музеях, музеях-заповедниках, дворцово-парковых музеях: Ч. 1-4: ресми мәтін: 2020 жылғы 6 тамыз. – Москва: База Rospotrebnadzor, 2020.

Савицкая А. Российские галереи вышли из самоизоляции с новыми идеями [Электронды ресурс] / «The art newspaper Russia» интернет ресурсы. – Электрон.мәлімет. – Мәскеу. – 2020. – URL: <http://www.theartnewspaper.ru/posts/8221/> (қаралған күні 05.08.2020).

О.А. Мякишева
г. Алматы, Казахстан
myakisheva@mail.ru

ВОПРОСЫ КАТАЛОГИЗАЦИИ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ КОЛЛЕКЦИИ (по материалам археологической коллекции из фондов Центрального государственного музея)

Музейные фонды являются основным источником для многих направлений научно-исследовательской работы, в том числе и каталогизации. Формирование коллекций, всестороннее изучение музейных предметов, создание условий для их использования и сохранения осуществляются в музеях на основе фондовой работы, в результате которой создается система фондовой документации (учетная, научно-охранная), раскрывается информационный потенциал музейных предметов. Исследование музейных предметов сопровождается накоплением материала, вносимого в различную фондовую документацию.

Каталогизация археологических фондов, несмотря на более чем полтора века истории, сегодня может считаться направлением музейной работы, находящимся еще только в стадии становления. Составление каталогов музейных коллекций позволяет документально зафиксировать археологические артефакты, ввести их в научный оборот, таким образом, способствуя сохранению культурного наследия.

В фондах Центрального государственного музея РК (далее ЦГМ РК) собраны богатейшие, разнообразные археологические материалы, дающие возможность проиллюстрировать не только основные этапы развития этнической и социально-политической истории и культуры Казахстана, как важнейшего интегрального региона Евразийского континента, но и рассказать о зарождении, сложении и развитии различных форм государственности в регионе: от государства усуней (Усунь-го), первых тюркских каганатов – до появления казахских ханств.

Именно каталогизация, как одна из ведущих направлений музейной научно-исследовательской работы, дает наиболее полное представление о любом из музейных собраний, истории его возникновения

и комплектования, изучения, применения. Как показывает международный музейный опыт, создание и публикация каталогов музейных коллекций имеет большой научно-практический и научно-познавательный смысл. Во-первых, каталогизация способствует введению в научный оборот огромного числа артефактов, собранных и хранящихся в музейных коллекциях. Во-вторых, каталог музейных археологических коллекций позволит осуществить доступ к ним всех специалистов и студентов вузов, так как может служить прекрасным фактологическим и иллюстративным учебным пособием, способствующим расширению археологических знаний в области археологии, истории, музеологии, культурологии и искусствоведения. В-третьих, создание каталогов позволит сохранить информацию об экспонатах, подверженных утере или разрушению в силу объективных причин. К тому же, каталогизация является одной из форм управления музейными ресурсами.

Каталоги археологических коллекций занимают особое место в научных изданиях. Составление же их играет важную роль в систематизации и популяризации археологического наследия. Задача совершенствования каталогов возникает в связи с качественными изменениями в археологии, выразившимися в расширении количества источников и увеличении объема извлекаемой из них информации, и в музейном сообществе, к которому постепенно приходит осознание важности изучения, описания и использования своих археологических фондов. Это делает актуальным библиографический обзор и структурно-содержательный анализ изданных археологических каталогов в аспекте возможности использования их потенциала в научно-исследовательской и просветительской работе в настоящее время.

Каталогизация археологических источников – сложный и длительный процесс, требующий привлечения широкого круга специалистов. Составители каталогов – в первую очередь, научные сотрудники музеев, хранители археологических фондов.

Систематическая каталогизация музейных ценностей в отечественном музейном деле является принципиально новой формой научно-исследовательской и культурно-образовательной деятельности. Во всяком случае, до недавних пор работа в этом направлении практически не велась, хотя, как следует из зарубежной музейной практики, подобные изыскания можно сказать, один из системообразующих видов музейной деятельности, имеет давнюю и достаточно плодотворную научную традицию. Практически все музеи республики накопили большое количество археологических материалов, однако научная обработка и публикация этих артефактов сильно отстали от процесса их сбора. Это привело к тому, что большая часть материалов лежит необработанной и не может быть использована наукой. В этой связи коллекции музеев республики нуждаются в тщательном источниковедческом анализе, сравнении и соотнесении с новыми исследованиями, проводившимися за последние годы. Исследованный таким образом, материал позволит перейти от археологических фактов, их констатации, к реконструкции исторических процессов.

В настоящее время коллектив Центра Археологии ЦГМ РК работает над созданием каталога средневековой коллекции из фонда археологии. Материалы каталога отразят формирование, развитие и расцвет городской культуры народов Казахстана и Центральной Азии на торговых дорогах Великого Шелкового пути, начиная с VI века н.э. по XV век. Городская культура Казахстана развивалась в тесном взаимодействии с кочевым миром, причем эта взаимосвязь осуществлялась в рамках единых политических, экономических и культурных структур, каковыми являлись Западно-Тюркский, Тюркешский и кимакский каганаты, государства огузских ябгу, саманидов, караханидов и кипчаков, а также шайбанидское ханство и Акorda.

Таким образом, ведущим принципом составления каталога будет показ сочетания основных достижений кочевой и урбанистической культур в регионе. Освещение истории распространения в эпоху средневековья на территории Казахстана различных религиозных конфессий: тенгрианства, зороастризма, даосизма, манихейства, несторианства, буддизма, различных толков христианства и ислама.

Существует ряд объективных факторов, которые делают археологическую коллекцию музея уникальным памятником истории и культуры, поэтому к ее исследованию и сохранению следует подходить с позиций современных требований. В этой связи становится необходимым комплексный анализ археологических артефактов эпохи средневековья Казахстана, накопленных в фондах ЦГМ РК.

При исследовании археологической коллекции был применен комплексный подход. В первую очередь для анализа основных категорий археологического материала применен сравнительно-типологический

метод, а при установлении взаимосвязи предметов применены методы классификации и систематизации. Для описания коллекции каменных изваяний применен формально-типологический метод исследования иконографии изображений, дополненный стилистическим анализом. При помощи сравнительного метода выявляются общие и особенные черты артефактов. Для выявления историко-археологических связей использовался историко-сравнительный метод. Хронологическая атрибуция осуществляется с помощью относительной и абсолютной датировки с использованием методов информационных технологий. При анализе керамического материала использована методика реконструкции культурной стратиграфии. В результате проведенных исследований выделены группы керамики, характеризующие хронологические этапы ее развития. Также в ходе работ применен метод полевого исследования для дополнения информации и раскрытия проблемы исследуемой темы. Также применена особая область методики – разработка проблем консервации и реставрации музейных артефактов.

В процессе каталогизации коллекции эпохи средневековья была проведена камеральная обработка коллекции в результате чего, на основе музейных инвентарных описей по унифицированной форме были заполнены научные паспорта и внесены в научно-справочную базу музейного фонда.

При атрибуции артефактов были выявлены присущие предмету признаки – физические свойства, функциональное назначение, история происхождения и бытования. Определялся материал и способ изготовления предмета (ручной, механический,ковка, чеканка, литье и пр.), цвет, форма, размер, вес (в случае с предметами из драгоценных металлов), устройство, стилистические особенности, время и место создания и бытования предмета, его социальная и этническая принадлежность. Так же в ходе атрибуции определены степень его сохранности и описаны имеющиеся на нем повреждения. Данные, полученные в результате определения предмета, зафиксированы в научно-справочном аппарате музейных фондов.

На основе разработанных Мартыновым А.И., Шером Я.А. и Генингом В.Ф. (Мартынов, Шер, 2002. с. 240, Генинг, 1973, сс. 114-136, Тишкин, Горбунова, 2004. с. 126.) методов археологического исследования, для установления взаимосвязи предметов проведена классификация и систематизация коллекции. В ходе классификации артефакты были разделены по географическому (по месту бытования предметов), хронологическому (по времени создания или бытования предметов), тематическому и предметному (предметы сгруппированы по назначению) принципам. Также осуществлена систематизация коллекции, то есть, материал сгруппирован по памятникам, хронологии и типу.

В коллекциях выделены группы и типы артефактов по общему назначению. Например: керамика: по видам сосудов (кувшин, котел, чаша и т.д.), по видам технологических приемов (ручная лепка, гончарный круг), по составу материала (глина с разного рода примесями) и т.д.

Так как описание является важнейшей исследовательской работой и средством представления научных данных, были разработаны не только текст описания, но и дополняющие его компоненты: фотоиллюстрации, чертежи, таблицы. Большое значение при описании вещей и объектов имеют их собственноручные зарисовки, которые позволяют лучше «увидеть» и понять данный объект.

Таким образом, в научный оборот будут введены мало- и неизвестные в науке артефакты, отражающие различные аспекты хозяйственной жизни и культуры эпохи средневековья. Для описания коллекции, важным является историографический обзор исследования памятника и история поступления коллекции в музей. Так, например, в археологическом фонде ЦГМ РК собрана коллекция артефактов VII-XIII вв. из городища Талгар, Алматинская область.

В 1939 году Семиреченской археологической экспедицией (В.Д. Городецкий) были проведены раскопки на городище Талгар, где были обнаружены керамические и железные предметы: крица, ножи, заготовки и т.д. (хранится в фонде ЦГМ РК КП 2255, 45 ед.хр.; КП 3044). Позже на городище Талгар был найден склад готовой продукции в размыве ручья – инструментарий кузнеца: наковаленки, совки, лемехи для пахотных орудий, плотничьи топоры, ножи, подковы, цепи, скобы и др. В 1986 году преподавателем Казахского Педагогического Института Копыловым И.И. в фонды музея были переданы материалы археологической экспедиции КазПИ за 1984-1986 гг. (ЦМК КП 20305/1-30; КП 20490/1-40), (ЦГМ РК, 1986).

В фонде ЦГМ РК материалы раскопок представлены коллекцией керамических изделий в количестве 52 ед.хр.

Керамика была классифицирована и описана Байпаковым К.М. и Савельевой Т.В. (Байпаков, Савельева, Чанг, 2005, с. 188.) ими были выделены основные критерии классификации: морфологические, качественные и количественные характеристики. По технологическим признакам определяются две большие группы керамики: лепная и станковая. Учтены признаки вторичной технологической обработки: лощение, окраска, роспись и орнаментация, добавки в тесто. Учет функционального назначения явился критерием для выделения классов и типов. Отличительные особенности формы тулова, венчика, а также различные дополнительные детали послужили принципом деления на подтипы. Всю керамику разделили на три группы: лепная керамика; станковая сделанная на ручном и ножном круге; станковая поливная.

Выделены классы керамики, различающейся по составу массы и способу изготовления, по функциональному назначению: неполированная посуда: лепная грубая керамика; кухонная керамика, изготовленная на гончарном круге; бытовая посуда, изготовленная на гончарном круге; хумы; поливная керамика; керамические изделия специального назначения, изготовленные в особых технологических условиях (сферокопические сосуды, водопроводные трубы); стройматериалы (жженный кирпич, тандырные заслонки, облицовочные плитки).

При атрибуции коллекции из городища Талгар, керамическая посуда была разделена по функциональному назначению.

Кухонная посуда – котлы, горшки (рис. 1,2).



Рисунок 1. Ручки котлов ЦМК КП 2255 IX-XII вв. Керамика. Гончарный круг.



Рисунок 2. Горшок ЦМК КП 20236/18

Столовая посуда – кувшины, миниатюрные кувшинчики, чаши конической и полусферической формы, кружки с вертикальной петлеобразной ручкой (рис. 3)



Рисунок 3. Чаша-кружка КП 18221; ЦМК КП 2255

Поливная керамика представлена всего несколькими фрагментами сосудов. Роспись была выполнена зелеными и коричневыми красками по белому ангобному покрытию под прозрачной бесцветной свинцовой поливой (рис. 4).




Рисунок 4. Венчик чаши. ЦМК КП 2255

Хозяйственно-бытовая посуда – хумы, хумчи, водоносные кувшины, тагора, ступкообразные сосуды на массивном дисковидном поддоне (рис. 5, 6).



Рисунок 5. Венчики хума. ЦМК КП 2255



Рисунок 6. Кувшин и ступообразный сосуд. ЦМК КП 20490\18а; КП 20490\21

Керамика специального назначения – светильники-чираги, водопроводные трубы, пряслица, крышки, очаги, детские игрушки, сферокопические; туваки (рис. 7,8).



Рисунок 7. Светильник керамический КП 20490\7 а; КП 20490\7 б

Крышки встречаются на городище Талгар редко. Представляют собой диски диаметром до 25 см, изготовленные из теста с примесью дресвы. В центре имеется коническая или грибообразная налипная ручка. Поверхность покрыта розовым ангобом, на ручке имеются вмятины от пальцев, штампы.



Рисунок 8. Крышка сосуда ЦМК КП 2255

Кирпичи и архитектурные декоры (рис. 9).



Рисунок 9. Кирпичи строительные ЦМК КП 2255

Каталог, как справочное издание является источником базовой информации об археологической коллекции ЦГМ РК, поскольку кроме сведений об артефакте, будет включена библиография и другая информация.

В результате написания каталога разрабатываются единые принципы классификации предметов и структуры научного описания музейных предметов, создаются унифицированные терминологические словари.

Научная каталогизация и публикация археологической коллекции будет содействовать не только сохранению информации об исторических артефактах и популяризации музейных коллекций ЦГМ РК, но и позволит значительно расширить источниковедческую базу научно-исследовательской работы по археологии и истории, а также даст возможность специалистам и широкой общественности получить доступ к ранее не опубликованным археологическим материалам. К тому же, публикация археологических коллекций в виде научного каталога станет прекрасным фактологическим и иллюстративным учебным пособием, способствующим расширению исторических знаний.

Литература:

Мартынов А.И., Шер Я.А. Методы археологического исследования. 2-е изд., испр. и доп. – М.: Высш. шк., 2002. – 240 с.

Генинг В.Ф. Программа статистической обработки керамики из археологических раскопок // Советская археология. – 1973. – № 1. – С. 114-136.

Тишкин А.А., Горбунова Т.Г. Методика изучения снаряжения верхового коня эпохи раннего железа и средневековья: Учеб.-метод. пособие. – Барнаул: Изд-во Алт. ун-та, 2004. – 126 с.: ил.

ЦГМ РК. Акт №109 от 7.05 1986 г. Акты поступлений основного фонда КП 20305/1-30; КП 20490/1-40.

Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг. К. Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. Приложение. Результаты анализов (Естественно-научные методы в археологии). 2-е изд., дополн. – Алматы, 2005. – 188 с.

Х.А. Айтқұл

Алматы қ., Қазақстан
khamit.boray@mail.ru

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІ КОЛЛЕКЦИЯСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (ҚР Мемлекеттік орталық музейінің қор материалдары бойынша)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің (әрі қарай ҚР МММ) қорында жинақталған қола дәуірінің археологиялық материалдары сол заманның тарихы мен мәдениетінің басты дереккөзі болып табылады. Өкінішке орай, отандық музейлердің археологиялық коллекцияларын ғылыми өңдеу, жариялау ісі деректерді жинау үдерісіне қарағанда мардымсыз, дәлірек айтсақ, қыш, сүйек сынды заттық деректерді жүйелеу, жіктеу амалдары қарастырылмаған, әрі қола дәуірінің басты мәдени және шаруашылық

ерекшеліктерін айқындайтын осы тектес артефактілерге тән нақты белгілер толық анықталмаған. Осының салдарынан Қазақстан тарихнамасында бүгінге дейін музейлердің археологиялық коллекциялары қарастырылмаған, ғылыми айналымға енгізілмеген деуге де болады.

Бірқатар объективті факторларды ескерсек еліміздің музейлер қорындағы археологиялық материалдар коллекциясы тарих пен мәдениеттің бірден-бір мәнді де дәйекті дереккөзі екендігі даусыз, сондықтан бұл іске соңғы талаптар тұрғысынан қарау өзекті мәселе. Осы жерде айта кететін бір жайт бар, музей қорындағы коллекцияларды ғылыми атрибуциялау, деректерді, мәліметтерді сақтаумен қатар жариялауды айтпағанның өзінде археология, тарих, антропология, этнология және т.б. гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулердің дереккөзін толықтыра отырып, тың ізденістерге негіз бола алады.


Мемлекеттік орталық музейінің археология қорында Солтүстік Қазақстан аумағында Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының Шағалалы отряды (жет. Ә.М. Оразбаев) 1954-1967 жж., СҚАЭ 1964-1967 жж. Көкшетау облысы, Красноармейский ауданы, Октябрьское ауылынан оңтүстікке қарай 3-4 км қашықтықта орналасқан Шағалалы қонысында (сур. 1/а, б, в, г, д, е) және ОҚАЭ 1957-1968 жж., СҚАЭ 1957 ж. жетекшісі А.М. Оразбаев (ЦМК НВФ 5999/2, ЦМК НВФ 5999/3, ЦМК НВФ5999/4, ЦМК НВФ5999/7, ЦМК НВФ 5999/6, ЦМК НВФ 5999/14), Қостанай археологиялық экспедициясы 1968 ж. (жет. В.В. Евдокимов) Қостанай облысы, Затобольск ауданы, Садчиков ауылынан 1 км қашықтықта, өзеннің оң жағасында орналасқан Садчиков қонысында (сур. 2/а, б, в, г, д, е) жүргізілген қазба жұмыстарының материалдары сақталуда (ЦМК НВФ6000/1, ЦМК НВФ6000/2, ЦМК НВФ6000/3, ЦМК НВФ6000/4, ЦМК НВФ6000/5, ЦМК НВФ 6000/6), (Оразбаев А.М, 1970, с. 129-146).



Сурет 1. Шағалалы қонысы. Қыш ыдыс фрагменттері/ ЦМК НВФ 5999/2, ЦМК НВФ 5999/3, ЦМК НВФ5999/4, ЦМК НВФ5999/7, ЦМК НВФ 5999/6, ЦМК НВФ 5999/14

Сондай-ақ, аталмыш коллекцияны Қарағанды мемлекеттік университетінің археологиялық экспедициясы Жоғарғы Тобыл отрядының (жет. В.В. Евдокимов) 1977 жылы Қостанай ауданы, Заречный ауылы, Тобыл өзенінің оң жақ бойындағы Конезавод III қонысында (ЦМК КП 20252/1, ЦМК КП 20252/2, ЦМК КП 20252/3, ЦМК КП 20254/1, ЦМК КП 20254/3) жүргізілген қазба жұмыстарының материалдары толықтырады (сур. 3/а, б, в, г, д).

Солтүстік Қазақстанның археологиялық ескерткіштерінен табылған қыш ыдыс фрагменттері өзіндік белгісімен ерекшеленеді. Алғашқы кезең қыш ыдысының бітімі мен өрнектелуінен Федоров мәдениетіне тән дәстүрлі нышанды байқауға болады. Ыдыс «шырша», ирек, каннелюра, баспа сынды қарапайым өрнекпен қатар білеумен көркемделді. Екінші кезеңдегі қыш ыдыс қатарында ернеуі кең, мойны әрқалай пішінделген биік көзе, ернеуі тар, биік және қарадүрсін жатаған ыдыстар ұшырасады. Ыдыс сыртындағы «тор», «шы-



Сурет 2. Садчиков қонысы. Қыш ыдыс фрагменттері/ ЦМК НВФ6000/1, ЦМК НВФ6000/2, ЦМК НВФ6000/3, ЦМК НВФ6000/4, ЦМК НВФ6000/5, ЦМК НВФ 6000/6

рша», «қыспа», ирек, үзік сызықты үшбұрыш, ромб сынды бір-екі элементтен тұратын өрнек сызбаланды, ара-тұра тікшелі қалыппен түсірілді. Жалпы ыдыстың 10-40% білеумен және кішкентай томпақшалармен жапсырылып өрнектелген. Үшінші кезең ыдысы «доңғал» мәдениетінің типіне жатады. Бітімі жағынан көзе типтес ыдыс жіңішке, биіктеу білеумен, қимамен (кейде екі білеумен), «інжу», «шырша» сынды өрнек түрлерімен әсемделген (Зданович, 1984, с. 79-96; Евдокимов, Ломан, 1982, с. 20-41, Ткачев, 2009, с. 35-44).

Музейлік құндылықтарды ғылыми атрибуциялау, аталмыш артефактілерге жоғары оқу орындары мамандары мен студенттерінің қол жеткізуіне жол ашып, отанымыздың ежелгі тарихы жайлы білімін тереңдетуге ықпал етеді. Сондай-ақ, объективті себептермен бүліну, жойылу қатеріндегі артефакт жөнінде мәліметтің сақталуын қамтамасыз етеді және музей коллекциясы – мәдени мұраның оқырман қауым ортасында кеңінен танылуына септігін тигізері сөзсіз.



Сурет 3. Конезавод III қонысы. ЦМК НВФ6000/1, ЦМК НВФ6000/2, ЦМК НВФ6000/3, ЦМК НВФ6000/4, ЦМК НВФ6000/5, ЦМК НВФ 6000/6

Литература:

Зданович С.Я. Керамика саргаринской культуры // Бронзовый век Урало-Иртышского междуречья. – Челябинск: БашГУ, 1984. – С. 79-96.

Евдокимов В.В., Ломан В.Г. Поселение Копа I // Вопросы археологии и этнографии Центрального Казахстана. – Караганда, 1982. – С. 20-41.

Оразбаев А.М. Поселение Чаглинка (Шагалалы) Некоторые формы и типы жилищ // По следам древних культур Казахстана. – Алма-Ата: Изд-во «Наука» Казахской ССР, 1970. – С. 129-146.

Ткачев В.В. Алексеевско-саргаринские поселенческие комплексы Сары-Арки // Вестник археологии, антропологии и этнографии. – 2009. № 10. – С. 35-44.

Н.А. Досымбетов
Алматы қ, Қазақстан
nur_dos88@mail.ru

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА ОРТАЛЫҒЫ ЭКСПОЗИЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (экспозиция құрудың әдіс-тәсілдері мысалында)

Бүгінгі таңда музейлердің ғимараттары жаңарып, түрлі бағыттағы жаңа музейлер салынып еліміздің туризм саласының дамуына өзіндік ықпалын тигізуде. Сондай-ақ, бұл өз кезегінде халықтың көз қуанышына айналып, мәдени демалатын орындардың санын да арттыра түсуде. Осы орайда аталмыш музейлердің жаңаруы, көбеюі музей экспозициясын жасақтаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіре түсуді талап етіп отыр. Өйткені, бүгінгі таңда шет елдік музейлердің экспозиция құру методикасы қарқынды дамып, түрлі заман талабына сай технологиялар қолданылып жатыр. Бұл өз кезегінде еліміздегі музейлердің экспозиция құру мәселесінде де жаңа көзқарастың қажеттілігін көрсетіп жатыр. Ең алдымен, музей экспозициясын жасақтау мәселесі, өз кезегінде, жаңашылдықты, заман талабына сай технологияларды да қолданудың қажеттілігін туғызып жатыр. Осындай заман талабына сай құрылған музейлердің бірі Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығы (бұдан әрі – Орталық) Елбасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тапсырмасымен Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Алматы қаласының 1000 жылдығына орай 2016 жылы 18 қыркүйек күні ашылған. Орталықтың ашылу мақсатының бірі – заманауи озық 3D технологияларды музей саласына енгізу арқылы бай және көркем болып табылатын қазақтың дәстүрлі музыка өнерін халыққа және келешек ұрпаққа насихаттау, қазақ мәдениетімен танысуға келген шетел азаматтарының қызығушылықтарын қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі музейтануда қалыптасқан ғылыми тұжырымдарға сүйенсек, атқаратын қоғамдық функцияларына қарай әлеуметтік институт ретінде музей – мәдени, тарихи және ғылыми құндылықтарды сақтауға, музейлік заттар арқылы мәліметтерді жинақтап таратуға, өскелең ұрпаққа ата-бабамыздан қалған мұралар жөнінде тәлім-тәрбие беруге арналған тарихи қалыптасқан көп қырлы әлеуметтік ақпараттар институты болып саналады.

Музейдің мәдени көпшілік жұмыстары музей коммуникациясының бір саласы ретінде жан жақты білімді, қоғамда белсенді, эстетикалық талғамы зор, қоғамға пайдалы адам тәрбиелеуге бағытталады. Музейдің басты міндеті тарих арқылы тарихи мәдени ескерткіштерді насихаттау, сол арқылы жастарды патриоттық рухта тәрбиелеу болып табылады. Көпшілікті музей мәдениетіне тарту, тарихыңды сүю, еліңе деген мақтаныш пен отаншылдық сезімін ояту, тарихи кезеңдермен танысу, материалдық және рухани құндылықтармен танысу қызметі атқаратыны анық. Сондықтан, музейдің экспозициясы ғылыми тұрғыдан да, эстетикалық тұрғыдан да жоғары талғаммен жасалуы қажет. Музей өзінің келушілеріне ерекше көзартатын экспозициясымен, оған қойылған құнды экспонаттарымен құнды болып табылады. Осыған байланысты музей ісінде арнайы экспозиция құру жұмысы қалыптасқан.

«Экспозиция» термині латынша «expositio» (көрсету), кең мағынада кез-келген заттар жиынтығын арнайы көрсету ұғымын береді. Қазіргі таңда музейтану ғылымында қолданылып жүрген экспозицияның қарапайым анықтамасы – музей жинағының көрсетуге арналған бөлігі. Бүгінгі музей экспозициясы – музейлік құндылықтардан басқа да экспозициялық материалдарының тұжырымды (ғылыми және көркемдік) ойлау тұрғысында біріктірілуінің біртұтас заттық-кеңістіктік жүйесі – деп түсінуге болады (Ибраева, 2013, 54 б.).

Музей экспозициясы жүйелі, сондай-ақ, тақырыптық экспозициялық әдіс бойынша құрылады. Топтау тәртібі мен экспозициялық материалдарды ұйымдастыру экспозиция құрудың әдісін анықтайды. Экспозиционер маман музей экспозициясын құру барысында экспозициялық кешеннің деректілігі мен тартымдылығын арттыру жолын іздестіріп, сол уақыттың рухын жеткізуге тырысады. Осылайша, музей экспозициясын құру кезінде келесідегідей принциптерді пайдаланады: ғылымилығы, заттылығы, тарихи-хронологиялық және кешенді-тақырыптық принцип.

Музей экспозициясын жасақтау музей құрылымының негізгі кезеңдерінің бірі болып табылады. Экспозицияны жобалау барысында ғылыми, көркемдік, техникалық және жұмыстық жобалау сынды түрлері қолданылады.

Қазақстан музейлерінде қалыптасқан тәжірибеге орай, музейдің жұмыс жоспарына енгізілген тақырып негізінде ең алдымен көрменің тұжырымдамасы мен тақырыптық-экспозициялық жоспары жазылады. Ғылыми тұжырымдама көрменің сәулеттік-көркемдік жобалау жұмысының негізгі құжаты және көрме құру барысының бағыттаушысы болып табылады.

Экспозицияның ғылыми тұжырымдамасын жасауға авторлық ұжым қатысып, құрылатын экспозицияның заттай және деректік материалдарын сұрыптау, экспозиция құрудың негізгі әдіс-тәсілдерін, принциптерін анықтау барысында жұмыс атқарады. Ғылыми тұжырымдама негізінде, экспозицияның басты шешімі жасалып, ол музейдің Ғылыми Кеңесінде бекітіледі (Яковлев, Шестаев, 1995, с. 82).

Болашақ музейдің экспозициясының тақырыптық құрылымы, бағыты, жәдігерлері мен қосалқы заттары іріктеліп алынғаннан кейін, көркемдік жағын рәсімдеу мәселесі қарастырылады.

Сәулеттік-көркемдік тұжырымдама ғылыми тұжырымдама негізінде жасалып, онда көркемдік идея, көркемдік бейне туындап, экспозицияны құру кеңістігі, негізгі жарық шешімі, жәдігерлер, сұлба-макеттерді орналастыру қағидаттары қарастырылады. Келесі кезеңде музейдің ғылыми қызметкерлері экспозицияның *«кеңейтілген тақырыптық құрылымын»*, суретшілер *«экспозициялық жобасын»* жасайды. Осы аталған құжаттардың негізінде тақырыптық-экспозициялық жоспар (ТЭЖ) әзірленіп, ол мынадай құрылымнан тұрады: бөлімнің атауы, тақырыптың атауы, негізгі мәтін, тақырыптық кешен, кешенге аннотация (түсініктеме мәтін), экспонатура (заттық тізбе нөмірлерінің, өлшемдерінің, белгілерінің түпнұсқалығы), этикетаж, ескерту.

Тақырыптық-экспозициялық жоспар дегеніміз – құжат, экспозицияны ғылыми жобалаудың құрамдас бөлігі; экспозициялық материалдардың нақты құрамын және экспозицияның кеңейтілген тақырыптық құрылымына сай топтау. Тақырыптық-кешендер атауы; жүргізуші мәтіндер, аннотациялар; негізгі атрибуция мәліметтерін көрсететін экспозициялық кешендегі экспонаттар тізімі; экспозициялық материалдар (түпнұсқа, шығарма және т.б.) сипаты туралы мәлімет; көлемін, материалдардың сақталу орнын көрсету. ТЭЖ-ға қосымша: *этикетаж, ғылыми-қосалқы материалдар, ғылыми реконструкция жасау үшін құжаттама* енеді.

Музейдің экспозициясын құруда құрылатын кеңістіктің аумағы басты роль атқарады. Кеңістіктің аумағына қарай тарихи-хронологиялық, кешенді-тақырыптық, тақырыптық-репрезентативтік, өзара сеп-салдарлық байланыс принциптері басшылыққа алынады.

Музей экспозициясын жасақтауда ғылыми қызметкерлері белгілі бір принципке сүйенеді. Музейтану саласында қалыптасқан тұрақты экспозиция және көрме құрудың бірнеше басты принциптері бар. Ең басты принцип ретінде – ғылыми принцип алынады. Ол әрбір музей экспонатының экспозицияға қойылғанға дейінгі ғылыми өңдеуден өтуі назарға алынады (Кауман, 2010, с. 333). Музей экспозициясын құруда тағы бір қойылатын талап – объективтілік (шынайылық). Музей экспозициясын құру барысында музей мамандары экспонаттардың берілу тәсіліне өзінің идеясын қоса алады, бірақ тарихи шындықты бұрмалауға қақысы жоқ.

Келесі заттық принциптің басты қағидасы түпнұсқа заттарға сүйену, мүмкіндігінше түпнұсқалық заттар беретін ақпаратқа нұқсан келтірмеу, әсірелемеу, ғылыми объективтілік принципін сақтау болып табылады. Соңғы кездерде көп қолданыла бастаған инсталляция, муляж, коллаж, композиция сияқты экспозициялаудың түрлері экспонат жетіспеушіліген туындаған әрекеттер болып табылады (Кауман, 2001, с. 19). Әсіресе, кезінде өткен ғасырдың қиын-қыстау уақытында құдалау көрген тұлғалардың тұтынған бұйымдарының сақталмауы бүгінде мемориалдық музейлердің экспозициясын құру кезінде қиындық тудырады.

Экспозициялаудың үшінші принципі – коммуникативтілігі. Бұл принцип бойынша кез-келген музейге келуші музей экспозициясын түсіне алатындай етіп құруға негізделеді. Экспозициялаудың тарихи-хронологиялық принципі материалдардың тарих ғылымында қалыптасқан хронологиялық жікке бөлуді айтады, кез келген музей өзінің мазмұны мен мәні жағынан тарихи деуге боларлық. Қандай бағыттағы музей болса да, хронологиялық принципке негіздеуге болады. Музейлік экспонаттардың сыныпталуына қарай да экспозициялау жұмыстары жүзеге асырылады (Михайловская, 1951, с. 108-110). Музейлерде көп қолданылатын принциптің бірі – тақырыптық-кешендік принцип болса, проблемалық принципке экспозицияны құру барысында белгілі бір мәселеге орай экспозицияға заттарды іріктеу жатады. Бұл орайда музейлерде академиялық рет, тарихи экспозиция, бір зал – бір шығарма, фокустегі экспонат сияқты іріктеп топтаудың әдістері қолданылады (Музееведение, 1988, с. 203).

Көрмеге қойылатын экспозициялық материалдарға музей экспонаттары, фото-фоно құжаттар, киноматериалдар, мәтіндер мен комментарилердің түрлері жатады. Сонымен қатар, экспонаттардың ақпараттық әлеуетін арттыра түсу үшін ғылыми-көмекші материалдар (карта, схема, диаграмма, кесте т.б.) да қолданылады. Түпнұсқа экспонаттар мен қосалқы материалдар экспозицияда бір-бірімен байланысқа түсіп, ақпараттық деректерді жеткізуде бір-бірін толықтыра түседі.

Музей экспозицияларында көшірмелерді де кеңінен пайдаланады. Қайта жасалған (түпнұсқадан дәл көшірілген) музей заттарына не объектілеріне көшірмелер, реконструкциялар, слепкалар, макеттер, моделдер, муляждар, голограммалар, репродукциялар жатады. Дәл көшірілген заттар егер оларды әкелуге мүмкіндік болмаса, музей заттары статусына жатқызуға болады. Оған тастағы жазулар, технологиялық процесстердің көрсетілуі, үлкен архитектуралық кешендер жатады (Михайловская, 1951, с. 10).

Экспонаттарға берілген түсіндірме мәтіндер, этикеткалар қазақ, орыс және ағылшын (қажеттілікке қарай) тілдерінде дайындалады. Этикетка тектін жазу барысындағы басты ұстанатын шарт белгілі талап бойынша жазылуына мән беру керек. Талапқай сай этикетка *«Кім/Не? Кімдікі? Қайдан? Қашан?»* – деген сұрақтарға жауап беруі керек. Яғни, қандай экспонаттың түрі, авторы, атауы, жылы көрсетілуі тиіс. Орталық экспозициясының этикетажын жазу барысында өзге әдіс те қолданылып, экспозицияға қойылған экспонаттардың этикеткасы шағын анықтамалық текст түрінде (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) берілді. Мысалы: «Абай Құнанбайұлы (1845-1904) – ақын, ағартушы, философ және композитор. Шығыс Қазақстан облысы, Семей өңірі Абай ауданы, Жидебай ауылында дүниеге келген. Ақын домбырасының сүйемелдеуімен өз жанынан шығарған әйгілі «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем, қаламқас», «Қараңғы түнде тау қалғып» секілді әндерін орындап таратқан».

Музейге қонақтарына орталық экспозициясында бағыт алуға, оның тақырыптық құрылымын анықтауға көмектесетін мәтінді бас мәтін деп атайды. Бас мәтін (кіріспе) – көрмеге негіз болған тұлға немесе оқиға туралы қысқаша сипаттама, көрменің тақырыбы, бөлімдері, ұйымдастырушылар туралы т.б. көрме туралы жалпы мәлімет берілетін экспозициядағы мәтін (Ибраева, 2013, 98-99 бб.).

Экспозициялар орналастырылған орында көркемдік-безендіру жұмыстары аяқталғаннан кейін Экспозициялық-көрме кеңесі көрмені қабылдау жөніндегі мәжілісі өткізіледі. Яғни, осылай кеңес қандай да бір көрменің жоспарланған күнінен бастап, құрылуына да атсалысады және оның ашылуына дейін бақылауды жүзеге асырады. Кеңестің сыни талдауынан өткен экспозицияның кемшіліктері қайта реттеліп, музей экспозициясының ашылуына рұқсат беріледі.

Орталықтың экспозициясына қазақ халқының ән, күй, ақын-жыраулық өнерін жасаушы және бүгінге жеткізуші өнер тұлғаларының аспаптары қойылған. Сан ғасырлық тарихы бар дәстүрлі музыкалық аспаптар қазақ мәдениеті мен өнерінің негізін қалап рухани құнды жәдігерлеріміз ретінде маңызды орынға ие. Кеңінен дамып сақталған бай дәстүрлі өнеріміз – әншілік, күйшілік және жыраулық-жыршылықтың

жасаушылары мен оның жеткізушілерінің мол мұрасын барынша айғақтайтын музыкалық аспаптары болып табылады. Қазақ даласында жан-жақты дамып бүгінгі күнге жеткен күйшілік, әншілік пен сал-серілік, ақындық пен жыраулық өнер өңірлік ерекшеліктеріне байланысты мектеп-мектепке бөлініп қазақтың бүтін бір бай рухани музыкалық мұрасын құрап келеді. Орталықтың экспозициясындағы мемориалдық жәдігерлердің саны 58. Экспонаттар қазақтың белгілі өнер тұлғаларының жәдігерлерінен тұрады. Экспонаттар өңірлік төрт мектепке жіктеліп орналасқан. Олар: 1. Жетісу әншілік, жыраулық-жыршылық және күйшілік мектебінің аспап жәдігерлері. 2. Оңтүстік және Сыр бойы әншілік, жыраулық-жыршылық және күйшілік мектебінің аспап жәдігерлері. 3. Батыс әншілік, жыраулық-жыршылық және күйшілік мектебінің аспап жәдігерлері. 4. Арқа әншілік, сал-серілік және күйшілік мектебінің аспап жәдігерлері.

Экспозициялық залдың ортасында төңкерілген пирамида пішініндегі 3-D голограмма орнатылған. Музейге келушілер орталықтың бел ортасында орналасқан голограммдан төрт өңірдің белгілі өкілдерінің орындауында танымал ән-күйлер мен жырларды тыңдай алады. 3-D голограмманың алдында орнатылған компьютер енгізілген видеоларды музей келушілеріне өз қалауынша таңдауға мүмкіндік береді. Бұл жерге де дәстүрлі музыканың белгілі өкілдерінің шығармалары төрт мектепке бөлініп берілген (1-сурет).



1-сурет. Орталықтың экспозициялық залының көрінісі

Сонымен бірге, экспозиция залындағы 3-D голограмманың төменгі жағына айналдыра орнатылған витриналарға қазақтың ұлттық аспаптары қойылған. Жалпы саны 16 аспап. Олар: 1. ұрмалы және сілкімелі-шулы аспаптар – дабыл, дауылпаз, шыңдауыл, асатаяқ, шың, сылдырмақ; 2. шертпелі аспаптар – домбыра, шертер, жетіген – (көне және жетілдірілген түрі), адырна; 3. ыспалы аспаптар – нарқобыз, қылқобыз (2 түрі – беті жабық, беті ашық).

Келесі мультимедиялық зал арқылы қазақ халқының сан ғасырлық өнері мен мәдениетіне саяхаттай отырып, әр өңірде сақталған музыкалық өнерімізбен бай рухани-мәдениетіміздің терең тарихымен таныса алады (2-сурет). Алдағы уақытта орталықтың мультимедиялық залына музейге келушілердің жас ерекшеліктеріне сай бірнеше видеороликтер дайындау жоспарланып отыр. Аталмыш залдың видеоконтенті мектеп жасына дейінгі, мектеп оқушылары және ересек жандарға деп бөлінуі қажет. Мысал ретінде мектеп жасындағы балаларға бір аспаптың дүниеге келу немесе бір күйдің туындау тарихын анимациялық видеоролик жасауға болады.



2-сурет. Орталықтың мультимедиялық залының көрінісі

Музей экспозициясы төрінен орын алған экспонаттардың музейге келуші жалпы қонақтардың бәріне түсінікті болуы басты назарға алынуы шарт. Өйткені, музей экспозициясы тек қана зиялы қауым өкілдеріне (жазушылар, ғалымдар, тарихшылар, мәдениет қызметкерлері т.б.) ғана арнап құрылмайды. Музейге келуші қонақтардың негізін қала қонақтары, студенттер, мектеп оқушылары мен мектеп жасына дейінгі жастағы балалар құрайды. Еліміздің музейлерінде құрылған экспозициялар белгілі бір ортаға ғана емес, жалпы музей келушілеріне арналады.

Осы орайда, музейдің қоғамдағы алар орнын онда құрылған экспозицияның құндылығы анықтайды. Музейдің тұрақты экспозиция мен уақытша көрмелерді құру арқылы музейге келуші әр түрлі жастағы халықтың санасын оятуға қызмет етеді. Сан ғасырлық тарихы бар қазақтың дәстүрлі музыка өнері өте бай. Сонау Қорқыт бабамыздан бастап бүгінгі таңға дейін «шынжыр қатары үзілмеген» қазақтың дәстүрлі музыка өнерін дәріптеу һәм келер ұрпаққа өзгеріссіз сақтап жеткізу бүгінгі күннің өзекті мәселесі екендігі даусыз.

Әдебиеттер:

Ибраева А. Музейтану: тарих мамандықтарына арналған оқулық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2013. – 251 б.

Кауман М.Е. Музейные экспозиции и выставки // Музейное дело России. – М.: ВК, 2010. – С. 307-364.

Кауман М.Е. Экспозиция и экспозиционер. Конспект лекций, Изд.2-е, испр. И доп. – М.: АПРИКТ, 2001. – 63 с.

Михайловская А.И. Организация и техника музейной экспозиции. – М.: Государственное издательство культурно-просветительской литературы, 1951. – 213 с.

Музееведение. Музеи исторического профиля. – М., Высшая школа, 1988. – 430 с.

Яковлев А.Г., Шестаев А.Ф. К вопросу организации временных выставок естественно-исторической направленности // Музееведение. Сборник статей. Выпуск 1. – Уфа, 1995. – С. 82-84.

«ЕСІК» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСІ (ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІ)

Музей өткен дәуір құндылықтарын болашақ ұрпақ үшін сақтап қана қоймай, заттық және рухани құндылықтарды танытуда, оларды ғылыми тұрғыда зерттеп, нәтижелерін насихаттау ісінде (Амаргазиева, 2017, 347 б.) түрлі заманауи әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдануда. Сонымен қатар, экспозициясының танымдылығын арттыру мақсатында, келушілердің жас ерекшеліктеріне (категориясына) байланысты мәдени-білім беру бағытында қолданылатын инновациялық әдістердің бірі – интерактивті әдістер.

Қазіргі таңда музейлерде интерактивті бағдарламаларды енгізу қажеттілігі неден туындап отыр? Себебі, дәстүрлі қалыптасқан (XVIII ғ. бері) экскурсия түрі және әйнек артындағы қолжетімсіз жәдігерлер қазіргі балаларды аса қызықтыра қоймайды. Баланың даму ерекшелігін ескерер болсақ, кез-келген затты қолмен ұстап көрмей қанағаттанбайды. Сондықтан музей экспозициясының интерпретациясында интерактивтерді кеңінен пайдалануды жөн көріп отырмыз. Интерактивті әдістердің дәстүрлі әдістерден артықшылығы, келушілердің жәй ғана тыңдаушы емес, белсенді, өз бетімен ізденушіге айналып, музей құндылықтарын терең ұғынуына мүмкіндік тудыратын басты құрал болуында.

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің қызметінде аталған әдіс кеңінен пайдаланылып, бүгінгі таңда жекелеген тақырыптық көрмелер мен тұрақты экспозицияның маңызды компоненті ретінде интерактивтер әзірленіп отыр.

«Қорық-музейдің интерактивті әдістері қалай жүзеге асырылады, келушілердің қызығушылықтары қандай және бұл әдістің ұтымды тұстары қандай немесе әлі де болса жетілдіретін тұстары бар ма?» – деген сұрақтарға жауап іздеп, талдау жасап көрейік.

Интерактивті әдістің өзіндік ерекшеліктері мен қиындықтары да бар. Алғашқы жылдары интерактивті бағдарламаларды әзірлеу барысында оны жалпыға ортақ деп танып, әр экскурсия кезінде ұсынып отырдық. Алайда, бағдарлама аясында ұсынылған ойын түрлерін келушілердің бәрі бірдей игеріп кете алды деуге болмайды. Оған себеп: уақыт тапшылығы, жас ерекшелігі, жеке тұлғаның мүмкіншілігі және адам санының көп болуы т.б. Осы жәйттерді ескере отырып, интерактивті бағдарламаларды әзірлеу кезінде аудиторияның мүмкіншілігін басты назарға алдық.

Сонымен қорық-музейдің құрастырған тапсырмаларын орындалуына қарай топтық (жалпыға арналған) және жекелеген келушілерге арналған интерактивтері деп 2 топқа бөлген болатынбыз.

Топтық келушілерге арналған интерактивтер қатарына: сенсорлы киоск, «Белсенділік парақшасы», «Петроглиф көшірмелері», «Археологиялық заттар», «Уақыт баспалдағы», пазл, тантамареска, «Экспедиция мүшелері», QR-кодтар және тағы басқаларын жатқызуға болады.

Заман талабына сай музей қызметін дамыту үшін инновациялық технологияларды пайдалану қажет. Осы орайда, қорық-музейдің қызметіне жаңа технологиялар әу бастан енгізілген. Мысалы, келушілер музей экспозициясымен арнайы экскурсоводтың таныстыруынан тыс «Сенсорлық киосктер» көмегімен өз бетінше сақ мәдениетімен таныса алады (Мухтарова-Файзуллина, 2013, 64 б.). «Сенсорлық киосктегі» ақпараттық материалдар қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде жазылған. Сондай-ақ, заманауи технологиялар қатарында – музей экспозициясындағы жәдігерлер тұсында, олардың тарихы жайындағы жан-жақты мәліметтер беретін QR-кодтар орналастырылған. Музейге келушілер QR-кодтардағы ақпараттарды арнайы смартфондар арқылы сканерлеп оқи алады. Демек, бұл инновациялық технологиялар музей келушілерінің сақ мәдениеті мен Алтын адам тарихы бойынша сұрақтарына жауап беріп, уақыттарын үнемдеуге көмектеседі және жалпыға ортақ қызмет көрсетеді.

Сонымен қатар, экспозициялық залдарда жүргізілген экскурсияны пысықтау мақсатында 5-8 сыныптарға арналған «Белсенділік парақшасы» («БП») әзірленді. «БП» музей жәдігерлеріне байланысты 8 сұрақ беріліп, жұмбақтар да жасырылған (Файзуллина-Амаргазиева, 2012, 51–53 бб.). Тәжірибеге сүйене

отырып бұл парақшаны топтық және жекелеген келушілерге бірдей ұсынуға болады және экскурсанттар тапсырмаларды орындау барысында бірлесіп не жеке дара жұмыс істей алады (сурет 1).

«Есік» қорық-музейінің ғылыми-зерттеу жұмысының басым бағыты археология саласы және Алтын адам тақырыбы. Ғылыми-қолданбалы жобалар мен мәдени-білім беру бағдарламалары негізінен археологиямен тығыз байланыста жүргізіледі.

Ғылыми зерттеу объектісіне айналған археологиялық ескерткіштерінің бірі петроглифтер – қорық-музейдің тұрақты экспозиция жәдігерлерінің қатарына енді. Себебі, «Жетісу сақтарының идеологиясы мен мифологиясы» атты ғылыми-қолданбалы жобасы Жетісу жеріндегі жаңа ашылып жатқан петроглифтер негізінде жүргізілмек. Бұл тақырыптағы экспозицияның интерактив бөлігі ретінде балаларға арналған жартас суреттерінің көшірмесі жасалған. Петроглифтерді балалар тек тамашалап қана қоймай, өздері бастырып сызған көшірмелерді естелікке алады (сурет 2). Сонымен қатар, археология ғылымымен етене жақын танысуларына мүмкіндік беретін «Археологиялық заттар» бұрышы әзірленді. Оның бірінде балалар археологтардың құралдарын пайдаланып, құм арасындағы археологиялық заттарды «қазып» алса, келесі түрінде қола дәуірінен бастап орта ғасырға дейінгі кезеңдермен мерзімделетін түпнұсқалы қыш ыдыстардың бөлшектерін ұстап көреді (Файзуллина-Амаргазиева, 2016, 134 б.) (сурет 3).

Интерактивтердің бұл түрі баланың танымдық қызығушылығын арттырып, дүниетанымын кеңейте түседі. Сондықтан мүмкіндігі шектеулі балаларға жүргізілетін экскурсия барысында, тиімді әдістердің бірі саналды. «Есік» қорық-музейі мүмкіндіктері шектеулі (көру қабілетінен айырылған) балалардың қоршаған ортаны танып-білуде саусақтарының атқаратын қызметі зор екенін ескере отырып, олардың саусақ ұшымен тас бетіндегі суреттердің сұлбасын сезініп, онда қандай жануарлар бейнеленгенін білуге және археологтар пайдаланатын құралдарды, көне қыш ыдыстардың бедерлі өрнектерін, тіпті, ежелгі құрал-саймандар мен тұрмыстық бұйымдардың жасалу материалдарын танып, түсінулеріне мүмкіндік береді (сурет 4) (<http://issykrm.kz/rus/?p=728#more-728>).

Қазіргі заман талабына сай қорық-музей экспозициясын құру барысында және толықтыруда әлемдік тәжірибеге сүйеніп «антропологиялық» принциптерді қамтамасыз етуге тырысады. Кез келген келушілерді планшет, смартфон немесе арнайы фотоаппараттарсыз елестету мүмкін емес. Музей кеңістігінде олардың сол мүмкіншіліктерін пайдалануға арнайы орындар немесе тантамареска сынды стендтер пайда болды. Мысалы: «Есік» қорық-музей экспозициясында Алтын адамның тантамарескасы (Тантамареска – (фр. tintamarresque, tɛ̃ta.ma.ʁɛk) – адамның бетіне арналған ойығы бар суретке түсуге арналған стенд) (сурет 5), «Экспедиция мүшелері» атты фото стендтер пайда болған. Мұндай жаңашылдықтар музей экспозициясының тартымдылығын арттырып, насихатталуына жаңа серпін беріп отыр.

«Антропологиялық» танымдық қызығушылық принциптерін қамтамасыз ететін келесі интерактив түрі – Алтын адам тәжісі пазлы. Келуші пазлды құрастыру барысында тәждегі алтын жапсырмалар мен тоғалардың орналасуын есте сақтап, мән-мағынасынан хабардар болады. Бұл ойынды отбасы мүшелері, мектеп оқушылары басқа да келген қонақтардың екі топқа бөлініп, ойнауларына ыңғайластырып жасалған (тәжінің жанынан және алдынан қарағандағы көрінісі қойылған).

«Есік» қорық-музейі әрбір бос кеңістікті тиімді пайдалануға тырысады. Мысалы, 4-ші көрме залына (2-қабат) көтерілетін баспалдақ XXI ғ. – б.з.д. IX ғ. аралығындағы хронологиямен белгіленген «Уақыт сатысына» айналды (Джасыбаев, 2011, 103 б.). Әр ғасыр тарихи кезеңдердегі ерекшеліктерге байланысты түстермен белгіленген. Атап айтсақ, XX ғ. өтпелі кезең қызыл түс пен көк түске боялған, XXI ғасыр Тәуелсіздік ғасыры көк туымыздың түсіне сәйкес болса, Кеңестік кезең туына сай қызылмен боялған. Сондай-ақ белгіленген ғасырлардың тұсында тарихымыздағы айтулы жылдар да көрсетілген. «Уақыт сатысында» қазақ тарихындағы айтулы жылдарды көруге болады, Мысалы: Орта Азияға Шыңғыс ханның шапқыншылығы – 1218 жыл, Қазақ Хандығының құрылуы – 1465 жыл, және т.б. Баспалдақтағы хронология бала жадын жаңғыртып, есте сақталуына көмектеседі. Баспалдақ табаны осылай ерекшеленсе, қабырға да бос қалмай суреттермен безендірілген. Мұнда қорғау аумағында орналасқан сақ қорғандарының жиектелген фото-суреті ілініп, оған жалғасты терезеден сол қорғаның өзі көрініп тұр. Бұл да өз кезегінде келушілердің қызығушылығын арттыруда.

Әдетте музей жастар үшін тыныш қана сыр бүккен орындардың бірі болып көрінуі мүмкін. Шын мәнісін-

де олай емес. Қазіргі таңдағы ең бір белең алған интеллектуалды ойын-сауық бағдарламалардың өзін музейлер ұйымдастырып отыр. Мәселен, «Музей түні», Квест, «Домбыра пати» және т.б. айтуға болады.

Осы ойын-сауық бағдарламалардың бірі – квест ойынына тоқталайық. Квест (ағылш. guest) немесе шытырман оқиғалы ойын – интеллектуалды, топ басшысы бар топтық ойын түрі. Ойын түрлі тапсырмаларды орындау арқылы қоршаған ортаны танып білу, қандай да бір затқа, оқиғаға байланысты құпияларды ашу мақсатында жасалады.

Музейде өтетін квесттің атауы – «Алтын адам құпиялары». Ойынды өткізудегі басты мақсатымыз, балалар мен жасөспірімдердің мәдени объективті әлемді сезіну қабілетін арттыру, мәдени мұра құндылықтарын бағалауды үйрету (Файзуллина, 2011, 6 б.) және музей мәдениетін қалыптастыру, қатысушыларды топта жұмыс жасауға әрі ғылыми ізденістерге жетелеу. Сонымен қатар, тарихи және мәдени ескерткіштерді насихаттау, сақтау, қорғау жұмыстарына жастарды тарту сынды салаларда, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде тиімді әдістер болып табылады (<http://issykrm.kz/?p=1022>).

Квест ойыны бойынша қорық-музейдің аумағы мен оның тарихи-табиғи ландшафты және экспозициясындағы ерте темір дәуірі мен Алтын адам құпияларын паш ететін жекелеген белгілерді көрсетуге бағытталған. Мұндағы тапсырмалар 3 топқа арналған. Бір топқа 15 тапсырма беріледі. Тапсырмалардың барлығы интерактивтер арқылы орындалады. Мысалы, пазл (қорған суреті) құрастыру, қыш құмыра реставрациясы, сұраққа жауап беру арқылы сандықтың құпия нөмірін табу т.б. Негізгі тапсырмалар орындалатын нысандар және бағыттар белгіленген арнайы квест картасы жасалған. Бұл ойыншылардың уақыты тиімді пайдаланып, бағыттан адаспауға көмектесетін негізгі құрал. Ойын қорық аумағы мен экспозиция залдарын бірдей қамтиды.

Квест ойыны мерекелік шараларда бірнеше рет ұйымдастырылып, тіпті, «Балапан» телеарнасының «Саядан хат» реалити-шоу бағдарламасы арқылы теледидарлық нұсқасы да жарыққа шықты (<https://www.youtube.com/watch?v=OnQcmJgxaI8&feature=share>). Бұл квест ойынының ұтымды ұйымдастырылып, жоғары дәрежеде әзірленгенінің көрсеткіші деп білеміз (сурет 6).

Музейдегі негізгі ақпараттық құралдарының бірі жолнұсқаулық болып табылады. «Есік» қорық-музейінің балалар мен жасөспірімдерге арналып құрастырылған интерактивті жолнұсқаулығы негізінен үш бөлімнен құралып, бірінші бөлімде «Есікті аш» деген тақырыпта мәліметтер, екінші «Ойлан да, тап..» бөлімінде тапсырмалар берілген, үшінші «Жадыңда сақта!» бөлімі баланы археология ғылымында жиі кездесетін терминдік сөздермен таныстыратын бұрыш болып табылады. Мәтін, тапсырма және сөздіктердің барлығы музей экспонаттарымен тығыз байланыста құрастырылған (Балалар мен жасөспірімдерге арналған интерактивті жолнұсқаулық, 2011, 1-18 б.). Жолнұсқаулық 2013 жылы орыс тіліне аударылып, қамту аудиториясы кеңейді. Дегенмен бұл интерактив түрі жас келушілердің экспозициялық залды экскурсоводтың көмегінсіз аралап көру барысында пайдаланады деген мақсатпен жасалған, алайда бүгінгі күнге дейін музей қонақтары (әсіресе мектеп мұғалімдері мен ата-аналар) кәдесый немесе баланың музейден алған білімін толықтыру үшін сатып алуға.

Демек жолнұсқаулық жеке келушілерге «Сақ мәдениеті», «Алтын адам» тақырыбы бойынша қосалқы материал бола алады. Қорық-музей қабырғасында жасалған интерактив бұрыштары жыл сайын ұйымдастырылған көрмелер аясында жасалып, көрме өзгергеннен кейін де қолданыста болады.

Уақытша көрмелерге жасалған интерактивтер туралы айтсақ, 2014 ж. «Алтын адам» құпиялары» атты ғылыми-қолданбалы жоба аясында көрме ұйымдастырылды. Көрме кешені екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігін архивтік материалдар мен жәдігерлер құраса, екінші бөлігі интерактивтерді қамтиды. Бұл бөлікте келушілерге 1969-70 жылдардағы экспедиция мүшелерімен (фото суретімен) бірге суретке түсулеріне болады (сурет 7), Алтын адам тәжісінің қалпына келтірілген 3 нұсқасын өзара салыстырып, ерекшеліктерді табады (Джасыбаев, 2016, 103 б.). Бұдан бөлек жоба нәтижесінде жарық көрген жинақтың электронды нұсқасын арнайы 3D PogeFlip праграммасы арқылы сенсорлық экраннан көруге, сонымен қатар 1969-70 жж. Есік археологиялық экспедициясына қатысушыларының сұхбатын тыңдауға да жағдай жасалған. Сондай-ақ, көрме кезінде экспозицияға Кемел Ақышевтің қолжазбаларының түпнұсқалары қойылған болатын. Ал, ендігі жерде біздің жас қонақтарымыз «Расшифруй рукопись»¹ ойыны арқылы сол қолжазбалармен (көшірмемен) танысып, қолжазба бойынша берілген бірқатар тапсырмалады орындау арқылы

Алтын адам қабірінің зерттелуі мен құпияларының хабардар болып, көптеген сырға толы зерттеулермен танысады.

Бұл ойынды құрастырудағы мақсатымыз, ақпараттық технологиялар дәуірінде көпшілігі сия қаламмен немесе шарикті қаламмен кітап жазудың не екенін мүлде ұмытқан уақытта, археолог, ғалым қолжазбалары арқылы оның артында қаншама еңбек жатқанын көрсету болатын. Сонымен қатар, ойын барысында қонағымыз бір сәт болса да өзін іздеуші, зерттеуші ретінде сезіне алады. Қазіргі таңда бұл ойын квест ойының тапсырмаларының қатарына енгізілді. «Расшифруй рукопись» ойынының өзіндік күрделілігі, онда логикалық тапсырмалар кездеседі. Мысалы, неше түрлі ұсынылған құралдарды (айна, лупа т.б.) пайдалана отырып қолжазбаны және оның жауабын оқу қажет. Бұл тапсырманы орындау барысында, тіпті, ересектердің өзі ойлануға мәжбүр болды. Осы күрделіліктерді ескере келе бұл интерактив түрін жекелеген топтарға ғана ұсынуды жөн көрдік.

Музейлерде интерактивті әдістерді қолданудағы негізі мақсат мәдени-білім беру қызметінің сапасын арттыру, келушілерді эстетикалық тәрбиелеу, мәдени құндылықтарға еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету, келушілерді ақпараттандыру, олардың музейге деген қызығушылықтарын ояту және музей жұмыстарын жүйелі түрде іске асыру, цифрлы контенттің дамуы.

Түсіндіру және түсіну – музей мен келушінің арасындағы диалог. Бұл диалогтің негізгі құралы музей эспозициясы. Себебі, экспозиция білім, тәжірибе алу және уақытты тиімді пайдаланып, демалу сынды екі негізгі фактордың синтезі ретінде қарастырылады. Сондықтан интерактивті әдістерді негізге ала отырып жасалған бағдарламалар музей қонақтарының экспозицияны қабылдап, түсінуіне жан-жақты мүмкіндіктер береді. Әлемді адам дене түйсігі арқылы сезіну, көзбен көру, дәмін тату және есту арқылы танып-білетіні белгілі. Мұнда да дәл солай. Музей өзінің келушілеріне осы мүмкіндіктердің бәрін береді. Сондай-ақ, музей үшін әрқашанда келушілердің ой-пікірлері мен экспозициядан алған әсерлерін білу маңызды. Сол себепті, келушілердің БАҚ-ы мен әлеуметтік желілердегі бөліскен пікірлерін назардан тыс қалдырмауға тырысады. Осыған дейінгі жазылған біршама пікірлерді² сараптай келе «Есік» қорық-музейінің интерактивті әдістерінің ойдағыдай жүзеге асып жатқанын айтуға болады.

Сонымен, «Есік» қорық-музейінің іс-тәжірибесінде қолданылған интерактивті бағдарламаларды зерттей отырып, олардың қоғам мен музей арасындағы диалогтағы маңыздылығын анықтадық:

музей интерактивтері – адамзат баласының өз қолымен жасаған құнды дүниелеріне деген қолжетімділікті, олардың дәріптелуі мен ақпараттылығын қамтамасыз етеді.

музей интерактивтері – адамның қоршаған ортамен және өткен тарихпен, шығармашылық өнермен, рухани байланысын нығайта түседі.

музей интерактивтері – адамның шығармашылық қасиеттерін шыңдайды.

музей интерактивтері – қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте музейдің ролі мен оның білім беру қызметінің кең көлемде таралуымен және тереңдеуін қамтамасыз етеді.

Яғни, атап көрсетілген критерияларды қорға келе интерактивті әдіс музей ісінің дауына жол ашатын бағыттардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер:

Амаргазиева А. Музей ісіндегі ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлер көрінісі. // Ә.М. Оразбаевтың 95 жылдығына арналған «қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұрғылар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. 2017, 28–29 сәуір. II бөлім. 347–349 бб.

¹ «Расшифруйте рукопись» – К. Ақышев қолжазбалары орыс тілінде болу себебінен, ойын орыс тілінде ұсынылған.

² *Отзывы на Фейсбук: Yana Zubova. Ой подождите, основное еще впереди, и фоток много, и видео. По горячим следам было невозможно выкладывать даже мне, времени не было ни секунды. Хотелось всего, везде и сразу! Не реально круто вчера было, праздник души!!! А квест, да, не для средних умов, очень продуманный, интересный, разносторонний. Одним словом по фоткам увидите, это была тема, даже для меня, работника культуры. Я в первый раз в таком квесте, который квест!!!!, А не название!*

Оксана Евдокимова. Искренне завидую.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған интерактивті жолнұсқаулық. Құрастырушы: Амаргазиева А.Ж. Бектемиров Д. (суретші). Есік, 2011. 20 б.

Джасыбаев Е.А. «Тайны «Золотого Человека» выпуск сборника и выставка в заповеднике-музее «Иссык» // Мәдени мұра. Астана, 2016. №2(65) наурыз-сәуір. – С. 99–103.

Мухтарова Г., Файзуллина Г. Сделать из прОезжающего прИезжающего // Музей. № 10. М., 2013. – С. 62–65.

Файзуллина Г.Ш., Амаргазиева А.Ж. Компетентный подход в образовательных программах заповедника-музея «Иссык» // Открытая школа / Информационно-методический журнал. Алматы, 2012. № 1. – С. 51–53.

Файзуллина Г.Ш., Амаргазиева А.Ж. Социологический портрет посетителя заповедника-музея «Иссык» (в поисках ответа на вопрос – куда двигаться дальше?) // «Қазақстанның тарихи-мәдени мұраларының өзекті мәселелері: өткені, бүгінгі мен болашағы» атты тарих ғылымдарының докторы, профессоры Мадияр Елеуовтың 70 жылдық мерей тойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. 6 мамыр 2016. / құраст.: Д.А.Талеев, Е.Ш. Акымбек, Р.С. Жұматаев; жауапты ред. – А.Б. Қалыш. II бөлім. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – С.131–135 бб.

Файзуллина Г.Ш. Музей открывает ЕСИК: Музейно-педагогическое пособие. Алматы-Есик: Sacura print, 2011. 84 с.; илл.

<http://issykrm.kz/rus/?p=728#more-728>

<http://issykrm.kz/?p=1022>

Э.Ә. Айтқұлова, Ж. Құрбанәлі

Есік қ., Қазақстан

elmira.3006@mail.ru, zhazi1981@inbox.ru

«ЕСІК» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰСБЕГІЛІК ӨНЕРІНІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Адамзат алғаш пайда болған кезден-ақ қоршаған ортаға үйлесе өмір сүруге талпынған. Күн көріс қаракетімен әртүрлі жабайы жеміс-жидекті теріп жей келе, аң-құс аулауға да машықтана бастаған. Осы тарихи кезеңді күні бүгінге дейін сақталып қалған көне жәдігерлер дәлелдеуде. Әсіресе тасқа қашалған аң-құс аулаудағы бейнелер соның айғағы болып отыр.

Аңшылық – адамзаттың ең көне және ең алғашқы күнкөріс қаракетінің бірі болғанымен, уақыт өте келе кәсіпке ұласып, орта ғасырдың соңына дейін шаруашылықтың негізгі бір түріне айналды. Адамдардың санасындағы мифтік түсініктері мен байырғы дүниетанымындағы табиғат ананы қастерлеу, оның аң-құсын, әсіресе қазақтар «Құдайдың малы», «Қоңыр аң» деп қастерлеген бұғы, қарақұйрық, тауешкі сияқты аңдарды және киелі құстарды шектен тыс аулауға, жөн-жосықсыз қыруға жол берілмеді. Осы кезден аң аулаудың көптеген тәсілдерінің бірі алға шықты, ал қайсыбірі екінші қатарға ысырылды. Аңшылық тәсілдерінің аңды қыран құспен алу, құмай тазымен аулау, садақ, мылтықпен ату, түрлі жабдық-саймандармен аулау (тұзақ, шаншу қақпан) әр алуан негізгі түрлері бар. Осылайша табиғи тәсілдермен аң аулаудың өрісі тарылып, оның кейбір түрі, айталық құсбегілік пен тазы баптау кәсіптен гөрі, өнер сипатына ие болды. Аспанда қалықтап ұшу адамзаттың бағзыдан бергі арманы, оны қолға үйреткен құсы арқылы тамашалау үлкен ләззат. Саятқа топ-тобымен шыққан жұрт бұл тамаша көріністің қуәсі ғана болып қоймай, оған өзінің сақадай-сай әзірлігін сынайды. Өйткені, жылы киім, дұрыс қайырылып үйретілген құс, тазының ұшқырлығы, бапты ат, мықты денсаулық барлығы саятта сыналады (Тоқтабай, 2005, 56 б.).

Бүгінгі таңда құсбегілік өнерді жан-жақты насихаттап, дәріптеуде елімізде көптеген іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осындай іс-шараның бірі 2014 жылы 14 ақпанда «Есік» қорық-музейінде өтті. Халқымыздың ежелгі дәуірден бастау алатын құсбегілік өнерін түрлі археологиялық және тарихи деректер негізінде насихаттап, ұлттық салт-дәстүрді жас ұрпақ санасына сіңіру мақсатында құсбегіліктің тарихына арналған «Қансонардың ежелгі падишасы» атты тарихи-этнографиялық көрме ашылды. Аталмыш көр-

менің авторы Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері Ибраев Балтабай. Бүгінгі таңда көрме «Есік» қорық-музейінің этнографиялық бұрышына айналған. Көрме экспозициясына жоғарыда айтылған археологиялық қазба жұмысы барысында табылған құс бейнесіндегі алтын әшекейлердің, бүркітшілердің суреттері мен қатар құсбегілік өнердің жай-жапсарымен таныстыратын жәдігерлер және бүркіттің тұлыбы қойылған. Көрмеге келушілер бүркітшіліктің тарихымен ғана танысып қоймай, бүгінгі ұрпаққа өте таңсық дүниелерді, яғни, бүркіт және бүркітші жабдықтарын, аңшылыққа қатысты құралдарды тамашалай алады. Этнографиялық бұрышты таныстыру барысында құсбегілік өнердің тарихы баяндалып, бүркітке жеке сипатама беріледі.

Аушы, жыртқыш құстарға қатысты заттай деректердің шамамен 3 мың жылдық тарихы бар. Ертеде территориямызды мекен еткен көшпелілер тұлпарды ғана емес, сонымен бірге құсты да кие тұтып, мәйітпен бірге жерлейтін болған. Мысалы, Аралтөбе қорымдарындағы (Атырау облысы) үш қорғанның бірінен еркек пен әйел мүрдесімен аң стилінде жасалған алтын бұйымдар, бүркіт бірге жерленген. Үш бөліктен тұратын кеңістікке киелі құс бүркіт адам жанын көкке алып шығады деген танымнан туған. Алтайдағы әйгілі Берел қорымында жерленген көсемнің табытының төрт бұрышында «мүрдені күзететін» құс бейнесі ертедегі далалықтар өмірінде жыртқыш құсқа қатысты танымның немесе олардың өмірінде құсбегіліктің қаншалықты маңызды болғандығын аңғартады (Самашев, 2011, 21 б.). Өскемен қаласынан қырық шақырым қашықтықта жатқан Құрық қорғанынан (б.з.д. IV-II ғғ.) табылған төрт бірдей бүркіт қаңқасы, Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» тәжіндегі құстар бейнесі, Шығыс Қазақстан облысы, Шілікті жазығындағы, Маңырақ және Тарбағатай сынды ерте темір ғасыры обаларынан кездескен бүркіт тектес 36 жыртқыш құс бейнеленген алтын бұйымдар, Таңбалы шатқалындағы тас бетіне салынған бүркітші, түркі дәуіріне жататын тас мүсіндерде кездесетін құсбегі бейнесі ежелден-ақ, жыртқыш құстардың адам қолына үйретілгенін және адамдар арасында ерекше мәнге ие болғанын көрсетіп отыр.

Көне таным түсінік, тәңірлік ұғым бойынша құс көктің иесі, аспанның киесі, жоғарғы әлемнің елшісі, қанаттылардың төресі саналды. Аталған құс бейнелерін зерттеушілер бүркіт, көгершін самұрық тәрізді деп жорамалдайды. Демек, байырғы түріктердегі таным-түсінік бойынша төрелік билік мәңгілік көк аспаннан жаратылады. Ал, тәңір жарылқаушысының киесі де, иесі де құс деп таныды. Соның ішінде, қыран құстың қырағылығы мен алғырлығын ерекше қастерлеп, биліктің рәмізі ретінде көшпелілер ту-байрақтарына да қыран құстардың бейнесімен әшекейлеген (Абылқасымов, 1993, 87 б.).

Көшпелі өмір салтын бастан кешірген қазақ халқы табиғатпен мейілінше етене болған. Табиғат аясындағы таным-тәжірибесі тек қана күнкөріс тіршілігіне негіз болып қоймай, сонымен бірге уақытты мәнді, көңілді өткізудің жолы ретінде де кеңінен пайдаланылған. Солардың бір көрінісі аңшылық-саятшылыққа байланысты. Аңшылық-саятшылық әскери жаттығудың, шынығып-шыңдалудың тамаша үлгісі болған.

Қазақ аңшылары өздерінің таным-тәжірибесінің арқасында аңшылық-саятшылық үшін жүйрік ат, қыран құс, құмай тазы сияқты жан-жануардың тілін таба баптап, қалауына көндіре алған. Осылардың ішінде қыран құстарды баптаудың ғасырлар бойы жинақталған мол тәжірибесі шын мәнісінде әрі өнер, әрі терең біліктілік (Бабалықұлы, Тұрдыбаев, 1989, 32 б.).

Жалпы бүркіт Қазақстанның барлық өңірінде кең тараған. Дене тұрқы ірі, бітімі кесек тұлғалы болып келген, қолға үйретуге, баулуға көндігер қыран құстың ерекше түрі. Бүркіттің қырағылығы айырықша. Ол аспанда қалықтап жүріп көз ұшындағы биіктіктен жердегі саршұнақты айқын көреді. Ол көбіне адам аяғы жете алмайтын тұстарды мекендейді және құсбегілердің байқауынша мекеншіл құс екен. Қазақ құсбегілері бүркіттің мекеніне қарай құз құсы немесе тау құсы, сондай-ақ ой бүркіт немесе қыр бүркіт деп ажыратады. Кейде қыр бүркітін шөл бүркіт деп те атайды. Бүркіттің дене тұрқының ұзындығы – 85-90 см, салмағы – 3800 грамнан – 6500 грамға дейін барса, қанатының жайған кездегі ұзындығы – 2,7 метрге дейін жетеді.

Төрт жасында денесі толысып, жыныстық жағынан жетіліп, ұя сала бастайды. Ұяларын 2-3 шақырым аумақта екі-үш дана етіп, таулы өлкелерде ұяларын жартастарға, жазық жерде биік ағаштың бастарына салады. Бүркіт ұясын өте таза ұстайтын құс. Жыл сайын бір немесе екі жұмыртқа салады. Жылына бір рет түлейді, ☹ түлегені бір жасқа саналады. 30-50 жылға дейін жасайды. Баршын тартқан сайын (ұлғайған) қайраты қайтып, ☹сірей бастайды. Тырнағы сынып, тұмсығы тозып, үлкен аңға шамасы келмей қалады.

Ежелден жеткен аңыздар бойынша қартайып, қуаты қайтқан қыран бүркіт қор өмірден гөрі өлімді артық санап, өзін-өзі биік құздан етектегі найза тастарға тастап жіберіп өледі екен. Өлексе жемейді, оның өзі бүркіттің намысқой тектілігінің белгісі (Бабалықұлы, Тұрдыбаев, 1989, 62 б.).

Құсбегі болу қажырлы еңбекпен қатар, білікті маман болуды да талап етеді. Бүркітті қолға түсіру үшін құсбегілер түрлі тәсілдер мен амал-айлаларды қолданады. Бұл негізінен екі топқа бөлінеді: бірінші – түз бүркітті қолға түсіру; екінші – ұядан балапан алу.

Түз бүркіт деп ұядан ұшып, аң-құс алып жүрген бүркітті айтады. Түз бүркітін шаппа тұзақпен, қақпан құру, тояттап отырғанда мойына тұзақ салу, көбінесе тор жаю сияқты тәсілдер арқылы ұстайды. Ал, қазақ құсбегілері балапанды ұядан алудың ең түрлі тәсілдерін қолданған: арқан байлаған керегеге жабыса түсіп қия жартастағы ұядан балапан алу; балапанды үркітіп алу; түнде буалдырықтап ұстау; шырақ жағып ұстау және т.б. Осындай жолмен алынып қолға үйретілген балапан қолбала бүркіт деп аталады. Қолбала бүркітке қарағанда, түзде еркін жүрген бүркіттің қырандық қасиеті басым болып келеді белгісі (Энциклопедия, 2011, 564 б.).

Қазақ қоғамында бүркітке байланысты әртүрлі ғұрыптар мен жосын – жоралғы ырымдар бар. Бүркіттің киесімен емдеу, шошынған адамды бүркітпен аластаған, ауырған адамның үйіне әкеліп байлаған, қазақ бүркіт жүрген үйге пәле-жала жуымайды деп сенген. Бүркіттің құйрығын майлау дәстүрі – қазақ құсбегілері бүркітті ұстағанда не сатып алғанда жасалатын жоралғы, олжалы болады деп құйрық қауырсыны мен қанатына май жағып иығына шоқ үкі тағады, байлар мал атаса, қарт құсбегілер ырымдап өздерінің құс жабдықтарын сыйға береді. Қазақ үйге қыран құс келгенде «Қызыр Бабаның ерекше силығы» – деп, сонымен қатар «үйге бақ-береке келеді» деп шын жүректен қуанып, жақсылыққа жорыған. Сондай-ақ, қазақтарда бөгде біреу бүркітімен ауылға келсе, құсының иығына үкі тағатын немесе ақ шүберектен ақтық тағатын архаикалық ғұрып бар. Көп жыл серік болған құсын қариялар қартайса да құрметтеп үй жанында ұстайды. Ал қайраты қайтқан қыранды «құс тебінен қайтты» деп қоя беретін дәстүр де болған. Құсбегінің бүркіті өлген жағдайда жоқтау айтып қайғыру ғұрпы болған, ат өледі құс қашады екі қанат бір құйрық табылар ажалы келсе бәрі өледі деп көңіл айтып иесін сабырлыққа шақырған. Бүркітті жерлеу салты болған. Құйрық қанатына май жағып биік тау құздарына немесе адам баспайтын жерген ақ матаға орап арулап жерлеп отырған екен белгісі (Энциклопедия, 2011, 571 б.).

Этнографиялық бұрышта бүркіт, бүркітші жабдықтарымен қатар қосалқы жабдықтар орналастырылған. Ең алдымен бүркіт жабдықтарына тоқтала кетейік:

Томаға – дулыға тәрізді, бүркіттің көзін жауып тұру үшін басына кигізілетін жабдық. Бүркітті баптап-баулу үшін, оның бала-шаға, итке, құсқа, қызылға ұмтыла бермеуі қауіпін сақтану үшін томағалайды. Оны жұмсақ, қалың былғарыдан ойып, әрбір бүркіттің басына өлшеп арнайы тігеді.

Балақбау – білезік тәріздес, бүркіттің екі жіліншігіне кигізіліп, құсты қолға алып жүру үшін қолданылатын жабдық. Бүркітті аңға салғанда балақбауымен бірге ұшырады.

Шыжым – балақбауға жалғанатын, құсты тұғырда отырғанда байлап қоюға арналған жабдық. Аңға салғанда шыжымды ағытып алып қалады.

Тұғыр – бүркітті отырғызуға арналған жабдық. Ол көбіне ағаштан, тауешкі немесе бұғы мүйіздерінен жасалынады. Тұғыр үйдің оң жақ босағасына қойылады, қастерлеп мұрагерлікке қалдырылатын қасиетті бұйым есебінде жүреді, тұғырды бос қоймаған ал мұрагерлері арасынан құсбегілікті ұстанғаны болмаса, басқа біреу құс ұстап алып келсе міндетті түрде сол адамға тарту еткен.

Бүркітші жабдықтары:

Жемаяқ – құсқа жем салып беретін, ағаштан ойылып жасалатын, сопақша пішіндес сапты аяқ. Оны мықты болу үшін көп жағдайда малдың майына қайнатып «суарып» алады. Сабына ілуге, қанжығаға байлап алып жүруге ыңғайлы етіп қайыс бүлдірге тағады. Сиымдылығы – 1,5-2 литрдей болады.

Биялай – Ертеде елік текесінің мойын терісін малмаға салып иін қандырып, бір басбармақ пен төрт саусақ қос-қостан сиятын етіп тігілетін қолғап. Бүркітшінің оң қолына киіледі. Мұндай мойын теріден жасалған биялай қолғаптан бүркіттің тырнағы тесіп өте алмайды да, адам қолына зақым келмейді.

Қатыр – құстың алған аңын жанын қинамай тез өлтіруге, әрі құстың тырнағын жарақаттанудан сақтау

үшін қолданатын қарапайым үшкір құрал. Оны қарақұйрық немесе ақбөкеннің сынық сүйемдей мүйізінен үшкірлеп, қайрап арнайы жасайды. Сабына қайыс бау тағып, көбіне биялаймен бірге байлап қояды.

Жемқалта – түзге алып шыққан құсқа арналған жем салып жүретін жабдық. Жемқалтаны теріден, киізден жасап, ішін таза матамен тыстайтын болған.

Түтік – бүркітке су беруге арналған, ұсақ малдың жіліншік сүйегінен немесе өзекті ағаштан дайындалатын арнайы аспап. Түтікті семіз құстардың ішін шаю, ішін тазалау, арыту үшін де қолданады.

Балдақ – құсты ат үстінде алып жүру үшін қолға тіреніш ретінде қолданылатын аша ағаш. Оған көбіне биіктігі 40-50 см, жуандығы бір тұтам ағаш таңдап алынады. Жоғарғы ашасына білекке жұмсақ болу үшін былғарыдан арнайы төсеніш (кепіл) жасалады. Төменгі және орта тұстарына қанжыға мен ердің қасына байлап жүруге арнап, арнайы баулар өткізеді. Ағаш балдақпен қатар мүйіз балдақтар түрі де кең таралған. Кәнігі шеберлер балдақтың мүйіз түрін күмістелген әшекейлермен әсемдеп, ағаш балдаққа түрлі өрнектер салып сәндейді.

Шырға – бүркітті аңға түсуге баулыған кезде қолданатын аңның жасанды бейнесі. Оны көбіне аңның терісінен дайындайды. Кең таралған түрі – тау ешкінің терісіне түлкінің құйрығы тағылған түрі.

Құсбегінің қосымша құрал-жабдықтары мыналар:

Кездік – темірден соғылған, жалпы аңшылық мақсаттарға қолданылатын жеңіл қару.

Қын – кездік немесе басқа да кескіш құралдардың сыртқы қабы. Былғарыдан, өзінің пышағына немесе кездікке өлшеніп пішіліп, тігіледі.

Қамшы – атқа мінгенде және қару, әрі сәндік бұйым ретінде қолданылатын, қайыс таспадан өріліп, тобылғымен сапталатын жабдық.

Қорыта айтқанда аңшылық, оның ішінде құсбегілік өнер халқымыздың ежелден аса қастерлеп, ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай сақтап жеткізген баға жетпес асыл мұрасы. Өткенімізді дәріптеуде ұлттық құндылықтарымыздың ұлы тарауының бірі – құсбегілік өнерді биіктету, өрісін кеңейту мақсатында осындай аталмыш іс-шаралар ұйымдастыру музейлер тарапынан жасалған үлкен игі іс деп білеміз.

Әдебиеттер:

Абылқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993 – 200 б;

Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Саят. Алматы: Қайнар, 1989 – 141 б;

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. /Жауапты редактор Әлімбаев Н. Алматы: – 2011. I-том – 736 б;

Самашев З. Берел. Алматы: 2011. – 236 б.

Тоқтабай А. Қазақтардың аңшылыққа, құсбегілікке, балық аулауға байланысты жора-жосындары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Алматы: Арыс, 2005. I-том. – 248 б;

А.Т. Сарбасов
Қатонқарағай, Қазақстан
muz_berel@mail.ru

БЕРЕЛ БЕДЕРЛЕРІ: ҚОРҒАННАН МУЗЕЙГЕ ДЕЙІН

Қазақтың кең даласының қай шетіне барсаң да, қасиетті жерлер табылады. Шығысқа барсаң – Берел қорғаны бар, орталыққа келсең – қалмақтармен соғысқан Аңырақай шайқасы өткен жер бар. Батысқа барсаң – Алтын Орданың хандары тұрған Сарайшық сияқты қасиетті мекен бар, Оңтүстікке барсаң – Түркістан тұр. Қазақстанда осындай қасиетті жерлер көп....

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Ұлытаудағы сөзінен

XX ғасырдың соңындағы археологтар ашқан әлемдік деңгейдегі үлкен жаңалықтардың бірі – Алтайдағы Берел қорымы. Ол жан-жағын биік тау қоршаған шағын тегіс алқапта орналасқан. Соңғы жылдарда

«Патшалар жазығы» деп аталып кеткен бұл аумақ Бұқтырма өзенінің бойын қуалай батыстан шығысқа қарай көсіле түсіп, оған құятын Ақ Берел (Ақбұлақ), Бұланты тау өзендерімен шектеліп жатыр. Бұл араның табиғаты өте әсем. Берел қорымын мүйіз тармақ қайыңдар мен мәңгі жасыл самырсын, балқарағай, шырша жамылған мыңдаған жылдық орманды Алтайдың маңғаз да әсем сілемдері айнала қоршаған. Қазақ Алтайының жұмаққа баланатын осы бір қиырдағы түпкірі еліміздің ең шығысында, Ресей, Моңғолия және Қытай мемлекеттерінің шекараларымен түйісіп жатыр (Самашев, Базарбаева, Жумабекова, Сунгатай, 2000, 3-9 бб).

Берел қорымы – тарихи-мәдени мұраға өте бай. Ол сонау 1865 жылы алғаш рет археолог ғалым В.В. Радлов жүргізген зерттеулерден бастау алды. В.В. Радловтың зерттеулері «12.07. – 9.08.1865 ж. Берел даласындағы, Бұқтырманың жоғарғы сағасынан алыс емес жердегі қазба жұмыстары» атты археологиялық зерттеудің жазбасында толық сипатталған (Радлов, 1989, 449-551 бб.).

1959-1963 жж. аралығында Мемлекеттік Эрмитаж (Ленинград қаласы) Сергей Сергеевич Сорокиннің басқаруымен Оңтүстік-Алтай археологиялық экспедициясын ұйымдастырды. Экспедиция Үлкен Берел қорғандарын толығымен зерттеп, Бұқтырманың жоғарғы тұсындағы: Күрті және Таутеке өзендерінің қосылысындағы қорғандарды зерттеді. Ғалым зерттеулердің қорытындысын «Үлкен Берел қорғандарын зерттеуді аяқтау (Доисследование Большого Берелского кургана)» атты 1962 жылғы археологиялық жинақтарында жазған (Сорокин, 1962, 70-72 б.).

Еліміз тәуелсіздігін алғаннан кейінгі 1996-1997 жылдары жүргізілген зерттеу жұмыстарының жалғасы ретінде 1998 жылдан бастап тарих ғылымының докторы Зейнолла Самашевтің жетекшілігімен қазақ-француз экспедициясы қорымның жаңа жобасын болжап, бірнеше қорғанды зерттеді. Берел қорымы үлкенді-кішілі бірнеше ондаған обалардан құралады, олар көбінесе солтүстік-батыстан оңтүстік-шығыс бағытында бір-екіден, кейде үш-төрттен топ болып орналасқан. Қорымда жүзден астам обалар тізбегі мен ерте түрік заманындағы көшпенділер қоршауы бар. Қорымның бәрі таспен қаланып, қорған сияқты үйілген.

Берел қорымынан табылған археологиялық ескерткіштер, шын мәніндегі, әлемдік үлкен жаңалық, айтулы ғылыми табыс ретінде бағаланып отыр. Тарихшылар ұлы даланың кіндігі болып отырған осы Алтай жерінде ежелгі дәуірлерде скиф-сақ және сармат тайпаларының мекендегенін жазады. Әр жерден табылып жатқан қазба дүниелер – олардың металл қорытып, өңдей білгендіктерін, он саусағынан өнер тамған зергер, шебер суретші болғандарын дәлелдейді. Скиф-сақтардың мұндай асқан шеберліктерін табылған әшекейлік бұйымдардың қай-қайсысы да айғақтап бере алады. Олардың жасаған бұйымдары, қиыннан қиюластырған стильдік фантазиясы бүгінгі күннің оқыған-тоқыған суретшілерінің өзін қайран қалдырады. Алтайдағы Берел қорғаны, бұл жердегі обалардан табылған ғажайып заттар да осы скиф-сақтардың әлемді таңдай қақтырған қайталанбас өнерінің жалғасы болып отыр. Мұнда, қорған астында мәңгілік тоңның пайда болуына байланысты мәйттің киімі, ат әбзелдері, ағаштан жасалған бұйымдар, ертоқым мен маталар, ағаш ыдыстар, тері мен киізден жасалған бұйымдар бастапқы күйінде сақталған (Самашев, 2011, 20-37 б.).

Берел қорымынан табылған олжалардың маңыздылығы сол, олардың қай-қайсысы болсын ата-бабаларымыздың үздік мәдениеті мен өзіндік өнерінің ерекшеліктерін көрсетеді. Ертедегі көшпенділер өнерінің осынау ғажайып үлгілері, қазақ халқының бейнелеу, сәндік-қолданбалы өнерінің қайнар көзі, негізі.

Еліміздің, туған өлкеміздің тарихын зерттеп, соны кейінгі ұрпаққа жеткізетін бірден-бір ғылыми орталық – музей.

Музей – ел байлығы, халық мұрасы, тарих қоймасы. Оны қадірлеп, ұқыпты ұстап, қорын молайта беру әрбір саналы азаматтың міндеті, жас ұрпақ алдындағы борышы. Музей – көне жәдігерлер мен көне заттарды сақтау, зерделеу, көпшілікке көрсету үшін құрылған, мәдени деңгейімізді, білімімізді және ғылыми-зерттеу қызметімізді жүзеге асырушы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұраларын көпшілікке танытуды қамтамасыз етуге тиіс мәдениет ұйымы болып табылады.

Осы орайда, Катонқарағай ауданының тарихи-мәдени деңгейінің дамуы да «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында бір сатыға жоғарылап отыр. Оған куә – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008-жылғы

4-шілдедегі № 674 Қаулысы бойынша ежелгі көшпенділер өркениетінің алтын бесігі – Алтайдың биік таулы аңғарындағы Берел аймағында «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының құрылуы.

Қорық-музейді құрудағы мақсат – Қазақстанда теңдесі жоқ археологиялық олжаларды, құнды мәдени-тарихи ескерткіштерді сол қалыпында сақтау және күллі халыққа паш ету, төл тарихымызды таныту.

Қазіргі таңда, Берел қорғандары еліміздің тарихын, мәдениеті мен қолөнерін зерттеуде теңдесі жоқ олжалар сақталған жалғыз ескерткіш. Сондықтан, Берел қорық-музейі құрылғаннан бері тарихымызды ұмытпау, ұлтымызды ұлықтау мақсатында көптеген игі іс-шаралар өткізілуде. Мектептер, кітапханалар, басқа да мекемелер мен бірлесіп ұлттық рухымызды насихаттайтын жұмыстар жасалуда.

Жазғы демалыстарын қызықты, әрі пайдалы өткізу мақсатында Шығыс Қазақстан облысының әр ауданынан Берел қорымына келуші оқушылар мен туристер саны жылдан жылға артуда. Алыс аудандардан келген жас туристтер Берел қорғандары туралы ғана емес, сонымен қатар, жалпы Катонқарағай ауданының тарихы, көрікті жерлері туралы мағлұматтар алып, ауданымыздың әсем табиғатына саяхат жасауда.

Өлкеміздегі баға жетпес тарихи-мәдени құндылықтарымызды танып білуге ынталандыру, салауатты өмір салтын насихаттау, мәдени-экологиялық-туристік қозғалысты дамыту мақсатында жыл сайын Катонқарағай Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркімен бірлескен «Жасыл алаң» слеті өткізіледі.

2015 жылы «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі орталығы Франция мемлекетінде орналасқан «ИКОМ» атты дүниежүзілік музейлер ұйымының құрамына мүше болып, «Жыл мұражайы» атанды.

Алтайдан бастау алған мәдениеттерді қайта түлету, бір-біріне жақындастыру, құнды рухани мұраны сақтап, ары қарай дамыту және бауырлас түркі халықтарының, соның ішінде Азия елдерінің де өнерпаздарының өнерін, салты мен дәстүрін Алтай жұртына паш ету мақсатында Берел жазығы – «Патшалар мекенінде» ұйымдастырылатын «Алтай-түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық форумы екі жылда бір рет өткізіліп тұрады.

Халыққа мәдени қызметтердің қолжетімділігін арттыру мақсатында музей қызметкерлері халықтың сұранысына байланысты арнайы бағдарламалар жасап, іс-шаралар ұйымдастырады. Соның ішінде үкіметтік емес ұйымдармен де біріккен жұмыстар жасалуда. Атап айтар болсақ «Бота» қоғамдық қорының қолдауымен қорық-музей аумағында «ТЭК» экологиялық-туристік орталығымен бірлескен «Шектеулі мүмкіншіліктен-шығармашылық өмірге» атты жазғы артлагерь жыл сайын өткізіледі. Мұнда Зырян қаласының мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған №1 және №2 мектеп-интернаттарымен Катонқарағай ауданының әлеуметтік қамсыздандыру бөлімінің қарамағындағы балалар мен жастар қатысады. Алдағы уақытта бұл бағдарламамызға қатысатын басқа да мекемелер мен ұйымдардың санын көбейту жоспарланып отыр.

Кез-келген музейдің негізгі байлығы экспонат екендігі даусыз. Музей ұжымы туристтер санының жыл сайын артып келе жатқанына байланысты, олардың қызығушылығын тек қана сөзбен және қазылған обалардағы тастармен қанағаттандырып отыру мүмкін еместігін атап көрсетіп, салалық министрлік пен археологиялық институттарға да жәдігерлерді қайтару жөнінде бірнеше рет ресми хаттар да жолдаған еді. Сол өтініштердің негізінде археолог Зейнолла Самашевтің атсалысуымен Астана қаласындағы Ә.Х. Марғұлан атындағы археология институтының филиалында сақтаулы тұрған бірқатар жәдігерлер музейімізге қайтарылды.

2016 жылы «Берел» қорық-музейі Ә.Х. Марғұлан атындағы археологиялық институтпен бірлесе отырып Берел қорғандарындағы №2 және №19-қорғандарға қазба жұмыстарын жүргізді. Халықаралық бірлестік аясында Ә.Х. Марғұлан атындағы археологиялық институт арқылы Жапон елдерінен ғалым-генетик Наруйя Сайто (университет. Киото қаласы) және Хидеаки Кирияма (Жапониядағы Ұлттық музей. Токио қаласы) шақырылды. Оларға қазба барысында табылған аттардың және әйел адамның сүйегінің қалдықтары лабораториялық зерттеуге берілді. Оның қорытындысы бізге бір немесе екі жылдан соң белгілі болады. Сонымен қоса, Ресейдің Санкт-Петербург қаласындағы «Материалдық мәдениет тарихы» институтынан профессор Н.А. Боковенко және дендрохронолог, табиғат зеттеушісі И.Ю. Слюсаренко сынды ғалымдар шақырылып, бірлескен қазба-зерттеу жұмыстары өтті.

КӨНЕ ТАРИХ КУӘСІ - САУЫТТАР

Шілде айының 12 жұлдызы күні Берел қорғандарында облыс әкімі Д.К. Ахметов арнайы іс-сапармен болып, қазба жұмыстары жүріп жатқан далалық лагерде профессор, археолог Зейнолла Самашевпен кездесіп, қазба жұмыстарының барысымен танысты. Қазылған №2-ші қорғандағы жәдігерлерді көрген облыс әкімі сол мезетте-ақ, бұл жәдігерлерді осы қалпында сақтау мақсатында аталмыш қорғанға музейлендіру жұмыстарын жүргізу туралы шешім қабылдап, құрылысқа облыс бюджетінен қаражат бөліруге уәде берді.

Аталмыш сапардан соң, бір аптаның ішінде құрылыс жұмыстары қауырт басталып кетті. Ең бірінші жұмыс қабір шұңқырының ішіндегі жәдігерлерді және қабірдің бастапқы қалпын сақтау болды. Осы жұмыстардың барлығын «Элхон» ЖШС-ның құрылысшылары абырой мен атқарып бас-аяғы бір жарым айдың ішінде 5 метр тереңдіктен басталған, сегіз қырлы пирамида тәріздес, шыныдан жасалған күмбезі бар музейді салып бітірді. Бұл жерде музейлендірудегі құрылыс жобасының негізгі идеясының авторы З. Самашев екендігін айта кеткен жөн.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай өткен «Алтай-Түркі әлемінің алтын бесігі» атты халықаралық конференция аясында 9-қыркүйек күні №2 қорғанға шыныдан салынған музейдің ашылу салтанаты болып өтті. Осылайша «Патшалар жазығында» азғантай уақыттың ішінде жаңа ашық аспан астындағы музей пайда болды.

2014 жылы «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23 бабына сәйкес ғылыми және ғылыми техникалық қызмет субъектісі ретінде аккредиттелді.

Қазақстан Республикасының «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы 11 қаңтардағы және «Тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы» 1992 жылғы 2 шілдедегі заңдарына сәйкес «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК тарих пен мәдениет ескерткіштеріне археологиялық және (немесе) ғылыми-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру жөніндегі №14016609 мемлекеттік лицензиясын алды.

Осы лицензия нәтижесінде 2017 жылы «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі» РМҚК-ны қазба жұмыстарын жүргізу үшін Шілікті қорғандарына 27 000 000 теңге, Берел қорғандарына қазба жұмыстарын жүргізу үшін 12 500 000 теңге болатын конкурсқа қатысып, ұтып алды. Қыркүйек айында Бұқтырма өзенінің жоғарғы жағындағы жужан-сяньби ескерткіштерін зерттеуге арналған құны 12 000 000 тг. болатын Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің «Шығыс Қазақстан археологиясының дамуы» жобасы бойынша жарияланған жобаны ұтып алды.

2107 жылдың сәуір – мамыр айларында «Патшалар жазығына» ұзындығы 3250 метр болатын қоршау жұмыстары жүргізілді.

2017 жылы жалпы сомасы 48 млн тенге көлеміндегі №11-ші қорғанның жұмысы басталған. Атақты 13 жирен жылқысымен әлемге әйгілі болған бұл қорғанға құрылыс жүргізуді ұтып алған мердігер «Қызыл Барс» ЖШС 2017 жылы күз айларында қорғанды салу жұмыстарын аяқтап бітірді, биылғы 2018 жылы ішіне музейлендіру жұмыстары жүргізіліп қолданысқа беріледі.

Болашақта «Патшалар мекенін» Шығыс Қазақстан облысының мәдени орталығы ету мақсатында мәдени-туристік қызмет көрсететін «Визит-орталық» салыну жоспарлануда.

Берел қорғандары бабаларымыздың мәңгілік тоң қалыптастыру өнерінің арқасында біздерге бұзылмай жеткен сан ғасырлық тарихы бар ескерткіштердің бірі. Енді осы қасиетті мекенді қорғап сақтау (зерттеп-зерделеу) біздің парызымыз.

Әдебиеттер:

Радлов В. В. Из Сибири, страницы дневника. Раскопки могильника в Берельской степи, недалеко от берега Верхней Бухтармы. 12 июля - 9 августа 1865 г. Москва, 1989. 750 с.

Самашев З. Берел. Алматы, 2011. 236 с.

Самашев З., Базарбаева Ф., Жумабекова Г., Сунгатай С. Берел. Алматы, 2000. 56 с.

Сорокин С. С. Доисследование Большого Берельского кургана //СГЭ. [Вып.] XXIII. – Л., 1962. 219 с.

Қазақ халқы қару-жарақ түрлеріне қылышты, найзаны, садақты, сауытты, шоқпарды жатқызған. Бұл жөнінде Қ. Ахметжановтың «Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері» атты еңбегінде: «Қару-жарақ түрлерінің бесеуі болып қалыптасуы олардың өзіндік, бірін-бірі ауыстыра алмайтын жеке қызметінің болуына байланысты. Соғыс қаруларының жұмсалыу тәсілі бес түрлі болып қалыптасқан. Олар – ату (садақ, мылтық), кесу (қылыш), түйреу (найза), шабу (айбалта), соғу (шоқпар). Ал, басқа қарулар осы қарулардың түрленуі ғана. Сондықтан айқаста бұл бес қару бірінің орнын бірі баса алмайды», – деп жазады (Ахметжанов, 1996. 240 б.).

Еуразиялық көшпелі халықтарда қорғаныс жарағының негізгі түрлерінің қалыптасуы б.з.д. I мыңжылдықтың ортасынан басталады. Енді осы қорғаныс жарағының түрі сауытқа келсек, алғашқы түрі төртбұрышты ірі металл тақталарды теріге, матаға шегемен қатарлап бекіту арқылы жасалған берен сауытты айтуымызға болады. Б.з.д. V-III ғасырларда сақтарда қолданыста болған бұл сауыттың бірінші типінде мойынды қорғайтын, тұтастай темірден немесе темір тіліктерді теріге бекітіп жасаған мойынды қорғайтын биік жағасы, темір таспаларды қайыспен бекітіп жасаған ұзын жеңі, етегі болды. Бұл сауыт түркі-монғол тілдерінде «құяқ» деп аталды. Сауыттың екінші түрі жылан қабығына немесе құс қауырсынына ұқсас кішкентай металл тіліктерінен жасалған көбе сауыт түрі. Бұл сауыттың екі типі бар. Бірінші типі – жылан қабыршықтарына ұқсас кішкентай көбе темірлерден жасалған сауыт, б.з.д. VI-III ғғ. скифтерде өте кең қолданыста болды. Көбе сауыттың екінші типі көбе темірлері астарсыз қайыспен байланыстырылған көбе сауыт. Бұл сауыт түрі б.з.д. VIII-VII ғғ. пайда болған.

Көбе сауыт көне түркі жауынгерлерінің негізгі қару-жарағының бірі болғандықтан, көбе сауыттың пластиналары VI-VIII ғғ. жататын археологиялық ортағасырлық ескерткіштерден тұрақты табылып отырады. Сауыттың пластиналары ұзынша төртбұрыш формалы немесе бір жағы түзу, ал бір жағы дөңгеленіп келген болып жасалып, оның екі шетінде орналасқан тесіктерден өткізілген қайысбаумен бұл пластиналарды горизонталь бойынша көбелеп байланыстырып ұзын таспа терілді, көбелі таспаның асты, кейде үстіңгі жағы да, жіңішке тері таспамен жиектелді. Содан кейін, көбе пластиналардың ортасындағы тесіктерден өткізілген қайысбаумен таспаларды вертикаль бойынша өзара байланыстыру арқылы сауыттың бөліктері жасалған. Көбе сауыттың былай жасалуы әдісі Пано Карпинидің еңбегінде тиянақты айтылады. Сонымен қатар, мұндай көбе сауыттың бөліктері (пластиналары) Оңтүстік Қазақстандағы ортағасырлық ескерткіштер Мардан-күйік, Баба-ата т.б. археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған.

Ал, осы Отырар оазисіндегі ортағасырлық Мардан-күйік қалажұртынан табылған көбе сауыт бөліктеріне келсек, төртбұрышты пішінде металдан (темірден) жасалынып отырды (1-сурет). Бұл сауыт бөліктері VI-VIII ғасырларға тән және одан кейінгі әскери істерде кеңінен қолданылды. Сауыт бөліктерінің жоғарғы жиегі түзу, төменгі жағы сопақша болып жасалды. Өткізілетін тесіктері белгілі бір ретпен, екеуі жоғарғы жиектен бұрыштардан тең қашықтықта, екеуі орталықтан бүйір жақта, үшеуі ортаңғы осьте орналасты (біреуі ортада, екеуі төменгі сопақ жиегіне жақын). Болжам бойынша, сауыт бөліктерінің жоғарғы бөлігі үстіңгі қатардың тақталарымен қабаттасқан (қатарда тақталар бірінің шеті көрші шетінен асып тұратын етіп орналасқан), ал, екінші қатар екінші жағынан орналасқан шетінен қабаттасып жасалып отырды. Сипатталған бұл сауыт бөліктері қаңлылардың ұрпағы – кангарлық жауынгерлерге (печенегтер) тиесілі болса керек (Байпаков, 1990, С. 63.) Осы сияқты қаңлылардың (кангюйлер) сүйектен жасалған сауыт бөліктері Қорғантепе қорымынан да табылған (б.з. I ғ.).

Қазіргі таңда осы ортағасырлық Мардан-күйік қалажұртынан табылған сауыт бөліктері Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі қорында сақтаулы.

Жалпы осы қару-жарақтардың зерттелуі туралы қысқаша тоқталып өтсек, 18-19 ғғ. әртүрлі мақсаттармен Қазақстанда болып, қазақтың тұрмыс салтын зерттеген орыс және еуропа зерттеушілері

Дж. Кестль, П.С. Паллас Т. Аткинсон, В.В. Радлов, А.И. Левшин т.б. зерттеулерінде қазақ халқының қару-жарағына қатысты маңызды этнографиялық мәліметтер жинақталды, бұл зерттеу еңбектерінде авторлар қазақтар қолданған қару-жарақ түрлерін сипаттаумен шектелді.

Қазақтың қару-жарақтарын этнографиялық тұрғыдан алғашқы зерттеушілердің бірі қазақтың тұңғыш ғалымы Ш.Ш. Уәлиханов болды. Ел арасында өмір сүріп, оның бел ортасында өскен Шоқан өз еңбектерінде қазақтың дәстүрлі қару-жарағын зерттеудің басты бағыттарын анықтап берді. Оның «Вооружение киргизов в древние времена и их военные доспехи» атты зерттеуінде және басқа еңбектерінде 18-19 ғғ. қазақтың суық және от қаруының түрлері, олардың типтері, жасалу технологиясы, олардың қолданылуы қазақ-халқының қару-жарақпен байланысты салттары, ырымдары туралы мәселелер көтеріледі және еңбектерінде сол уақытта пайдаланудағы тікелей түпнұсқа суреттерін де береді. Қазақ халқының қолөнерін зерттеуге арналған Ә.Х. Марғұланнның, Х. Арғынбаевтың (Арғынбаев, 1987. 3-168 бб.), Т.К. Басеновтың, С. Қасимановтың, Ә. Тәжімұратовтың еңбектерінде қазақтың қару-жарағының жекелеген түрлерінің жасалу технологиясы, көркемдеу тәсілдері зерттеліп, оларға қатысты халықтық атаулары айтылады. Сонымен қатар, 19 ғасырға дейінгі Қазақстандағы көшпелі халықтардың әскери ісін зерттеуге арналған Т.К. Алланиязовтың еңбегін де атап өтуімізге болады (Алланиязов, 1997, 3-93 бб.).

Археологиялық қазба барысында табылған заттар негізінде Еуразиялық көшпелілердің әскери ісі мен қару-жарағын зерттеуге арналған еңбектер көптеп жариялана бастады. Кейінгі кезде орыс авторлары К.Ф. Смирнов, А.М. Хазанов т.б. ғалымдардың еңбектерінде скиф, сарматтардың қару-жарағы зерттелсе, Сібірді мекен еткен түркі халықтарының орта ғасырдағы қаруы, қорғаныс жарағы, соғыс өнері туралы Ю.С. Худяков, А.И. Соловьевтың еңбектері басылып шықты. Ал, ертедегі Қазақстан аумағын мекен еткен сақ, қыпшақ, қимақтардың қару-жарағы А.К. Акишевтың, Ю.А. Плотниковтың еңбектерінде зерттеледі. Көшпелі халықтардың қару-жарағын зерттеушілердің ішінде М.В. Гореликті ерекше атап өтуімізге де болады.

Ал, осы сауыттардың жалғасы халқымыздың дәстүрлі қару-жарағы сауыттарға келсек, сауыттар ақ сауыт, көзе сауыт, торғауыт, көбе, құяқ, аймауыт, кіреуке, ақберен, бадана, зере, берен, томақап т.б. Мұның ішінде кіреуке сауытқа келер болсақ, XV-XVIII ғасырларда қазақ жауынгерлері кең қолданыста болды. Бұл сауыт түрі темір шығыршықтардан қысқа жеңді жейде түрінде өріліп жасалды. Кіреуке шығыршықтарының ішкі диаметрі халықтық әскери терминология бойынша «көз» деп аталды. Әр кіреукеде шығыршықтардың ішкі диаметрі әртүрлі болғандықтан, бұл параметр кіреуке типін анықтайтын белгі ретінде қолданылды. Қазақтар шығыршық көздерінің көлеміне сәйкес торғай көз, шөже көз, бадана көз деп аталатын үш түрге бөліп қарастырады. Осындай, көзді шығыршықтардан тоқылған кіреукелерді торғай көз кіреуке, шөже көз кіреуке, бадана көз кіреуке деп атаған. Фольклорлық материалдарда қазақ батырларының қорғаныс жарағы ретінде кіреуке осы үш типі айтылады. Кіреуке типінің алғашқы екеуі орыс тіліндегі «колчуга» және «панцырь» (кішкентай шығыршықтардан өрілген кіреуке) деп аталатын кіреуке екі типіне сәйкес келеді. Орыс тіліндегі жазба деректерде қазақтарда 19 ғасырда кіреуке осы екі түрі де қолданылғанын көрсетеді. Бадана көз кіреуке үлкен жалпақ шығыршықтардан тоқылды. Шығыршық көзінің көлемі «бадана» – атты өсімдік пиязшығының көлеміндей болғандықтан осылай аталды (Қазақ өнерінің тарихы. – 3 томдық (Орта ғасырлар дәуірі. II том), 2007, 150-152 бб.).

Сауыттардың шөже көз кіреуке диаметрі 10-12 мм шығыршықтардан, ал, торғай көз кіреуке диаметрі 7-9 мм шығыршықтардан, бадана көз кіреуке 14-16 мм, қалыңдығы 2-4 мм шығыршықтардан тоқылған. Жасалу әдістеріне сәйкес кіреуке шығыршықтарының үш типі болды. Біріншісі, қалыңдығы 1 мм темір қаңылтырдан тұтастай кесілген дөңгелек шығыршық, екіншісі, жуандығы 1-1,5 мм сымнан жасалған, ұшта-



тықшаның орны қосылмай қалдырылып, үшкіл бөлек тоқылып жалғанды. Жағасының жырмасы төртбұрыш пішіндері жасалып, жаға бөлек тоқылып, жейдесімен шығыршықтар арқылы немесе қайысбаумен байланып қосылып, жаға тік тұру ұшын шығыршықтарының арасына бірнеше қатар екі қабаттан жұмсақ қайысбаулар өткізілді. Кіреуке жасағанда оның беріктігі ғана емес, әсемдігі де ескерілген. Әшекей элемент ретінде кіреуке жағасына алтын, жеңіне жез шығыршықтар қосылып өрілген. Музей қорларында сақталған кіреукелердің салмағы әдетте 7-12 кг жетеді. Сондықтан музейлік материалдардан шеберлердің сауыттың беріктігі мен жеңілдігін теңестіру үшін кейде бір сауытта әртүрлі көзді шығыршықтар пайдаланғанын көреміз.

Пішіні бойынша кіреуке сауыттар қайырма жағалы, тік жағалы немесе жағасыз болып та жасалды. Қозғалғанда ыңғайлы болу үшін кіреукелердің етектері әдетте алдынан және артынан 15-25 см жырылып тоқылды. Кейбір кіреукелердің алдыңғы өңірі тұтастай жырылып та жасалды. Музейлік коллекциялардағы кіреуке сауыттардың жеңдерімен алғандағы ені 110-125 см, ені 60-65 см, ұзындығы 70-95 см болып келеді.

Халқымыз қолданған шығыршықты сауыттың келесі түрі шығыршықты-пластиналы сауыт. Бір-біріне шығыршықтармен жалғасқан кішкене пластиналардан теріліп жасалған шығыршықты-пластиналы сауыт түрі ауыз әдебиетінде бек сауыт деп аталса, жазба деректерінде бұл сауытты бектер деп атайды. Бектер (бек сауыт) жеңі жоқ, жағасыз, бір жақ бүйірінде және иығында баумен байланатын күрте түрінде болады. Бұл, сауыттың пластиналары кішкене де, үлкендеу де болып жасалды. Осындай, пластиналы бектердің бір үлгісі Оңтүстік Қазақстан облыстық тарихи өлкетану музейі қорында сақтаулы, ол жиектері қырман күшейтілген квадратты пластиналарды шығыршықтармен жалғау арқылы жасалынған. Көп шығыршықтардың орнына пластиналар қолданылғандықтан, бектер жасалуы жағынан жеңіл және аз уақытты қажет етті, бірін-бірі баса орналасқан пластиналар сауыттың беріктігінде арттырды, сондықтан оның осы қасиеті сауыттың өз атауында көрініс тапты.

Халқымызда жауынгерлік киім бірнеше қабат жібектен, не басқа матадан қатталып тігіліп, арасына жүн, мақта, қыл немесе кіреуке үзіктерін салып сырылған жұмсақ сауыт түрінде де жасалды. Бұл қорғаныс жарағы «қаттау» деп аталды. «Қаттау» – қабаттау, бірнеше қабаттап тігу деп мағына береді. Бұл жауынгерлік киім атауында оның қорғаныс қасиетінің жасалу әдісі – қаттап (бірнеше қабаттап) сырылып тігілуі көрініс тапқан. Тарихшы Е. Бекмаханов өзінің Кенесары көтерілісі туралы еңбегінде мынандай дерек келтіреді: «Бұхар әмірі достық белгісі ретінде Кенесарыға күміс сауыт пен алтын қылыш сыйға тартып, соған қосымша оның өтініші бойынша, кафтан тіккізу үшін екі орам жібек жіберді. Одан оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін, найза кірмейтін киім тіктіруге болады екен. Ол киімді қазақтар «қаттау» дейді». Бөкей ордасының 18-19 ғғ. қолданылған гербінде де қаттау киген қазақ жауынгерінің бейнесін көруге болады. Музейлерде қазақтар киген бұл жауынгерлік киімнің үлгісі жоқ. Бірақ, мұрағаттық материалдарда «қаттау» 20 ғасырдың басында Ресейде өткен Ориенталистердің үшінші конгресінің көрмесіне қазақтардың Атбасардан жіберген экспонаттарының ішінде аталады. Фольклорлық деректерде қаттаудың жауынгерлерге әрі жылы киім, әрі қорғайтын сауыт болатын қасиеті айтылады.

Жалпы қорыта айтқанда, сауыттардың ертеден қалыптасып, олардың отты қару шығуына дейін кең қолданыста болғанын көре аламыз. Сонымен қатар, оның ішінде Отырар өңірінде де қару-жарақ түрлерінің және оның ішінде сауыттың да кең қолданыста болып, қару-жарақтардың қолданылуы мен жасау мәдениетінің ерте кезеңдерден бастап қалыптасқанын атап өтуімізге болады.

Әдебиеттер:

- Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. - Алматы: Өнер, 1987. 168 б.
- Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер: Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері. - Алматы: Дәуір, 1996. - 240 б.
- Алланиязов Т. К. Очерки военного дела кочевников Казахстана. Фонд «XXI век». Алматы. 1997. С. 94.
- Байпаков К.М. По следам древних городов Казахстана (Отрарский оазис). – Алма-Ата: Наука. 1990, С. 63.
- Қазақ өнерінің тарихы. – 3 томдық. (Орта ғасырлар дәуірі. II том) – Алматы: Өнер. 2007, 150-152 бб.

Д.С. Суатаева, А.Ж. Султаниярова
Есік қ., Қазақстан
kabykbaeva.dinar@mail.ru, anarsitora@mail.ru

КӨНЕДЕН ЖЕТКЕН ҚАНЖАРЛАР

Түрлі дереккөздердегі археологиялық материалдар сақтардың әскери ісінің деңгейі, жауынгерлік өнері биік дәрежеде болғанын көрсетеді. Сақтардың жеке жауынгерлік қару-жарақ комплексі алыс қашықтықта, орта қашықтықта және қолға ұстап қорғанатын қорғаныс жарағынан тұрды. Шабуыл құралдары жиынтығына – жақ пен оқ, қанжар, қысқа семсер ақинақ, ұзын семсер, найза, екі басты жауынгерлік балта, ал қорғаныс жарағы жиынтығына – денеге киілетін сауыт, жауынгерлік бас киім, қолды, аяқты қорғайтын жабдықтар кірген. Сақтардың қару-жарақ жасаушы шеберлері осы айтылған әскери шабуыл және қорғаныс құралдардың әскери қажеттілікке сай келетін бірнеше түрлері мен үлгілерін жасаған.

Қазақстан аумағында табылған көне металлургия орындары, түсті және қара металдар кеніштері бұл кезеңде металлургияның жақсы дамығанын дәлелдейді. Мысалы, Шығыс Қазақстанда, Маңғыстауда, Мұғалжар тауларында мыс кенінің орындары кездессе, Орталық Қазақстанда мыс кеніштері Балқаш бойы, Баянауыл, Қарқаралы, Жезқазған және Ұлытау маңында болған, Есіл өзенінің бойында Көкшетауда қалайы өндірілген, ал Степняк, Бестөбе, Жосалыдағы кеніштерден алтын алынған (Ахметжан, 2006, 19 б.). Археологиялық қазбаларда табылған материалдар сақтарда қоладан көркемдеп құю өнерінің деңгейі өте биік болғанын айқындайды. Алтын – соғуға, құюға, бедерлеуге және т.б. жолдармен өңдеуге оңай, сонымен бірге коррозияға берілмейтін, бастапқы түрін, қасиетін тұрақты сақтайтын материал ретінде қару-жарақтың әшекей элементтерін жасауға қолданылды.

Дайындалу әдістері тұрғысынан сараласақ, қару жасаушы шеберлер қару-жарақты дайындауда құю, соғу, қалыптау, баспалау сияқты негізгі техникалық әдістерді қолданған. Сол кездердегі қола, алтын заттар, тас-металл немесе балауыз формалардан құйылып жасалды. Археологиялық материалдарға сүйенсек, алтын заттарды сірке салу және жалған сіркелеу әдісімен көркемдеу үрдісі б.з.д. V ғасырдың өзінде кең игерілгенін көреміз.

Жақын қашықтықта және қоян-қолтық айқаста сақ-скиф-сармат жауынгерлері қолданған, кесу-түйреуге арналған суық қару түрі – қанжар деп аталатын. Қазақстан территориясынан табылған қанжарлар қола дәуірімен мерзімделеді. Мысалы, Семей қаласының маңынан табылған қанжарлардың балдағы Палацы ауылынан табылған қарудікіне ұқсас, бірақ көлемі ұзындау, жүзінің төменгі ұш жағы ежелде сынған. Қанжардың сабы жалпақ, ұштығы доғалданған шатыр тәрізді. Алғаш қарағанда, сабы жүзімен жалғасып кеткендей, ал жүзінің қырлары мен қанжардың балдағы соларға жапсырылған тәрізді, бірақ қанжар қо-

ладан құйылып жасалған. Жүзі екі қырлы, ортасында қанағары бар. Қанжарды ерте тағарлық аналогияларымен салыстыра отырып ғалымдар б.з.д. VII ғ. жатқызады.

Қару жарақтарды зерттеуші ғалымдардың пікірлері бойынша ерте сақ кезеңінің қанжарлары қарасұқ мәдениетінің қаруларына ұқсастырылып жасалған. Аталмыш қанжарлардың Ертіс бойындағы ескерткіштерден табылғандығына қарағанда қарасұқ мәдениетінің әсері негізінен Қазақстанның солтүстігі мен шығысына жайылған. Осындай түрдегі қанжарлар, бірен-саран басқа да мәдениеттерден кездеседі. А.И. Тереношкиннің ойынша ерте сақ кезеңінің қанжарлары қарасұқ мәдениетінің әсерімен Азияда пайда болған және қола дәуірінің қанжарларын б.з.д. VII ғ. бастап ығыстырады (Тереношкин, 1975, 30 б.).

Қарасұқ тұрпаттас қанжардың жалғыз данасы Жетісудағы Текеліден табылды (Акишев, Акишев, 1979, 59-63 бб.). Биже өзенінің жағасынан кездейсоқ табылған көмбенің арасында болған. Қанжар сабының ұшы доғалданған, балдағы түзу. Бұл қаруға ұқсас қанжарлар Орта Азия, Кавказ, Үндістан және Тәжікстан жерлеріндегі б.з.д. VIII-VII ғғ. мерзімделетін ескерткіштерден табылған (Кузьмина, 1966, 59-60 бб.). Қанжардың енді бір данасының ұштығы мен балдағы бар сабы және жүзінің ұшы Қапал қорымынан табылған. Темір қанжардың балдағы бүйрек пішінді, ұштығы доғаланған. Усть-Буконьнан табылған қанжардың сабы жіңішке, ұштығы доғаланған шатыр тәрізді, балдағы көбелек пішінді. Бұл қанжарға жақын қаруларды сақтардың мекен еткен жерлерден, әсіресе, Қазақстаннан кездестіруге болады. Қазақстанда табылып, мерзімделген қанжарлар бойынша және қарумен бірге табылған жебе ұштарына негіздей отырып, оны б.з.д. VI-V ғғ. жатқыза аламыз. Вавилоновка ауылының жанынан кездейсоқ табылған қанжардың ұштығының жоғарғы жағы үшкірленіп балдағының пішінін қайталайды. Вавилоновкадан табылған қанжардың балдағы қайталайтын қанжар Абай ауданынан кездейсоқ табылған қанжар ұштығымен сақталмаған. Есік маңынан табылған қазына бірнеше қоладан жасалған заттардан тұрады. Олардың ішінде бір қола қанжар кездеседі (Акишев, Кушаев, 1963, 110 б.). Қанжар жүзінің ұш жағы сынған. Қарудың ұштығы ұзынша төртбұрышты, балдағы көбелек тәріздес. Ұштығы мен саптың ортасында баспалдақ тәрізді орын қалдырылған. Қанжар сабының ұзын бойында тілген екі жолақ бар. Жүзі төмен жағына қарай үшкірленген, екі қырлы, ортасында жүзінің сапасы мен мықтылығын арттыратан қабырға жасалған. Қанжардың сабындағы екіге тілінген жолақ сапты ағашпен аптау үшін жасалуы мүмкін. Есік көмбесіндегі қанжардың пішінін қайталайтын қарудың бір үлгісі Алматы қаласының жанынан кездейсоқ табылған. Қанжардың балдағы жіңішке, жүзінің ортасында балдақтан ұшына дейін үш жолақ созылып жатыр. Жетісудан табылған енді бір қанжардың балдағы жүрек пішінді, ұштығы ұзынша төртбұрышты. Қарудың сабында екі тілінген жолақ орын алады. Жүзі екі қырлы, төменгі жағына қарай үшкірлене түскен. Жүзінің ортасында мықтылық қабырғасы бар.

Жартас бетінде бейнеленген қанжарлар қарастырып отырған кезеңінің түрлеріне сәйкес қару Зевакино тауындағы жауынгерлердің белдігіне ілінген. Қанжардың ұштығы тік төртбұрышты, балдағы көбелек пішінді.

Жоғарыда қарастырып кеткен ерте темір дәуірінің басымен орта кезеңіне тура келетін қанжарлардың жерлеу ескерткіштерінен, жартас бетіндегі суреттер мен бұғы тастарда кездесуіне қарағанда, Жетісу, Қазақ Алтайы өңірлеріндегі жауынгерлер қарудың бұл түрін кеңінен қолданғандығын аңғарамыз.

Ұзындығы 50-60 см қанжар немесе қысқа семсерлер б.з.д. VII ғасырда скифтерде пайда болып, кеңінен тараған. Ғалымдардың пайымдауынша бұндай қарудың түрін жауынгерлер негізінен жаяу айқаста пайдаланған. Сақ дәуірінің бас кезінде қанжар сабының ұшы дөңес немесе таяқша түрінде, балдағы көбелек қанатына ұқсас, жүрекше пішінді немесе планка түрінде жасалды. Кейбір қанжарлардың саптарының ұштары бір-біріне қараған грифондардың бастарының бейнелерімен көркемделеді. Саптың өзі тегіс немесе бірнеше қырлы, кейде ортасы тесік немесе фигуралы болып жасалады (Кушкumbaев 1974, 27 б.). Б.з.д. V-III ғасырлардан бастап қанжарлар тек темірден соғу арқылы жасалынатын болды. Темірден соғылған қанжарлардың сабының ұшы әдетте мүйізше пішінді болып келеді, бұл форма соғу технологиясынан туындаған пішін болатын. Бұл кезде жүзі темірден соғылған, сабы қоладан құйылған би металды қанжар, семсерлер де жасалды. Б.з.д. VI ғасырда Орталық Азияның көшпелі халықтарында ұзындығы 70-90 см, екі жүзді, жүзінің ені 4-6 см, түзу, ұзын семсерлер қолданысқа енді. Бұл қару түрінің пайда болуы ат үстінде айқас жүргізудің негізгі әскери тактикаға айналуымен және ауыр металл сауытпен жарақталған атты

әскердің пайда болуымен байланысты еді. Ал, Есік обасынан б.з.д. V-IV ғғ. жататын, «Алтын Адам» деген атпен мәлім болған, төрт мыңға жуық алтын әшекейлермен безендірілген құнды жәдігердің оң жағында асынған, алтын пластиналар жапсырылған, 7,7 см қыңға салынған ұзындығы 48 см темір қанжар сақ қол өнерінің басты компоненті болған аң стилінде көркемделген. Бұл стиль Сібір, Қазақстан, Орта Азия және Еуропаның оңтүстігіндегі тайпаларда кең тараған. Стыльдің көркемдік объектісі – аңдар мен жануарлар, тотемдік бейнелер, мифологиялық сюжеттер болды. Адамзат қоғамында өнердің пайда болуы магиямен тікелей байланысты болғандықтан, жалпы алғанда қандай да болмасын бір затқа бейне, ою, өрнек салу – оны сиқырлау, магиялық ғұрыптың бір элементі болатын. Сондықтан, Алтын адамның қаруында салынған хайуанаттар мен жануарлардың тотемдік сипаттағы бейнелері ең бірінші осы магиялық функцияны атқарады.

Алтын адам қанжарының қынабы ағаштан жасалып, терімен қапталып, қызыл түске боялған. Ерте заманда қызыл түс патшалық түс саналды. Себебі, қызыл түс солярлық культпен байланысты түс, биіктікті, ұлылықты, жарықты символдайды. Сол себепті әлеуметтік нышан ретінде көсемдер, патшалар мен батырлар ұстаған қару-жарақтың бөліктері, сауыттардың маталары, қылыш-семсерлердің қыны қызыл түске боялған. Қару иесінің әлеуметтік түсін белгілейтін сөз ретінде жауынгерлік қару-жарақтың атауына қосылып айтылады. Қанжар қынабының жоғарғы жағы мен түбі жалпақтау болып келеді. Олардан өткізілген қайысбау белдікке тағылып, аяққа байланған. Қару жасаушы шеберлер салтанатты қындардың бұл элементін алтынмен қаптап, аңдардың бейнесімен көркемдеген.

Алтын адам қанжары бір-біріне тұмсығымен қарап тұрған екі грифонның басы тәрізді зооморфты сүйір төбесімен ерекше. Тұмсықтары қатты қисайған, көздері мен құлақтары шиыршықталып көрсетілген. Айқасулары бүлінген, алайда оларды көбелек немесе бүйрек тәрізді деп болжауға болады. Грифон – тамыры көне заманнан бастау алатын өзгеше құбылыс, Еуразияның көптеген халықтарының өнерінде кейіпкер және көркем бейне ретінде бейнеленген және түрлі аймақтарда өз ерекшелігі болған. Ғалымдардың пайымдауынша, «грифон» арғы ата-баба ретінде рөл атқарып, ең алдымен туыстық идеясын белгілеуге бағытталған өзіндік таңба немесе бейне болуы әбден мүмкін.

Алтын адам қанжарына ұқсас Шығыс Қазақстан өңірінен қолдану мерзімі б.з.д. V ғасырға жататын кездейсоқ табылған темірден жасалған қанжардың сабының ұштығында дәл осындай екі грифон бейнеленген.

Көлденең сапты, жүзі линза тәрізді Алтын адам қанжары толықтай темірден жасалған, бірақ сүйір төбесі алтынмен қапталған. Қанжардың тұтқасы бұрандалы екі сымдық алтын сыммен айналасы оралып, айқасқан ұсақ әртүрлі пішіндегі алтын тілімшелермен безендірілген (тек екеуі сақталған). Жүзінің екі жағынан да ұшына қарай 11,5 жануарлардың (жылан, түлкі, қоян, барыс, тауешкі, доңыз, қасқыр, арқар, жолбарыс, елік, қалғандары белгісіз жануарлар) шағын бейнелері бар жіңішке алтын тілімшелер жүргізілген. Жүзінің ұшына қарай біртіндеп тарылатын тілімшелер ұсақ тісті дөңестердің көмегімен қанжар жүзіне бекітілген, олар тілімшенің бүйірлерінде ұзын бойына орналасқан (Акишев, 1977, 29 б.).

Сақ-скиф әлемі ескерткіштерінің жаңа археологиялық ашылулары бұрыннан белгі мәдени байланыс салаларын толықтырып отыр. Мәселен, Есік обасынан алынған материалдар бүгінде Филиповка (Оңтүстік Орал, Төменгі Повольжье және Орынбор облысы) обаларының мерзімін анықтау үшін бағдар болды. Себебі, қару-жарақ бұйымдарының безендірілуінде де мынандай ұқсастықтар байқалады: Филиповканың №1 обасынан табылған қысқа темір қылыш-ақинақтың жүзі мен сабының бойындағы орталық сызық алтынмен қапталған грифон басын дәнекерлеу арқылы сәнделген. Сабының темір өзегі мен жүзінің жоғарғы бөлігі жылан тәрізді алтын толқынды сызықтармен әшекейленген. Бұндай ұқсастықтар Еуразияның алқаптық және далалық аймағындағы б.з.д. I мыңжылдықтағы көшпелілер өркениетінің ішкі біртұтастығын, тұрақты өзара байланыстардың бар екендігін, идеялар мен технологиялардың көшпелілігін көрсетеді.

Алтын адам қанжарының қынында бейнеленген жылқы мен бұғы бейнесіндегі қаптама әшекейлер бірден көзге түседі. Өлшемі 15x4,1 см жылқы бейнесіндегі қапсырма – қанжар қынының астыңғы жіңішке бөлігінің әшекейі. Жақтаудың ішінде денесінің орта тұсынан артқы аяқтары жоғары қарай қайқайып келтірілген аттың пішіні орналасқан. Жылқы бейнесі қырынан қарағандағы пішінде берілген және барлық бөлшектері қатты тәптіштеліп жасалған. Аттың басы үлкен, құлақтары жымқырылған, алдыңғы аяқтары

алдыға қарай сермеліп, артқы аяқтары бүгілген күйде бейнеленген. Екіге ұшталған құйрығы екіге өрілген. Ал, бұғы бейнесіндегі қапсырма қанжар қынының жоғарғы бөлігінде бейнеленген. Бедерлі жіңішке алтын жолақпен көмкерілген сопақша бүйрек тәрізді жақтаудың ішінде денесі орта бөлігінен бұралып, артқы аяқтары жоғары жаққа қарап айналып кеткен бұғының алдыңғы аяқтары алдыға қарай созыла сермелген. Басын алдына қарай соза ұмтылған, бұғыға тән қалақшалы мүйіздері, дөңгелене бұралған ұштары бар екі мүйіз өскіндері кескінделген. Тұтастай алғанда, бұғы, таутеке, қыран құстар сияқты сақ кезеңінде сакральды «жоғары жақты» білдіретін кейіпкерлердің бірі болса, жылқы – құдайларға құрбандыққа шалынатын жануар, тіпті оның бейнесі Күн құдайымен байланысты болғаны да белгілі. Ирандық дәстүрде жылқы Аспан өрісімен байланысты болған, соған сәйкес еркек бастамасының да бейнесін танытқан. Ол әрқашан да мәдениеттің ерлерге тән аясы мен әскери тұрмыстың ажырамас бөлшегі болып қала берген. Зерттеушілердің пайымдауынша, түркі эпостарындағы «батыр мен оның тұлпары» деген басты тандем скиф дәуірінде пайда болған (Жұмабекова, Базарбаева, Оңғар, 2011, 46 б.).

Ертедегі көшпенділердің дүниетанымында жыртқыштар бейнесі ерекше рөл атқарған. Алтын адам қанжарындағы қасқыр бейнесіндегі қапсырма өлшемі 2,8x2,4 см. Бүктеліп, домалана жатқан қасқырдың бейнесі шебер қиюласып орналастырылған. Қасқырдың басы денесіне қарағанда үлкен, көздері ұзынша сопақ, құлағы дөңгеленіп келген, бас пішіні сыртқа қарай біршама шығыңқы орналасқан. Денесінің бүктеліп домаланғаны соншалық, тіпті төрт салалы артқы және алдыңғы аяқтары өткір тырнақтары мен айқастырылып қалған. Құйрығы артқы аяқтарының арасынан өткізілген. Қалыпқа құю техникасымен дайындалған қапсырмалар – шомбал салмақты бейнелер бедерлерімен орындалып, нақыштармен айқындала бастырылған. I Петрдің атақты Сібір топтамасындағы бұйымдар арасынан танауын көкке шүйіріп тұрған қасқыр бейнелері байқалған. Көкке шүйірілген, ұлғайтылған танау – ерте темір дәуіріндегі қасқыр бейнесіне тән сипат. Алайда, Алтын адам қанжарындағы қасқырдың танауы спираль тәрізді жоғары ширатылған. Домалақтау құлағы қасқырдан гөрі мысық тұқымдас жыртқыштарға тән. Әйтседе, қасқырға тән тәсілмен тісін ақситып тұрғаны, табандарының нағыз жыртқыштікі екенін көруге болады. Ширатылып жатқан қасқыр бейнесі ерте скиф дәуіріне жататын ескерткіштерде кездеседі. Бірақ стилистикалық тұрғыдан ширатылып жатқан жылқы, қасқыр, тігінен қойылған үш қасқырдың бастары бейнеленген тоғалар I Петрдің Сібір топтамасындағы жатқан қасқырдың бейнесіне жақын (Артамонов, 2011, 277б.).

Зерттеушілер атап өткендей, «қасқыр – тотемдік жануар, әскери жасақтың немесе тайпаның көсемінің нышаны, барлық ертедегі үндіеуропалық дәстүрлерде көрсетілген.» Үндіеуропа халықтарында қасқырдың символдық мәні ер адамдар (қасқыр-адамдар) одағына немесе руына тән болған, оның рәсімдік негізі – жануардың терісін немесе бетпердесін киген уақытта қасқырға айналатын адам, яғни құбылғыш бейне. Бұл мифтер осы күнге дейін де сақталған, «Түркілердің» қасқыр мен ғұн шаньюден (немесе тоғыз жастағы ұл) пайда болғаны туралы сюжетті еске түсіруге болады.

Сонымен, аң стиліндегі бейнелерді таңдау, безендіретін жерлерді таңдау бастапқыдан-ақ ертедегі көшпенділердің әлеуметтік-психологиялық дүниетанымында болған белгілі бір рәсімдік-мифологиялық ұғым-түсініктердің салдарынан қалыптасқан деуге болады. Алтын Адам қанжарында да сақ этносының мифологиялық дүние танымы, діни наным сенімдері көрініс тапты. Бұл наным сенімдердің қалдықтарын қазақ халқын бүгінгі күнге дейін сақтап келеді. Яғни, қанжардың ғұрыптық-магиялық функциясы тек әскери ғана емес, көшпелі қоғам өмірінің барлық қырларын қамтитын түрлі салт-дәстүрлер, ырымдар тұндырды.

Әдебиеттер:

Акишев К.А., Акишев А.К. Происхождение и семантика Иссыкского головного убора // Археологические исследования в Казахстане. – Алматы, 1979. – С. 59-63

Акишев К.А. Курган «Иссык» (Предварительные итоги раскопок) // В глубь веков. – Алма-Ата, 1974. – 77 с.

Акишев К.А., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алматы, 1963.– 320 с.
Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару жарағының этнографиясы. – Алматы, 2006. – 216 б.

Артамонов М.И. Сокровища саков. – Москва. 1973. – 279 б.
Жұмбабекова Г.С., Базарбаева Ғ.А., Оңғар А. Есік. – Алматы, 2011. – 199 б.
Кузьмина Е.Е. Металлические изделия энеолита и бронзового века Средней Азии. – М.Л., 1966.– 147 с.
Кушкумбаев А.К. Военное дело казахов в XVII – X VIII веках. –Алматы, 2001. – 172 б.
Тереношкин А.И. Киммерийские мечи и кинжалы // Скифский мир. – Киев, 1975.
Ұлы дала мұрасы: Зергерлік өнер жауһарлары. – Т1. А.Оңғарұлының редакциясымен. – Астана: ҚР Ұлттық музейі. – 2018. – 252 б.

Е.С. Абдурахитов
Отырар, Қазақстан
erkoja_18.89@mail.ru

ТАРИХИ – МӘДЕНИ МҰРАМЫЗДЫ САҚТАУ, ПАЙДАЛАНУ МЕН НАСИХАТТАУДАҒЫ МУЗЕЙДІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ РӨЛІ

Әлемнің екінші ұстазы атанған әл-Фараби бабамыз «адамға бірінші білім емес, тәрбие берілуі қажет, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп айтқан ғақлиясы күн өткен сайын маңыздылығы артып отырғаны бәрімізге мәлім. Музей мақсаты мен міндетіне байланысты кез-келген мемлекеттің және оны мекендеген халықтардың рухани дамуында ерекше рөл атқаратын мәдени орын екені белгілі. Қоғам өзінің әр даму кезеңінде мұражай қызметіне жаңа талаптар қоя отырып, оның мәдени және тәрбиелік мүмкіндіктерін толығымен пайдалануға мүдделі. Ал, музейдің қоғам дамуына, оның мүшелерінің жан-жақты көзқарасының қалыптасуына қосатын үлесі олардың өзіне тән қызметі мен мүмкіндіктерін жан-жақты аша білуіне байланысты. Сондықтан, ұрпақтар сабақтастығында мәдени мұрамызды сақтау мен насихаттаудағы музейдің атқаратын рөлі ерекше деп айтар едім.

Танымдық тәрбиелік маңызы зор музейлер өткеннен ақпарат жеткізуші ғана емес, ақпаратты заттай деректер арқылы насихаттайтын, сол тарихи кезең жөнінде түсінік қалыптастыратын мәдени мекеме. Сондықтан, музейдің мәдени-ағарту және ғылыми мекемелер қатарында алатын орны ерекше. Музей көрерменімен жұмысын басқа ғылыми-ағарту мекемелері қызметімен тығыз байланысты. Бұл, оның ғылыми және көпшілікпен қызметінің түрлері мен әдістерін анықтауға көмектеседі. Музейдің қалыптасуы мен дамуы ағартушылық, тәрбиелік, ғылыми-зерттеушілік жинаушылық, қор жабдықтау, сақтау және қорғау жұмысын зерттей отырып, қоғам дамуының әр кезеңінде өзгеріп отыратынын байқаймыз. Музейдің мәдени – ағарту жұмысының түрлеріне экспозиция ұйымдастыру, әр түрлі бағыттағы экскурсиялар (шолу, тақырыптық, арнайы тапсырыстық, экскурсия-дәрістер, әңгімелесу, кеңестер) жылжымалы көрмелер жатады.

Музейдің әлеуметтік қызметі – музейдің негізгі бағыттарын жүзеге асыру жолында көп функционалды мекеме ретіндегі қызметі барысын қоғамның әр түрлі салаларында қолдану, енгізу. Музейтануда музей функциясының әлеуметтік негізін белгілейді:

1) мәдениет және табиғат мұраларын сақтау мақсатында табиғаттағы құбылыстар мен үрдістерді құжаттау қызметін жүзеге асыру; музей қызметкерлері оларды сақтау, құжаттау және зерттеу қызметтеріне бөледі;

2) білім беру және тәрбиелеу қызметі. ХХ ғасырдың соңында музей коммуникациясында адамның субъект ретіндегі рөлінің артуына байланысты музей зерттеушілері музейден тыс коммуникативті байланыс саласында әлеуметтік қызметті қолдана бастады (Қартаева, 2013, 55 б.).

Музей жалпы материалдық және рухани мәдениет ескерткіштерін жинастырып, зерттеп солардың жиынтығы негізінде алдына қойған міндеттерін жүзеге асырады. Онда сақталатын ескерткіштер белгілі бір ғылым саласында зерттеу жұмыстарын жүргізуге ал жүйелі әрі шебер орналастырылған күйде адамның ой-өрісі мен өмірлік көзқарасының, өткенге деген сый құрметінің қалыптасуына тигізер әсері сөзсіз. Сондықтан, музейлердің басқада мәдени-ағарту, тәрбиелік және ғылыми мекемелер қатарында алатын өзіндік орны ерекше.

Шығармашылық тарих пен бүгінгімізді жадымызға сақтап отыратын, жәдігерлердің иесі музейлердің өзіндік тарихы мен тағдыры бар. Бұл, киелі де қасиетті орын алғашқыда өнер туындыларын сақтайтын

қазыналық қор ретінде қалыптасып, уақыт өте келе әдістемелік қызметі жетілген көп салалы ғылыми зерттеу мекемесіне дейінгі дәрежеге көтерілді. Көне жәдігерлер қоймасы туралы көрнекті әдебиетші, ғалым Қ. Ергөбек «Түркістан жинағы» атты кітабында: «Музей – тарих, музей – шежіре. Музей – білім-ғылым. Сан-салалы өнер мен ғылым қоспасы – музей. Мәдениетті елдерде әрбір музейдің тарихы жазылып қатталады. Тіпті әрбір музейдің кезеңімен алмасып, жаңарып тұрар экспозициясының тарихы шежіреленеді» деген болатын. Жалпы, музей еліміздің кірер есігі, қара шаңырағы болса, сондай қара шаңырақ музейлердің бірі – Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі. Музей тек құндылықтар сақтайтын қойма немесе сол құндылықтарды көрсететін көрме ғана емес, ең алдымен, жоғарыда айтқанымыздай, ол – ұлттық ғылыми зерттеу мекемесі. Себебі, мұнда атқарылатын жұмыстардың көпшілігі ғылыми-зерттеу еңбектерінің түрлі көрністері. Ғылыми зерттеу және жинастыру жұмыстарының нәтижесінде жинақталған осы жәдігерлерді жүйелеу ұлт тарихының қымбат жәдігері ретінде көпшілік назарына ұсыну музей қызметкерлерінің міндеті.

Музейге келіп кетіп жатқан қонақтардың бірі білсе, бірі біле бермейтін жұмыстардың бірі – қор жұмысы. Музей қорының басты байлығы, құндылықтары – жәдігерлер болып табылады. Жәдігерсіз музей ашылмайды. Ұлт тарихын насихаттауда әсіресе, этнографиялық жәдігерлердің алатын орны ерекше. Этнографиялық жәдігерлер халқымыздың салт дәстүрлерінен, әдет ғұрыптарынан, тыныс тіршілігінен, мәдениетінен, мол мағлұмат береді.

Музейдің халыққа қызмет көрсету жұмысының басты әдісі болып отырған экспозиция өзінің ағартушылық және тәрбиелік міндеттерін музейлік бұйымдарды көрсету, оларға арнайы түсініктер беру арқылы жүзеге асырады. Музейдің көрме бөлмелеріндегі экспозициялар танысуға келген көрерменді көрсетіліп отырған бұйымдар жайында жан-жақты хабардар етуі қажет. Осыған орай, кез-келген экспозиция өзінің мазмұны мен мақсатына қарай мына талаптарды ескеруі керек:

1) Көрерменді белгілі бір оқиға жайында хабардар етіп және соның негізінде оның ішкі дүниесіне әсер бере алатын жекелеген музейлік бұйымдар көрсетуге;

2) Экспозициялар музей мамандарының терең ғылыми-зерттеу жұмыстары нәтижелері негізінде құрылуға;

3) Шынайы мұражайлық бұйымдардың мәнін жан-жақты көрсету және оны көрерменге түсінікті ету мақсатында қосымша ғылыми-көмекші құралдарды пайдалануға тиісті.

Музей экспозициялары мақсаты мен қажеттілігіне қарай үнемі және көрмелер ретінде уақытша да болады. Жас ұрпақты ерлік, елдік рухта тәрбиелейтін, көшпелі өркениеттің қайталанбас туындыларын қастерлеп, туған елінің ұлы тұлғаларының еңбегі мен ерлігін көрсетіп, насихаттай алатын, сол арқылы өз Отанын сүйуге деген құлшынысын арттыратын рухани орталықтар болуы керек.

Музей ісі қоғамдық іс-әрекеттің ғылым, білім беру, тәрбие, мәдениетке қатысы бар ерекше саласы болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан бері қарай республика көлеміндегі музейлер саны 17,3%-ға артуда. Музейлердің басым көпшілігі (89,8%) мемлекеттік, қалғандары жеке меншікте. Ауылдық жерде 70-тен астам музей (40,5%) шоғырланған. Сондықтан музейлердің бәсекелестікке қабілеттілігін артыру ісін дамыту мен жандандыру бүгінгі күн талаптарына сай ұйымдастырылуы қажет (Ибраева, 2010, 155 б.).

Қазақстандағы музей ісінің әрі қарай жүзеге асырылуына және еліміздің танымалдылығын қалыптастыруда, имидждік саясатты жүзеге асыруға үлесін қосушы мәдени институт ретінде жетілуіне негіз болып отырған келесі жоба, ол – Қазақстан Республикасының 2014 жылы қабылданған мәдени саясат тұжырымдамасы. Тұжырымдама бойынша «Қазақстан мұражайлары қазіргі форматқа сәйкес тарихи-мәдени мұраны кеңінен таныту мақсатында кітапхана, мұрағат, ғылыми мекемелердің өзара ынтымақтасып әрекеттесетін негізгі тірек орталығы болуы қажет».

XX ғ. соңғы жылдарынан бастап елдің тарихын қалыптастыруда, ұлттық және мәдени бірегейлікті қалыптастыруда, тарихи естеліктерді сақтауда мұражайдың алатын орны мен атқаратын қызметі туралы тарихшылар, әлеуметтанушылар және мәдениеттанушылар көптеген зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Музей – тарихқа, білімге, ғылыми ізденіске, әлеуметтік тәрбиеге, материалды және рухани мәдениетке, құндылықтарға толы орда. Ендеше, музей елдің, аймақтың, сол жерде өмір сүретін халықтың бет-бейнесі деп айтсақ, артық болмас. Сонымен, музей аймақтың танымалдылығын, яғни, имиджін қалыптастырушы

ретінде, ол – мәдени орталық болуы керек, мәдени мұраны сақтаушы және тасымалдаушы институт, аймақтың көркін келтіретін, туристерді өзіне тартатын «инициатор», мәдени бастамаларға арналған алаң және өмірлік стандарттың «эталоны» болуы тиіс» (Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы, 2014).

Қазақстандағы музей жұмысын дамыту барысында біріншіден, музей ісін түбегейлі қайта құру; екіншіден, музей қорларындағы жәдігерлерді сұрыптай отырып, мәселелік-хронологиялық тұжырымдарға негізделген жаңа экспозициялар құру; үшіншіден, жәдігерлерді жан-жақты зерттеу арқылы ақпараттық маңыздылығын арттыру; төртіншіден, экскурсоводтың қызметін жаңашаландыру, түрлендіру жолдарын қарастыру; бесіншіден, техникалық құрал-жабдықтарды, ақпараттық кеңістікті музей ісінде тиімді пайдалану арқылы көрермендерді музейге тарту; алтыншыдан, музейлердің тәрбиелік мақсаттарына сай музейлік педагогиканы дамыту; жетіншіден, музейлік бизнес, маркетинг және менеджмент мәселелеріне назар аударып, музей ісінде аталған жаңалықтарды енгізуге мүмкіндіктер беру тұстарына ерекше көңіл бөлінуі тиіс.

Тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау, зерттеуде қор коллекцияларын толықтыру ғылыми-зерттеушілік, археологиялық және этнографиялық экспедициялардың маңызы зор. Далалық экспедициялық жұмыстар арқылы ақпараттық құндылыққа ие болатын материалдар музей қорларына жинақталуда. Бірақ, қаржыландырудың жетіспеушілігінен жергілікті жерлерде музей қызметтері тиісті деңгейде жүргізілмей отыр. Мәселен, ғылыми экспедицияларды ұйымдастыруда, мәдени құндылықтарды зерттеу және насихаттауда, музейлердегі жәдігерлерді сақтау және есепке алуда, тарихи-мәдени және табиғи құндылыққа ие заттармен қорды жасақтауда, олардың тиісті дәрежеде сақталуында, жәдігерлерді жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын сапалы жүргізуде қиыншылықтар туындап отыр (Мерекеева, 2009, 88 б.).

Қазақстанда қазіргі кезеңде 200-дей музей жұмыс істейді. Бұл музейлер сипаттары бойынша әр түрлі бағытта және деңгейде деуге болады. Қорық музейлер белгілі бір территорияны қамти отырып, жұмыс істейді. Қазақстандағы бұл бағыттағы музейлер: Мемлекеттік «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорық мұражайы, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік қорық музейі, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейі, Жидебай-Бөрілі тарихи-мәдени және әдеби мемориалдық қорық музейі, «Ұлытау» мемлекеттік тарихи-өлкетану және табиғи қорық музейі, «Ордабасы» мемлекеттік тарихи-мәдени қорығы, «Таңбалы» мемлекеттік қорығы. Осы салада, ҚР Президенттік мәдениет орталығының музейі, ҚР Мемлекеттік орталық музейі, ҚР Археология музейі, Ықылас атындағы Республикалық музыка аспаптар музейі, мемориалдық тағы басқа да музейлер тарихи-мәдени ескерткіштерді насихаттау, білім беру, тәрбиелеу, ағарту саласында үлкен жұмыстар жүргізуде. Солардың ішінде облыстық маңызы бар музейлер әр облыс аумағында өлкенің тарихын, заттай мәдениет ескерткіштерін сақтау, қорғау, көрсету, насихаттау, жариялау жұмыстарын жүргізеді. 27 облыстық, 42 қалалық, 55 аудандық және мекемелік музейлер жұмыс істейді (Мұстапаева, 2011, 45 б.).

Музейлер әлем тәжірибесі көрсеткендей, мәдени-тарихи, құндылықтарды насихаттайтын демалыс орталығы ретінде келушілерге қызмет етеді. ҚР Үкіметінің «Халықаралық және Республикалық дәрежедегі ерекше қорғалатын табиғат объектілеріне жататын тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау және ұстау ережелері», «Археологиялық, тарихи, мәдениет ескерткіш-терін қалпына келтіру жұмыстарын лицензиялаудың кейбір мәселелері» туралы, т.б. қаулылар қабылданды. Қазақстан Республикасының 2006 жылы 15 желтоқсанда қабылдаған, 2007 ж. өзгертулер енгізілген «Мәдениет туралы» заңының «Мәдениет туралы» бөлігінің 25-бабы Музейлер мәселесіне арналды. Осы бабтың бірінші тарауында «Музейлер – музей экспонаттары және музей коллекцияларын сақтау, зерттеу және көпшілікке көрсететін, мәдени-ағарту, ғылыми-зерттеу қызметтерін жүргізетін және Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын насихаттауды қамтамасыз ететін мәдениет ұйымдары» деп көрсетілген. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейін отандық музей ісінің қалыптасуы мен дамуына үлес қосқан Р. Илиясова, Р. Қосмамбетова, Н. Әлімбаев, Б. Өмірбеков, Ұ. Ибрагимов, М. Жолдасбеков, Л. Ермоленко,

В. Зайцев сияқты белгілі ғалымдар мен музей ісі білгірлерінің есімдерін ерекше айта кетуге болады. Тәуелсіз Қазақстанда өзінің көрнекілігі, болмыс-бітімімен ерекшеленетін музейлер дүниеге келді.

Мәселен, Президенттік Мәдениет орталығы, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Музейі, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейлер, халқымыздың тұлғаларына арналған мемориалдық музейлер мен музей-үйлер, ашық аспан аясындағы музей қорықтар (Мұсаева, 2006, 646).

Музей – ұлттың ұлылығын ұлықтаушы, халқының баға жетпес материалдық, рухани байлығын жинақтаушы, әрі насихаттаушы, сол арқылы жас ұрпақ бойына отансүйгіштікті, патриоттық сезімді ұялатушы ғылыми, мәдени, білім ордасы болып табылады. Әлемдік музейлер қызметі мен құрылымы талаптарына сай жұмыстар жасап отырған Қазақстан музейлерінің болашақ ұрпақты тәрбиелеуде және білім беруде алатын орны ерекше екендігі айдан анық.

Әдебиеттер:

Қартаева Т.Е. Әлемдік музейлер кеңістігі. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 148 б.
Ирбаева А.Ф. Қазақстандағы музей ісі: қалыптасуы мен дамуының тарихи тәжірибесі. – Астана, 2010. – 308 б.

Қазақстан Республикасының мәдени саясат тұжырымдамасы. – Астана, 2014 жыл.

Мерекеева С.К. Музеи Казахстана. – Алматы. 2009.

Мұстапаева Д.О. Қазақстандағы музей ісінің тарихы Түркістан, 2011жыл

Мұсаева С.Т. Музей менеджменті және маркетингі.- Алматы, 2006 жыл

А.А. Жұмашова
Отырар, Қазақстан
otrar_muzey@mail.ru

ОТЫРАРДЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен қабылданған мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы қазақ халқының тарихи санасын өркендетуге үлкен серпін берді. Бағдарламаның мақсаты – рухани және білім салаларын дамыту, елдің мәдени мұрасын тиімді пайдалану мен сақтауды қамтамасыз ету. Онда археологиялық ескерткіштер мен тарихи маңызды жәдігерлерді қайта қалпына келтіру, мәдени мұраны, соның ішінде қазіргі ұлттық мәдениет, фольклор, дәстүрді зерттеудің тұтас жүйесін жасау, ұлттық әдебиет пен жазудың көп ғасырлық тәжірибесін жинақтау, көркем және ғылыми сериялар жасау, әлемдік ғылым, ой, мәдениет және әдебиет жетістіктері негізінде гуманитарлық білімнің құнды қорын мемлекеттік тілде жасау белгіленді (Кан, Шаяхметов, 2007, 250 б.).

Есте жоқ ескі заманнан жеткен мұраны бағалай білу, қастерлеу тектіліктің, кісіліктің, ізгіліктің көрінісі ғана емес халықтың басқалардан айырмашылығын ұққаны, өзін-өзі сыйлағаны. Мұнсыз бірде-бір ескерткіш бүгінгі күнге жетпес еді. (Әбжанов, 2010, 4 б.)

Көне тарих пен бүгінгімізді жадымызға сақтап отыратын сан салалы жәдігерлердің иесі музейлердің өзіндік тарихы мен тағдыры бар. Осындай, тарихи-мәдени құндылықтарымыздың киелі мекені Түркістан облысы, Отырар ауданындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің негізі қалануына жергілікті ұстаз, өлкетанушы Асантай Әлімов ерекше еңбек сіңірді. Отырар қорық-музейі археологиялық тарихи ескерткіштер орнын анықтайтын, зерттейтін, мәдени ағарту, ғылыми-зерттеу және ғылыми-экспедициялық жұмыстарымен айналысатын мәдени-көпшілік мекеме.

Музейдің негізі 1967 жылы 17 мамырда Темір бекетінде ашылған мектеп музейінен бастау алады. Тарихшы ұстаз Асантай Әлімов музей қорын жәдігерлермен толықтыру үшін ел аралап адамдардың қолында сақталған, диханшының кетпенінен, эксковатордың шөмішінен, тағы да басқа жер астындағы мәдени қабаттан шығып қалған археологиялық, этнографиялық мұраларымызды жинайды. Мектеп музейіне жинақталған жәдігерлер сиыспағандықтан А. Әлімов басшылардан аудан орталығынан музей үшін алты бөлмелі үй сұрап алады. Осылайша 1973 жылы қорында 600-ден астам жәдігері бар аудандық қоғамдық негіздегі халықтық музей өмірге келді.

Бұдан кейін де музей жұмысы қызу жүргізіліп, жәдігерлер саны 1500-ге жетеді. Тұрақты қызметкерлері бар мемлекеттік музей ашу мақсатында Асантай Әлімов мәдениет министрлігіне ұсыныс айтып, көмек сұрайды. Ақырында 1975 жылы күзде Мәскеу мен Алматыда Әбу Нәсір Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесі тойлануымен қатар Асантай Әлімовтің көкейіндегі арманы жүзеге асып, 1975 жылы 8 қыркүйекте Шәуілдір селосында Шымкент облысындағы ең ірі Отырар өлкетану музейін ашу туралы шешім қабылданды.

Оған 3 адамнан тұратын штат бөлініп, нәтижесінде 1976 жылы аудандық мемлекеттік тарихи өлкетану музейі болып ашылады. Қазіргі үш қабатты музей ғимаратының іргетасы 1979 жылдың 9 қаңырында қаланды. Міне, содан бастап мәдени ағарту және Қазақстанда алғашқы археологиялық тарихи ескерткіштерді қорғау мекемесі ретінде жұмыс істеп келеді. Қаз ССР Министрлер Кеңесінің 1979 жылы 11 мамырдағы шешімімен ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және археологиялық ескерткіштерді қорғау мекемесі ретінде құрылды.

Жаңа музейлер ұйымдастырып, мамандар даярлауда, Республикалық музейлер, өлкетану музейлерінің жұмысын жан-жақты дамытуда қоғам, мемлекет қайраткері, этнограф Ө. Жәнібековтың еңбегі зор еді, ол кісінің бастамасымен Қазақстан қалаларында әр саланы қамтыған көптеген музейлер ірге көтерді. Көзі тірісінде халқының құрметіне бөленген Ө. Жәнібеков қазақ халқының қолөнерін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын насихаттайтын сөзі мен ісі бір жерден шығатын нағыз мәдениет жанашыры еді. Қоғам және мемлекет қайраткері Ө. Жәнібеков еліміздегі музей ісінің білгірі әрі ұйымдастырушысы, рухы мықты ұлтшыл жан еді. Қазақ халқының қолөнері туралы бірнеше еңбектер жазып, халқымыздың көне музыкалық аспаптарын да зерттеген еді. Экспозиция жасаудың ғажап үлгісін көрсетті. Жоғымызды түгендеп, жәдігерлер жинақтады, музейлер жасақтады. Ө. Жәнібеков этнографиялық бірнеше еңбектер жазды. «Жолайрықта», «Уақыт керуені», «Ежелгі Отырар», «Эхо», деген еңбектерінде қазақтың тарихы мен мәдениетіне, дәстүрі мен өнеріне, жылжымалы, тұрақты мекен-жайына байланысты жазылған. Тірнектеп жинаған інжу маржан еңбектерінде этнографиялық тұрғыда сипатталып, тұрғын үйлердің ішкі жасауларына да мән берген. Егеменді еліміздің болашағы үшін аянбай тер төкті.

Отырар өңірінің мәдени мұрасын зерттеуде Отырар қорық-музей қызметкерлері өзіндік үлестерін қосып келеді. Әр жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарынан, этнографиялық экспедицияларынан табылған көне жәдігерлер көрермендердің қуанышына айналып келеді.

Зерттеу нысанына ХІХ ғ. екінші жартысы ХХ ғ. бас кезіндегі Отырар өңірінің мәдениеті мен тұрмысын көрсететін жәдігерлерді негізге алып отырмын. Қазақ халқының материалдық, рухани мәдениеті аса күрделі ғылыми зерттеулер болып табылады. Осыған байланысты қазақ халқының бір аймақтағы сан ғасырлық тарихы, тұрмысы, дәстүрлі шаруашылығы, материалдық мәдениеті, киім-кешектері, рухани мәдениеті маңызды мәселе болып табылады. Зерттеу негізінде экспедициялар нәтижелері жазылып, музейлік жәдігерлер зерттеледі. Отырар қорық-музейіндегі жәдігерлердің басым бөлігі қолөнердің биік туындылары болып саналатын археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған саздан, сүйектен, тастан, шыныдан, металдан жасалған заттар және этнографиялық мұраларға жататын үй бұйымдары, шаруашылық құрал-саймандары, киім-кешек, ағаштан, жүннен, маталдан жасалған және т.б. бұйымдар. Мақаламызда Отырар қорық-музейі қорындағы жинақталған ХІХ-ХХ ғғ. тән кейбір жәдігерлерге тоқталып, этнографиялық экспедиция барысында анықталған қолөнер шеберлерін атап көрсеткіміз келді. Ел іші өнер кеніші демекші қазіргі кезге дейін Түркістан, Қызылорда облыстарының бірнеше елді мекен-



дерінде этнографиялық экспедициялар ұйымдастырып, нәтижесін баспасөз беттерінде жариялап келдік.

Отырар қорық-музейі қорындағы қолөнердің зергерлік түріне тоқталатын болсақ, белгілі өнер иелерінің тұтынған, ел ішінен табылған көптеген зергерлік бұйымдары сақтаулы. Олар ХІХ-ХХ ғғ. тән халық қолданбалы өнерінің зергерлік бұйымдар – білезік, сақина, шекелік, сырға, шолпы, шашбау, бойтұмар, тана, жүзік, алқа және т.б.

Бүгінгі таңда, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музей қорында зергерлердің

құрал-саймандары: көрік, төс, балға, күмістің бетіне шеңбер сызатын екі ашпалы аспап, метал бұйымдардың бетіне бедер салуға қолданылатын әр түрлі пішіндегі аспаптар, шымшуыр, сондай-ақ, зергер пеші, түсті металды қорытатын саздан жасалған ыдыстар сақтаулы.

Зергерлік бұйымдардың бір парасына тоқталатын болсақ, мысалы, әшекей бұйымдардың бірі бойтұмарлар, олар ХІХ-ХХ ғғ. тән. Олардың өрнектері геометриялық үлгіде және сызықша тәрізді болып келген. Бойтұмарларды әшекей ретінде де бәле-жаладан ауру-сырқаулардан, көз тиюден сақтайды деген түсінік бойынша да таққан. Осындай бойтұмарлардың музей қорында бірнеше үлгісі сақтаулы. Соның бірі, қалыптама, оймыш, тыніке тәсілдері арқылы жасалған бойтұмар (КП 575). Өлшемі: ұзындығы 12 см, ені 6 см, құрамы – күміс, түтік тәрізді негізгі бөліктен және үшбұрышты түріндегі 13 дана салпыншақтардан тұрады. Ұштары сопақ пішінде және тұмардың жоғарғы бөлігінде орта көлемде екі ілмек бар және ұштарына ілінген қысқа шынжыр баулармен дәнекерленген. Салпыншақтардың үсті дөңес, асты қуыс.

Келесі зергерлік бұйым – түймені әр түрлі тастан қырнап, өңдеп жиегін таза күміспен көмкеріп жасаған. Отырар музейінің қорындағы күмістен жасалған түймелердің өрнектері өсімдік тәрізді, геометриялық үлгіде болып келген. Оларды көркемдеуге бедерлеме, қалыптама, оймыш тәсілдері пайдаланылған. Оны ертеректе қыз-келіншектер, апалар сән үшін де әшекей ретінде де таққан. Түймені – тана деп те атаған. Отырар қорық-музейі қорындағы мына бір тананы 2008 жылы Түркістан облысы, Отырар ауданы, Аққұм елді мекенінің қолөнер шебері Несібелі Әбдіхалықова өткізген (КП 8991), тананың өлшемі: диаметрі 6,5х6,5 см. Түрлі-түсті сықпа бояу жағылып, оймыш арқылы жасалған, құрамы күміс. Тана дегеніміз омырауға, бас киімге сән үшін қадайтын үлкен дөңгелек түйме. Негізгі бөлігі дөңгелек пішінді, бетіне өсімдік ою-өрнегі түсірілген. Ішкі жағына төрт ілмек дәнекерленген.

Күмістен жасалған заттардың бірі әйелдердің білегене салатын әшекей бұйым білезіктің жылан бас білезік, зерлі білезік, жіңішке білезік, топсалы білезік, қақпа білезік т.б. бірнеше түрі Отырар қорық-музейі қорында сақтаулы. Мысалы, жыланбас білезік – жылан басты оюмен өрнектеліп, білезіктің екі ұшы жыланнның басы тәріздес болып келген, ал жіңішке білезік дегеніміз күмістен енін шағын етіп жасаған білезікті айтады. Қақпақ білезік екі ұшы бір-бірімен қабысатын білезік. Топсалы білезік дегеніміз екі басы бірігетін бауыры топса арқылы ашылып жабылатын топсасы бар білезік. Олар бедерлеме, қалыптама, қара ала, тыніке әдістерінде жасалған. Білезіктерге қондырылған көздерге келетін болсақ, мына бір білезік ерекше көз тартады, тілім жалпақ, тісті ұштары қосылмаған және бүйірлік таспадан тұрады. Бет жағының ортасы шығыңқы қаспен көмкерілген, ақық тастан көздер орнатылған, олардың арасында бүршік үшбұрыштар түріндегі геометриялық өрнектер түсірілген. Осы тәрізді бірнеше білезікке ақық тас орнатылған. Отырар қорық-музейі қорындағы білезіктердің көпшілігі 19-20 ғғ. тән. Мысалы, білезік ерте дүниеден бір ұрпақтан бір ұрпаққа ауысып әр дәуірде түрлі сипат алып, күні бүгінге дейін жетіп отыр. Бұрынғы уақытта білезікті кездейсоқ бәлекеттен, тілден, көзден және бақытсыздықтан сақтайтын құдірет деп санаған.

Отырар өңірінде жүргізілген этнографиялық экспедиция жұмыстары барысында табылған білезіктің мына бір түрі ерекше көз тартады (КП 6963). Өлшемі: диаметрі 7х5 см, ені 5,8 см, бедерлеу, қаралау, дәнекерлеу тәсілдері арқылы жасалған. Тілімі жалпақ, екі басы біріккен бауыры топса арқылы ашылып жабы-

лады. Орта тұсы өсімдік тәрізді ою-өрнектермен, екі жағына құс ізі ою-өрнегі түсірілген. Ақық тастан орнатылған көздері бар, құрамы күміс. Музей қорына Отырар өңірінің тұрғыны Икрамова Бақтыгүл тапсырған. Қыз-келіншектердің құлаққа тағатын әшекей бұйымдарының бірі сырғаның да бірнеше атаулары бар. Отырар музейі қорындағы күмістен жасалған ел арасынан табылған 19-20 ғғ. тән сырғалардың пішіндері әр түрлі болып келеді. Олар қалыптама, оймыш, ширатпа, бедерлеме әдісінде жасалатын көркемдік әшекейі ерекше жарты ай бейнелі ою-өрнегі бар ай сырғалар, көлденең ұзын, әшекейлері мол болып жасалған – сабақты сырғалар, салпыншақ, шашақты сырғалар, ромб түріндегі, геометриялық өрнектері бар сырғалар. Ақық, маржаннан көз қондырылған сырғалар көп кездеседі. Келесі зергерлік бұйым – қалыптама, бедерлеме тәсілдері арқылы жасалған салпыншақ сырға. Оның өлшемі: ұзындығы 10 см, ені 3 см. Негізгі бөлігі ай тәрізді өсімдік өрнегімен әшекейленген. Ал, төменгі бөлігі ширатылған сыммен бекітілген 20 дана салпыншақтардан тұрады. 1968 жылы Отырар ауданының тұрғыны Байкөнтанов Ақан тапсырған.



Сонымен қатар, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорында үсті құс тұмсығындай сүйір болып келетін құс тұмсық жүзіктер, бетіндегі тасы үлкен шыны қондырылған қасты жүзіктер, кішкене асыл тасы бар көзді жүзік, құдағи жүзік, геометриялық өсімдік тәрізді өрнектері бар жүзіктер, мөрлі жүзік сақтаулы тұр. Отырар музейі қорындағы жүзіктер бетіне қызғыш шыны көздер орнатылғаны көп кездеседі. Қазақстанның оңтүстігінде маржан көздер орнатылғаны көп кездеседі.

Халық таланттары қалдырған 18-20 ғғ. тән зергерлік бұйымдарға қарасақ олардың безендірілуінде ежелгі және ортағасырлық кезеңдердегі зергерлік бұйымдармен ұқсас жақтары бар екені анықталады.

Сондай-ақ, Отырар алқабында ғұмыр кешкен ұста зергерлер Керімбай Жұматайұлы, Домбыұлы Қалдаяқ, Нұрымбетұлы Сыздық, Сыздықұлы Надайымбек, Тегісов Арынның ұсталық өнерін ерекше атауға тұрарлықтай.

Халқымыздың тоқыма өнеріне келетін болсақ, жүн түтіп, киіз басып, жіп иіріп, кілем, алаша, шекпен, ши тоқумен әйелдер айналысқан. Қолөнер бұйымдары 19-20 ғғ. тән кілем, сырмақ, текемет, тұс киіз, алаша бетіндегі ою-өрнектер қазақ халқының әдет ғұрпымен, тұрмыс-салтын, кәсібін табиғат көріністерімен астастыра бейнелейді.

Тоқыма өнерінің тарихы тым тереңде жатқанымен олар тез бұзылатындықтан бізге құптарлық дәрежеде жетпеген. XI-XVI ғғ. зерттеушілері жүннен жасалған бұйымдардың Қазақстанның ортағасырлық қалаларында кең пайдаланылғаны туралы және Сырдария өзенінің бойындағы қалаларда түйе жүнінен киім тоқыған – ол сауданың көзі болған деп жазады.

Қолөнеріміздің озық үлгілерін қаймағын бұзбай қазірге дейін жеткізіп, өнерін кейінгі ұрпаққа өнеге етіп үйретіп отыраған, он саусағынан өнері тамған сырмақ сыру, кілем, алаша тоқу, текемет басу өнерін жалғастырушы ісмер, шебер, апаларымыз ел арасында қазір де баршылық. Атап айтатын болсақ, Түркістан облысы, Отырар ауданында Әбдіхалықова Несібелі, Бейсенова Тұмаркүл, Әлімқұлова Сәрсенкүл, Қаратаева Қалдықыз, Серікбаева Тұрғанкүл, Рахматуллаева Ақұлтай, Тағаева Жібек, Қаратаева Қалдықыз, Бөрібекова Таңсұлу, Көпесова Шолпан, Жүсіпбек Шолпан, Алимқұл Сәрсенкүл, Арыстанбаева Күлтай. Экспедиция барысында қолөнершілердің өздері тоқыған қазақ халқының ұлттық үлгісіндегі сырмақ, түкті кілем, кілем қоржын, ақ басқұр, аяқ қап, текемет, терме алаша, қақпа алаша т.б. туындыларына қарап шеберлердің қиялына таң қалдық, бояулары бір-біріне үйлесімді, оюлары жатық болып келген, көз тартар сәнділігімен, үздік орындау шеберлігімен ерекше көзге түседі.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында да жүннен жасалған бұйымдар табылған. Олар, Алтай тауы, Башадар қорғанынан үлкен Ұлағат өзені бойына осыдан 26 ғасыр бұрын қойылған Пазырық қорғанынан киіз, текемет, кілем, кіші кілемшелер. Алтай өңірінің халқының тұрғын жайы қазақ халқы-

ның тұрғын жайына ұйқас болып келеді деп археолог С.И. Руденко жазған (Маргулан, 1986, 256 б.).

Қазақ халқының қолөнерінің даму биігіне көтерілген кезеңі 19 ғ. екінші жартысы мен 20 ғ. басы. Кілем тоқу өнеріне келер болсақ, оны тоқуда қойдың түйенің жүндері ешкінің қылы, өріс және арқау үшін мақта жіпті пайдаланады. Кілемді алтын, күміс бұйымдармен бірге байлықтың, баршылықтың белгісі деп санаған. Шатыргүл кілем тоқу технологиясы жағынан шигүл, шешенгүл, пәтінісгүл, самаурингүл, кілемдеріне ұқсас, салынатын түрлері құрамалы болып келеді. Шатыргүл өрнегі Отырар аймағында кеңінен тоқылған. Ал, Түркістан өңірінде бұл кілем түрі аздап дамыған. Отырар қорық-музейі қорындағы жүннен жасалған бұйымдардың бірнеше түрі сақтаулы, атап айтатын болсақ, кілем, алаша, қоржын, сырмақ, текемет, тұс киіз және т.б. Осы жәдігерлердің кейбіріне қысқаша тоқталып өтпекпіз. Түркістан облысы, Отырар ауданы, Аққұм елді мекенінің қолөнер шебері Несібелі Әбдіхалықованың Отырар қорық-музейі қорына өткізген тұс киізі мен төсек киізін ерекше атауға болады. Қабырғаға ілетін тұс киізді ақ киізден сырып, бетіне екі түсті қызыл, қара түсті шибарқыт матадан қошқар мүйіз, өкше мүйіз ою-өрнектер түсірілген (КП 9370). Өлшемі: ұзындығы 3,18 м, ені 1,78 м. Келесі жүннен жасалған бұйым – төсек киіз деп аталады (КП 9371). Өлшемі: ұзындығы 2,27 м, ені 1,12 м. Ал, төсек киіз дегеніміз төсек ағашқа салуға арнап тіккен жүннен жасалған бұйым. Ақ киіздің бетіне қызыл шибарқыт матадан өкше мүйіз ою-өрнегі ойылып салынып, айналасын жасыл жіппен көктеп тіккен.



Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде ағаштан жасалған заттар кең қолданылады. Ағашты ата-бабаларымыз киелі санаған. Қазақ халқының кемеңгер ғалымы Ш.Ш. Уалиханов «Тәңірі» атты еңбегінде біздің ата-бабаларымыздың әдеттен тыс табиғат құбылыстары қасиетті санайтындығын айта келе «Айдалада дара өскен ағаш, тәу етіп басына түнеуге жарап жатыр жанынан өткен әрбір жолаушы оларға ырым етіп, әлем байлап жанына ыдыс-аяқ тастап кетеді, басына құрбандық шалады», деп жазса әрбір істің ерекшелігіне қарай әр түрлі сападағы ағаштар пайланылады (Бәйділдін, 2009, 92 б.).

Ағаштан жасалған бұйымдардың музей қорында бірнеше үлгісі сақтаулы, атап айтатын болсақ, кебеже, сандық, асадал, музыкалық аспаптар, жүк аяқ, адалбақан, табақ, ожау және т.б. Ағаштан жасалған бұйымдардың кең таралған түрлері кебежелердің кескіні мен жасалу тәсілі барлық жерде бірдей әдіспен төрт қабырғасы, түбірі мен қақпағы, төрт қырлы төрт қазық арқылы біріктіріліп жасалғанымен, кейбір аймақта қазықтар арқылы доғаланып, тік бұрышты болып иілген кәсек тәрізді жақтаулы әдіспен құрастырылып, екі көзді көші қонға лайықталып төрт құлақты үлгіде жасалынған. Музейге әкелінген жәдігерлер арасындағы еріксіз өзіне назарын аударатын заттардың бірі төсек ағаш. Үй жиһазының келесі түрі 19-20 ғғ. тән қазақ халқының арасында кең тараған ағаштан жасалған төсек ағаш. Көркемдік ерекшеліктеріне қарай сырлы төсек, оюлы төсек, сүйектелген төсек, күмістелген төсек, ағаш төсек деп аталады. Төсек ағаштың барлық түріне ортақ ерекшелік олардың бет жағы ғана көркемделген. Отырар музейі қорындағы мына бір төсек ағаш оймыш тәсілі арқылы жасалған. КП 1201, төсек ағаштың өлшемі: биіктігі 1,20 м, ұзындығы 1,90 м. Екі басын трапеция түрінде ойып жасап, төрт аяғы қысқа, жуан ағаштан бунақталып жасалған. Алдыңғы бет бөлігіне суырмаға ұқсас төрт бұрышталған бөліктер жасалған. Төсек ағаштың бунақталған бөліктері қызыл, жасыл, көк, сұр түсті бояулармен боялған. Төсек ағаш үш бөлік ағаштан, екі басы мен ортасын қосатын жалпақ тақтайдан, екі арасын қосатын екі ұзын шабақтан тұрады. Төсек ағашты Отырар музейіне тапсырған Созақ ауданы, Қаратаулық Пірімбетов Асылхан.

Келесі ағаштан жасалған бұйым – асадал (КП 1881), асадалдың өлшемі: биіктігі 1,90 м, ені 0,54 см. Оның екі ашпалы есігінің ортасына күн сәулесі өрнегі түсірілсе, айналдыра төрт бұрышына да майда күн сәулесі өрнегі түсірілген. Ағаштан жасалған бұйымдарды көркемдеуде көбінесе геометриялық өрнек, өсімдік тектес, мүйіз өрнектері, ашылып келе жатқан қауыз, гүл, үш жапырақ тәрізді өрнектер түсірілген. Асадалды Отырар музейі қорына ОҚО, Түркістан ауданы, Құшата елді мекенінің тұрғыны Нұрманбетов Сапарбек тапсырған.

Келесі – адалбақан (КП 2063), адалбақанның өлшемі: ұзындығы 2,43 м, ені 0,12 см. Халық өнері дәстүрінде адалбақандар өте мықты, жеңіл ағаштан жасалады. Оны киіз үй босағасына бекітіп қойған және көшіп қонғанға ыңғайлы болған. Отырар мұражайы қорындағы адалбақанның бойы түгел өрнектелген. Төменнен жоғары қарай өрлеген сайын буындары сүйірлене келіп, бітер ұшына шалқалай туған ай суреті ақ күмістен құйылып қондырылған. Адалбақанды ілгіш орнына пайдалануға қолайлы. Бақан бойын бес жерден белбеулеген доғалар беті безендірілген. Адалбақанды ОҚО, Алғабас ауданы, Қапшағай ауылының тұрғыны Маменов Әлімхан тапсырған.

Сондай-ақ, халық шеберлері ағаштан ойып әр түрлі ыдыстар да дайындайтын болған. Астау, тостаған, табақ, ожаулардың алуан түрін жасаған – бүйрек формалы қымыз ожаулар әр түрлі оюлармен безендірілген ұзын сапты ожаулар.

Ұлт қолөнерін сақтап қазіргі заманға дейін алып келуші шеберлер болған. Олар, Отырар алқабында ғұмыр кешкен ағаш ұсталары Сыздықұлы Надайымбек, Илияс Алшынбаев, Мұсабеков Садуақас Абыт Раушанов, қазіргі таңда ел ішінде қадірлі ұста атанып жүрген ағаш ұстасы Шәрібек Құрақбаев. Қолөнер шеберлерінің қадірлі өнері бүгінгі жас ұрпаққа үлгілі дәстүр болып жалғасып келеді. Ағаш шеберлері еңбек қару-жарақ құралдарынан бастап, үй жиһаздары мен ыдыс-аяқтарды, музыкалық аспаптарды, киіз үйдің ағашын т.б. бұйымдарды жасап көркемдеген.

Сүйек пен мүйіз ұқсату ісіне тоқталатын болсақ, қазақ халқының қолөнерінде бұл өнер өте ерте замандардан келе жатқан ісмерлік түрі. Бұйымды әсемдеуге, жасауға көбіне, жастай жиналып, көлеңкеде сақталған жылқы мен түйе сүйектері, серке, арқар, ақбөкен және таутеке мүйіздері мен тұяқтарын пайдаланған. Сүйектен жасалған түрлі әшекейлерді ағаш бұйым бетіне ойып түсіріп, шеге арқылы ұстады. Сүйек пен мүйізден әшекейленетін, жасалатын зат тіпті көп. Олардың бір парасы мынау: киіз үй, кебеже, төсек ағаш, сандық, адалбақан, піспек басы, ожау, қасық, ер, қобыз, домбыра, пышақ, ұстара сабы, кескі сабы, кергі, қылыш, қанжар, шақша, тарақ, қамшының сабы, шиті мылтықтың сирақтары, үзеңгі және т.б.

Сүйек пен мүйіз ұқсату өнері Отырар өңірінде ертеден-ақ, дәстүрлі қолөнерге айналғаны археологиялық қазба жұмыстары барысында табылған сүйектен жасалған оюлы пышақ, түйме, қапсырма, ұршықбас, моншақ және т.б. өңделген сүйек бұйымдары арқылы белгілі.

Музей қорында тарихшы Асантай Әлімов тапқан сүйектелген кебелердің төрт түрі бар, олар XX ғ тән. Тоқталып өтетін болсақ, кебененің мына бір түрі алты жерден ромб тәрізді геометриялық фигуралар жонылып және ирек өрнектері сүйектен ойылған, әрбір сүйек әшекейлердің беттеріне ортасында ноқаты бар шағын шеңберлер сызылған, оның айнала шеттеріне ирек су өрнектерін сүйектен ойып жасаған, оюлар кебеже бетіне күміс шегелермен шегеленген (КП 367). Өлшемі: ұзындығы 0,47 см, ені 0,74 см.

Қорытынды. Мақалада қазақ халқының қолөнер технологиясының барлық тәсілін келер ұрпаққа аманаттаған қолөнер шеберлері туралы мәліметтер айтылып, Отырар қорық-музейі қызметкерлерінің ұзақ жылдар бойы Қаратау, Сыр бойы, Отырар алқабынан жинаған этнографиялық материалдары мұрағаттық негізде жазылды. Рухани мәдениетіміздің жанашырлары, қолөнер шеберлері өткізген бұл мұралар этнографиялық құндылықтар ретінде маңызды. Аталған түп-деректер ата-бабаларымыздың әлеуметтік өмірі, тұрмысы, заманы туралы мағлұмат береді.

Музей заттық және рухани мәдениетімізді, тарихи мұраларды жинақтап, көздің қарашығындай сақтап, зерттеу арқылы халыққа насихаттау жұмыстарын жасайтын орталық. Осындай орталықтардың бірі ретін-



де ҚР Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Отырар – қазақ өркениетінің алтын діңгегі» деп атаған, ұлылар отаны Отырар жерінде орналасқан Қазақстандағы саусақпен санарлық қорық-музейлер қатарындағы Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейін айта аламыз.

Әдебиеттер:

- Акишев К. А., Байпаков К. М., Ерзакович Л. Б., Отрар в XIII-XV веках. Алма-Ата, 1987. с.253.
 Әбжанов Х. Мәдениет, Мәдени мұра, тәуелсіздік. Мәдени мұра журналы 2010. 4 б. 98 б.
 Бәйділдін Ш. Оюмен өрнектелген ой. Мәдени мұра журналы. 2009. 3. 85-92 бб.
 Кан Г.В., Шаяхметов Н.У. Қазақстан тарихы. Алматыкітап. 2007. 250 б.
 Маргулан А.Х. Казахское народное прикладное искусство. Алма-Ата, 1986. с. 256

Ж.Н. Кожухан
 г. Алматы, Казахстан
zhansayushka@gmail.com

ХОРЕОГРАФИЧЕСКАЯ КОМПОЗИЦИЯ С ДОМБРОЙ

Видному исследователю дореволюционного Казахстана, русскому другу и соратнику Ч.Ч. Валиханова, путешественнику и ученому Г.Н. Потанину казалось, что вся казахская степь поет. При этом исследователь отмечает, что народ не просто любит петь, а старается петь «с отделкой, артистично». Путешественнику, верно отметившему особенности эстетического мировосприятия казахов, в наблюдательности не откажешь. Народ любит петь. Поет по любому поводу. Часто так, и без особого повода. По крайней мере, так было. Но редко – без домбры. Домбра в руках акына превращается в универсальный инструмент, она воспроизводит все многоголосие мира.

Поэтому домбру песенная традиция «сал-серэ» по достоинству нарекает «поющей подругой». Вот почему из всего арсенала национальных инструментов предпочтение народ отдает в основном двухструнному чуду (Жәкішева, 2012, с. 136).

До сих пор считалось почти окончательно доказанным, что, по крайней мере, в среднеазиатском регионе двухструнным щипковым инструментом типа лютни, как принято писать в специальной литературе, пользовались на рубеже нашего летоисчисления.

Такое утверждение историков-инструментоведов рассматривалось материально обоснованным. Терракотная скульптурная фигурка мужчины с домброй, найденная при раскопках Кой-Крылган кала в Приаралье, относится к III веку до н.э. Этот инструмент по своим внешним параметрам похож на центрально-казахстанскую разновидность домбры, прозванную в народе «тумар домбра» (Садоков, 1971, с. 54).

А вот встреча группы ученых Республиканского музея казахских народных инструментов (ныне – Музей народных музыкальных инструментов им. Ыхласа) с изображением двухструнной домбры среди памятников каменного века и эпохи бронзы заставляет искать корни этого инструмента в культурных пластах древнейших цивилизаций.

В 100 км от Алматы, примерно 35 км от села Кара-Кастек (если идти по горным хребтам Алатау) расположены высокогорные пастбища Джамбульского района Алматинской области. Здесь издревле кочевые племена пасли скот. Между двумя истоками рек Кара-Кастек и Узун-Агач, на отрогах Майтобе (высота 2800-3500 м.) севернее гуннских захоронений находятся скальные выступы почти все покрытые петроглифами. Экспедицию, которая была организована Музеем народных музыкальных инструментов в 1989 году, заинтересовал в основном один из них.

На монолите, который находился у подножия горы, приблизительно в 100 метрах от вершины на южном склоне видны изображения домбры в окружении четырех людей. Расположение рук и ног говорит о каком-то ритуальном танце, видимо, связанным с почитанием домбре. Изображение выбито на гладкой поверхности камня размером 30x40 см левая, нижняя сторона, которой представляет шероховатую

поверхность, а на верхней крайней – изображение человека с каким-то, ударным или шумовым инструментом.

Изображение найдено краеведом-этнографом Джагдой Бабалыковым и его внуком-школьником Дарханом Бабалыковым на горе Май-тобе.

Интересна в этом отношении взаимосвязь: обширные пастбища, гуннские захоронения и изображения музыкального инструмента, приспособленному к передвижному характеру жизни кочевника.

Вокруг камня имеются множество древних петроглифов, с изображениями ныне исчезнувших животных: сибирских козерогов, первобытных туров и других видов фауны древнего Казахстана. Судя по всем археологическим материалам, включая графические особенности петроглифа, изображение щипкового музыкального инструмента с пляшущими образами людей можно отнести к эпохе искусства – неолитических охотничьих и пастушеских племен Казахстана.

Сквозь пелену тысячелетий, через патицу скалистых гор на нас глядят фигуры хореографического квартета, пляшущего вокруг двухструнного инструмента, который ничем не отличается от казахской домбры.

Древний художник посчитал общественно необходимым взойти на вершину высоких гор и зафиксировать на поверхности камня на память потомкам ритуал почитания музыкального инструмента.

По этнографическим данным, многие народы мира музыке и музыкальным инструментам приписывали сакральные, сверхъестественные качества. Художнику с помощью всего лишь примитивного каменного зубила из твердой горной породы удалось передать пластику телодвижения танцующих, вероятно, также музыкантов, впавших в экзальтацию. Таким образом, небольшой плитняк, служивший своеобразным полотном для древнего художника помогает по новому переосмыслить историческую судьбу развития музыкального инструментария народов не только Средней Азии и Казахстана. Дело в том, что домбра является архетипом, так сказать, праотцом щипкового инструментария многих народов мира (Ақатаев С., 1988).

Вряд ли, можно отнести к простому совпадению тот факт, что уроженцы этих мест – великий Джамбул, его знаменитый наставник Суюнбай, его непревзойденные ученики Умбеталы Карибаев и Кенен Азербайбаев творили свои песни под звуки двухструнок. Выходит двухструнка – домбра имеет глубокие корни.

И все-таки сколько же лет домбре? Судя по другим рисункам, находящимся рядом, где изображены в различных позах давно исчезнувшие здесь виды животных, такие, как первобытный тур, дикий верблюд, композиции с доброй можно дать возраст, насчитывающий несколько десятков тысячелетий. Так, испанская палеолитическая пещерная живопись, изображающая первобытных туров, относится к палеолиту. Рисунок не так уж примитивен. Техника росписи на камне еще в древности была отработана довольно высоко. В свое время рисунок датирован доктором исторических наук, заслуженным деятелем науки Казахской ССР К.А. Акишевым эпохой позднего неолита – ранней бронзы (Архив МНМИ, 1989).

На гладкой поверхности крупного валуна нанесены антропоморфные фигуры, изображение предмета, напоминающего музыкальный инструмент и над всей группой – изображение тау-теке в традиционной трактовке. Техника исполнения – сплошная выбивка, изображения схематичны и стилизованы, покрыты интенсивной патиной.



На основании стилизации образов, техники исполнения, вероятной датой происхождения гравиур является поздний неолит – ранняя бронза, то есть III-II тысячелетие до н.э., дата не может быть позднее эпохи бронзы.

По этим же причинам – трактовка образов, характерная поза «пляшущих людей», можно определить, что писаница содержит смысловую нагрузку и может быть интерпретирована как сцена исполнения ритуального или обрядового танца.

Предмет, находящийся внизу, может быть трактован как изображение музыкального струнного инструмента типа казахской домбры.

Основываясь на вышеуказанные материалы, музеем народных музыкальных инструментов было принято решение о приобретении камня с изображениями в фонд музея.

14 июля 1989 года сотрудники музея – младший научный сотрудник А.М. Акимжанов, старший инженер М. Маутанов, мастер-реставратор Н. Адамкулов, шофер Ж. Умбеталиев прибыли в высокогорное урочище Май-тобе, Джамбульского района, Алматинской области.

Камень с изображением был отколот вручную 17 июля того года с применением подручных технических средств, заготовленных заранее и был доставлен в музей 18 июля.

Известные очаги петроглифов каменного века Европы, Кавказа, Средней и Центральной Азии поражают масштабностью замысла, разнообразием приемов росписи, цельностью сюжетных мотивов, несмотря на ограниченность художественных средств, и мировоззренческих идеалов. Рисунок на камне, найденном в Май-тобе – типичный представитель того периода. находка ученых музея касается не только судьбы домбры. Он материальный свидетель существования в синхронное время индивидуального исполнительства и относительно развитой музыкальной культуры древнейших охотничьих и пастушьих племен этого региона Средней Азии и Казахстана.

Әдебиеттер:

- Ақатаев С. Тарихы терең домбыра // Алматы ақшамы. – 1988. – 18 шілде
Архивные материалы музея народных музыкальных инструментов имени Ыхласа. – Алматы, 1989.
Жәкішева З. Аспаптану (археологиялық және тарихи-этнографиялық зерттеу). – Алматы: Қазақ тарихы, 2012. – 256 б.
Садоков Р. Л. Тысяча осколков золотого саза. – Москва: Советский композитор, 1971. – 170 С.

А.Т. Таубек
Отырар, Қазақстан
Azat.Taubek.71@mail.ru

ОТЫРАР Өңіріндегі Ескерткіштерді Сақтау және Қорғау мәселелері

Қазақ жері өзінің бай тарихымен еркшеленеді. Оның ұлттық тарихы ерте замандардан бастау алады. Ел мен жерді қорғау ең алдымен сол ел мен жердің тарихын білуден басталады. Ұлт тарихынан білімді болудың басты мақсаты – өткеннен тағылым алу. Осыған орай еліміздің тарихи-мәдени ескерткіштерді білу – тарих алдындағы міндетіміз. Ескерткіштер – ел тарихы немесе тарихи-мәдени мұра халық тарихының аса маңызды айғағы, адамзаттың өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде барлық қауіп-қатерден тұрақты

түрде қорғап отыруды талап етеді. Осы бағыттағы халықаралық актілердің арасынан 1954 жылғы «Қарулы қақтығыс кезінде мәдени мұраларды қорғау туралы», 1972 жылы ЮНЕСКО-ның «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы», 1979 жылғы «Мәдени мұраларды заңсыз тасымалдау және оларға деген меншік құқығын беруге тыйым салу шаралары туралы», 1988 жылғы Кеңес Одағының «Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы» конвенцияларын атауға болады. Тәуелсіздік жылдарынан бастап қоғам мен мемлекеттің тарихи-мәдени мұраға деген көзқарасы өзгеріп, еліміздің өз заңнамасы қалыптасты, ЮНЕСКО, ICOMOS тәрізді халықаралық ұйымдармен ескерткіштерді қорғау саласында ынтымақтастық белсенді дамыды. Елімізде мұны қамтамасыз ету барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдардың адамгершілік борышы және Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі № 1488 - XII «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңымен белгіленетін міндеті болып табылады. Заңнамада археология, ансамбль, қала құрылысы мен сәулет ескерткіштерімен қатар, ғимараттар мен құрылыстардың қасбетіне орналастырылатын, аса көрнекті тұлғалар және айрықша оқиғалар туралы ақпаратты қамтитын мемориалдық тақталар, сондай-ақ, аса көрнекті тұлғаларды маңызды тарихи оқиғаларды мәңгі есте қалдыру үшін орнатылатын монументті өнер туындыларына да (ескерткіштер, қалалар, бюстер) ұғым беріліп заңнамдан туындайтын нормативтік актілермен қағидалары бекітілген (Дауымшарова, 2019, 3 б.).

Археологиялық зерттеулерді заңсыз жүргізу жағдайларына келер болсақ қазіргі таңда далалық жерлерде белгісіз іздеушілер немесе «қара археологтар» металл іздегіш радарлармен археологиялық ескерткіштерді қазып, талқандап кету жағдайлары кездеседі. Олардың әрекеті ескерткіштің мәдени қабатын жойып, сақталған құрылысын анықтауға нұқсан келтіреді, құнды жәдігерлердің жоғалуына әкеліп соғады. 2019 жылдың 13 ақпанында Парламент Мәжілісінде «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» заңының жаңа жобасы қаралып, мақұлданды. Жаңа заңда уәкілетті органмен археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарының жоспары жасақталып бекітілді. Жоспардан тыс археологиялық қазба жұмыстары заңсыз болып табылады. Осы орайда, арнайы тексеру рейдтерін жүргізіп, кез келген күдікті деп танылған әрбір әрекет бақылауға алыну керек. Қылмыстық кодекстің 295-бабына сәйкес археологиялық жұмыстарды заңсыз жүргізу бойынша тарихи-мәдени мұра объектісінде археологиялық жұмыстары заңсыз жүргізу, іздестірудің арнайы техникалық құралдарын (металл іздегіштер, радарлар, магниттік аспаптар, топырақ қабатында археологиялық заттардың болуын айқындауға мүмкіндік беретін басқа да техникалық құралдар) немесе жер қазатын машиналарды пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе он мың, бес мың айлық көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатыны айтылған (ҚР Қылмыстық Кодексі заңы, 2014, 295 бап). Мәдени құндылықтардың тоналуы, олардың зақымдануы кез келген елдің, халықтың тарихы мен мәдениеттің күйреуіне, жойылуына алып келетіні белгілі. Сондай-ақ, ескерткіш деген ұғымға және оның қандай түрлері болатындығын айтатын болсақ: ескерткіш – елдің, халықтың мәдени мұрасының жалпылама атауы. Ортақ типологиялық белгілері бойынша ескерткіштер негізі 5-түрге бөлінеді; археологиялық ескерткіштер, қала құрылысы және сәулет ескерткіштер, ансамбльдер мен кешендер, киелі объектілер, монументтік өнер құрылыстары (ҚР Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану заңы, 2019, 5 бап.).

Оңтүстік өңірі, оның ішінде бүгінгі Отырар ауданы жері қазақтың қара шаңырағы болған аймақтардың бірі. Оған аудан жерінде тас дәуірінің тұрақтары, сақ, ғұн, қаңлы тайпаларынан қалған тарихи-мәдени ескерткіштер, Отырар оазисіндегі, Сыр бойындағы көне қалалардың орындары, «Ұлы Жібек жолының» батыс пен терістікке шығатын тоғыз жолдың торабы болуы, алғашқы тайпалық бірлестіктердің, мемлекеттердің орталығы болуы және дәлел болады (Оңтүстік Қазақстан облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы, 2007, 11, 12 бб.). Ежелгі Отырар өңірі – мәдени ескерткішке өте бай. Отырар ауданындағы тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау Қаз ССР Министрлер Кеңесінің 1979 жылы 11 мамырдағы №219 бұйрық шешімімен ғылыми-зерттеу, мәдени-ағарту және археологиялық ескерткіштерді қорғау мекемесі ретінде құрылды. Үкіметтің 1998 жылғы №1335 қаулысына сәйкес Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейі республикалық бағыныстағы мемлекеттік мекеме болып құрылып, 1999 жылы 27 сәуірде заңды мемлекеттік мекеме ретінде қайта тіркелді. Алғашқы жылы музей қарамағына заңды тіркеуге небәрі 29 археологиялық ескерткіш және олардың 500 га

қорғау аймағы алынған. Шындығында Отырар өңірінде ескерткіштер саны 29-дан көп болатын. Есепке алу жұмысында осы өңірдің ірі ескерткіштері ғана еніп, көптеген майда тарихи төбелер, арық-каналдар, зираттар тіркеуден тысқары қалып еленбей қалған. Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музей қарауына жалпы алғанда 110 га тарихи-мәдени орындары есепке алынып, ғылыми негізде дәлелденіп тіркеуде, ескерткіштердің қорғау аумағы 11546,78 га, Отырар ауданы әкімінің 29.02.1993 ж. №325 шешімімен бекітілген. Ескерткіштерді анықтап есепке алу мақсатында өлкеге жүргізілген экспедицияның талмай зерттеу, ізденудің нәтижесінде бүгінде олардың саны 200-ден артты. Бұлар қалажұрттар, елді мекендер мен обалы қорымдар, 27 арық-каналдар, 6 архитектуралық ескерткіш, олардың ішінде 3 Республикалық дәрежедегі, 70 жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштері, 168 археологиялық ескерткіштер. Ескерткіштерді сақтау жұмыстары бірінші жолға қойылып, осы жұмыстар аясында көптеген шаралар жасалады. Сондай-ақ, жаңадан анықталған тарихи-мәдени мұра объектілері де өздерінің мәртебесі туралы түпкілікті шешім қабылдағанға дейін, заңға сәйкес тарих және мәдениет ескерткіштерімен бірдей заңды қорғалады. Қорғау аймағының аумағында тарихи-мәдени мұра объектісінің сақталуына, оның тарихи-мәдени мұра қабылдауына теріс әсерін тигізетін жұмыстар жүргізілмейді «жаңа қабірлер орнатуға, құрылыстар салуға және т.б.

Сонымен қатар, тарихи-мәдени мұра объектілері мен ландшафтарды сақтау жөніндегі талаптар «Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңының 28-ші бабында да қарастырылған. Тарих және мәдениет ескерткіштері мен қорғалатын ландшафтық объектілердің сақталу талаптарына негізделуге тиіс. Тарих және мәдениет ескерткіштері, қорғалатын табиғат объектілері бар аумақтарда еркеше реттелетін шекара белгіленеді, оның шегінде сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін жүргізуге тиым салынады немесе шек қойылады. Көптеген тарихи-мәдени мұралар жеке тұлғалардың жауапсыздығынан өзгерістерге ұшырап, кейбір жағдайда жойылып кету қаупі төніп отырады. Өңірімізде бағзы замандардан бері ата – бабалар аруағына құрмет тұту, рулық қорымдардағы халық батырлары, билері, ақындары, қоғам қайраткерлерінің қабірлеріне зиярат ету, марқұм болған тумаластарын киелі орындарға жерлеу дәстүрлері мен ата-баба бастарына күмбездер мен кереге тамдар көтеру, ескерткіш белгілерін салу жағдайларды, ежелгі қабірусті құрылыстарына қандайда бір нұқсан келтіру заң бұзушылық әрекет болып табылады. Тарих және мәдениет ескерткіштеріне ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізуде лицензиясы бар ұйымдарды тарту арқылы ең алдымен ғылыми-жобалау құжаттамасын дайындау жұмыстары жүзеге асырылады (ҚР Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану заңы, 2019, 28 бап).

Адамзаттың алдында тұрған ең негізгі міндеттердің бірі – осы рухани байлықты болашаққа бүлдірмей, қиратпай аман-есен жеткізу болып отыр. Бұл байлықтың бағасы мен оны қорғап сақтаудың маңызы жайлы академик Д.С. Лихачев: «Мәдени ескерткіштер адамға оны қоршаған табиғат дәрежесіндей аса қажет-ақ. Адам тек табиғат қоршауында ғана емес мәдени ескерткіштер қоршауында да өмір сүреді. Сондықтан табиғатты қорғау мен мәдени мұраларды қорғап сақтау қатар тұруы тиіс; бұл, экологияның да бас әріптен басталатын мәселесі» – деген болатын (Тұяқбаев, 2002, 40 б.). Рас, экологиялық талаптардың бұзылуы табиғатқа ғана емес тарихи-мәдени ескерткіштерге де кері әсерін аз тигізбейді. Сонымен бірге, әр түрлі кәсіпорындар мен ұжымшарлар, жекеленген азаматтардың да іс әрекеттері салдарынан тарихи ескерткіштер аса қауіпті жағдайда қалуы мүмкін. Міне, осындай әдейі немесе кездейсоқ жасалған зиянкестермен білместіктен туындап жататын қатерлі қадамдардан азаматтарды Қазақстан Республикасының заңнамаларын басшылыққа ала отырып, ескерткіштеріміздің қорғалуы мен сақталуына байланысты музейдің Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау ғылыми-зерттеу бөлім қызметкерлері семинарлар, тарихи-танымдық іс-шаралар өткізеді. Бөлімнің негізгі міндеті Отырар өңіріндегі тарихи-мәдени мұраларды есепке алу, насихаттау, жүйелі түрде қорғау – сақтау болып табылады. Шараның мақсаты – «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңға сәйкес ауданның ауылдық округтеріне өз аумағында тарихи-мәдени мұраны қорғау және пайдалану туралы заңдарының сақталуын қамтамасыз ету басты назарда айтылады. Тарихи-мәдени мұраларымызды сақтап қалудағы негізгі шаралардың бірі – аумақтарды игеру кезінде жер учаскелері бөліп берілгенге дейін тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау жөнінде зерттеу жұмыстары жүргізілуі тиіс. Тарихи-мәдени мұра объектілерін сақталып тұрылуына қатер төндіруі мүмкін жұмыстардың барлық түрлерін жүргізуге тиым салынатыны жайында Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 127-ші бабы бойынша тарихи-мәдени мақсаттағы жер тарихи-мәдени мұра объектілері, оның ішінде тарих және мәдениет ескерткіштері орналасқан

жер учаскілері тарихи мақсаттағы жерлер – деп танылады (ҚР Жер Кодексі, 2003,127-бап). Осы орайда, жергілікті халық аталған тарихи-мәдени мұраларымызды бүлінуден, зақым келтіруден қорғап, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ескерткіштерді қорғау елдің, бүтін халықтың баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндіріп, насихаттау жұмыстарының жүргізілуі негізінде сонымен қатар Ұстаздар мектептерде өтілетін тәрбие жұмыстарына енгізсе, келешек ұрпақты өз елінің мәдениетіне, өткен тарихына жанашырлықпен қарайтын, ұлтжанды етіп тәрбиелеуде өз үлестерін қосар еді. Осы тарихи ескерткіштерді көркейте отырып, көне ескерткіштерді туристік жерлерге айналдыру. Көне Отырар жері – қазақтың төл бесігі, қазіргі кезде туризмнің өте қарқынды дамуына байланысты жоғарыда аталған тарихи-мәдени ескерткіштер арқылы біз елімізді дүние жүзіне таныта аламыз.

Сөз соңында, тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңыздылығы жайында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз «Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім» деп жазған. Ескерткіштерді қираудан, бүлінуден сақтау өткен көне замандарда да өткір мәселенің бірі болып отырған. Тарихи ескерткіштер мен мұралар көне тарихтың куәсі. Тарихи-мәдени ескерткіштер – ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып табылады. Біздің алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі – барша қоғам болып Ұлы дала халқының ұлттық құндылықтарын сақтау және болашақ ұрпаққа аманат ету болып табылады.

Әдебиеттер:

Дауымшарова Н., Ескерткіштерді қорғау – елдіктің белгісі, Егемен Қазақстан, №74 (29553) 36 18.04.2019 ж.

ҚР Қылмыстық Кодексі заңы, 3 шілде 2014 ж №226 - Ү ҚРЗ , 295 – бап.

ҚР Тарихи – мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану заң, 26-желтоқсан, 2019 ж №288 - ҮІ ҚРЗ, 5 – бап

Оңтүстік Қазақстан облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жинағы. Отырар ауданы. 2007, 11, 12 бб

ҚР Тарихи – мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану заң, 26-желтоқсан, 2019 ж №288 - ҮІ ҚРЗ, 28 – бап

Тұяқбаев Қ.Қ., Тарихи – мәдени мұраны жаңғырту мәселелері, Қазақстан Музейлері №1(1) қазан – желтоқсан, 2002ж, 40 б.

ҚР Жер Кодексі, 20 маусым, 2003ж, №442, 1- бап, Жер қоры , 127 – бап.

Л.Т. Тілепалдиева
Тараз қ., Қазақстан
tilepaldieva71@mail.ru

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МӘНГІЛІК МҰРАСЫ

Тұрақты дамуға бағыт алған заманауи Қазақстан үшін сыртқы және ішкі саясат, экономика мен әл-ауқатты арттыру, ғылым мен білім, мәдениет пен руханият басымдықтарын айқындауда «Ұлы Дала» ұғымының ролі орасан. Соның ішінде, материалдық тарихи-мәдени мұра нысандарын сақтау, пайдалану, зерттеу және насихаттау мәселелері бүгінгі күннің тәжірибесіне тураланып, әлемдегі озық практикаларға бағдарлана жаңа, тың көзқараспен жандануда. Осы ретте, өркениетті мемлекеттердің тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау мен пайдаланудағы ғаламдық деңгейдегі үздік жобаларын басты үлгі ретінде ала тұра, өзіндік дара жолымызды, біздің тарихымыз бен нысандарымызға тән идеологиялық нысандарды алға қоя алуымыз абзал. Нақтырақ айтсақ, мәдениет пен руханият ескерткіштері, тарих сабақтарынан сүрінбей осы күнге дейін сақталған кесенелер, киелі объектілер, сәулет өнерінің құрылыстары, қалашықтар, теңгелер мен әшекей бұйымдар, тас мүсіндер мен қорымдар және т.б. осындай рухани құндылықтар әр уақытта Қазақстан жұртшылығына, алыс-жақын шетелдегі әлем халқына «Ұлы Дала» идеясын айшықтауда, оны әспеттеуде, мән-мағына толықтырып, ары қарай кескін беру жолында басты функцияны атқаруы шарт. Яғни,

тарихи мұра нысандарын осы күннің экологиялық, экономикалық, антропологиялық жағдайларына қарай сақтай білу, мемлекет және оның басты байлығы адамдарының игілігі үшін пайдалану, әкімшілік, құқықтық негіздерімен қорғау, ішкі және сыртқы туризммен етене жақын байланыстыру сынды мәселелерде заманның тезіне ұштастырыла Елбасымен ұсынылған атау «темірқазық» іспетті. Өткеннің өшпес ескерткіші мен көненің көзі ретінде сақталған тарихи жәдігерлер мен артефактілер түркі тектес халықтардың, соның ішінде қазақтардың материалдық және рухани құндылықтарының даму сатысы, этномәдени жүйенің қалыптасуындағы табиғи-тарихи тұрпаты – «Дала өркениетінің» шашбауын көтеруі заңдылыққа айналуы қажет.

Бұл кезекте Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тақырып турасында айтылған сөзі ойымызды сабақтайды: «Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы Даланың көз жеткізгісіз кең-байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың, тонның ішкі бауындай, байланысы ешқашан үзілмеген. Біз тарихымызда осынау көркем, рухани, қастерлі жерлеріміздің біртұтас желісін бұрын-соңды жасаған емеспіз. Мәселе, еліміздегі ескерткіштерді, ғимараттар мен көне қалаларды қалпына келтіруде тұрған жоқ. Идеяның түпкі төркіні Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет Ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды меңзейді. Мұның бәрі, тұтаса келгенде, халқымыздың ұлттық бірегейлігінің мызғымас негізін құрайды. Біз жат идеологиялардың әсері туралы айтқанда, олардың артында басқа халықтардың белгілі бір құндылықтары мен мәдени символдары тұрғанын есте ұстауымыз керек. Тиісінше, оларға өзіміздің құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз» (Жолдасбеков, 2017, 7 б.).

Біз, бұл мақалада, жоғарыда аталған мәселелер бойынша атқарылған іс-шаралар мен жобалар, соның ішінде мемлекеттік бағдарламалар аясында қайта жаңғыртылған Жамбыл облысындағы тарихи-мәдени ескерткіштер, басталған істі жандандыру бойынша ұсыныстар туралы сөз қозғаймыз. Республика деңгейінде жүзеге асырылған жобалар мен тарихи-мәдени ескерткіштерді топқа бөлу

Қазақ халқының білімі мен білігін, дарыны мен шығармашылық қуатын сынға салған ерекше жобалар туралы айтқанда «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасы алдымен ойға келеді. Елбасының тікелей бастамасымен 2004 жылдың 13 қаңтарындағы жарлығына сәйкес қолға алынған бағдарламасы мемлекеттің өткенін мәңгілікке таңбалауда, бүгінгі өмірде жаңа белестерге шығаруда тарихи құбылысқа айналды. Бұл жайында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Мәдени мұра» бағдарламасын іске асыру жөніндегі мәжілісте сөйлеген сөзінде: «Қол жеткен табыстарымыз бен жетістіктеріміз туралы сан рет айтылды да, жазылды да. Мен оларды тағы да қайталап айтудан аулақпын. Тек олардың қатарына еліміздің рухани әлемінің дамуында бірден-бір үлес болып табылатын, ұлттық мәні зор «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын қосар едім. Біз ғана емес, ЮНЕСКО тарапынан да бұл – дүниеде сирек кездесетін жоба, басқа елдерге де өнеге болатын құжат деп белгіленді», – деген болатын. Мәдени, экономикалық және әлеуметтік капитал, жалпы адамзаттық мәдениеттің құрылымдық бөлігі, этнос, қоғам, адам парасатының дамуы мен құрылуының бастауы, тарихи естеліктердің маңызды қоймасын жасау және қорғау бағдарламасы материалдық тарихи-мәдени мұра объектілерін қолдауда Ұлы Дала идеясының іргетасын қалауға негіз болды деп айтуға әбден болады. Мемлекет басшысы өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Туған жер» бағдарламасын ұсынып, жас ұрпақтың бойына патриоттық сезімді, сүйіспеншілікті қалыптастыру керектігін алға тартты. Бұл бағдарламаның мәні деп үш ерекшелікті атап көрсетуге болады: Бірінші – бұл, білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, елді мекендерді абаттандыруға және экологияны жақсартуға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіру. Екінші – өзге өңірлерге көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық көрсеткісі келетін шенеуніктерді, кәсіпкерлерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, оларды қолдау керек. Мұндай, қалыпты және шынайы патриоттық сезім әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру көрсету орынды. «Үшінші, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс.

Сондай-ақ, ұлттық код, ұлттық мәдениетті сақтау, халық санасына жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіру мақсатында Президент бастамасымен «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлері географиясы» жобасы қолға алынды. ҚР Мәдениет және спорт министрлігі идеяны жүзеге асыру барысында ғылыми-сараптамалық кеңес ашып, Қазақстанның қаси-

етті орындарының тізімін құруды қолға алды. «Қазақстанның қасиетті орындары» құрамына айрықша қадірленетін діни сәулет ескерткіштері, табиғи-мәдени мұра, кесенелер мен қорғандар, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстан тарихында маңызды, саяси, символикалық рөл атқарған орындар кіреді. Бұған қоса, мемлекеттің әлеуметтік-саяси ғұмырында ұлттық ерекшелік пен оны жаңғыртуда маңызға ие нысандар да жатқызылады. Сараптамалық кеңестің шешімімен қасиетті орындар екіге бөлінді: жалпыұлттық деңгейлі және жергілікті маңызы бар қасиетті нысандар. Осы ретте, материалдық тарихи-мәдени мұра объектілерін жікке бөліп қарастырудың артықшылықтарын атап өткен жөн, яғни оларды қорғау, сақтау, қайта жаңғырту қадамдары нақтылана түседі, әр нысанға жекелей, әрі дара зер салу алған қойған мақсаттарға тез қол жеткізеді. Бүгінгі таңда жалпыұлттық деңгейлі 100 нысан мен кешендер тізімге енді. Ал, еліміздегі барлық қасиетті нысандар бес топқа бөлініп, қарастырылды: 1. Ерекше бағаланатын табиғи мұра ескерткіштері – ел киелі деп санайтын, табиғат құбылыстарының нәтижесінде пайда болған орындар; 2. Ортағасырлық қалалар және археологиялық ескерткіштер – бекіністер, петроглифтер, қорымдар, Қазақ мемлекетінің, Ұлы Жібек жолының құрылынуына мұрындық болған ортағасырлық қалалар; 3. Діни және ғибадат орындары – мұндай, қасиетті орындарды әулие феноменімен байланыстыруға болады; 4. Тарихи тұлғаларға қатысты қасиетті орындар – Қазақстан тарихында ел бостандығы мен мемлекет қалыптасуында шешуші рөл атқарған, көптің басын қосқан хандар мен билер, ұлт-азаттық көтеріліс қолбасшылары, ғылым мен білімге, мәдениетке өлшеусіз үлес қосқан ақындар мен шешендер, ағартушыларға байланысты орындар; 5. Нақты тарихи, саяси оқиғаларға байланысты қасиетті орындар – Қазақ даласында елдің бірлігі мен тұтастығы жолында орын алған батылдықты, қайсарлықты, ерлікті насихаттайтын, елдің аузында мәңгіге сақталған нысандар (Молдақынов, 2010, 5 б.).

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі бастамалары

Қасиет пен аңызға тұнған көне Тараз тарихи артефактілер пен өркениет өрімдерінің жәдігерлері көптеп сақталған мекен ретінде дүйім жұртқа таныс. Осы ретте «Ұлы Жібек жолының» Тараз қаласы үшін маңызы зор және ол туралы сөз қозғамау мүмкін емес. 2014 жылы Ұлы Жібек жолы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар нысанына айналды. Ұлы Жібек жолы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізу туралы Қазақстан, Қытай, Қырғызстан елдерінің бірігіп берген өтінімдері Дохада (Катар) білім, ғылым және мәдениет жөніндегі мәселелері жөніндегі БҰҰ комитетінің 38-ші сессиясында бекітілді (Ұлы Жібек жолы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді), 2014, электронды ресурс). Осы ретте, 1991 жылы ЮНЕСКО ұйымдастырған «Жібек жолы» халықаралық экспедициясына Қазақстан тарапынан жетекшілік еткен тарих ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым Академиясының академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері Карл Молдахметұлы Байпақовтың сіңірген еңбегін айта кеткен жөн. «Ұлы Жібек жолы» – әлемдік деңгейдегі тарихи бренд. Бұл көне керуен – мәдениет, тарих, сауда-саттықтың негізі ғана емес, байланыс пен қарым-қатынас құралы болды. Бүгінгі ғаламтор желісінің қызметін атқарды. Кез келген дипломатиялық келіссөздер, бірнеше ел арасындағы ақпарат тасымалы және тағы басқа байланыс құралдарының қарқынды дамуына бұл ұлы жолдың тигізген септігі мол болды. «Ұлы Жібек жолы» ірі қалаларды аралап өткенін тарихтан білеміз», – деді Карл Молдахметұлы ақпарат құралдарына берген сұхбатында («Карл Байпақов: Талхиздың тағдыры – қазақ археологиясының өзегіне түскен шоқ», 2016, электронды ресурс). Өңірдегі «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі археологиялық экспонаттардан құралған көрмелер, болашақ жас зерттеушілер арасында мәдени мұраны дәріптеу мақсатында түрлі дәрістер, экскурсия мен үйірмелер сериясы, аймақтағы тарихи нысандарды қорғау мен дұрыс пайдалану тақырыбында ғылыми-зерттеу мақалалары, бүгінгі заман талабына сай музейдің Instagram, Facebook, YouTube әлеуметтік желілеріндегі ресми парақшаларында танымдық посттар, түсіндірме бейнематериалдар мен фоторепортаждар тізбегін жариялауды кеңінен қолға алған.

«Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі аймақтағы тарихи-мәдени объектілерді басқару, қорғау, есепке алу және сақтауды жүйелі көзқарасқа жайластырған. Жамбыл облысы бойынша тізімге енген тарихи-мәдени ескерткіштердің барлық саны 3365-ті құрайды, ал қорық-музейдің қарауында 30 тарихи-мәдени ескерткіш бар. Ал, олардың ішіндегі 5-і Ақыртас, Құллан, Баласағұн, Өрнек, Қостөбе қалашықтары халықаралық дәрежеде, яғни ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізімінің қатарында, 25-і республикалық дәрежедегі ескерткіштер болып табылады. Тараздың інжу-мар-

жаны есептелетін Қарахан баба, Айша бибі, Бабаджа Хатун, Тектұрмас, Дәуітбек кесенелері және 2000 жылға созылған тарихы бар мәдениетті асқар биігіне айналған Ежелгі Тараз қалашығы бар (Қарахан тарихи танымдық, әдеби көпшілік журнал, 2018, 5 б.). Сонымен қатар, Әбдіқадір мешіті, Үшарал (Абдулла Ишан) мешіті, Нәметбай және Қарақожа мешіттері, Шоқай Датқа кесенесі секілді жоғарыда айтылған сәулет өнерінің үздік нұсқалары Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында қайтадан жаңғырылып, жұртшылықтың көзайымына айналды. Бұл тарихи мұраларға зерттеу жұмыстарын жүргізген В. Каллаур, В. Бартольд, А. Бернштам, А. Марғұлан, М. Массон, Т. Сенигова, Г. Пацевич, Г. Пугаченкова, К. Ақышов, Х. Алпысбаев және К. Байпақов сынды ғалымдардың ашқан жаңалықтары мен ғылыми дәлелдемелері бағдарлама аясында әрі қарай дамытылып, жетілдірілді. Осындай тарих жауһарларын дәріптеуде атқарылған іс-шаралар мен жобаларға тоқталсақ. Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласының 20 жылдық мерейтойына орай 2018 жылдың 4 шілдесі мен 17 шілдесі аралығында қорық-музейінің «Ежелгі Тараздың қазыналары» атты археологиялық экспонаттардан құралған көрмесі Қазақстан Республикасы Ұлттық академиялық кітапханасында ұйымдастырылды. Іс-шараға ҚР Мәдениет және спорт министрлігі өкілдері қатысты. Сондай-ақ, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасын негізге ала отырып, Нұр-Сұлтан, Павлодар, Қостанай, Петропавл, Көкшетау қалалары мен Жамбыл облысының бірқатар аудандарында көшпелі көрмелерді өткізуді жүзеге асырды. 2019 жылдың ақпан айында «Жастар жылына» орай семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізілді. Іс-шаралар барысында түрлі баяндамалар оқылып, жастардың рухани құндылықтары мен тарихқа деген ынтасын, қызығушылығын арттыру мәселесі бойынша жас буын өкілдерін ортағасырлық кесенелердің тарихымен танысуға шақырылды. Сонымен қатар, «Ежелгі Тараз шаһарының көмбесі» атты жылжымалы көрме қалалық оқу орындарында насихатталды. Әлемді дүр сілкіндірген 2020 жылдың коронавирус індеті бәріміздің жұмысымызды ерікті де, еріксіз түрде онлайн форматқа өтуге мәжбүрледі. Бұл формат бізге жат болған жоқ, десекте халықпен етене байланыста жүрген музей жұмысына қолайсыздықтар тудырғаны рас. Дегенмен де жұмыс өз қарқынын жоғалтпай жаңа бағытта жұмыс жасап келеді. Мектеп оқушылары мен ЖОО-да білімгерлеріне тақырыптық танымдық 50-ге жуық бейне айдарлар мен дәрістер оқылды. Республикалық және жергілікті БАҚ-өкілдеріне оннан астам тарихи нысандарымыз және мәдени іс-шаралар бойынша сұхбат берілді. Ағымдағы жылдың 2 қыркүйегінде мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты халыққа жолдауын жарияланды. Жолдаудағы «Әлеуметтік жаңғырудың жаңа кезеңі» бөлімінде басым бағыттардың бірі білім беру сапасын жақсарту болып табылады. Осыған орай, ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне қарасты Мемлекеттік «Ежелгі Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық музейі қыркүйек айынан бастап жасөспірімдер арасында тарихи-мәдени мұраны жаңғырту, сақтау және насихаттау, өскелең ұрпақты өзінің ұлттық құндылықтары мен дәстүрлерін құрметтеу рухында тәрбиелеу мақсатында «Өлке тарихы» атты тақырыптық үйірмелер ұйымдастырылды. Үйірме сабақтары барлық санитарлық талаптарға сай жүргізілді. Мектеп оқушыларына арналған дәрістер қатарында «Туған өлке тарихы: Көне Тараз қалашығының тарихы», «Туған өлке тарихы: Қарахан кесенесі», «Туған өлке тарихы: Ақыртас сарай кешені», «Туған өлке тарихы: Ортағасырлық шырағандар» және т.б. сабақтар сериясы өткізілді. Жамбыл облысының құрылғанына 80 жыл толуына орай, «Ежелгі Тараз ескерткіштері» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі «Музейге сый тарту» науқанын да жүзеге асырды. Бастаманың негізгі мақсаты – мәдениеттің асыл бөлшегі, тарихи маңызға ие болған, осы күндері жұрт қолында сақталған ескілік заттар, көне жәдігерлер, фотосуреттер, танымал тұлғалардың артынан естелік ретінде қалған заттай деректерді бір жерге жинау мен топтастыру. Қорық-музей өңірдегі тарихи жәдігерлер мен объектілері арқылы Ұлы Дала идеологиясын дәріптеу мен насихаттауды жалғастыра бермек. Осы ретте жәдігерлерді тамашалауға ат басын бұратын келушілермен оңтайлы коммуникацияны ұйымдастыра білу алдыңғы орында. Яғни, барлық іс-шараларды цифрландыруды, офлайн форматпен қатар онлайн форматты да кеңінен кірістіруді, әлеуметтік желідегі парақшаларда сапалы, қызығушылық тудыратын контентті әзірлеуді қорық-музей мамандары мен ғылыми қызметкерлерінің қолға алуы маңызды. Сонымен қатар, туризм түсінігі кеңінен дамыған әлем қалаларында тарихи орындарды келушілер арасында танытудың тың жолы бар, ол – супермаркеттерде, дүкендерде, әлеуметтік орындарда осы қаладағы тарихи-мәдени ескерткіштерге арналған ақпараттық-танымдық флаерлерді, жәдігерлердің бейнесі бар карта-

ларды орналастыру. Бұл бастамада да ұлттық бірегейлікті білдіретін, символдық қалқан сипатындағы Ұлы Дала өркениеті аспектілері мен ерекшеліктері кірістірілген бағыт-бағдарды ұстану біздің мәдениетіміздің озық деңгейде дамығанынан паш етеді, хабар береді.

ҚР тұңғыш Президентінің 2018 жылдың қараша айында жарық көрген «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласында тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану тақырыбында өзекті мәселелер қозғалып, ұсыныстар сөз болды. Нақтырақ айтсақ, Елбасының Ұлы даладағы ежелгі металлургия, «аң стилі» феномені, 1969 жылы Қазақстанның Есік қорғанынан табылған, өнертанушы ғалымдар арасында «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған «Алтын адам» мен оның алтынмен апталған киімдеріндегі ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасы туралы ойлары материалдық тарихи жәдігерлерге Дала мәдениеті мен өркениеті көзқарасынан қарауға жол сілтейді. Сонымен қатар, мақалада кейінгі жылдары табылған тарихи жәдігерлер біздің бабаларымыздың өз заманындағы ең озық, ең үздік технологиялық жаңалықтарға тікелей қатысы бар екені де айтылады. «Бұл жәдігерлер Ұлы даланың жаһандық тарихтағы орнына тың көзқараспен қарауға мүмкіндік береді», – дейді Елбасы өз сөзінде. Ал, Қазақстан аймағындағы материалдық тарихи мұраны бір идея төңірегінде топтастыру турасында тарихи сананы жаңғырту бөліміндегі «Ұлы даланың ежелгі өнер және технологиялар музейі» абзацы айқын мысал бола алады: «Ұлы дала» атты ежелгі өнер және технологиялар музейін ашуға толық мүмкіндігіміз бар. Оған озық өнер мен технология үлгілерін – аң стилінде жасалған бұйымдарды, «Алтын адамның» жарақтарын, жылқыны қолға үйрету, металлургияны дамыту, қару-жарақ, сауыт-сайман дайындау үдерісін көрсететін заттарды және басқа да жәдігерлерді жинақтауға болады. Онда Қазақстан жерінен табылған құнды археологиялық ескерткіштер мен археологиялық кешендердің экспозициялары қойылады. Бұл заттар тарихи дәуірлердің қандай да бір кезеңіндегі әртүрлі шаруашылық салаларының даму үдерісін көрсетеді. Сонымен қатар, «Ұлы даланың ұлы өркениеттері» атты жалпыұлттық тарихи реконструкциялар клубын құрып, соның негізінде Астанада және Қазақстанның өзге де өңірлерінде ежелгі сақтар, ғұндар, ұлы түркі қағандарының дәуірі және басқа да тақырыптар бойынша фестивальдар өткізуге болады. Бұған қызығушылық білдірген адамдарды тарта отырып, осы тақырыптар аясындағы жұмыстарды бір мезгілде жүргізуге болады. Ежелгі Отырар қаласының бірқатар нысандарын – үйлері мен көшелерін, қоғамдық орындарын, су құбырларын, қала қамалының қабырғалары мен тағы да басқа жерлерін ішінара қалпына келтіретін туристік жоба да қызықты болмақ. Осының негізінде білімді дәріптеуге және туризмді дамытуға баса мән берілуі қажет (Назарбаев, 2018, электронды ресурс). Сөз жоқ, «Ұлы Дала елі» атауы біздің ұлттық болмысымызды айқындап, идеологиялық бағыттағы іс-шараларымыздың қазығы болуға тиіс. Бұл тақырып тегіннен тегін қозғалып, өзектілікке ие болмаса керек, яғни әлемдегі жаһандану процесінде сыртқы күштерге төтеп беру, бірегейлікті сақтау, бірізділікті қалыптастыруда өз септігін тигізбек. Аталмыш бастама бір күнде іске асатын жоба емес, тыңғылықты жоспарланған іс-әрекетті, мемлекет, жеке кәсіпкерлер, өзге елдік инвесторлар, сондай-ақ тарихи мұраға бей-жай қарамайтын қарапайым халықтың қолдауын, белгілі бір уақыт аралығын қажет етеді. Бірыңғай идеология Ұлы Даланың материалдық тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру, оларды қайта жаңғыртуға қаржыландыру, тарих және мәдениет ескерткіштерін мемлекеттік есепке алу сынды мәселерде анықтыққа, нақтылыққа қол жеткізуге жол ашады.

Әдебиеттер:

Жолдасбеков М., «Қазақстанның жалпыұлттық қасиетті нысандары». 2017 жыл. – 7 б.
Молдақынов Т. Ежелгі Тараз ескерткіштері. – Тараз: Рысбаева және Ко, 2010. – 5 б.
«Ұлы Жібек жолы ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді». 22 маусым, 2014. URL: https://www.inform.kz/kz/uly-zhibek-zholy-yunesko-nyn-bukilalemdik-muralar-tizimine-endi_a2671087
«Карл Байпақов: Талхиздың тағдыры – қазақ археологиясының өзегіне түскен шоқ», 3 қараша, 2016. URL: <https://e-history.kz/kz/seo/materials/show/30521/>
Қарахан тарихи танымдық, әдеби көпшілік журнал, №4 (60-61) 2018. – 5 б.
Назарбаев Н.Ә. «Ұлы даланың жеті қыры». 21 қараша, 2018. URL: <https://www.akorda.kz/kz/events/memleket-basshysynyn-uly-dalanyn-zheti-kyry-atty-makalasy>

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ / INFORMATION ABOUT AUTHORS

- Fethiye ERBAY** – prof., Istanbul University, Head of Museology Department/ Head of Museum, Management Department, Head of Cultural, Heritage Areas Management Department, Head of International University Museums Association Platforms-UNIMUZED, Head of International Silk Road Museums and Museum Researchers Platform, -IMAB Prof. Dr. Istanbul, Turkiye.
- Luc Hermann** – independent researcher. Arlon, Belgium.
- Mutlu ERBAY** – assoc.Prof. Boğaziçi Unversty, Head of Fne Arts Department. Istanbul, Turkiye.
- Nuri Özer Erbay** – Asst. Prof., İstanbul University, Museum Management Department. Istanbul, Turkiye.
- Абдурахитов Е.С.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің кіші ғылыми қызметкері. Шәуілдір, Қазақстан.
- Айтқұл Х.А.** – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің аға ғылыми қызметкері. Есік қ., Қазақстан.
- Айтқұлова Э.Ә.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері. Есік қ., Қазақстан.
- Алтынбеков К.К.** – руководитель Научно-реставрационной лаборатории «Остров Крым». г. Алматы. Казахстан.
- Алтынбекова Э.К.** – сотрудник Научно-реставрационной лаборатории «Остров Крым». г. Алматы. Казахстан.
- Аманбаева Б.Э.** – к.и.н., заведующая Центром культурного наследия Института истории, археологии и этнологии Национальной академии наук КР. г. Бишкек, Кыргызстан.
- Амаргазиева Ә.Ж.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің аға ғылыми қызметкері. Есік қ., Қазақстан.
- Астафьев А.Е.** – археолог Мангистауского государственного историко-культурного заповедника. г. Актау. Казахстан.
- Байсариева Г.О.** – «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің аға ғылыми қызметкері. Шәуілдір, Қазақстан.
- Байтасов М.Ж.** – «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің ғылыми қызметкері. Шәуілдір, Қазақстан.
- Бейсенов А.З.** – т.ғ.к. , Беғазы-Тасмола тарих және археология ғылыми-зерттеу орталығының директоры. Алматы қ., Қазақстан.
- Белтенов Ж.М.** – ҚР MOM-і деректану және қолжазба бөлімінің жетекшісі. Алматы қ., Қазақстан.
- Бесетаев Б.Б.** – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Археология, этнология және музеология кафедрасының PhD докторанты, аға оқытушы. Алматы қ., Қазақстан.
- Дәуешов Н.М.** – ҚР мәдениет және спорт вице-министрі. Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.
- Даутова С.С.** – ученый секретарь Государственного историко-культурного заповедника музея «Иссык». г. Есик, Казахстан.
- Джасыбаев Е.А.** – магистр истории, главный хранитель Государственного историко-культурного заповедника музея «Иссык». г. Есик, Казахстан.
- Досымбетов Н.А.** – Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының қызметкері. Алматы қ., Қазақстан.

- Естемесов Е.А.** – Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ң PhD докторанты, «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музейінің ғылыми қызметкері. Айыртау ауданы, Қазақстан.
- Железняков Б.А.** – PhD докторант Института археологии им. А.Х. Маргулана, руководитель отдела Государственного историко-культурного заповедника музея «Иссык». г. Есик, Казахстан.
- Жолбарыс Н.** – музеология магистрі, ICOM Kazakhstan Ұлттық комитетінің вице-президенті. Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан.
- Жолдасбаев С.** – д. и. н., профессор Международного Казахско-Турецкого университета имени Х.А. Ясави. г. Туркестан, Казахстан.
- Жумай Г.** – магистр гуманитарных наук, старший научный сотрудник Государственного историко-культурного заповедника музея «Иссык». г. Есик, Казахстан.
- Жұмашова А.А.** – т.ғ.к., «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейі, бөлім меңгерушісі. Шәуілдір, Қазақстан.
- Жұматаев Р.С.** – PhD доктор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университет, археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі. Алматы қ., Қазақстан.
- Зікірия Д.Қ.** – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі директорының орынбасары. Есік қ., Қазақстан.
- Кайдаров А.У.** – магистр гуманитарных наук, специалист Центра исследования, реставрации и охраны историко-культурного наследия Актюбинской области. Актобе, Казахстан.
- Қалыш А.Б.** – доктор исторических наук, профессор КазНУ имени аль-Фараби. г. Алматы, Казахстан.
- Касенов Д.Э.** – Алматы облыстық М.Тынышпаев атындағы тарихи-өлкетану музейінің қызметкері. Талдықорған қ., Қазақстан.
- Кәрім А.Ә.** – «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бөлім меңгерушісі. Түркістан қ., Қазақстан.
- Қожа М.Б.** – т.ғ.д., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры. Түркістан қ., Қазақстан.
- Кожакан Ж.Н.** – магистр гуманитарных наук, руководитель научного отдела Музея народных музыкальных инструментов им. Ыхласа. г. Алматы, Казахстан.
- Қосжанова А.М.** – «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері. Есік қ., Қазақстан.
- Құрбанәлі Ж.** – гуманитарлық ғалымдар магистрі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің бөлім жетекшісі. Есік қ., Қазақстан.
- Мамиров Т.Б.** – к.и.н., директор филиала института археологии им. А.Х. Маргулана. г. Нур-Султан, Казахстан.
- Мухтарова Г.Р.** – т.ғ.к., «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің директоры. Есік қ., Қазақстан.
- Мұстапаева Д.Ө.** – т.ғ.к., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті. Түркістан қ., Қазақстан.
- Мякишева О.А.** – научный сотрудник ЦГМ РК. г. Алматы, Казахстан.
- Нишанбаева Р.Х.** – Түркістан облыстық тарихи-мәдени этнографиялық орталығы Нәзір Төреқұлов музейінің қызметкері. Түркістан қ., Қазақстан.
- Ожерельев Д.В.** – к.и.н., научный сотрудник отдела археологии каменного века Института археологии Российской академии наук. Москва, Россия.
- Омаров Ф.Қ.** – т.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Археология, этнология және музеология кафедрасының доценті. Алматы қ., Қазақстан.
- Оразов Т.Б.** – тарих магистрі, «Әзірет-Сұлтан» мемлекеттік тарихи мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері. Түркістан қ., Қазақстан.
- Петров П.Н.** – ведущий научный сотрудник ЦГМ РК. г. Алматы, Казахстан.
- Плахов В.В.** – Бүкілресейлік ескерткіштерді қорғау қоғамы Астрахань бөлімшесінің археологы. Астрахань қ., Ресей Федерациясы.
- Сарбасов А.Т.** – «Берел» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының директоры м.а. Катонқарағай ауданы, ШҚО, Қазақстан.
- Сатаева Б.Е.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері. Есік қ., Қазақстан.
- Суатаева Д.С.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері. Есік қ., Қазақстан.
- Сулейменов А.Б.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің ғылыми қызметкері. Алматы қ., Қазақстан.
- Султанярова А.Ж.** – PhD доктор, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері. Есік қ., Қазақстан.
- Таджибаева З.А.** – Тарихи-мәдени-этнографиялық орталығының бөлім меңгерушісі. Түркістан қ., Қазақстан.
- Таубек А.Т.** – «Отырар» мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің аға ғылыми қызметкері. Шәуілдір, Қазақстан.
- Ташбаев Ж.К.** – «Ордабасы» ұлттық тарихи-мәдени музей-қорығы, Тарихи мәдени мұраларды қорғау бөлімінің басшысы. Ордабасы, Қазақстан.
- Төлеубаев Ә.Т.** – т.ғ.д., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры. Алматы қ., Қазақстан.
- Тілепалдиева Л.Т.** – «Ежелгі-Тараз ескерткіштері» тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері. Тараз қ., Қазақстан.
- Тулегенов Т.Ж.** – гуманитарлық ғылымдар магистрі, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің аға ғылыми қызметкері. Есік қ., Қазақстан.
- Тұрарұлы А.** – археолог, «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының қызметкері. Атырау қ., Қазақстан.
- Усманова Э.Р.** – научный сотрудник Сарыаркинского археологического института Карагандинского университета имени академика Е.А. Букетова, Национального историко-культурного и природного заповедника-музея «Улытау». г. Караганда. Казахстан.
- Файзуллина Г.Ш.** – к.и.н., доцент кафедры «Туризм и сервис» университета «Туран». г. Алматы, Казахстан.
- Чекин А. Г.** – археолог, г. Есик, Казахстан.
- Шашенов Д.Т.** – Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінің аға ғылыми қызметкері, PhD докторанты. Қарағанды, Қазақстан.

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ:

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Н.М. Дәуешов ҚҰТТЫҚТАУ СӨЗІ	6
Г. Р. Мухтарова, Д. Қ. Зікірия «ЕСІК» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНЕ 10 ЖЫЛ: ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ ЖӘНЕ БАҒЫНДЫРҒАН БЕЛЕСТЕРІ	7
С. Жолдасбаев, А. Б. Калыш РАЗВИТИЕ ГРАДОСТРОИТЕЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА И ЖЕТЫСУ (X – НАЧАЛО XIII ВВ.)	14
Ә. Т. Төлеубаев ШІЛКТІ АЛТЫН КИІМДІ АДАМЫ (АШЫЛУЫ, ЗЕРТТЕЛУІ, НӘТИЖЕЛЕРІ).....	18
К. Алтынбеков, Э. К. Алтынбекова РЕКОНСТРУКЦИЯ «ЗОЛОТОГО ЧЕЛОВЕКА»	27
А. З. Бейсенов АРХЕОЛОГ Б. НҰРМҰХАНБЕТОВ ЖӘНЕ ЕСІК ӨңІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕСІ.....	34
Ғ. Қ. Омаров ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕ САҚ ДӘУІРІНІҢ ЖЕРЛЕУ ЕСКЕРТКІШТЕРІ	52

I-СЕКЦИЯ

ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІ МЕН ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ЕУРАЗИЯНЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРА ЕСКЕРТКІШТЕРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭТНОАРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ

АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ И ЭТНОАРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ПАМЯТНИКОВ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ЕВРАЗИИ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА, ДРЕВНОСТИ И СРЕДНЕВЕКОВЬЯ

Luc Hermann EARLY IRON AGE PETROGLYPHS FROM THE KENKOL VALLEY (PROVINCE OF TALAS) IN KYRGYZSTAN	61
Б. Э. Аманбаева К ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ ТАЛАССКОЙ ДОЛИНЫ (КЫРГЫЗСТАНСКАЯ ЧАСТЬ).....	65
М. Б. Қожа АЛТЫН ОРДА ҚҰРАМЫНДА БОЛҒАН ОТЫРАР ҚАЛАСЫНАН ШАХМАТ ТАСЫНЫН ТАБЫЛУЫ	68
П. Н. Петров, А. Е. Астафьев, Ж. М. Белтенев ИСТОРИЯ ПОЛУОСТРОВА МАНГЫШЛАК В ПАМЯТНИКАХ НУМИЗМАТИКИ.....	73
Д. В. Ожерельев, Е. А. Джасыбаев, Т. Б. Мамиров ИЗУЧЕНИЕ ВЕРХНЕПАЛЕОЛИТИЧЕСКОЙ СТОЯНКИ РАХАТ В СЕВЕРНЫХ ПРЕДГОРЬЯХ ЗАИЛИЙСКОГО АЛАТАУ	78
Э. Р. Усманова ПОДОБНО ОПРОКИНУТОЙ ЧАЩЕ... РЕКОНТРУКЦИЯ СЕМИОСФЕРЫ АНДРОНОВСКОГО КУРГАНА	83

Г. Ш. Файзуллина МЕМОРИАЛЬНАЯ МУЗЕЕФИКАЦИЯ В АРХЕОЛОГИЧЕСКОМ МУЗЕЕ / БЕКЕН НУРМУХАНБЕТОВ – ПРИЗНАНИЕ И ПАМЯТЬ	89
Д. Ө. Мұстапаева ТҮРКІСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ИСЛАМДЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫ ЕСКЕРТКІШТЕР	94
Б. Б. Бесетаев ЕРТЕ САҚ КЕЗЕҢІНІҢ АУЫЗДЫҚ ПЕН СУЛЫҚТЫҢ БАЙЛАНЫСУ ТҮРЛЕРІ	97
Б. А. Железняков, Г. Жумай СРЕДНЕВЕКОВЫЕ ПАМЯТНИКИ ТАЛГАРСКОГО МИКРОРЕГИОНА ПО ДАННЫМ АРХЕОЛОГИИ.....	100
А. У. Кайдаров «ЗВЕРИНЫЙ» СТИЛЬ И КАЛЕНДАРНЫЙ ЦИКЛ «МУШЕЛЬ»	108
Е. А. Естемесов БЕКМҰХАНБЕТ НҰРМҰХАНБЕТОВТЫҢ ЖЕТІСУ АРХЕОЛОГИЯСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ЖӘНЕ ӨңІР АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ҒЫЛЫМИ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	114
Д. Т. Шашенов ҚАЗАҚ ДӘУІРІ ЕСКЕРТКІШТЕРІН ЗЕРТТЕУДІҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢІ ЖАЙЛЫ	120
Г. О. Байсариева Б.НҰРМҰХАНБЕТОВТЫҢ ОТЫРАР АЛҚАБЫ МЕН ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚАБІРЛЕРІН ЗЕРТТЕУІ.....	127
Р. Х. Нишанбаева ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕН ҚАЗАҚСТАН АРХЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНДАҒЫ ЗЕРТТЕУШІ ТҮЛҒАСЫ – КАРЛ МОЛДАХМЕТҰЛЫ БАЙПАҚОВ	131
А. Тұрарұлы, В. В. Плахов 2019 ЖЫЛҒЫ САРАЙШЫҚТАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР	134
Т. Ж. Түлегенов, А. Г. Чекин, Е. А. Джасыбаев АРХЕОЛОГИЧЕСКИЙ ПОГРЕБАЛЬНЫЙ КОМПЛЕКС ТУРГЕНЬ-ОРНЕК-РАХАТ: К ВОПРОСУ О «ЦВЕТНЫХ» КУРГАНАХ	138
Б. Е. Сатаева, А. М. Қосжанова ІРІ САУДА ОРТАЛЫҒЫНЫҢ БІРІНЕ АЙНАЛҒАН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТАРАЗ ҚАЛАСЫНЫҢ ШЫҒЫС ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРІНДЕ КЕЗДЕСУІ	143
З. Таджибаева ОРТА ҒАСЫРДАҒЫ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ТАРИХЫ	148
Д. Э. Касенов ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУДЫҢ ОТЫРЫҚШЫ МӘДЕНИЕТ МЕН ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАР МӘДЕНИЕТІ (VIII-XIII ғғ.)	150
А. Ә. Кәрім ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРДЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ САУРАН ҚАЛАСЫНЫҢ АТАЛУЫ ЖАЙЛЫ ЗЕРТТЕУ	153
Ж. К. Ташбаев ОРДАБАСЫДАҒЫ ОБАЛЫ ҚОРЫМДАР	156
Т. Б. Оразов АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЕСКЕРТКІШТЕР – ТАРИХ КҮӘСІ.....	158
А. Б. Сулейменов АЛТЫН ОРДА ЗАМАНЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАБЫ.....	160

II-СЕКЦИЯ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ МАТЕРИАЛДЫҚ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ ОБЪЕКТІЛЕРІН САҚТАУ, ПАЙДАЛАНУ, ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ТАНЫМАЛ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ВОПРОСЫ СОХРАНЕНИЯ, ИСПОЛЬЗОВАНИЯ, ИЗУЧЕНИЯ И ПОПУЛЯРИЗАЦИИ ОБЪЕКТОВ МАТЕРИАЛЬНОГО ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

Fethiye ERBAY

DEVELOPMENT OF PRIVATE MUSEOLOGY IN TURKEY164

Mutlu ERBAY, Nuri Özer ERBAY

FELT FROM PAST TO PRESENT: THE PROJECTS OF NİHAL KERİMAN ERBAY169

Г. Р. Мухтарова, С. С. Даутова

ВЕКТОРЫ МЕЖДУНАРОДНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА ГОСУДАРСТВЕННОГО
ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОГО ЗАПОВЕДНИКА-МУЗЕЯ «ИССЫК».....175

Н. Жолбарыс

«ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІ: БҮКІЛӘЛЕМДІК ПАНДЕМИЯНЫҢ ӘСЕРІ
ЖӘНЕ ЖАҢА ДАҒДЫЛАР»180

О.А. Мякишева

ВОПРОСЫ КАТАЛОГИЗАЦИИ АРХЕОЛОГИЧЕСКОЙ КОЛЛЕКЦИИ (по материалам
археологической коллекции из фондов Центрального государственного музея).....187

Х. А. Айтқұл

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІ КОЛЛЕКЦИЯСЫНЫҢ
ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ (ҚР Мемлекеттік орталық музейінің қор материалдары бойынша).....192

Н. А. Досымбетов

МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛІ МУЗЫКА ОРТАЛЫҒЫ
ЭКСПОЗИЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ
(Экспозиция құрудың әдіс-тәсілдері мысалында)195

Ә. Ж. Амаргазиева

«ЕСІК» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНІҢ ҚЫЗМЕТІНДЕГІ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСІ (даму тәжірибесі).....200

Э. Ә. Айтқұлова, Ж. Құрбанәлі

«ЕСІК» ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІНДЕ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰСБЕГІЛІК ӨНЕРІНІҢ
КӨРІНІС ТАБУЫ.....204

А. Т. Сарбасов

БЕРЕЛ БЕДЕРЛЕРІ: ҚОРҒАННАН МУЗЕЙГЕ ДЕЙІН.....207

М. Ж. Байтасов

КӨНЕ ТАРИХ КУӘСІ – САУЫТТАР211

Д. С. Суатаева, А. Ж. Султаниярова

КӨНЕДЕН ЖЕТКЕН ҚАНЖАРЛАР214

Е. С. Абдурахитов

ТАРИХИ – МӘДЕНИ МҰРАМЫЗДЫ САҚТАУ, ПАЙДАЛАНУ
МЕН НАСИХАТТАУДАҒЫ МУЗЕЙДІҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ РӨЛІ218

А. А. Жұмашова

ОТЫРАРДЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ.....221

Ж. Н. Кожахан

ХОРЕОГРАФИЧЕСКАЯ КОМПОЗИЦИЯ С ДОМБРОЙ227

А. Т. Таубек

ОТЫРАР ӨҢІРІНДЕГІ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ229

Л. Т. Тілепалдиева

ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ – ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ МӘҢГІЛІК МҰРАСЫ
АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР / СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ.....237

«I-Есік оқулары: Алтын адам және Еуразияның дала белдеуінің
көшпенділер археологиясының мәселелері» атты Алтын адамның
ашылуына – 50 жыл, «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің құрылғанына – 10
жыл, археолог Б.Н. Нұрмұханбетовтың туғанына – 85 жыл толуына орай ұйымдастырылған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

20 қараша 2020 жыл

Басуға 30.12.2020 жылы қол қойылды. Формат 60x84 1/8.
Көлемі б.т. Таралымы 35 дана

© «Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени
қорық-музейі, 2020



e-mail: issyk@inbox.ru
Байланыс телефоны: +7 727 306 91 30
Сайт: <http://www.issykrm.kz/>

e-mail: issyk@inbox.ru
Контактный телефон: +7 727 306 91 30
Сайт: <http://www.issykrm.kz/>